- Eika Tai. 2007. Korean Ethnic Education in Japanese Public Schools. Asian Ethnicity, Volume 8, Number 1, February. – 5-23: 14
- Корё ильбо, 7 декабря 1996 года [Koryo Ilbo, December 7, 1996]
- Математические подсчеты были произведены с помощью электронного ресурса <https://advego.com/text/seo/>. [Mathematical calculations were made using an electronic resource <https://advego.com/text/seo/>]
- Min, Pyong Gap. Cultural and economic boundaries of Korean ethnicity: A comparative analysis // Ethnic and Racial Studies. – 1991. - №14(2). – P.225-241
- Paik, Wooyeal and Ham, Myungsik. From Autonomous Areas to Non-Autonomous Areas: The Politics of Korean Minority Migration in Contemporary China // Modern China, 2012. - №38(1). – P.110–133
- Tajfel H. Human Groups and Social Categorization. - Cambridge, 1981
- Толковый словарь русского языка, совместно с Н. Ю. Шведовой.[Explanatory dictionary of the Russian language, together with N. Yu. Shvedova] – 1992 // <http://www.ozhegov.org/>.
- Ryang, Sonia Koreans in Japan. Critical voices from the margin., ed. London: Routledge. 2000 - С. 974-983: 977-978;
- Семечкин Н.И. Социальная психология. Часть 2. [Semechkin N.I. Social Psychology. Part 2.] 2003 // <http://scicenter.online/psihologiya-sotsialnaya-scicenter/sotsialnaya-psihologiya-chast.html>
- Словарь русского языка: В 4-х т. / АН СССР, Ин-т рус. яз.; Под ред. А. П. Евгеньевой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Русский язык, 1981–1984.[Dictionary of the Russian language: In 4 tons. / USSR Academy of Sciences, Inst. Russian; Ed. A.P. Evgenieva. - 2nd ed., Corr. and add. - M.: Russian language, 1981-1984]
- Эксперимент Милгрэма [Milgram's experiment] // <https://www.psychologos.ru/articles/view/eksperiment-milgrema>.
- Энциклопедия корейцев Казахстана. – Алматы, 2017. – 767 с. (С. 41) [Encyclopedia of Koreans in Kazakhstan .- Almaty, 2017.- 767s. (P. 41)]

FTAMP 17.81.31; 03.81.37

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o4>**Ислам Жеменей¹, Бехруз Бек Бабаи²**

¹профессор, «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

²доцент, түрік тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, шет тілі және парсы әдебиеті факультеті,
 Алламе Табатабай атындағы Университет, Иран, Тегеран қ., e-mail: bekbabayi@atu.ac.ir

«ТАРИХ-И-РАШИДИ» ӘДЕБИ КӨРКЕМДІК ТАБИҒАТЫ

Парсы тілінің ортағасырлардан мұра болып қалған шығармалары белгілі бір тақырыпқа тән жазылған болса да ол шығармалардың әдебиет, фольклор, тіл, тарих, социология және тағы басқа салаларға қатысты да қырлары бар болғаны үшін ол туындыларды жан-жақты қарастыруға болады. Бұл орайда кез келген шығарманың түрлі қырларын тануға мүмкіндік туады. Осы мақалада авторлар монғол тарихының 14–15 ғасырлар кезеңіне 1542–1546 жылдары арнап жазылған Мырза Мұхаммед Айдар Дұғлаттың «Тарих-и-Рашиди» еңбегін әдеби тұрғыдан қарастырады. Онда Мырза Айдар қандай әдеби ортада өскенін, әдеби талғамы қандай болғанын және оның әдеби білімінің деңгейі қаншалықты екеніне тоқталады. Сондай-ақ әдеби көркем өнерінің тәсілдерін тарихи оқиғаларды баяндауда қалай пайдаланғанына талдау жасай отырып, оның сопылық әрі кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктеріне, таным мен пайымына көз жүгірте отырып, түрлі әдеби көркемдік өнерінің тәсілдерімен таныстырады.

Түйін сөздер: Тарих-и-Рашиди, Мырза Айдар, әдеби тұғыры, әдеби көркемдік тәсілдер, теңеу.

Islam Jemeney¹, Behruz Bekbabayi²

¹Doktor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh national university, Turan-Iran Research Center director, Kazakhstan, Almaty, e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

²Head Department of Turkish Language and Literature Assistant Professor, faculty of Persian Literature and Foreign Language, Allameh Tabatabai University, Iran, Tehran, e-mail: bekbabayi@atu.ac.ir

Literary dimension «Tarihi Rashidi»

Although the linear works of heritage remained of the Middle Ages of Persian have been written in relation to a particular subject; but other aspects of them, such as literature, folklore, language, history, sociology, etc., are noteworthy. A review of these aspects will help us to better understand the Middle Ages of Persian and the linear works of this era. In this article, we will review “Rashidi’s History” of Mirza Mohammad Heydar Daghlath, who has been compiled in the history of the Mongols in the fourteenth to fifteenth centuries between ۱۵۴۶–1542. **We will show that Mirza Haydar grew up in what literary environment and how was his Literary taste? We will refer to the level of literary knowledge of the author. We will also discuss how to use literary esthetic in the historical text. In the meantime, we will look at the mystical, psychological, and personal character of the work, and examine the type of literary skill used.**

Key words: Rashidi’s history, Mirza Haydar, literary dimension, literary skill, likeness.

Ислам Жеменей¹, Бехруз Бек Бабаи²

¹профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, директор Научно-исследовательского центра «Тұран-Иран», Казахстан, г. Алматы, e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

²доцент, заведующий кафедрой турецкого языка и литературы, факультет персидской литературы и иностранного языка, Университет имени Алламе Табатабай, Иран, г. Тегеран, e-mail: bekbabayi@atu.ac.ir

Литературно-художественная природа «Тарих-и Рашиди»

Средневековые персидские произведения были написаны на определённую тему, они относились к литературе, фольклору, языку, истории, социологии. Связи с этим любое произведение можно рассмотреть с любой точки зрения. В этой статье исследуется монгольская история 14-15 в., написанная Мырза Мухаммедом Айдаром Дулати, то есть в 1542-1546 годах, ссылаясь на его историческое произведение «Тарих-и Рашиди». Авторами изучается литературная среда Мырза Айдар и его литературный вкус, анализируются способы литературного искусства как повествование исторического события, ссылаясь на знание и видение суфизма, и психологические особенности персонажа.

Ключевые слова: Тарих-и Рашиди, Мырза Айдар, литературная позиция, пути литературного

искусства, сравнение.

Кіріспе

Өткен ғасырлардан мұра болып қалған жазба еңбектер жан-жақты зерттеп-зерделеуге өте құнды дүниелер болып саналады. Аталған еңбектер бір тақырыпқа арналып жазылса да оның басқа да қырлары зерттелгенде аса бағалы мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған орай ортағасырларда парсы тілінде жазылған еңбектердің жалпы құнын тереңдеу танып, білуге жол ашады. Мәселен «Тарих-и-Рашиди» атынан да белгілі болып тұрғандай тарихи тақырыпқа арналған. Бірақ оның әдеби құны да тарихи құнынан кем түспейді.

Осы орайда ескертуге тиіс жайт кейбір оқырман Мырза Айдардың «Тарих-и-Рашиди» кітабын Рашидеддин Фәзлолланың «Жамиһ-ат-тауарих» атты еңбегімен шатастыруы мүмкін. Алайда екі шығарма екі уақытта екі автор тарапынан жазылғанын айтқан жөн. Рашидеддин Фәзлолланың «Жамиһ-ат-тауарих» кітабы 1310 жылы жазылған болса, Мырза Айдардың «Тарих-и-Рашиди» кітабы 1542-1546 жылдары жазылып аяқталды. Бірақ екі кітап бірін-бірі толықтыратын еңбектер. Өйткені Мырза Айдардың кітабы Рашидеддин Фәзлолла еңбегінің заңды жалғасы іспеттес. Тағы да екеуінің ұқсастығы парсы тілінде жазылғандары болып табылады.

«Тарих-и-Рашиди» кітабы энциклопедиялық шығарма ретінде көптеген тарихи, әдеби, жағрафиялық, психологиялық, тіл және социологиялық мәліметтерді қамтиді. Онда Орталық Азия, Ауғанстан, Тибет, Иран, Кешмир және Үндістан сынды елдерден жан-жақты, алуан түрлі жеке тұлғалар мен қауымдардың өмірінен мәлімет береді. Олар 14 ғасырдың бастапқы ширегінен бастап, 16 ғасырдың соңына қарай аяқталады. Яғни автор Тоғлықтемірдің 1329 жылында таққа отырғанынан Саид ханның 1533 жылы дүниеден озғанға дейінгі аралықты естелік түрінде жазып шыққан.

Мырза Айдар еңбегін жазуда оның әдеби қырына аса мән берген. Өйткені ондағы мақсат

тарихнамасын барлық сезім мен ішкі түйсігін қоса оқырманмен психологиялық байланыс жасай отырып, өз заманының тарихи шындығын сездіре алатындай етіп, жазғысы келгені мәлім. Оның бұндай ұстанымының басты себебі жазған оқиғалардың біразына өз куә болған. Әрі біразы да оның өмір сүрген заманына жақын кезде орын алғаны үшін бар болғандардың шынайылығын тереңдеу әңгімелеп беруге мүмкін болған. Сондықтан оның дерегінің негізі өзінің көргендері мен сенімді қариялардан естігендерінен тұрады. Сол себептен автордың айналасында болып жатқан оқиғалар тірі және белсенді түрінде қаламға алынған. Соның арқасында оның жазбалары тандырдан жаңа пісіп шыққан нандай жаңа күйінде алушысына жеткендей автордың жазбалары да жалынды сезіммен оқырманға ұласып тұр.

Оқырман кітапты оқу барысында тарихи оқиғаларды баяндауда, тарихи тұлғаларды таныстыруда автордың жалынды сезім мен шабытын сезе алады. Өйткені автор оқиғаларды баяндауда, адамдарды таныстыруда күнделік жай сөздерге қанағат етпей парсы мен түркі ақындарының өлеңдерін де өз әңгімесіне арқау етіп, өз іңкәрлік пен таза сезімдеріне ұштастырып, әңгімесінің әсемдік пен тартымдылық деңгейін көтере түседі. Автордың осы орайда шеберлік танытқаны соншалық жоғары болғандығынан жазбасындағы грамматикалық қателер, мәселен етістіксіз аяқсыз қалған сөйлемдер, үндестігі жоқ кейбір әңгімелер, үйлесімсіз баяндаулар сынды жайттар көптеген кемшіліктерге жол ашып тұрған болса да оқырман кітапты қызығып, оқудан бас тартар еместей күй кешіп, оқуын жалғастыра береді.

Мырза Айдар Дұғлат сопы емес. Бірақта сопылыққа, сопыларға және сопылық әдебиетке ерекше көңіл бөліп, жақсы көреді. Осы орайда оның Әбдірахман Жами, Шейх Шаһабеддин Маһмұт пен өзге де сопыларды өзгеше сыйлайтыны автордың сопылар мен сопылыққа өте жоғары мән беріп, құрмет тұтатыны анық байқалады.

Мырза Айдар кітабының бірнеше тарауында

әзіреті қожа Хавәнд Маһмұттың (Шаһабеддин Маһмұт) трактаты, Сағди Ширази Иранның әйгілі ақынының «Бұстан» кітабынан бір поэмасын келтіргені, Әлішер Науаи, Лүтфи, Банаи, Сәккаки, Атаи тағы басқа парсы-түркі шығыс шайырларының қысқаша өмірбаянын кітапқа енгізгені «Тарих-и-Рашиди» кітабының бір бөлігі антологияға айналып кеткендей болды.

Осынау бағалы жәдігердің тамаша мазмұны, қызықты хикаялары мен шытырман оқиғалары, мұндағы ислам құнарына суарылған қуатты ойлар, айшықты образдар және ажарлы тілдік оралымдар әлемдегі адамзаттық тарихы мен мұраларын құмарта оқитын сан ұрпақтың таңдайын қақтырумен келеді. Бұл құбылыстың сыры неде? Академик З. Қабдолов: «Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады» (З. Қабдолов, 1976: 31) деп жазған болатын. Демек, Мырза Айдар еңбегінің көркемдік-эстетикалық маңызын осы тұрғыдан қарастыра отырып, ғұлама шығармасына тән поэтикалық әдіс-тәсілдердің асыл тегін автордың өз заманындағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары мен ақындық ортасынан сол дәуірдегі әдебиеттің даму заңдылықтарынан іздеген жөн сияқты. Әлбетте, бұған орта ғасырда ерекше қарқынды дамыған араб-парсы және түркі әдеби байланыстарының үлесін қосыңыз. Дегенмен, бұл ретте Мырза Айдардың ақындық таланты мен жазушылық қабілеті, ақыл-парасаты мен әдеби білімі, сондай-ақ, жеке қаламгерлік стилі де үлкен орын алары даусыз.

Мырза Айдардың әдебиетке ынтасы мен іңкәрлігі: Шынында да Мырза Айдар Дұғлат аса талантты жан болғандығы мәлім. Ол туралы өзінің туған бөлесі тамаша тарихшы әрі шайыр, даңқты падиша Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр: «Ол жазуға, сурет салуға, оқ атуға, найза атуға және садақ атуға шебер, оң саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар болғаны маған жазған хатынан байқалады. Сондай-ақ шығарма жазуға да тәуір болған» (Зәһир-ед-дин Мұхаммед Бабыр, 1387:13) деп тегін жазбаса керек. Сұлтан Мырза Айдардың «тегіне тартып, өнерлі азамат болғанын» көреміз. Мырза Айдар Бабырдың біраз уақыт жанында жүріп, біраз тәлім-тәрбие алған болатын. Сондай-ақ Саид ханның жанында жиырма төрт жыл жүріп, көптеген өнер саласы мен жауынгерлік шеберліктердің қыр-сырын үйренді. Ең бастысы Бабыр мен Саид ханның жанында жүргенде түркі тілі мен әдебиетіне қанық болды. Мырза Айдар түр-

кілік әдеби-мәдени құндылықтармен бірге араб, нақтырақ айтқанда ислам тарихы мен қағидасы және парсы тілі мен әдебиетін үйренуге мүмкіндік алды. Жалпы жауынгерлік пен әдебиеттен тәлім алған Мырза Айдар ер һәм әкімшіл мінезімен бірге нәзік те жұмсақ мінезімен ерекшелінеді.

Мырза Айдардың әдеби білімінің деңгейі

Мырза Айдар өз шығармасында көптеген замандас ақындар жайында сөз қозғап, олар туралы жақсы пікірлер айта отырып, олардың қысқаша өмірбаяны мен шығармасы жайлы сөз еткен. Мәселен: Әбдірахман Жами, Әбдіғапур Лари, Әлішер Науаи, Аһмет Сүһейли, Үсенәлі Жалайы, Аһи, Һелали, Банаи, Сейфи және түркі тілінде ғазал жырлаған Лүтфи, Атаи, Сәккаки тағы басқа әдебиетші, өнер адамдары, ақын-жазушылар туралы мәлімет берген. Бұл да болса Мырза Айдардың әдебиет жайында білімінің әжептәуір мол әрі жан-жақты екенін байқатады. (Мырза Хайдар, 2014:76).

Мырза Айдар ақындардың өмірі мен шығармасы жайлы жазғанда жай бейтарап қарамай олардың шығармасы мен ой-өрісі жайында өз пікірін білдіріп отырады. Мысалы Әбдірахман Жами туралы өз көзқарасын білдірген. Ол кітабында: «Ақындарға арналған кітап бөлімін қайтадан әзірет маулана Жәми есімімен бастаған жөн, сондай-ақ, Хорасан әулие жайындағы бөлімде әулие кісілердің басы, атақтылардың атақтысы, адамзаттың мақтанышы Мәулана Нұраддин деген Әбдірахман Жәмидің есімімен бастау лайық болмақ» (Мырза Хайдар, 2014:76).

Мырза Айдардың оптимист және объективтік көзқарасы болғаны үшін ешкімнің тегі мен нанымын негізге алып, оған баға бермеген. Оның адамдық және ақыл-парасатының шеңберін қарастырып, бағалап отырған. Сол үшін жамидан басқа да ақындар туралы өз пікірін білдіріп отырған. Осы орайда Әлішер Науаи туралы да: «Өмір Әлішердің лақап есімі Науаи. Түркі тілінде оған дейін де одан кейін де ешкім мұнша көп өлең жазбаған. Ол бұл саланың нағыз шебері болған». (Мырза Хайдар, 2014:77)

Мырза Айдар өз естеліктерінде жетімдік жылдары жиырма төрт жыл қомқорлығында болып, түрлі өнер мен әдебиеттің қыр-сырларын оның жетекшілігімен жанында жүріп үйреген Саид хан туралы әңгіме қозғаған. Саид хан өлең мен әдебиетке ерекше іңкәр жан екенін жазған. Сондай-ақ аталған салада ол дарын иесі екенін айтқан. Оған Саид хан жайлы мына сөзі: «Ал білімдарлығына келгенде, мен оған

тең келер кісі көрмедім. Тіпті, егер де оның қолына сауатсыз, сөздері түсініксіз хат түсетін болса, мейлі өлең, қара сөз болсын бәрі бір кідіріссіз рақаттана оқи беретін. Ешкім де ол сияқты оқи алмайтын. Ол нәсх пен настаглик жазу үлгілерін жақсы меңгерген-ді. Парсыша, түрікше өте сауатты, дұрыс, мінсіз жазатын» дәлел. Түрік тілінде мінсіз шығарма жазғанда оған басқалардың теңесуі мүмкін емес еді. Өлең шығарғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келетін адам өте сирек кездесетін. Ол ешқашан өлеңді ойланып отырып жазбайтын, ылғи шабыттанып отырып айтатын» (Мырза Хайдар, 2014:189).

Мырза Айдар өз кітабында суреттеген тағы бір ірі тұлға оның туған бөлесі әрі жетім қалған жылдары ең бірінші болып өз қамқорлығына алып, екі-үш жыл бағып, тәрбиелеген Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Ол жайында мынадай көзқарас білдіреді: «Ол әртүрлі қадір-қасиет дарыған әрі мінезі жайдары патша болды. Оның бойындағы жақсы қасиеттерінің ішінде батырлығы мен жомарттығы ерекше көзге түсетін. Түрікше өлең шығаруда әмір Әлішерден кейін оған ешкім ілесе алмаған. Түркі тілінде өте тамаша өлең жинағы бар. Сондай-ақ, ол «Мүбиін» деген атпен поэзиялық шығарма жазды – бұл өте пайдалы әрі фикһ жөнінде пайдалы трактат деп қабылдаған жинақ болды. Ондай еңбек бұған дейін ешкім жазбаған Түркі арузы еңбегін де жазған. Оны өте шеберлікпен жазды әрі әзіретішан қожа Убайдолланың Рисала-ие Вәлидийені өлеңмен жырлаған.

Оның түркі тілінде өте бейнелі, айшықты, таза әрі әдемі тілмен жазылған «Вақеһат» – оқиғалар атты тарихи шығармасы бар. Бұл кітапта кейбір әңгімелер сол тарихи шығармадан келтірілген. Оның тұқымында өзіне дейін музыка мен басқа өнер түрлерін игерген дәл ондай дарынды адам болған емес» (Мырза Хайдар, 2014:29-30. дәптер-2).

Мырза Айдардың Жами, Науаи және Бабыр сынды әдебиеттің майталман аса ірі тұлғалары туралы пікір жазып, өз көзқарасын білдіргені оның қаншалықты әдебиет дүниесі мен көркем сөз өнері кеңістігінде өз орны бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ оның әдебиетке деген ынтасы мен ықыласының белгісі болмақ.

Шығарманың әдеби көркемдігінің өнегелі еңбектер жайында: Тарих-и-Рашиди мемуарлық естелік сипатындағы шығарма. Автор кітабының тақырыптық бағытын Шарафеддин Әли Йәзидидің «Зафарнама» кітабын молырақ пайдаланған. Өйткені оның он жеті әңгімесі

тұтастай еңбегіне енген. Содан болар Мырза Айдар мен Йәзидидің шығармаларындағы басты ұқсастық: тарихи оқиғаларды баяндау кезінде әуелі қарасөзбен әңгімелей келе артынша өлең жолдары арқылы тақырыпты одан әрі анықтай түседі. Олар өлеңнің ғазал, қасида, рубай, фәрді және басқа түрлерін оқиғаның желісіне орай пайдаланады. Осылайша тарихи жай оқиға көркемдік көрігіне оранып, оқырман үшін тартымды әңгімеге айналады. Бұл шығыс тарихшылардың қолданатын жалпы әдістемелік тәсіл болған. Оған мысал Бабырдың «Бабырнамасы» дәлел. Сондықтан автор аталған екі тұлғаның шығармаларындағы тәсілді өзінің тарихи мемуарлық еңбегін жазуда таңдады.

Сондықтан «Тарих-и Рашиди» – парсы тілінде жазылғанымен, сюжеттік, тілдік тұрғыдан ғана емес, көркемдік жағынан да баға жетпес қымбат қазына. Еңбек негізінен проза жанрында түзілсе де, мұнда парсы тіліндегі өлеңдермен қатар, түркі поэзиясының аса айшықты үлгілерін көруге болады. Анығында, тек өлең ғана емес, Мырза Айдар қаламынан туған қара сөз – баяндауларының өзі баз бір поэзиялық нұсқалардан әлдеқайда көркем. Әрі терең мағыналы ерекше көзге түседі.

Зерттеу барысында ортағасырлық көптеген ғұмырнамалық және тарихи-прозалық шығармалардағы секілді «Тарих-и Рашидиде» қара сөзбен баяндалатын әңгімелер арасында «қыстырма» бәйіттер мен ғазалдардың яки рубаилар мен жекелеген жалқы өлең жолдары жиі ұшырасатынына назар аудардық. Бұл – осы жанрда жазылған шығыстық жәдігерлердің көпшілігінде кездесетін тұрақты құбылыс, әдеби заңдылық.

Мұны ғұмырнамалық шығарма жазушылар әдейі қолданатын ерекше көркемдік әдіс десе де болғандай. Тарихи оқиғаларды баяндау барысында өзінің не болмаса өзге бір шайырдың өлеңдерінен үзінді келтіріп отыру – «Бабырнамаға» да тән. Әдетте бұл тектес қысқа бәйіт не ғазалдың мағынасы суреттеліп отырған оқиға мазмұнымен үндес, астарлап келеді. Мысалы, автор «Алланың ілтипатымен бір сәтке-ақ жеңіс самалы есе бастады, һәм бақытсыздық шаңы мен құм тозаңы жаудың төбесіне жауа бастады» дей келіп, мына өлең жолдарымен:

Тау-тау өлік көресің қыраттан да, сайдан да,
Аяқ басып жүретін жер қалмады майданда»,
– әңгімесін түйіндейді. (Мұхаммед Қайдар Дулат. «Тарих-и Рашиди», парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған (Ислам Жеменей, 2014:189).

ней, 2015:604).

Шығарманың тағы бір ерекшелігі автор өзінің басынан өткен оқиғаларды адам өмірімен байланысты тарихи тұлғалардың мінез және қабілетіне ұштастырып баяндап отырады. Бұл жайт өзінің қомқоршы ұстазы Саид хан туралы айтқанда анық байқатады. Себебі автор өмірінің көп бөлігін оның жанында жүріп, көптеген оқиғаларды көзімен көргені үшін болған жайттарды нақты сеніммен әңгімелеуге ұмтылыс жасай алған. Мәселен сарайдың поэзия кештерінде талай рет Саид ханның суырып-салма өлеңдерін тыңдаған. Сонда Саид хан кенеттен шығарған өлеңдерін бір-екі рет қатысушыларға оқып беретін. Бірақ ешкімге қолына қалам-қағаз алып, жазуға рұқсат бермейтін болған. Ал кімде кім естіген өлеңдерін жадында сақтай алса, кейін өзгеге айтып береді екен. Сондай бір поэзия кешінде автор ханның түркіше айтқан өлеңдерінің кейбір шумақтарын жаттап алған. Ол былай:

شعر ترکی:

قیسی گلشن نینگ یوزونگ دیک بیر گل رعناسی بار
قیسی گل نینگ بیر مینینگ دیک بلبل شیداسی بار
حور بیرله جنت الماوانی کونگولوم نیلاسون
یارنینگ کویدیه یوزمینگ جنت الماواسی بار
یوزی اوزره کامل و زلفین پریشان کورگالی
ای سعید آشفته کونگولوم نینگ عجب سوداسی بار (دفتر اول،
ص ۱۸۵)

Қазақшасы:

Қай гүлзарға барсаң да гүл кездеспес тең саған.
Сен гүл болсаң, мен бұлбұл шын ғашығын аңсаған.
Мен жәннаттан іздеймін өзің туған төркінді,
Көрсін халық нұрынды, көрсін сенің көркінді.
Шашың қара, бетің ақ, көрген адам ұғар ма?
Көңілімде, ей Саид, ғажайып бір арман бар.
(Ислам Жеменей, 2015:185.1-дәптер).

Жоғарыда жазғандай, Мырза Айдар өзі де тарихи оқиғаларды әңгімелеу барысында қара сөз бен өлең жолдарын кезектестіре кестелеп отырады. Мысалы, ол: «Моғолстан гүлденген уақытында ғалымдар мен дарынды кісілер көп болған. Сірә, олар тарихи, басқа да шығармалар жазған шығар. Қазіргі кезде жүз елу жылдан астам уақыт өтіп, ол адамдар туралы із де, тіпті олар жазған шығармалар жөнінде мәлімет те қалмаған. Гүлденген сол қалалар көрікті жерлерде ойраннан кейін қираған қабырғалар мен қалқиған мұнаралардан басқа еш із, белгі жоқ...»

дей отырып, мына бәйітті келтіреді:

بيت:
ز مردم نمائنده در آنجا اثر

ز آثارشان کس ندارد خبر» (دفتر دوم، ص ۲).

Қазақшасы:

Елден ол жерде әсер де қалмаған,
Істерінен ешкімде хабары да болмаған. (4.2. 2-дәптер).

Көріп отырғанымыздай, жазушы әрбір тарихи оқиғаның маңызды тұстарында, соған қоса өзінің осыған байланысты пікірін білдіру мақсатында әлгі деректі баяндауларды жыр шумағымен бейнелейді, сұлу сөздерді сыналап келе, шығарма шырайын шыңдай түседі. Мына арада автор «Менің әкем және немере ағаларым моғол хандары жайында өз әкесінен және сенімді кісілерден естіген әңгімелерін айтып беретін еді» десе, одан әрі:

بيت:

پدر کز من روانش باد پر نورها

مرا پیرانه پندی داد مشهورها» (دفتر دوم، ص ۳).

Әкемнің жаны нұрға толы болғай
Маған берген әйгілі үгіті, ақыл болған.
(Ислам Жеменей, 2015:3. 2-дәптер)

Мырза Айдардың «Тарих-и Рашиди» ғұмырнамалық баянын жазуға үлкен жауапкершілікпен келгенін айғақтайды, яғни автор аталған шығармасын тек шынайы деректер негізінде жазып шығуды мақсат тұтқан дейміз.

Академик З. Қабдолов: «Шындық күрделі болса, одан туған шығарма да күрделі. Өмірдегі оқиғалар шым-шытырық болса, оны суреттеген шығарманың мазмұны да әр алуан» (З. Қабдолов, 1976:168), – жазған. Олай болса, Мырза Айдар шығармасы реалистік (шыншыл) бағытта, сол дәуірдегі прозалық еңбектерде кеңінен қолданылған аралас стильде жазылғаны анық.

Жалпы аралас стиль жөнінде айтқанда, бұл әдеби құбылыс тек ортағасырлық түркілік мұраларда ғана емес, бертіңде өмір сүрген Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармашылығында сирек те болса кездесетінін атап айтқан жөн. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің арасында тілдік тұрғыдан да, тақырыптық идеялық жағынан да терең байланыс барын сеземіз. Бұл жөнінде академик Р. Сыздықованың: «Абай сияқты гуманист ойшыл суреткер өз заманы, өз замандастарының мі-

нез-құлықтары, ондағы қайшылықтары туралы күңірене толғанған ойларын көркем сөздің бір ғана тәсілі – өлеңмен ғана білдіріп қоймай, оған қоса прозамен де қайталай түсуі, немесе керісінше қара сөзбен айтқан ойын екінші қайыра жанына жақын поэзия тіліне аударуы – әбден заңды нәрсе» (5.242), – деген пікірінің жаны бар.

«Тарих-и Рашиди» – өз заманының озықта, ойлы, көрнекті һәм көркем туындыларының бірі. Шығарманың тарихы құндылығын былай қойғанда оның айшықты тілі мен бейнелі образдары, даналық иірімдері мен имандылыққа жетелейтін түрлі сөздері оқыған жанды бей-жай қалдырмасы анық.

Мырза Айдар мұрасын орыс тіліне аударушылар шығарманың поэтикалық қуатын бағамдай келе: «Осының бәрі көркем ауыстыру эпитет және өте дәл теңеулерге толы образды әдеби тілмен бейнеленеді. Сөз жоқ, «Тарих-и Рашиди» авторы әдебиетке деген қабілеті болғандықтан оның әңгімелері оқырманды толғандырады. Суреттелген оқиғаларды аса іңкәрлікпен қабылдап, кейіпкермен бірге тебіренуге мәжбүр етеді» (Мырза Хайдар: 1996: 727) деген тұжырымға тоқтайды. Расында «Тарих-и Рашиди» кітабы – кең тынысты, текті де, тегеурінді һәм терең фәлсафалы ғажайып еңбек.

اینکه تألیفات تاریخی و ادبی با شیوه مختلف یعنی نوشتن با کاربرد نظم و نثر یا بالعکس نثر و نظم، پدیده‌ای نیست که مختص ادبیات قرون وسطای شرق در بین اهل قلم ترکان و پارسی‌گویان باشد. یا از سویی به عنوان شیوه ادبی مختص قرون وسطایی در محدوده آن دوره زمانی محصور شده باشد. برای مثال ادامه چنان شیوه در ادبیات قزاق هم کمابیش پدیده‌ای جاافتاده و مورد استعمال در آثار ادبی است. برای مثال می‌توان به آثار ادبی آبابی قونانیای (۱۸۴۵-۱۹۰۴)، مشهور یوسف کوپی اوغلو «جوسپ» (۱۸۵۸-۱۹۳۱)، شاه کریم خدای بردی (۱۸۵۸-۱۹۳۱) در این زمینه مراجعه کرد. آبابی می‌گوید: دانش، کار و عدالت باید در خدمت انسان باشد. منشأ دوست داشتن و عشق خداوند است؛ زیرا آفریدگار بزرگ، انسان را با عشق آفرید.

با عشق آفرید انسان را آفریدگار،

تو نیز دوست بدار خدا را از دل!

همه انسان‌ها را دوست بدار چون برادر،

همواره راه راست را راه عدالت بدان! (صدیق قیزی، ۲۰۰۴: ۱۰۶).

Сопылық бағыты:

Энциклопедиялық бұл шығарманың бір қыры, философиялық ерекше танымымен бірге сопылық бағыты. Кітаптың кіріспе бөлімінде Әли ибн Османның (1009-1077) «Кәшф әл-Мәһжуб» кітабы мен Герат пірі Абдолла Ансари (1006-1088) сынды әйгілі сопылар жайында сөз

қозғайды. Сонда сопылық таным жайлы Әли ибн Осман бір әңгімесін тілге тиек етеді. Онда: Әли (ғ.с) мұсылмандардың төртінші халифасынан таным туралы сұрағанда ол: «Тәңіріні тәңірімен таныдым, одан өзгесін оның нұрымен таныдым», – депті. Сондықтан Тәңірі тәнді жаратты, оның тіршілігін жанға тапсырды. Сондықтан жүректі тірілтетіндей ақыл тәнді тіріте алатын қуатқа ие емес. (Мырза Хайдар, 2014:11. 1-дәптер). Сондай-ақ кітаптың кіріспесінде Абдолла Ансаридің айтқан мына: «Әбужәһл қағбадан шығады, Ибраһим пұтханадан, ал олардың ісіне жаратқанның шапағаты тиер болса, басқаның бәрі – себеп-сылтау» – дейді. (Мырза Хайдар, 2014:12. 1-дәптер). Шығармада осы сынды сопылардың таным мен пайымы көптеп айтылады. Кітаптың өн бойынан анық сезіліп тұрады. Сол үшін оқырман бастан соңына дейін сопылық әлемнің ғажайып жайтарға куә бола отырып, соның арқасында кітапты оқуға құмарта береді.

Шығармадағы қоғамдық психологияның қыры:

Мырза Айдар күнделікті тіршілікте кездесетін адамдардың қалалық және ауылдық, тобыр немесе аксүйектер саналатын топтардың қоғамдық психологиясын талдап, зерделеп жазады. Сондай-ақ ол өзінің нанымдық қағидасына орай пани және бақи дүниелер жайлы да ерекше шабытпен әңгіме айтады. Автор жүрек сөзін, сыр сұқбатын, күнделікті естеліктерін, қоғамның тарихи-саяси ахуалын айту барысында өз көзқарасы мен ойларын әсем де тартымды сөздермен баяндауға тырысады. Мәселен өз атасы Мұхаммед Айдар Мырза туралы естелік айтқанда оның қоғамдық беделін сын таразысынан өткізіп, былай жазған: «Сансыз мырза қайтыс болғаннан кейін Кашғар уалаяты түгелдей оның бауыры Мұхаммед Айдар Мырзаның билігіне өтті. Жиырма төрт жыл бойы ынсап және әділетпен биледі. Мұхаммед Айдар Мырза ауқатты адам болған. Содан оның мұрасы бақыттан бақытқа бөлеп тұрды. Ол төңірегіндегі жүздерінен бойында батырлық пен парасаттылық нұры төгіліп тұрған жастарды баулып, тәрбиелеуге көңіл бөлмеді» (Мырза Хайдар, 2014:159. 2-дәптер). Атасының ісі мен билік тәрзіне осылайша шынайы, анық көзқарасымен қоғамдық ортамен байланысын бағамдап бергенін көреміз.

Шығармадағы кейіпкерлердің бейнеленуі:

Ғылым-білімді барынша меңгерген, қилы өмір сынақтарын басынан кешірген Мырза Айдар үшін әрбір кейіпкерінің тыныс-тіршілігі, олардың қайғы-қасыреті әбден етене, жүрегіне

жақын. Сондықтан қаламгер жадында сақталған халық мақалдары мен даналық мәйектерін молынан қолдана отырып, сөз өнерінде қайталанбас соны суреттер салады. Оның шығармасында отырықшы жұрт пен көшпелілердің, қоғам мен мәдениеттің, пәни мен бақидің, моғол ақсүйектері мен қараша халықтың арасында өтіп жатқан бітіспес майданның нағыз бет-бейнесі шынайылықпен мүсінделген. Ең ғажабы – соның бәрі аумалы-төкпелі жаугершілік заманның рухына сай романтикалық сарынмен асқақтата, төгілте суреттеледі. Бұл орайда өзінің жақын туған туыстарын таныстыруда ақиқаттан аттамай шындықты жазуға күш жұмсайды. Мәселен оны аталас ағасы Сансыз мырзаның баласы мырза Әбубәкір жайында жазғанынан байқауға болады. Онда: **«Мырза Әбубәкір Мұхаммед Айдар Мырзаның жанында болған кезде нағыз ер-жүрек әрі жомарт, күшті де батыл болып көренетін. Бойының ұзындығы соншалық, егер жүздеген қара жаяу топтың ішінде келе жатқан оны көрген кісі аттың үстінде отырған шығар деп ойлап қалатындай еді.»** (Мырза Хайдар, 2014:136. 1-дәптер). Автор осы суреттеуде кейіпкерінің мінез-құлқымен бірге оның физикалық ерекшелігін көрсету арқылы оның болмысының ішкі және сыртқы сипатын бейнелеп беріп отыр. Бірақ оның басты ерекшелігі мырза Әбубәкірді қоғамның жастарының өнегелі азаматы ретінде оның келешектегі тағдырын қоғамның басқарушы тұлғасы, яғни Мұхаммед Айдар Мырзаның басқару саясатымен байланыстырып отырғандай. Себебі «Ол төңірегіндегі жүздерінен бойында батырлық пен парасаттылық нұры төгіліп тұрған жастарды баулып, тәрбиелеуге көңіл бөлмеді» деген тұжырым (Мырза Хайдар, 2014:159. 2-дәптер). Тікелей оның сарайында қызметте болған мырза Әбубәкірдің болашақ тағдырымен байланысып тұр. Өйткені Мұхаммед Айдар Мырза өзінің төңірегінде талантты, батыр жігіттерге жіті көңіл бөлмеген атасының қателігін Әбубәкір мырза сынды дарынды жастардың билікке жеткенде қатыгез болған себебі оның дұрыс үлгімен тәрбие көре алманынан байқатады. Сондықтан қоғамдағы жетекшінің өскелең ұрпаққа психологиялық әсеріне бейжай қарай алмай, қоғам мен оның жетекші арасындағы байланысты Мұхаммед Айдар Мырза мен Әбубәкір мырзаның саяси ұстанымынан көрсетеді. Мырза Айдардың еңбегі тек қана жай тарихи оқиғаларды баяндаумен шектелмей адам баласының психологиялық құндылықтарын, қоғамдық психологияның ықпалды түрде бір-бірінен ажырамас құбылыс екендігіне

де мұқият көңіл бөліп, қоғамдық қатыныстардан туындайтын нәтижелерге анық мысалдармен қортынды жасап отырады. Соның арқасында өзінің философиялық әрі қағидалық көзқарасын білдіреді.

Бір айта кетер жайт, тарихи ғұмырнамалық шығармада кейіпкерлер портреті эпостық басқа жанрларындағы сияқты адамның сыртқы келбетін суреттеу арқылы емес, жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін ерекшелеп көрсету арқылы жасалады. Айталық, «Қыз Жібек» жырында бас кейіпкердің портреттік мінездемесі оның сыртқы пішінін бейнелеу барысында керемет тенеулер мен айшықты ауыстыруларды мол әрі орнымен қолданумен көрініс тапса, «Тарих-и Рашиди» авторына өзі сөз етіп отырған ақсүйек яки әміршінің тіршіліктегі бірер ғана кісілік істерін не оның кемшілік қасиетін айтудың өзі әлгі адамның «кім екендігін» айқындауға жетіп жатыр. Мысалы, Мырза Қайдар Дос Мұхаммед хан туралы: «Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген істері ақылға қонбайтын, бір сәтте мастықтан есін жиған емес» (Мырза Хайдар, 2014:124. 1-дәптер), – деп жазды. Бар болғаны екі сөйлем. Осыдан-ақ аталған әміршінің кісілік дәрежесі қандай екенін пайымдау қиын емес. Әдебиеттанушы З. Қабдолов жазғандай, «деталь – затты шындықтың бір қыры арқылы бар сырын тұтас, түгел және бірден, шапшаң танытатын нақты штрих» (З. Қабдолов, 1976:31). Академик қаламгер Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы «ауылына келген кісіге баласынан бұрын итін мақтайтын Абыралы әулетінің ежелгі бір әдеті еді» деген мінездеме – сөйлемді талдай келіп: «Осы сөйлемге бүтін бір рулы бай ауылының қашаннан келе жатқан парықсыз, дарылдақ, даңғаза мінезі сиып кететінін, ал сөз үнемдеу – өнердің ұлы заңы болғанда, қысқа жазу – тек таланттыға тән қасиет екенін» (З. Қабдолов, 1976:99) орынды ескерткен.

Автордың кішіпейілділік танытудағы әдеби тәсілдері:

Мырза Айдардың басты ерекшелігі оның жазу барысында оқырманға көрсеткен қарапайым, кішіпейіл пиғылы. Мәселен ол шығармасының басынан соңына дейін тақуалы ғалымдар мен сопыларға ерекше құрмет көрсетіп отырғаны соншалық өзінің шен мен мәртебесін ұмыт қылып, олардың көркем мінезі мен сыпайы жүрістерін барынша жоғары деңгейде таныстыруға бар ынтасын жұмсайды. Әрі олардың көркем мінезін, адамға лайық жүріс-тұрысын, үлгілі қоғамдық қатынастарын өзгелерге өнеге болсын

деп жазады. Ол қашанда ғалымдардың алдында өзінің қарапайым пенде екенін ескеріп отырады. Мәселен: «Тарихшылардың үлкен құрметке бөленген себебі олардың жоғары мәртебелі болғандығынан емес, дарындылығы мен намысқойлығынан еді. Мен өз әлсіздігіме қарамастан, тәкаппарлық желінің күшіне және жүзгіштер сияқты көрінгім келді. Бірақ бұл жазба қажеттілік үкіміне қатысты кейбір моғол хандарының бастан өткізген оқиғаларын әрі жаңалықтарын өмір тарихының беттерінен түгелдей жойылмау үшін және ел есінде қалдыру мақсатындағы әрекет деп саналуға тиіс деймін». (Мырза Хайдар, 2014:1. 2-дәптер), – деп кішіпейіл жан екенін байқатады.

Мырза Айдар өзінің қарапайым, кішіпейіл болу мінездерін сопыларға еліктеп алғанын өзін таныстырғанда сопылар қолданатын сөздерді пайдаланып келгенінен байқалады. Олар: пақыр, мескін, ғаріп сынды сөздер. Мырза Айдар – аса дарынды суреткер. Оның қаламынан туған асыл сөз оралымдары біресе парсының дәруіш ақындары сомдаған сопылық мақамдарды еске түсірсе, енді бірде өмірге автордың кәдімгі ержүрек моғол әмірінің шынайы пенделік – табиғаттың өз қойнынан нақты бейнелер мен нақышты ойлар іздейді. Жазушы ұстаздар алдында өзін әрдайым төмен ұстайды, алдыңғы уақыттың шежірешілеріне құрметпен бас иеді. Төменде Мырза Айдардың ұлылығымен қоса, тақуа ғалымдарға тән пақырлық мәртебесін қалай сипаттағанына куә боламыз: «Мен өз әлсіздігіме қарамастан *тәкәппарлық дауылы, надандықтың толқыны мені дарынсыздық өзенінің жағалауына лақтырып тастаған қыш тостағанға ұқсайтынымды мәлімдеймін*» (Мырза Хайдар, 2014: 1. 2-дәптер). Өзі жайында осыншалық кішілік пен сыпайылыққа суарылған қарапайым пікірді әрі қуатты ой иірімі мен сыршыл суретті толғаныстарды тек ғылым тұңғығына құлаш ұрған діндар сопылар ғана айта алар! Автопортреттік тұрғыда айтылатын пақырлық, міскіндік пен ғаріптік ұғым-түсініктер Қожа Аһмет Йәсауи хикметтерінде жиі кездеседі.

Бұл жайында автордың мына айтқан сөзін мысалға келтірейік. Онда: «Үмітсіздік отына күйген мына мен пақырды, Мұхаммед Айдарды, мына қысқа жазған шығармасында жіберген қателіктері мен кемшіліктерін дәрменсіздігіне орай кешіре гөр, рақымшылық танытып, мүшкіл хәліме қайырымдылық көрсетіп қайырлы дұғаға бөлей гөр, соның берекесінен мына: «Ей, Алла! Біздерге бұл дүниеде де жақсылық беріп, ақыретте де игілік беріп, тозақ отынан сақтай гөр! деген

дұға қабыл болғай» (Мырза Хайдар, 2014:505. 2-дәптер), – дегені оның кішіпейілділікпен бірге тәңіріне сенімінің берік екенін білдіреді.

Жалпы Мырза Айдар шығармасында өзіне қарасты кішіпейіл ұстанымын білдіру үшін сопылық терминдерді қолдануымен бірге өзге кейіпкерлерін бейнелеуде көркем суреттеулер мен күрделі метафоралық қолданыстар өте көп, олардың біразы мынадай: *тәкәппарлық желі, сопылық сәулесі, жомарттық нұры, кәпірлік түнегі, күпірлік мекені, наразылық тозаңы, үрей шаңы, игілік етегі, шыдамсыздық тозаңы, ақыл айнасы, үміт ағашы, ұят айнасы, жүрек патшалығы, дауыл демі, тыныштық қорғаны, ұят таты, жомарттық тағы, жеңіс самалы, жеңіліс тозаңы, ажал тырнағы, үміт жібі, ұят бұлты, дұшпандық оты, қиял тақтасы, мұң тозаңы, көңіл айнасы, сабыр тізгіні, парасат биігі, жалғыздық етегі, ғұмыр кесесі, дәулет кесесі, достық бағы, қастандық талы, ажал шәрбаты, ұяттың тері, жеңіс үзеңгісі, парасат ағашы, жақсылық жемісі, шыдамдылық тізгіні, кешірім теңізі, үрей иірімі, сабырлылық қырманы, бақыт самалы, барлық орманы, ынтымақ сақинасы, парасат ұясы, әділет аяғы, өмір жібі, жеңіс көкжиегі, аспан тағының әміршісі, ерлік маржаны, шабыт мұхиты, айдың күміс кесесі, кешкі шапақтың алқызыл шарабы, ләззат кесесі, махаббат, ол – қызыл от, ниет кесесі, уәлаят құлты, қылыш кілті, бақыт үзеңгісі, билік тізгіні, заман дәптері, инабат көйлегі, кінәрат тікені, сағыныш шөлі, қауышудың мөлдір бастауы, ауру шеңгелі, қиял қаламы, бақытсыздық шамы, фәни желі, бақи теңізі, фәни аулы, ажал қолы, махаббат елі, т.б.* Бұлардың көпшілігі метафораланған эпитеттер деуімізге де болады. Себебі, жоғарыда келтірілген бейнелі сөз тіркесінің екінші сыңары ауыспалы мәнге ие.

Ескертетін жайт: осы мақаланың мазмұны Ислам Жеменейдің «Тарих-и-Рашиди» парсы тіліндегі қолжазбаларына жасаған текстологиясының 2014 жылғы Тараз Мемлекеттік университетінде жарық көрген нұсқасын пайдаланып жазылды.

Шығарманың көркемдік әдеби табиғаты:

Мырза Айдар шығармасының өн бойы күрделі, бейнелі тіркестермен, айшықты ауыстырулармен көмкерілген кейіптеулерге, көркем сөз маржандарына толы. Әбдірашид хан туралы айтқан мына сөздері осыған айғақ: «Батырлығына келсек, *қаһармандық орман – арыстан іспеттес. Ал, буырқанған теңізде аждаһаны жұтып қояр акула сынды көрінеді. Шешендігі – әсемдік теңізінің бірегей жауһарындай* әрі көз жауын алар

гауһармен айшықталған ғажайып сандықшадай көрінетін. Алуан түрлі *саз аспаптарын* шебер жандандырып орындайтыны соншалық, оның жанында *Шолпан* һәм *саз бағында сайраған бұлбұлдар әуені* көмескі тартып қалатын. *Шарапатты шабыты* қара сөздің өзін *жақұт жырға* айналдыратын» (Мырза Хайдар, 2014: 200. 1-дәптер), – Ондағы қаһармандық орманы, әсемдік теңізі – метафораға жатса, қалғандары «көз жауын алғандай» *теңеу, айқындаулар*. Дегенмен, автор Әбдірашид ханның бейнесін аталған көркемдік құралдары арқылы сомдай отырып, портрет пен кейіптеудің ерекше әсерлі үлгісін ұсынған.

Ал «Тарих-и Рашидидегі» эпитеттердің, яғни нақты айқындауыш сөздердің өзі біртөбе. Оларды түске, сапаға, қасиетке және сын-сипаттық т.б. мағынасына қарай топтастыруға болады. Мысалы мұндай эпитеттерге: *жапырақсыз гүл, тақуа имам, діндар әмір, арсыз маңдай, ғұлама ғалым, мүбәрак жүз, құлын дене, бал ерін, шикі ой, құрма бойы, лағыл ерін, гауһар тас, азапты өлім, кең пейілді ілтипат, сарғайған жүз, нұрлы әлем, көктемгі қызғалдақ, жетімдік мұңы, жоқшылық азабы, жібек белбеу, бал шарап, бақытты жан, алтын тостаған, күміс белбеу, алтын тақ, ақша бұлт, сәуір күні, қалың қосын, қара бұлт, көк аспан, сәулелі жүрек, ер жүрек, жомарт жанды, кең пейілді, ақылды жан, шын ғашық, буырқанған теңіз, әлсіз қалам, алтын ай, сұлу бұрым, т.б.*

Жоғарыдағы мысалдардан ақсүйектер сарайына тән салтанатты тұрмыс пен моғолдардың жауынгер бектерінің өмірін шынайы әрі биік рухта бейнелейтін әсерлі де әдемі тіл өрнектерін аңғару қиын емес. Келтірілген эпитеттердің кейбіреулері айқындаулардың (тақуа имам, ғұлама ғалым, құлын дене, бал ерін, алтын тақ, көк аспан, ақша бұлт, т.б.) қызметін атқарса, енді біреулері (мүбәрак жүз, шикі ой, жапырақсыз гүл, арсыз маңдай, буырқанған теңіз, сұлу бұрым, т.б.) зат пен тұлғаға, яки кез келген басқа нысанға қатысты құбылтып айтыла беретін сипаттамалар қатарына жатады. Ортағасырлық мұраның көркемдік бедерін ажарлау тәсілдерінің бірі – *теңеу*.

Бұл – құбылысты не жанды затты басқа бір нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі (1,323). Академик З. Қабдолов: «әдеби тілге үстеме мән беріп, оның көркем көрік қосатын сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралының қатарына теңеуді жатқызады» (З. Қабдолов, 1976: 227).

Мырза Айдар Шаһибек хан мен Хұсрау

арасындағы қақтығысты баяндай келе: «Ол келесі жолы келгенде Хұсрау шаһтың адамдары қолын бір сілтегеннен-ақ дастарқан үстіндегі шыбындай бытырай кететінін түсінді» (Мырза Хайдар, 2014:19. 2-дәптер), – деп жазған болатын. Автор әскердің қашар сәттегі көрінісін жай шыбындардың емес, дастарқан үстіндегі құжынаған шыбындардың қалай шошып ұшқанына ұқсатып, тың теңеулермен соны сурет жасаған. Мырза Айдар қаламы – жүйірік, қиялы ұшқыр. Ол кез келген құбылысты әсерлі суреттермен безендіріп, көріністерді салыстыруда жоғары шеберлік танытады. Сондай-ақ, оның теңеулері кейде қалыпты қолданыстағы *-дай, -дей* тұлғасынан басқа да тілдік оралымдар арқылы жасала береді. Мысалы, автор өз әкесінің Хорасанның сол кездегі орталығы – Герат қаласына келген кезін «Әкем жәннатты еске түсіретін қалада үлкен құрмет пен ізетке, түрлі сый-сыйапатқа бөленді» (Мырза Хайдар, 2014:90. 2-дәптер), – деп сипаттайды. Бұл жерде жазушы Герат шаһарының сұлу келбетін жәннат бағына теңеу арқылы аталған қаланың ғажайыптығын қайталанбас образ арқылы жарқырата ашқан. Мұны ежелгі шығыс халықтарының ауыз әдебиетінде кең қолданыс тапқан «табу» – жасырын бейнелеу әдісіне де жатқызса артық емес. Сондай-ақ, шығармада күрделі синтаксистік жолмен жасалған теңеулер де баршылық. Мысалы, Мырза Айдар өз әкесі Мырза Мұхаммед Үсейін мен Заһириддин Бабыр патша әкесін қалай қарсы алғанын: «Патша бұрылып,... жүзінде жаңа бұтақтың бүршік атқанындай күлкі ойнап, қуанып әкемді қарсы алды» (3.96.2-дәптер), – деп суреттейді. Мұнда автор көптен көрмеген әрі аралары суық тартып жүрген әкесіне Бабыр көрсеткен кешірім мен мейірімнің соншалықты ілтипатты болғандығын аса бір терең, нәзік сағынышпен бейнелеуге тырысқанын аңғарамыз. Тағы бір жерде әзірет Ишанның аузымен Сұлтан Маһмұд хан туралы: «...өзім білем дегенді істемеу керек, томағасын сыпырған бүркіт тәрізді қандай аңға салса, соған шүйілуі керек» (Мырза Хайдар, 2014: 114. 2-дәптер), – деп жазған. Бұл да бағзы жырларында жиі ұқсататын әйтеуір бір бүркіт емес, «томағасын сыпырып аңға салғалы тұрған қандыбалақ, қандыкөз қыранның» нақ өзі. Бұлардан басқа да теңеулер бар. Мысалы: *теңіздей, сары ауыздай, тағы аңдай, күн жарығындай, сынаптай, желдей, көктемгі бұлттай, таудай, арыстандай, жолбарыстай, акуладай, неке түніндей, теңіз толқынындай, жүндей, көзіне сұрме салғандай, аққан жұлдыздай, алмастай, әскердей, қар секілді т.б.* Бұл теңеулер

аумалы-төкпелі шақта өмір кешкен жиһангер әулеттер мен олардың жанкешті сарбаздарының тағдырына қатысты оқиғалардың шырайын кіргізіп, айбынын асырғандай болады. Бір ғажабы – мұндай теңеулер күрделі, эпитеттермен көмкерілген көмескі жайттардың өзі айқындалып, әңгіме желісі екпінді романтикалық сарынға ауысады.

«Тарих-и Рашидиде» бірқатар *гиперболалық ұлғайту* түріндегі троптар кездеседі. «Әрине, өз кезегінде бұлар да суреткердің тілі мен стиліне өзгеше бояу қосады, сөздегі суретті түрлендіреді, жаңа өрнектер төгеді, сөйтіп, көркем шығарманың оқырманға әсерін арттыра түседі» (З.Қабдолов, 1976: 239)

Мырза Айдар өзінің Рашид ханмен қоштасып, Тибетке аттанған сәтін ерекше әсерлендіре сипаттайды. Ол: «Достық бірлік, мейірім және бір-бірімізге деген сеніміміз сондай жоғары шекке жеткен еді» дей келіп, мынадай ғазал айтады:

Біздер кетіп барамыз бауырымыз езіліп,
Қоштасудың күйігі *жуз мың дерт* боп сезіліп.
Сенің жүзің кем емес Ләйлі сұлу жүзінен,
Біздер қайтып барамыз мәжнүннің ізімен.
Қалай жалғыз барасың деп сұрайсың сен менен,
Қимастық пен сағыныш бірге барады менімен.
Әбдірашид шаһ біздің – *мұхиты ғой пейілдің*,
(3.194. 2-дәптер)

Бұл арада *жуз мың дерт* (эпитет) және *пейіл мұхиты* (метафора) деген тіркестері арқылы автордың өзінің досы – билеушісіне деген қимас сезімі барынша көтеріңкі көңіл-күймен, жеріне жеткізе айтылғанын аңғару қиын емес. Мәселен, мына тұста жазушы Шаһибек ханның Хорасан жерінде әкесі, яғни мырза Мұхаммед Үсейін мен Сұлтан Маһмұд ханды өлтіріп, көптеген ақсүйек әулеттерін және олардың сарбаздарын қалай қырғынға ұшыратқанын былайша сипаттайды: «Ол қысқа уақыт аралығында соншама көп мемлекет басшыларын, лауазымды адамдарды құрдым желіне тозаңдай ұшырды, олардың көкке ұшқан күлінен аспанға шашылған бағана көтерілді, ал олардың күрсініс желінен сол далада құйын ұйытқыды» (Мырза Хайдар, 2014: 107. 2-дәптер), – Бір қарағанда осы көрініс ұлғайтудың ғажапайып үлгісі, тіпті айшықтаудың тағы бір түрі, *градацияға* (дамыту) жақын тұр. Автор өзінің Шаһибек ханның зұлымдығынан аман қалғаны үшін Алла Тағалаға көп шүкірлік ете, мадақтай келіп: «Егер Алла ерік бермесе... жендеттер де пенденің басындағы бір тал шашын да қисайта алмайды, қырық аяқтың бір аяғын да кеміте

алмайды», – (Мырза Хайдар, 2014:107.2-дәптер) деп жазады. Мұнда, керісінше, автордың *бір тал шаш*, *қырық аяқтың бір аяғы* сөз тіркестерін кішірейту – литота тәсіліне қолданады, сөйтіп айтайын деген ойы мен өзінің әлгі оқиғаға байланысты көңіл-күй толғаныстарын әсерлі жеткізе білген.

Осындай бейнелі сөздер Сұлтан Саид хан мен мырза Әбубәкірдің арасында Қашғар маңында өткен соғысты суреттеуге пайдаланылған. Мәселен, сол көріністегі тұлпар аттың образына қазақтың «Қобыланды батыр жырындағы Тайбырдың шабысы көзге елестейді:

Тұяғынан тұлпардың айналды сол заматта,
Аспан – алты, жер – жеті, таулар тоқсан қабатқа»
(Мырза Хайдар, 2014: 230.2-дәптер).

Немесе:

Арыстандай айбатты, жолбарыстай жүректі,
Қалың қосын аспанды найзамен тірепті.
Барлығы да арыстандай айбарлы,
Шеттерінен (Мырза Хайдар, 2014: 231.2-дәптер)

деп келетін өлең жолдарындағы ұлғайту мен дамыта әсерлеудің айрықша көркем нұсқаларын оқыған жанның тамаша эстетикалық әсер алары даусыз. Мұндай әсерлеудің үлгісіне «Шолпан жұлдыз ерлердің сүңгісінен сескенер», «Алтын таққа бір аттап аяғын ол басқанда// Бүкіл әлем бас иді, бас иді оған аспан да», «Көзің жасын жинаса бір телегей болар-ды», т.б. бейнелі тіркестерді жатқызамыз. Жалпы, байқап отырғанымыздай, ақсүйектер әулетінен шыққан дегдар, атақты жаһангер билеушілермен иық теңестіре ғұмыр кешкен Мырза Айдар шығармасында шығыс әдебиеттен таңдаған образдар жердегі ұсақ заттарға емес, буырқанған теңіз, тұңғиық мұхит, тәкаппар аспан мен жұлдыздар әлеміне көбірек ден қоятын себебі – оның өмір сүрген заманы буырқанып, құбылып тұрған заман бейнесі болды.

Расында, жазушының әдеби-эстетикалық талғамдары мен өмірлік көзқарастарының қалыптасу жолында ислами, имани бұлақтар мен сопылық әлемінің иллаһи соқпақтарының іздері сайрап жатуы кездейсоқ емес. Оның дүние ісі мен ақырет жайындағы әңгімелерінің әрбір сөйлемінен сопылық әдебиет дәстүрінің ежелгі тақуалық тариқатымен үндес көптеген әуезді әрі айшық мақамдарды табарымыз анық. Сірә, Мырза Айдар Саид ханның пірі әйгілі Қожа Аһрардың ұрпағы Шихабәддин Маһмұдтың өмірі туралы жазбаларында: «Ол жайында

жазу – біздің кітабымыздың мазмұнын анағұрлым айқын әрі көркем ете түседі. Екіншісі – кітаптың басында осы сопылардың әңгімесі бірнеше жерде келтірілді. Ол тағы да қайталанатын, онсыз бұл кітаптың қадір-қасиеті, салмағы мен сәнінің болмасы анық. Өйткені осы таңдаулы адамдардың әңгімесін келтірмегенде бұл кітаптың қадір-қасиеті болмас еді!» (Мырза Хайдар, 2014: 361) десе, мұның өзі «Тарих-и Рашиди» кітабының стильдік келбеті мен сөз өрнегінде сопылық дүниетаным, оның поэтикалық және эстетикалық негіздері алғашқы орындарды иеленетінін толық дәлелдейді.

Әрине, орта ғасырлардағы түркі дүниесі, қазақ моғол, басқа да бұрынғы Алтын Ордадан бөлінген ұлыстары қала берді кәрі Азия құрлығының көптеген аймағында Жошы, Темір, Шағатай ұрпақтары арасында өзара билік пен жиһангерлік соғыстары жүріп жатқан алмағайып шақта Мырза Айдар шығармасы бірыңғай сопылық ағымның тізгінінде кетті деуге де болмас. Академик С. Қирабаев өзінің Мағжан Жұмабайұлы жайында жазған әдеби зерттеу мақаласында: «Оның адам тіршілігі, ондағы қайшылықтар, өмір мен өлім, арлылық пен арамзалық, қуаныш пен қайғы, тұрақтылық пен опасыздық туралы толғамдары халықтық ұлттық ұғым, түсініктен тарайды. Сондықтан қайшылықты дәуірде өмір сүрген ақын шығармашылығы ауыр сезімге бөлесе, соншалықты қазақ халқының жүрегінен жылы орын алады. Ол – сол дәуірде өмір сүрген әдеби процестің бөлінбейтін бір бөлігі болып табылады» (Әнвари, 1376:134) деп жазған болатын. Дәл осы пікірді өзгертпестен Мырза Айдар шығармашылығына байланыстыра айтсақ, еш артық еместей көрінеді.

Қазақтың тырнақалды төл прозалық мұрасы – «Тарих-и Рашидидің» тілі мен көркемдік табиғатында өз ұлтымыздың әлеуметтік және мәдени өмірінен сыр шертетін әдемі де әсерлі көріністерді шығармадан көптеп кездестіреміз. Әсіресе, күн сайын нығайып келе жатқан, қазақ

хандығы мен оның баһадүр билеушісі Қасым хан сахара көпшелілерінің жауынгерлік рухы, елдің этнографиясы туралы баяндаулары ерекше көркем, бояуы қанық нақышты бейнелеулермен назар аудартады.

«Тарих-и Рашиди» – көркемдігі жөнінен орта ғасырларда жазылған көркем әдебиет пен тарихи шығармалардың жиынтық көркі. Ол исламдық дүниетаныммен ұштасқан ғажайып ой мен сезімнің кеңістігі. Сондықтан парсы мен түркі тарихында олардың ежелгі әдебиет пен мәдениеті, дүниетаным мен философиясына жаңа серпін берген исламтанудағы жаңа белес екенін көре аламыз. Сондықтан парсы, түркі қаламгерлерінің ең әйгілі деген туындыларының қорытындысы іспеттес. Онда парсы, түркі әдебиетінің асқақ та ажарлы, күрделі де кесек тұстары бейнеленіп тұрғанын анық аңғарамыз. Өйткені оның өн бойынан айшықты ауыстырулар мен айқындауларды, керемет теңеулер мен кестелі портреттерді, ғажайып суреттер пен табиғат пейзаждарды, қанатты тіл орамдары мен ислами даналық мәйектерін, сондай-ақ, келісті кейіптеулер мен өзге де көріктеуіш әдіс-тәсілдердің қайталанбас үлгілерін көптеп кездестіруге болады. Шығарманың бұндай үйлесім мен жарасымды болуына Мырза Айдардың даналығы мен көрегендігі негіз болған.

Қорытынды

Мырза Айдар өз еңбегін жазуда бойындағы барлық таза, мөлдір сезімдер мен түйсіктерін түрлі проза һәм поэзиялық көркемдікпен оқырманға жеткізгісі келген. Осы орайда өз мақсатына қол жеткізіп, Шыңғыс ханнан жалғасып келе жатқан ұрпақтардың тарихын Тоғлықтемір ханнан бастап Саид ханның баласы Рашид ханның таққа отырған заманға дейігі аралықта болып өткен тарихи оқиғаларды естелік ретінде баяндап берген. Ол өз мақсатына жетуде табысты еңбек ете білгенін өзге ғалымдар мен сыншылардың бер-

ген болымды бағасынан байқай аламыз.

Әдебиеттер

- Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 373 б.
 Зеһир-ед-дин Мұхаммед Бабыр, «Бабырنامه», Мазар Шәриф, 1387. – 555 б.
 Мырза Хайдар. «Тарих-и Рашиди». – Тараз: Тараз университеті, 2014.
 Мұхаммед Қайдар Дулат. «Тарих-и Рашиди», парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2015. – 698-б.
 Сыздықова Р. Абай және қазақтың әдеби тілі. – Алматы: «Арыс», 2004. – 616 б.
 Мырза Хайдар. «Тарих-и Рашиди». – Ташкент: «Фан», 1996. – 727 б.
 «Қазақстан халықтарының мәдени-тарихи мұраларын оқып үйрену және дамыту мәселелері»: V халықаралық Дулати

оқуларының материалдары (13-14 қазан. 2005 ж.). – Тараз: Тараз университеті, 2006. – 336 б.

Қазақ тілінің сөздігі. / Жалпы редакциясын басқарған Телқожа Жанұзақов. – Алматы: «Дайк пресс», 1999. – 774 б.

Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст.: Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Жалын», 1991. – 464 б.

Әнвари, Диван-и Әнвари «өлең жинағы». – Тегран: «Негаш», 1376. – 744 б.

Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: «Білім», 1995. – 228 б.

References

Z.Kabdolov. Soz oneri. [Art of a word]. Almaty: Mektep. 1976. P.373.

Zahir ad-Din Muhammad Babyr.”Babyrmane”. Mazar Sharif. 1387. P.555.

Mirza Kaidar. “Tarih I Rashidi”. Taraz uniersiteti. Taraz. 2014.

Muhammad Kaidar Dulat. “Tarih I Rashidi”. Islam Zhemenei. Almaty. 2015.

R.Syzdykova. Abai zhane kazaktin adebi tili. [Abai and literary Kazakh language]. Almaty. 2004.

Kazak tilinin sozdigi. [Dictionary of Kazakh language]. Almaty. 1999.

منابع و مأخذ:

بابر، ظهیرالدین محمد (۱۳۸۷). «بابرنامه»، نسخه ترکی، مزار شریف: چاپخانه میرزا اولوغ بیگ.

چمنی، اسلام (۲۰۱۴). مصحح، «تاریخ رشیدی»، (در دو دفتر)، تألیف میرزا محمد حیدر دو غلات، طراز: دانشگاه دولتی طراز.

چمنی، اسلام (۲۰۱۷). «تاریخ و ادبیات قزاق»، آلمانی: نشر نورلو عالم با همکاری وابستگی فرهنگی ایران در آلماتی.

صدیق قیزی، رابعه (۲۰۰۴). «آبای و زبان ادبی قزاق»، آلماتی: نشر آریس.

عبدولاولوغلو، زینالله (۱۹۷۶). «هنر سخن»، آلماتی: نشر مکتب.

عبدالحسین نوایی، سیدسعید میر محمدصادق، جلد اول، تهران: انتشارات: سیدعبدالقادر هاشمی، ویراستاران: علی یزدی، شرفالدین (۱۳۸۷). «ظفرنامه»، مترجم مجلس شورای اسلامی، موزه و مرکز اسناد.

غفاری فرد، عباسقلی (۱۳۸۲). مصحح، «تاریخ رشیدی»، تألیف میرزا محمد حیدر دو غلات، تهران: مرکز نشر.

میرزا محمد حیدر دو غلات (۱۹۹۹). «تاریخ رشیدی»، برگردان به روسی: عصام الدین اورونبايوف، آلماتی: نشر صنعت.

FTAMP 21.15.47

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o5>**Керім Ш.Т.¹, Альмухаметов А.Р.²**¹филология ғ.д., профессор, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²философия ғ.к., доцент, e-mail: alirau210@mail.ru

Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ТАДЖ АД-ДИН ӘЛ-ЖЕНДИДІҢ «ӘЛ-ИҚЛИД» КІТАБЫ

Мақалада танымал тілші ғалым, араб тілі грамматикасына арналған бағалы еңбектердің авторы, Сыр бойындағы ортағасырлық Жент қаласының тумасы Таж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Жендидің (700/1300 ж.ж.) «Әл-Иқлид» (Кілт) атты шығармасы сөз болады, кітаптың сипаты, мәні, маңызы сараланады. «Әл-Иқлид» (Кілт) Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің «Муфассал» (егжей-тегжей) атты араб тілі грамматикасы бойынша классикалық жұмыс болып саналатын кітабын түсіндіретін шарх. «Әл-Иқлидте» аз-Замахшаридің аталмыш кітабына маңызды әрі дәлелді түсініктер берілген, айқын сілтемелерге жүгінген, тілдік әрі грамматикалық қағида-ережелерге дәйек ретінде Құран Кәрім мен хадис шәріпке сүйеніп, белгілі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, поэзиялық туындылар мен өлеңдер мысал ретінде беріледі. Әл-Женди келтірген грамматикалық талдаулар басқа шархтардың ешқайсысында қайталанбайды. Автор бұл шархында араб тілі грамматикасының қиын сұрақтарына жауап табуға, сөздердің ишаралы жасырын мағынасын ашуға күш салған.

Түйін сөздер: араб тілі грамматикасы, тілші ғалым, Құран, сөз, түсіндіру, ереже, Басра және Куфа мектептері, имам, Ислам.

Kerim Sh.T.¹, Almuhametov A.R.²¹Doctor of philology science, professor, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²Doctor of philosophical science, assistant professor, e-mail: alirau210@mail.ru

Nur-Mubarak Egypt for islamic culture university, Kazakhstan, Almaty

The Book “Al-Iqleed” of Tadj Ad-Deen Al-Jendy

The article studies about Tadj ad-deen Ahmad ibn Mahmoud ibn Omar al-Jendy's works who was born in a medieval town Jent (died in 700/1301, currently, the Kyzylorda region, Kazakhstan). He is the famous linguist, the author of significant works on Arabic grammar. The article analyzes the character, substance, and the value of his famous book “Al-Iqleed” (Key). Al-Iqleed is the comment on the book “Mufasssal” by Abu al-Kasym Mahmoud ibn Omar of az-Zamakhshari, which is considered as a classic work on Arabic grammar. In al-Iqleed are given important and reasonable comments on Az-Zamakhshari's book. Moreover, Quranic texts and texts of Hadiths, proverbs and sayings, aphorisms and also works of poetry according to grammar rules are provided as examples. The grammatical analysis that Al-Jendy uses in his research is not repeated in any other remained comments made on this book by different authors. The author concentrated his attention on examining of ambiguously resolved issues in Arabic grammar, trying to find the most exact interpretation and the hidden sense in word meaning.

Key words: Arabic grammar, linguist, Qur'an, word, explanation, rule, school of Basra and Kufa, imam, Islam.

Керим Ш.Т.¹, Альмухаметов А.Р.²¹доктор филологических наук, профессор, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com²кандидат философских наук, доцент, e-mail: alirau210@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Книга «Аль-Иклид» Тадж Ад-Дин Аль-Дженди

В статье рассматривается труд «аль-Иклид» Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмуд ибн Омар аль-Дженди (умер в 700/1301 г., уроженец средневекового города Джент (ныне – Кызылординская

область, Казахстан), известного языковеда, автора значимых трудов по грамматике арабского языка. В работе проанализированы характер, сущность и ценность его известной книги «аль-Ик-лид» (Ключ). «Аль-Ик-лид» является комментарием к книге «Муфассал» Абу аль-Касым Махмуд ибн Омар аз-Замахшари, которая считается классической работой по грамматике арабского языка. В «аль-Ик-лид» даны важные и обоснованные комментарии к названной книге аз-Замахшари, в качестве примеров приведены Коранические тексты и тексты хадисов, пословицы и поговорки, афоризмы, а также произведения поэзии в соответствии с грамматическими правилами. Аль-Дженди использует в своем исследовании грамматический анализ, который не повторяется ни в одном из сохранившихся комментариев к этой книге разных авторов. Автор сосредоточил свое внимание на рассмотрении неоднозначно решаемых вопросов в грамматике арабского языка, пытаясь найти наиболее точное толкование и скрытый смысл в значении слов.

Ключевые слова: грамматика арабского языка, языковед, Коран, слово, объяснение, правило, школа Басры и Куфы, имам, ислам.

Кіріспе

Орта ғасырларда Қазақстанда ислам дінінің орнығуымен бірге араб филологиясы ілімдері дамыды, Құран кәрімді терең түсіндіріп, дұрыс үйретудің маңызы артта түсті. Осындай қажеттіліктің туындауын ескерген қазақстандық ғалымдар да араб тілі сөздіктерін құрастырды, араб тілінің грамматикасы мен риторикасын зерделеп, осы ілімдер бойынша салмақты туындылар жазды. Сол заманнан артына елеулі еңбектер мирас еткен ғалымдарының кейбіреулері ортақ “дин”, яғни “дін” сөзімен байланысты *Ала ад-дин әл-Исбиджаби, Сираж ад-дин ас-Саккаки, Тадж ад-дин әл-Женди, Хұсам ад-дин ас-Сығнақи, Ала-дин – діннің шыңы, Сираж ад-дин – діннің шамшырағы, Хұсам ад-дин – діннің қылышы, Қауам ад-дин – діннің тірегі* сынды лақаптарды, сондай-ақ оларға «имам алама», яғни «имам ғұлама» деген атақтарды иеленуі жайдан-жай емес. Демек осы абзал жандардың мойындалған, танылған лақаптары мен атақтары қызметтерінің дінге, дін ғылымына тікелей қатыстылығын айғақтайды. Қазақстаннан шыққан ортағасырлық аса көрнекті ғұламалардың денінің кіндік қаны тамған жері – кенттер, Испиджаб, Фараб, Ясса, Сығанақ, Женд сынды Жібек жолы бойындағы сауда, экономикасы дамыған шаһарлар болғандығын аңғарамыз. Еліміздің оңтүстігіндегі қалаларда дүниеге келген бір шоғыр ғалымдар ислами ой-пікірдің, ілімінің араб тіл білімі тарихында өзіндік қолтаңбаларын қалдырды.

Негізгі бөлім

Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди жайлы Қазақстанда алғаш рет профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» (Дербісәлі, 2008:144), кейін «Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар» атты еңбегінің «Орта

ғасырлардағы Женд және жендтік ғалымдар» деген бөлімінде алдыңғы кітабында ұсынылған мәліметтерін толықтыра түскен (Дербісәлі, 2016:218-225).

Ғұламаның туған жылы туралы дерек табылмады, тек ғана оның 700/1300 жылы қайтыс болғандығы белгілі.

Әл-Жендидің “Әл-Иқлид” кітабы – Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің (1075–1143) “Муфассал” (Егжей-тегжейлі) атты араб тілінің грамматикасы туралы атақты кітабына жасалған шарх жұмыс.

«*Иқлид*» араб тілінде «*кілт*» деген мағынаны білдіреді. Кітабының бұлайша аталу себебі жайында автор былай дейді: «*сиқырлы әлемнің сырын ашатын құпия мағыналардың «кілті» – «әл-Иқлид» аталатын осы шығармаға топтастырдым*».

Автор: «*Бұл кітап алты жүз алпыс алтыншы жылдың жумади әл-ахира айында ислам елдерінің шеті болып саналатын Бұхарада өте көркем жазумен әрі үлкен табыспен жазылып шықты*», соңғы тарауында «*Мен оны Бұхарада жаздым, оған бар күшімді салып еңбек еттім*», кіріспесінде: «*Уәде берген едім. Оны орындауға тырыстым, кеудесін жоғары ұстап сырын жасырғысы келгеннің пердесін сыпырып, әдеби құпиясына көпті қанықтырғым келді*» – десе, ал қорытынды бөлімінде: «*Мен бұл шығарманың жасырулы жатқан алтын көмбесін ашуға уәде еткен едім, оның көпке беймәлім қырларын көрсетуге ұмтылдым, одан ойшылдар мен білімқұмарлар өзіне қажеттісін табар, иненің көзіндей тар саңылаудан сәулесі шашылар деген ойдамын*» – деп жазған.

«Әл-Иқлидті» қолжазбалары негізінде зерттеп, докторлық диссертация қорғаған – ғалым Мұхаммад Ахмад Әли Әбу Китаһ ад-Даруиш еңбекті ғылыми алғы сөз, түсініктерімен 4 том

етіп 2002 жылы Сауд Арабиясы Корольдігінде бастырды (Мұхаммад Ахмад, 2002 / 2005-2006 жылында 7 октябрь университетінде (Египет) Мустафа Сәлим Милад әл-Мазук «әл-Иқлидтің» қолжазбасының басынан бір бөлімі негізінде магистрлік диссертация жазып қорғады (Мустафа Сәлим, 2006). Біз осы мақаламызда араб тілінде дайындалған осы екі диссертацияның түйіндеріне сүйендік.

Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшари (1075 – 1143) тірі кезінің өзінде-ақ «Устазу ул-араб уа аджам («Арабтар мен араб еместердің ұстазы»), «Фахр у Хауразм» («Хорезмнің мақтанышы») деген атқа ие болған. Оның исламтану, лексикология, грамматика, аруд, әдебиет, логика салалары бойынша 50-ге тарта еңбегі бар. «Муфассал фи санат-ил ирааб» флексияның жасалуы туралы егжей-тегжейлі (талдау)» – 1119–1121 жылдар аралығында жазылған аса танымал, араб тілінің грамматикасы жан-жақты түсіндірілген кітабы. – اعراب «ирааб» араб тілінде тіркес, грамматикалық талдау, флексия, синтаксис деген лингвистикалық мағыналары бар сөз. «Әл-Муфассалдың» өз уақытында араб тілін оқытуда маңызды болған, аюбиттер дәуірінде Мысыр мен Шамда кеңінен қолданылған, тіпті, патша осы кітапты жатқа білгендерге мың динар, басқа сый беруге уәде берген. Бұл еңбек араб грамматикасы саласында маңызы жағынан көрнекті тіл ғылымы Сибәуайһидің «Китабу Сибәуайһи» атты кітабынан кейін екінші орын алады, осы кітапқа жасалған түсініктер өте көп. К.Брокельманның мәліметтеріне қарағанда, «әл-Муфассалға» жазылған шархтың саны отыздан асады, Муаффақ ад-дин Әбу Бақа Йайыш ибн Әли Йайыш әл-Халаби (1158-1245), Фахр ад-дин Мұхаммед ибн Омар ар-Разий (хижраның 606 жылы қ.б.), Мұхаммед ибн Сайд ал-Маруазий (хижраның 609 жылы қ.б.), Мұхаммед Мадж ад-дин әл-Қасим ибн әл-Хүсейн, Фахр ад-дин әл-Хорезми, Әбдусамат Сахауи, Әбдул-уәһид ибн Әбдулкарим Әнсари, Жақуб Муртази, Бахр ад-дин Фарис ан-Насани ал-Халаби, т.б. жазған шархтар мәлім.

«Әл-Муфассалды» алғысөз, түсініктерімен баспаға дайындаушы доктор Халид Исмаил Хасан осы туындыны түсіндірген 22 шарх бар екендігін, оның кейбіреулерінің еңбектегі тек өлеңдерге жазылған шарх екенін айтады (Халид Исмаил Хасан, 2006: 20). Әл-Хорезмидің «ат-Тахмир» атты кітабын зерттеген доктор Әбду ар-Рахман бин Сүлейман әл-Усайимин «әл-Муфассалға» жазылған 94 шархты санамалап

көрсетеді, оның 69-ның авторы бар, 11-ның авторы белгісіз, 14-і тек өлеңдеріне жазылған түсініктер, бұдан тыс «әл-Муфассалды» қысқартқан үш ғалымның еңбегін, өлеңге айналдырған төрт қаламгердің туындысын, сондай-ақ «әл-Муфассалға» еліктеп жазылған екі кітапты (қарсы), жауап түріндегі 1 кітапты, барлығы 104 жұмысты тізбелеп шығады.

Ал аз-Замахшари акидалық ұстанымы жағынан мутазалит, лингвистикалық ұстанымы Басра мектебінің жолында болды. Мутазалия ағымында ақылға көбірек сүйенеді, нақылда қиясқа көбірек жүгінеді. Басра лингвистикалық мектебіне мутазилиттердің тигізген әсері болды, сол себепті олар қияс (аналогия) тәсіліне көбірек табан тірейді. Араб тілі грамматикасы тақырыбында қалам тартқан өзге ғалымдар сынды аз-Замахшари да Құран Кәрім мысалдарын араб тілінің дұрыс, шынайы, нағыз басты қайнар көзі ретінде пайдаланған.

«Әл-Муфассал» есімдер, етістіктер, демеулік шылаулар, аралық (ортақ) мәселелерді, яғни есімдерге, етістіктерге, қосымшалар бірде қатысты идғам фонетикалық, хамзаның жұмсаруы, сәкиннің қатар келуі сынды ортақ мәселелерді өзек еткен төрт тарауға бөлінген. Аз-Замахшари грамматикада ең алдымен қиясқа (салыстыруға), естігеніне, араб тілінің мысалдарына иек артады. Оқымысты сүйенген қайнар көздер тек бір мектеп, бір бағыт аясымен шектелмейді, ол өзі қолданған қайнаркөзді бірде ашып айтса, енді бірде анық көрсетпейді. Аз-Замахшари көп жүгінген ғалым Әбу Бишар Әмр ибн Усман ибн Канбар Сибәуайһи (136 – 139/753 – 756 жылдар шамасында қ.б.), оның тікелей болмаса да шәкірті болған, екінші орында әл-Халил бин Ахмад әл-Фариһиди (718–791). Сондай-ақ әл-Ахфаш әл-Асуат (830 жылы қ.б.), Әбу Амр әл-Жарми (839 жылы қ.б.), Әбу Усман әл-Мазани (861– 863 жылдар шамасында қ.б.), әл-Мубаррад (826 – 898), әз-Зажжаж, Әбу Амр бин Ала, Зайд Ансари, ибн Араби әл-Һашими (845 жылы қ.б.), Әбу Сайд Асмайи (740– 831), ан-Надр бин Шамил, Қутрубтың есімдері аталады. Куфа мектебінен әл-Кисайи (805жылы қ.б.) әл-Фарайи, Әбу Амр әш-Шәйбани (713–821), Бағдад тіл мектебінен ибн Жинни (1002 жылы қ.б.), ибн ас-Сәккит (858 жылы қ.б.), Әбу Әли әл-Фарсиді (900– 987) қолданғаны айтылады. Араб тілі біліміндегі бұрынғы Басра және Куфа мектебінен басқа үшінші бағыт – Бағдад мектебі X ғасырдың бірінші жартысынан бастап, ибн Жиннидің ұстанымдары арқылы орныға бастағаны мәлім, оның араб тілінің ерекшеліктерін қозғаған еңбектерінде лек-

сикалық мәселелер сөз бен мағына, сөзжасамдық құрылым, сөздің мағынасы мен қолдануымен байланыста қарастырылса, ибн Фарси араб тілінің сөздік құрамы, лексиканы қолдануына қарай жүйелеу, түпкі және кірме лексика, сөздің тура, жанама мағынада қолданылуы, көпмағыналық, ономия, синонимия хақында баяндады. «Әл-Муфассалдың» алғы сөзінде Сибатуайһидің «Китабын», әл-Халил бин Ахмадтың «әл-Айни», ибн ас-Сәккиттің «Ислах л мантик» атты еңбегі ауызға алынады.

Соңғы кезде араб елдерінде жоғарыда аталған «әл-Муфассалға» жасалған шархтар жеке-жеке зерттеу нысанына айнала бастады.

«Әл-Муфассал» шархтарының бірі «әл-Иқлид шарх Муфассалдың» («Муфассалды түсіндірудің кілтінің») авторы – әл-Женди. Бұл кітаптың кіріспесі бірнеше беттен тұрады, ол Аллаға мадақ пен пайғамбарға салауат жасаумен басталып, одан соң араб тілінің грамматикалық ілімінің (иъраб) ислами ғылым салаларының ішіндегі маңыздылар санатында екендігі, шарифат үкімдерінің мәңгілік бақытқа апаратын жол екендігін, оның елшісіне түсірілген муъжиза – Құранға әсерін баяндайды, “әл-Муфассалдың” шәкірттер үшін маңыздылығын, оны терең түсінудің машақатты қиындығын ауызға алады. Хажі Халифа «Кашф аз-Зунун» атты кітабында «әл-Муфассалға» жасалған түсінік жасағандардың қатарында Хұсам ад-дин Хүсейн бин Әли ас-Сығнакиды атап, оның «әл-Муассал» аталғанын, бұл еңбектің «әл-Иқлид» пен «әл-Муктабасты» қосқанын әрі үлкен жұмыс екенін, онда жазылғандай шархтардың ішінде жоғарғы екі түсініктей көлемділік пен қысқаның ортасында екенін, (ас-Сығнакидың) өзі айтқандай екеуінің авторымен көзі тірісінде кездескенін, Хорезмде «әл-Уәфи» кітабын бітіргеннен кейін 693(1294) жылы Кас (қаласында) Ханақаһ Аббасиде «әл-Муктабас» кітабының авторы әл-Фахр ад-дин әл-Әсфандаримен жолыққанын, әл-Әсфандари өтінген соң ижаза (куәлік) жазып бергенін» келтіреді (1775-б.). Хажі Халифаның бұл сөздерді тікелей «әл-Муассалға» иек артып жазғаны аңғарылады. Әл-Әсфандаридің толық аты-жөні: аш-Шейх Әбу Асим Али ибн Омар ибн әл-Халил ибн Али әл-Фақиһи, әл-Фахр ад-дин әл-Әсфандари (698/1298 жылы қ.б.), «әл-Муфассалды» түсіндірген еңбегінің толық атауы – «әл-Муктабас фи ма илтама фи шарх-л Муфассал».

Ас-Сығнаки өзіне дейін «әл-Муфассалға» жасалған шархтарды байыпты зерделеп, олардың тәжірибесін кеңінен кәдеге жаратқан. Әсіресе,

ортаазиялық, мәуәреннәһрлік тілші-грамматистердің–әл-Әсфандари, әл-Хорезми, әл-Женди еңбектерінің тигізген әсер-ықпалы атап өтерліктей. Ибн әл-Хажіб әл-Мәликидің (646/1247 жылы қ.б.) «әл-Идах» («Түсіндіру») атты шарх кітабын да зерделеген. Автордың сөзіне қарағанда «әл-Муфассалға» жасалған шархтар көлемі жағынан ұзақ та, ықшам да, көп те, аз да болып келеді, ол өзі екі тамаша ғалымның екі шархы – «әл-Иқлид» пен «әл-Муктабасының» ортасын ұстаған. «Әл-Муфассалға» жасалған шархтардың ішінде көлемі жағынан өте ауқымдылары да ұшырасады, олар ғалымдардың сөздерінен сілтемелер беріліп, олардың айырмашылықтарын жан-жақты баяндап, аз-Замахшари қозғаған тақырыптар арнасынан ауытқып кететін, мысал ретінде көп мәтіндер берілетін, тіпті, мұндай шархтар лингвистикалық, грамматикалық энциклопедияларды еске салатын. Ас-Сығнаки «әл-Муассал» кітабында өзіне дейінгі екі шарх кітабы – әл-Жендидің «әл-Иқлиді» және әл-Әсфандаридің «әл-Муктабасының» арасын қосқан, екі кітаптың жақсы жақтарынан бірінде жоғын екіншісінен алған. Оның себебін: «әл-Иқлид» еңбегі кітаптың күрделі мәселелерін шешудегі, өлең жолдарын түсіндірудегі және сұрақ-жауаптарын қарастырудағы толыққанды түсініктеме болғандықтан (осы еңбекті пайдаландым). Алайда, бұл еңбекте «әл-Муктабас» кітабында көрсетілгендей қажетті түсініктемелер, барлық өлең жолдарының анықтамалары, оларды айтқан адамдардың есімдері және түсініксіз сұрақтарға жауаптар көрсетілмеген. Бірақ «әл-Иқлид» кітабындағыдай өлең жолдардың мағыналарына берілетін кең анықтамалары «әл-Муктабас» еңбегінде де кездеспейді... Сондай-ақ бір ұғымды түсіндірудегі қайталанатын және бір-біріне ұқсамайтын түсініктемелер екі еңбекте де кездеседі. (Сондықтан екі еңбекті пайдаланғанда) қайталанатын сөздерді қалдырып бір еңбектегі кемшіліктерді басқа еңбекпен толықтырғым келді», – деп баяндайды.

“Әл-Иқлидте” – аз-Замахшари аталмыш кітабына маңызды әрі дәлелді түсініктер беріп, айқын сілтемелерге жүгінген, тілдік әрі грамматикалық қағида-ережелерді тәптіштеген, дәйек ретінде Құран кәрім мен хадис шәріпке сүйеніп, белгілі мақал-мәтелдер, танымал сөздер, поэзиялық туындылар мен өлеңдер мысал ретінде келтіріледі. Әл-Женди қарастырған грамматикалық талдаулар басқа шархтардың ешқайсысында қайталанбайды. «Әл-Иқлидте» сүйенілген қайнаркөздердің бір саласы – грамматика, филологияға қатысты жұмыстар. Еңбек-

те олардың кейбіріне сілтеме берсе, кейбіріне бермеген. Соның ішінде келесі кітаптарды атап өтуге болады: Сибавайһидің (136 – 139/753 – 756 жылдар шамасында қ.б.), «Китабы», әс-Сайрафидің (385/995 ж.қ.б.) «Шарх абиат әл-Китабы», әл-Мубарридтің (285/898 ж.қ.б.) «Муктадабы», Ибн әл-Хажибтің (646/1246 ж.қ.б.) «әл-Идах фи шарх әл-Муфассалы», әл-Хорезмидің (617/1220 ж.қ.б.) «Тахмирі», Абдулқаһир әл-Журжанидің (474/1078 ж.қ.б.) «Далаил әл-иғжазы», Ибн Жиннидің (392/1002 ж.қ.б.) «Сирру синағат ал-иғрабы», аз-Замахшаридің «Кашшафы», әл-Жауһаридің (393/1002 ж.қ.б.) «Сихахы», әл-Әзһаридің (370/990 ж.қ.б.) «Таһзиб ал-Лұғаты», ас-Саккакидің (626/1128-1229 ж.қ.б.) «Мифтах әл-улумі», әл-Майданидің (518 ж.қ.б.) «Мажмағ ал-амсалы», аз-Замахшаридің «Мустақсасы», әл-Фарисидің (377/997 ж.қ.б.) «Такмиласы».

Әл-Жендидің «әл-Иқлиді» – «әл-Муфассалдың» түсініксіз, анық көрсетілмеген тұстарын аша түскен, грамматикалық мәселелерге дәлел ретінде Құраннан, хадистен, атақты адамдардың сөздерінен, поэзиялық үлгілерден, раджаз өлшеміндегі өлеңдерді береді, мысал ретінде келтірілетін «Құран» аяттары 400-ге жуықтаса, хадистер саны – 19, сахабалардың сөзі (асар) – 13, мақал-мәтелдер мен арабтардың сөзі 80-ге жуық. Әл-Женди басты мәселелерде аз-Замахшариге қосылса да, кейбір мәселелерде келіспеушілігін білдіріп, өзінің уәждерін кеңірек баяндайды. Аз-Замахшаридің «әл-Муфассалына» түсіндірушілер әр түрлі әдісті қолданды, әр қырынан келді десек, «әл-Иқлид» қандай тәсілді ұстанды деген сұраққа жауап беріп көрелік.

Біріншіден, шархтар көлемі жағынан шағын, орташа және үлкен болып келеді. Ал әл-Женди осы еңбегінің қорытынды бөлімінде тым кішкентай да емес, тым ұзартып созбай, қақ ортасын алғандығын: *«Мен орта жолды ұстануды дұрыс көрдім, өйткені шағын етіп жазғандардың жұмыстары толық болмай жатады, жұрттың көңілінен шығуы үшін іздеген жауаптарын тапсын деген ниетпен осы әдісті таңдадым»* – деп көрсетеді.

Екіншіден, шархтаушылардың бір тобы «әл-Муфассалдың» мәтінін толықтай беріп, содан кейін түсіндіруге кіріскен, не бір бөлімді, не азат тұтастай жолды келтіріп, осы мәтіндегі сөздерге жеке-жеке тоқталған. Ал әл-Женди бұндай әдістен әдейі қашқақтап, мәтінді толық бермей, тек оның алғашқы тіркесін алып, соған түсіндірме жасаған.

Үшіншіден, ұстаз бен шәкірт арасындағы оқытудың ұтымды әдісі дерлік грамматикалық

сұхбат жүргізу тәсілін көп кәдеге жаратқан. Ол оқушыны толғандыра сауалдарды ортаға шығарып, оған аз-Замахшари қалай жауап берген болар «шынында бұл сұрақтың жауабы қалай болар» дегендей қызықтыру, қабылдауға жеңілдетер жолды әдейі кеңінен пайдаланған. Әрине мұндай грамматикалық сұхбат тәсілі басқа шархтарда да кездеседі, тек біреулері тым сирек, ал екіншілері бұндай құралға көбірек жүгінген. Ал «әл-Иқлидтің» ерекшелігі – осы сұрақ-жауап түріндегі амалды молынан қолдануында.

«Әл-Иқлидте» Құран кәрімнен дәлел ретінде аяттар жиі алынған. Сөзіміздің айғағы – төрт жүзден аса аяттың келтірілуін айтар едік. Оқымысты кітабының кіріспесінде: *«грамматикалық талдау (иғраб) ілімі – ислами ғылымдардың негізгі сатыларының бірі, сол сатымен жоғары көтеріле алған адам мәңгілік бақытқа бөленіп, соның әсерін сезінеді, сонда ғана жемісін жей алады, Құран жауһарын дұрыс жолмен жүргенде ғана ұстай аламыз, Құран – елшілердің мырзасының пайғамбарлығының керемет құжатындай, Алла сөзін білімсіз түсіндірме жасағысы келгендерге қасиет келсін, олар бұндай қасиетті істен аулақ жүрсін»* – деген. Ғұламаның осы шығармасын жазудағы көздегені – Құран аяттарын түсіндіру, оның дұрыс оқытылуын үйрету болған, осы ізгі мақсатына жету үшін аяттардың құрылымын, оның сөздерінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс талдай білуді аса қажеттілік деп есептеген. Оқымысты Құран аяттарының бүкпелі астарларын ашып, жан-жақты түсіндіруде тереңдеп, айтарлықтай жетістікке қол жеткізді. Басқа мәтіндерде ұшыраспайтын шешендіктің мысалдары қажет болғанда Алла сөздеріне сүйенеді, аяттарды келтіру алдында «дәлелді қажет етпейтін мысалдар», немесе «былай оқылады», не «былай айтылады» деген тіркесті қолданады. Жалпы филологтар грамматика мәселелерін саралаған кезде хадиске дәлел етіп табан тіреуден тартынған, кейін бұл дәстүр сақталмай, хадиске жүгіну жиіленген. Тілші ғалымдардың көзқарастары бойынша хадис ауызша тізбекпен ұласқан риуаят, оны таратушылардың дені арабтанған жат жұрттар, олар өз тілдерінің ықпалында, грамматикалық құрылымдарды сақтай бермеген, тек мағынаны жоғалтпауды мақсат еткен, сол себепті грамматика зерттеушілері хадисті әлсіз айғақ деп санаған. Ал аз-Замахшари хадисті дәлел санатында алуға қарсы болмай, өзі жиырмаға тарта хадисті келтіргенімен, оларды грамматикалық мәселелерге қатысты тұстарда қоспай, тек тілдік мәселелер-

ді талдаған кезде ғана ұсынған. Әл-Женди мақал мен қанатты сөздерді тілге тиек еткенде құр келтіріп қана қоймай, олардың шығу жағдайы мен қолданылатын сәттеріне қатысты ой өрбітеді. Осындай қанатты сөздер саны – «әл-Иқлидте» 80-ге тарта болса, олардың көпшілігі әл-Майданидің «Мажмуа әл-Әмсал» кітабынан алынған. Ғалым өз түсіндірмелерінде айшықты айғақ ретінде араб поэзиясының көркем үлгілерін кеңінен мысал етіп, әдеби тілдің байлығын жарқырата көрсетуді диттеген. Өлең жинақтарына көптеп сілтеме жасаған. Зерттеуде өлеңдері берілген араб ақындарының ғұмыр кешкен дәуірлері әр алуан, олар: жәһилия дәуірі, ислам кезеңі, жаңа заманның шайырлары. Мәселен жәһилия дәуірінен Әмру Қайс, Тарафа, Зуһайр, Алқама, әл-Ааша, Әмру бин Кулсум, Антара, Хатим, Харис, ислам дәуірінің Умар бин Әби Рабиа, Жарир, әл-Ахтал, әл-Фараздақ, ибн Миада, ибн Харама, әл-Ажаж, кейінгі кезеңнен ибн ар-Руми, Әбу Фирас, әл-Хамадани, әл-Мутанаббиді, Әбу Нуас т.б. таланттардың жыр кестелерін айғақ ретінде орынды пайдаланған.

Әл-Женди «әл-Муффасалға» арқау болған қағидаларды құр түсіндірумен қанағаттанып қалмай, онда әрбір тұжырымға қатысты өзінің көзқарасын еркін білдіріп отырған. Оқымысты негізінен аз-Замахшаридің ойларын құптаса да, кейбір мәселелерге байланысты атақты ғалымның түйіндеріне де келіспей, өз пікірлерін бүгіп қалмай ашық айтудан тартынбаған. Мұндай жағдайларда басқа грамматика білгірлерінің сөздерін келтіріп, талдауды кеңінен тарқата түседі. Мұхаммад Ахмад Әли Әбу Китаһ ад-Даруш өз зерттеуінде ғалымның көрсеткен аз-Замахшаридің еңбегіндегі кейбір жаңылыс тұстарға тоқталады (Мұхаммад Ахмад, 2002:77-82). «Әл-Иқлидте» Басра мен Куфа лингвистикалық мектептерінің арасындағы даулы мәселелер де қозғалған, әл-Женди мұндай пікірталасты мәселелерде әуелі куфалықтардың пікірлерін келтіріп, артынша оған қарсы ой айтып, көбінесе дәлелдері күштірек деген уәжбен Басра мектебінің ұстанымдарын қуаттайды. Ол осылай әртүрлі пікірлерді талқылап дұрысын табуға тырысқан.

Автор бұл шархында басты назарды қиын сұрақтарға жауап табуға салғандықтан ауыр жолды таңдаған, сөздердің ишаралы жасырын

мағынасын ашуға ұмтылып, оның тұңғығына терең бойлайды, ғалымдардың сөздеріне жүгінеді, терминдерді жиі қолдануы кітапты күрделендіре түскен.

Еңбек синтаксис пен морфологияға арналған. Кітапта ескертпелер барынша көп берілген. Кітаптың авторы кіріспеде: «Осы «әл-Иқлид» деп аталатын кітапта астарлы мағыналарды, сөз сиқырларын жинадым», – деген. Мен бұл кітапты зерттеу барысында үлкен тіл қазынасына тап болғандай сезінесің. Жұмыста синтаксис пен морфология ережелері ғана емес, жүздеген сөздердің мағыналары қамтылған. Бұл жерде автор мен түсіндірушінің тақырыптары мен жүйелерін анықтау мақсатында кітап пен түсіндірменің тарауларды бөлу стильдерін айта кеткен жөн болар. Автор «әл-Муффасалды» төрт тарауға бөлген: есімдер, етістіктер, жалғаулар (*хуруф*) және ортақ сөздер (*муштарак*). Әр тарауды бөлімдерге, әр бөлімді тақырыптарға бөлген. Түсіндіруші де осы тәсілді қолданған.

«Әл-Иқлид»те басқа да грамматика кітаптары сияқты ережелер, бұрынғылардың морфология, синтаксис және сөздіктерге қатысты таңдаулы зерттеулерінен үзінділер қамтылған.

«Әл-Муффасалдың» мәтіні әл-Жендидің түсіндірудегі сүйенген негізі саналады. Ғалым оны құрылымы мен мағынасы жағынан түсіндіріп, талдау жасайды. Үкімдерді анық баяндайды. Ол синтаксис ережелерін зерттеген, мысалдары мен талас-тартыс тудырған мәселелерін және дәлелдерін келтірген. Әрқайсысына тоқталып, ондағы сөздерге, мағыналарға және риуаяттарға назар аударған. Кітап осынысымен пайдалы әрі құнды.

Қорытынды

«Әл-Иқлидте» синтаксис пен морфология ережелері тәптіштеліп, әрқайсысының мән-мағынасы туралы сараланған. Әл-Женди кітапты оқыту, ағарту және ой-сананы ояту мақсатында жазғандықтан түсіндіру барысында оңайлатуды, жеңілдетуді көздеген.

Кітапта логикалық (мантики) тәсілдер де пайдаланылған. Автор өзі қолдайтын пікірлерді егжей-тегжейлі өте түсінікті баяндап, сонан соң өз көзқарасын дәлелдеп ұсынған.

Әдебиеттер

Муминов Аширбек. (2008). Присирдарьинские ханафиты в VI–VIII / XII–XIV веках. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. – Алматы.

Ӕбсаттар қажы Дербісәлі. (2016). Руханият және ӕркениет. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы.
Қауам ад-дин Ӕл-Итқани Ӕл-Фараби. (2016). Ӕл-қасида маусума би лалали Ӕл-масунат фи сарф уа шархиһа. – Алматы.
Муминов А.К. (2015). Ханафитский мазһаб в истории Центральной Азии. – Алматы.
Шамшәдин Керім. (2017). Қауам ад-дин Ӕл-Итқани Ӕл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын. – Алматы.
Шамшәдин Керім. (2012). Сығанақ саңлағы. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы.
Шейх Ӕбсаттар қажы Дербісәлі. (2008). Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы

جامعة الإمام محمد بن سعود الإسلامية. المفصل في صنعة الإعراب للزمخشري. لأبي القاسم الزمخشري محمود بن عمر بن محمد الخوارزمي المتوفى 528 هـ. تحقيق: الدكتور خالد إسماعيل حسان. الناشر مكتبة الآداب القاهرة، 2006 م. الإقليد في شرح المفصل: لتاج الدين أحمد بن محمود بن عمر الجندي (ت: 700 هـ) رسالة ماجستير. تحقيق: مصطفى سالم المازق: كلية الآداب، جامعة مصراتة ليبيا العام الجامعي 2005-2006

الإقليد في شرح المفصل: لتاج الدين أحمد بن محمود بن عمر الجندي (ت: 700 هـ) رسالة ماجستير. تحقيق: مصطفى سالم المازق: كلية الآداب، جامعة مصراتة ليبيا العام الجامعي 2005-2006
الخصائل في علوم العربية وتراثها: بحوث ورسائل ونصوص محققة – السفر الثالث رسائل محققة ونصوص – صنعة دكتور محمد أحمد الدالي – دار النوادر 2011 – العجالة في تفسير الجلالة
كشف الظنون عن أسامي الكتب والفنون، لمصطفى بن عبد الله القسطنطي لالرومي الشهير بالملا كاتب الحلبي، المعروف بحاجي خليفة، (1017/1067 هـ)، دار الفكر، المكتبة الفيضانية بمكة المكرمة
الموصل في شرح المفصل، لحسام الدين السعناقي (ت 714 هـ) قسم الأسماء حتى نهاية مبحث الكنايات. (دراسة وتحقيق) رسالة مقدمة لنيل درجة الدكتوراه في اللغة العربية. إعداد الطالب أحمد حسن أحمد نصر. المملكة العربية السعودية جامعة أم القرى – مكة المكرمة كلية اللغة العربية. 1419م/1998م
المشتبه في الرجال أسمائهم وأنسابهم لأبي عبد الله محمد بن أحمد الذهبي/ت848هـ/181/1 تحقيق علي محمد البجاوي-مطبعات الحلبي

References

- Ashirbek Muminov. (2008). The Sirdarya Hanafites in the VI-VIII/XII-XIV centuries. Problems of Islamic studies and Arabic philology.
- Absattar kazhy Derbisali. (2016). Spirituality and civilization. Research and articles.
- Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi. (2016). Al-kasida mausuma bi lalali al-masunat fi sarf ua sharhiha. – Almaty.
- Muminov A.K. (2015). Hanafi mazhab in the history of Central Asia. – Almaty.
- Shamshadin Kerim. (2017). Kauam ad-din al-Itkani al-Farabi – gulama galyim, akyn. – Almaty.
- Shamshadin Kerim. (2012). Syganak sanlagy. – Almaty. Nur-Mubarak baspasy.
- Sheih Absattar kazhy Derbisali. (2008). Monuments and diamonds of Islam. – Almaty.
- Al-mufasssal fi sungati al-igrah li-Zamahshari Abu al-Kasym. Al-islamiya sygyd Muhammad bin al-imam zhamiga az-Zamahsharu Mahmud bin Umar bin Muhammad al-Hauarizmi 528 h. Tahkik: ad-duktur Halid Ismail Hassan. Umar bin Mahmud bin Ahmad ad-din li-taj: al-mufasssal sharh fi an-nashr maktabatu al-adab. Al-Qahira, 2006 m. al-aklid zhamigatu misriya. Kulliya al-adab: Mustafa Salim al-Mazik: Tahkik. Risala mazhistir h. 700 (al-Zhindi Libiya al-gam al-zhamigi 2005-2006).
- Al-Iklid fi sharh al-mufasssal: li-Taj ad-din Ahmad bin Mahmud bin Umar al-Zhindi (700 h.) Risala mazhistir. Tahkik: Mustafa Salim al-Maziq: Kulliya al-adab, Zhamiga misriya Libiya al-gam al-zhamigi 2005-2006.
- Al-hasail fi ulumi al-arabiya ua turasuha – buhus ua rasail ua nususu muhaqqaqqa – sungatu duktur Muhammad Ahmad ad-Dali – Daru an-nauadir 2011 – al-Azhalatu fi tafsiri al-zhalala.
- Kashfu az-zunun gan asami al-kutub ua al-funun, li Mustafa bin Abdulla al-Kastanati ar-Rumin bi al-Mulla katib al-zhalabi, al-magruf bi Haji Halifa, 1017-1067 h. Daru al-fikr, al-maktabatu al-faisiya bi Makka al-Mukarrama.
- Al-Muassal fi sharh al-mufasssal, li Husam ad-din as-Signaqui (714 h.) qismi al-asma hatta nihaya mabhas al-kinayat. (Dirasa ua tahkik) Risala mukaddima li naili darajati duktura fi al-luga al-arabiya. Igdad at-talib Ahmad Hasan Ahmad Nasr. Al-mamlakatu al-arabiya as-sugudiya zhamigaty ummu al-kura – Makk al-Mukarrama kulliya al-luga al-arabiya. 1998 m. 1419 h.
- Al-Mushtabah fi ar-rizhal asmaihim ua ansabihim li Abi Abdulla Muhammad bin Ahmad az-Zahabi 848 h. Tahkik Ali Muhammad al-Bazhau – Matbagatu al-halabi.

FTAMP 11.25.31

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o6>**Курпебаева Г.К.**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gaziza-k@mail.ru

**«АРАБ КӨКТЕМІНІҢ» САЯСИ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫН
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Мақалада «араб көктемі» революциясының себептері, араб мемлекеттерінде болған саяси дағдарыс эскалациясына әсер еткен факторлар бірнеше топтарға бөліп қарастырылған. 2011–2013 жылдары терең қоғамдық-саяси дағдарыстың нәтижесінде Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы бірқатар елдерде саяси режимдердің өзгеруі орын алды. Авторитарлық режимдерді тұрақсыздандырудың алғышарттарының болғанына қарамастан, олардың мәжбүрлі түрде өзгеріске ұшырауы бірқатар араб мемлекеттерінің дағдарысқа және бытырауына әкеп соқты. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка “араб көктемі” деп аталатын саяси режимдердің еріксіз революциялық трансформациясына қатысты. Аймақтағы наразылықтың өсуі ішкі және сыртқы себептерге және сонымен қатар, әр елде олар нақты әлеуметтік-саяси, экономикалық, діни жағдайға, сондай-ақ мемлекеттердің тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты болды. Осы наразылықтың салдары Таяу Шығыстағы бірқатар елдерде жағдайдың тұрақсыздануына әкелді. Осы орайда, бұл көтерілістердің алғышарттарын мұқият зерделеу қажеттілігі туындайды. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты «араб көктемі» революциясының маңызды параметрлеріне салыстырмалы түрде талдау жасау болып табылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін экономикалық, әлеуметтік және саяси үдерістердің күрделі және қарама-қайшы әрекеттесуін талдаудың жүйелі тәсілі болып табылады. Зерттеудің теориялық маңыздылығы революциялық оқиғалардың себептері мен салдарын кешенді түрде зерттеуімен анықталады. Ғылыми мақаланың тәжірибелік маңыздылығы – «халықаралық қатынастар және аймақтану» мамандықтарының студенттері мен магистранттары үшін оқу құралдарын жазуда, сондай-ақ Таяу Шығыс аймағындағы саяси үдерістерге қатысты анықтамалық әдебиеттер дайындау үшін пайдалануы мүмкін.

Түйін сөздер: «Араб көктемі», авторитарлық режим, демократиялық күштер, дағдарыс эскалациясы, геосаяси үстемдік, режим трансформациясы, жаңғырту концепциясы, халық билігі.

Kurpebayeva G.K.

Doctoral student of Kazakh Ablai khan University of International Relations and
World Languages, Kazakhstan, Almaty, e-mail: gaziza-k@mail.ru

Comparative analysis of the prerequisites of the political processes of the “Arab Spring”

The article discusses the causes of the “Arab Spring”, and the factors influencing the escalation of the political crisis in Arab countries. As a result of a deep socio-political crisis in 2011–2013, in some countries of Middle East and North Africa there was a change of political regimes. Despite the preconditions of destabilization of authoritarian regimes, their forced change led to a crisis in some Arab states. The Middle East and North Africa took part in a forced revolutionary transformation of political regimes, called the Arab Spring. The growth of protests in the region is due to internal and external reasons, and in each country they depend on the specific socio-political, economic, religious situation and the peculiarities of the historical development of states. The consequences of these protests have led to destabilization in some countries of the Middle East. The purpose of this article is a comparative analysis of the main parameters of the Arab Spring Revolution. The methodological basis of the study is a systematic approach to the analysis of the complex and controversial interaction of economic, social

and political processes. The theoretical significance of the study is determined by a comprehensive study of the causes and consequences of revolutionary events. The practical significance of the study lies in the possibility of using the results of work when writing textbooks for students and undergraduates of the specialty "International Relations and Regional Studies", as well as for preparing reference books on political processes in the Middle East.

Key words: Arab spring, authoritarian regime, the democratic forces, the escalation of the crisis, geopolitical dominance, transformation of the regime, the concept of modernization, the people's power.

Курпебаева Г.К.

докторант, Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: gaziza-k@mail.ru

Сравнительный анализ предпосылок политических процессов «арабской весны»

В статье рассматриваются причины «арабской весны» и факторы, влияющие на эскалацию политического кризиса в арабских странах. В результате глубокого социально-политического кризиса в 2011–2013 годах в некоторых странах Северной Африки и Ближнего Востока произошла смена политических режимов. Несмотря на предпосылки дестабилизации авторитарных режимов, их вынужденная смена привела к кризису в некоторых арабских государствах. Ближний Восток и Северная Африка приняли участие в вынужденной революционной трансформации политических режимов, называемой арабской весной. Рост протестов в регионе обусловлен внутренними и внешними причинами, и в каждой стране они зависят от конкретной социально-политической, экономической, религиозной ситуации и особенностей исторического развития государств. Последствия этих протестов привели к дестабилизации в некоторых странах Ближнего Востока. Целью данной статьи является сравнительный анализ основных параметров революции арабской весны. Методологической основой исследования является системный подход к анализу сложного и противоречивого взаимодействия экономических, социальных и политических процессов. Теоретическая значимость исследования определяется комплексным изучением причин и следствий революционных событий. Практическая значимость исследования состоит в возможности использования результатов работы при написании учебников для студентов и магистрантов специальности «Международные отношения и регионоведение», а также для подготовки справочной литературы по политическим процессам на Ближнем Востоке.

Ключевые слова: арабская весна, авторитарный режим, демократические силы, эскалация кризиса, геополитическое доминирование, трансформация режима, концепция модернизации, народная власть.

Кіріспе

Мақала тақырыбының өзектілігі Таяу Шығыстағы шиеленіс және аймақтағы, жеке елдердегі саяси белгісіздіктің өсуімен анықталады. Таяу Шығыстың этникалық ядросы араб әлемі болып табылады. 2010 жылы Тунисте басталған, сонымен қатар басқа барлық араб елдерін қамтыған халық толқулары тек қана аймақтық бүкіл саладағы даму үдерісіне ғана емес, әлемдік масштабта кішірейтуге келмейтіндей әсер қалдырды. Араб-мұсылман әлемінің сан ғасырлық тарихы, мәдениеті қаныққан және үнемі тепе-теңдікте тұрмайтын діни, саяси, экономикалық, этникалық жүйелері бар. Сондықтан «араб көктемі» құбылысын зерттемес бұрын, ең алдымен оның себептерін білу қажет.

2011 жылдың басынан бастап араб әлемінің кейбір мемлекеттерінің саяси режимдерін күштеу арқылы өзгеріске ұшырай бастады. Революциялық саяси трансформация себебінен

ішкі мемлекеттегі дағдарыс эскалацияның қауіп-қатерлері, сонымен қатар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың араласуы «араб көктемі» революциясының параметрлерін зерттеу өзектілігін арттырды. Сондықтан тұрақсыздыққа алып келген факторлар Египет, Ливия және Сириядағы саяси режим трансформациясын жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ол үшін алдымен «араб көктемі» үдерісінің саяси алғышарттарын салыстырмалы талдау қажет.

2011 жылы болған оқиғалар әр түрлі білім салаларындағы мамандардың қызығушылығын тударып отыр. Сонымен қатар, соңғы жылдары Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында болған үдерістердің қиындығы және мән-мазмұны тереңірек зерттеуді талап етеді. Осы орайда, бұл оқиғалар араб елдеріндегі адамдардың ғана емес, әлеуметтанушылар, тарихшылар, саясаткерлер мен математиктердің және тағы басқалардың қызығушылығында болуы өте қиынды.

Негізгі бөлім

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы революциялық үдерістер «араб көктемі» деген шартты атауға ие болды. Е.Г. Пономарева «Араб көктемі» Батыстың геосаяси үстемдік үшін жетілдірілген формасы деп қарастырады (Пономарева, 2012:37). 2011-2013 жылдардағы болған революция араб мемлекеттерінде демократияны жалау етіп ұсынған сайлау әдістерінің тиімсіздігін көрсетті. Бұрынғы авторитарлық режимдердің орнына келетін жаңа буын дайын болмады, өйткені демократиялық күштер әлсіз және олардың өзара қақтығыстардың салдарынан тайпалардың арасында ыдыраушылық пайда болды, қоғам тарапынан ешқандай қолдау таппады. Революциядан кейін араб мемлекеттерінде жүйелі дағдарыс басталды, қойылған бірде бір мақсатқа қолдары жетпеді.

Араб мемлекеттерінде болған саяси дағдарыс эскалациясына әсер еткен факторларды зерттеушілер бірнеше топтарға жүйелейді. Мысалы ғалым И.В. Кудряшова мынадай факторларға тоқталады:

1) саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени режим стратегияларының өзара қарама-қайшылығы;

2) ауысу салдарынан болған либерализация жағдайында мемлекет пен қоғамдық қатынастар және шикізаттан алынатын табыстың жетімсіздігінен мемлекет тарапынан өтем (компенсаторлық) механизмінің жоқтығы;

3) дағдарысты реттеудің инфрақұрылымының әлсіздігі немесе тіптен жоқтығы (саяси бәсекелес, құрылымды оппозиция, сайлау, өкілетті институттар);

4) жастардың демография саласында маңызды өсім үлесінің салмағы және білімді әлеуметтік төселген жаңа жеткіншек жас буынның қалыптасуы;

5) қоғамның бәсекелесі және ротациясы жоқ билеуші элитадан шаршауы, элитаның саяси ресурстарының нашарлауы (Кудряшова, 2011:152).

Жоғарыда көрсетілген революцияның себептерінің классификациясын көптеген талдаушы сарапшы мамандар құптайды. Сонымен қатар бұл аймақтағы жағдайға қоғамдағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық, мұнайдан түскен пайданың әділетсіз бөлінуі, оның тек жоғарыда отырған шағын топтармен шектелуі, қоғамдағы өткір проблемаларды жергілікті билік өкілдерінің дер кезінде шеше алмауы бірнеше жылға созылды.

Сонымен қатар, ғалым Е. Степанова араб революциясының себептерін зерттей отыра,

дағдарыс эскалациясындағы әлеуметтік наразылықтың ролін баса айтады. Египеттегі жағдайды талдай келе, автор тіпті Таяу Шығыс елдеріне тым терең кеткен қарапайым халық пен билеуші топтың арасындағы алшақтық, жемқорлық, Батыс қолдап отырған саяси және экономикалық элита әлемдік экономикаға құлшына енген (Степанова, 2011:41). Ал Ливиядағы жағдайда әсер етуші жалпы қарапайым институттардың жоқтығы (аудандық және аймақтық «халық кеңестері») және мұнайдан түскен пайданы өзара қоғамның тайпалық-кланға бөлінуі арқылы талан-таражға түсіруі деп көрсетеді.

Ю.Н. Зининнің «Араб көктемі» деп аталатын мақаласында халық көтерілісінің себептерін салыстырмалы түрде зерттеуде Ресей мамандарының танымал ұстанымдарын көрсетеді. Бұл аймақтардағы болған жағдайлардың себептерін кейбір авторлар әлеуметтік теңсіздік деп көрсетсе, ал Ливияға қатысты көтерілістердің себебінде этно-діни мотивтердің болғанын дәлелдейді. Дискуссия халық көтерілісінің ішкі және сыртқы себептерін, ақпараттық технологиялардың күшін, көршілес жатқан мемлекеттердің мүдделері арнасында тарқалады (Зинин, 2012:293).

Бұл қоғамдарды демократияландыру мүмкін еместігін түсіне отыра араб қоғамына «фитна» (аласапыран) деген араб терминін қолдануды дұрыс көрдік. Ғалым Е.И. Зеленев бұл терминнің табиғатын былай түсіндіреді: «аздырушылық, өзінің жағына шығару, бунт, қозғалаң... тәртіпсіздік, қозғалыс, толқын, протест» және т.б». Е.И. Зеленевтің айтуынша, араб әлеміндегі қазіргі саяси дискурста «фитна» жаппай бұқаралық қарсыласу, диктаторлық режимдегі ұнамаған басшыны дәстүрлі формада алып тастауы немесе араб мұсылман мәдениетінде қысым көрсету деген мағынаны білдіреді. Бірақ қазіргі араб қоғамында «фитна» өзінің негативті мағынасын жоғалтады, революциялық дағдарыс пен көтерілістірге қатысушы және діни тұрғыдан ақталған наразылық деп түсіндіріледі (Зеленев, 2015:28).

Ливия, Египет және Сириядағы ескі режимді құлату және революциялық шайқалысты модернизация концепциясын қолдану арқылы талдаймыз.

«Үшінші эшелондағы» мемлекеттердегі индустриалды қоғамның қалыптасуы мен даму модернизациясы жоғарыдан басқарып отырған мемлекеттің рөлі қоғамның дәстүрлі статтарына негізделді. Бұл авторитаризмнің одан әрі кемелденуіне негіз болды.

Солтүстік Африка, Таяу Шығыс секілді қуып жетуші индустриалды даму сатысында болды.

Египет пен Ливия саяси трансформациялануға мәжбүр болды, себебі демократиялану процесі, нарықтық қатынасқа өту басталып, мемлекеттің экономикаға араласуы бәсеңдеді, елдегі кейбір институттар әлсіздене бастады.

Египет пен Ливияда модернизацияның келе-сі компоненттері өзекті бола бастады. Біріншіден, инновациялық институционалды кері әсер етуші әлеуметтік-экономикалық даму басталып, артта қалушылықтан арыла бастады. Екіншіден, әлеуметтік салалар трансформацияланды, соның ішінде, өндірістік еңбекті ынталандыру, еңбекке бейімдеу, тұрғылықты халыққа қол жетімді білім беру және денсаулық сақтауы саласын қамтамасыз ете бастады. Үшіншіден, аграрлық даму формасынан индустриалды елдер қатарына даму жолын бастауда ірі капитал құю үшін жеке кәсіпке шектеу проблемасы шешілді. Төртіншіден, экономика мен саясаттағы жаһанды тенденцияларды ескере отырып, дамудың «ашық» және «жабық» моделінің арасында таңдау жасалды. «Жабық» модель ішкі ресурстардың мобилизациялануына мүмкіндік берді. «Ашық» модель көбінесе шетел инвестициясына қолдау көрсетеді.

Египет пен Ливиядағы әлеуметтік-экономикалық даму, артта қалудан арылу және әлеуметтік саланың трансформациялануы әрі қарай іске асты. Бұл жерде тек таңдап алынған әлеуметтік-экономикалық стратегиямен жүріп қана қоймай, мемлекеттің даму моделі модернизацияны іске асыруда жеке ресурстарды шектеу проблемасын шешу керек болды. Египет көбінесе жаһандану процесіне етене енді, ал Ливия регионализация жолымен кетті.

Г.А. Насер (1952-1970) кезінде Египет «араб социализмі» идеясын дамытты. Президент А. Садат (1971-1981) кезінде саяси курс батысқа бағытталды. Х. Мубарак (1981-2011) көпвекторлы саясат жүргізді, әлемдік әр бағытта әсер етуші күштерді ескеріп отырды. XX ғасырдың аяғында Египетте жаһанданудың белгілері анық көріне бастады. Экономикалық тұрғыдан алатын болсақ ол мысалы, бәсекелестікке негізделген нарықтық экспансия, бұл сыртқы экономикалық қызметтің либералдық саясатының жемісі деп атауға болады. Ақпараттық және қаржы желілері арқылы жаһанды өдірістік құрылымдағы ресурстар айырбасы маңызды рөл атқарды.

Саяси салада саяси субъектердің саны мен деңгейінің өзара бір-біріне тәуелділігі күшейе бастады. Египеттің саяси кеңістігінен жаһанданудың мына белгілері анық көрінді: трансұлттық корпорациялар, трансұлттық банктер, интернет

қауымдастығы, әр түрлі деңгейдегі байланыстырушы халықаралық ұйымдар. Міне, осы бағытта жаһандану өзінің жаңа сапалы деңгейін көрсетті. Көптеген зерттеушілер Х. Мубарактың билігінен Египет экономикалық стагнация жағдайын кешіп, елде кедейшілік, теңсіздік, жемқорлық және жұмыссыздық басталды деп көрсетеді. 1970-2000 жылдар арасында Египет экономикасындағы жиналған проблемаларды модернизация шеше алмады. Соның салдарынан жергілікті жеке сектор ұлттық экономикаға инвестиция салғысы келмеді, реформа финанс қаражатының жетіспеуінен қиындап кетті, мамандандырылған басқарушы кадрлар мен технология жетіспеді.

Шындығына келетін болсақ, бұл олай емес еді. Андерсон Египеттегі экономика бірқалыпты жақсы дамығанын айтып өтеді. Бүкіләлемдік Банк мәліметтері бойынша 1980-2010 жылдар арасында Египеттегі ЖІӨ жан басына шаққанда 2,2 есе қамтамасыз еткен. Азия, Африка және Латын Америка елдеріне қарағанда бұл жақсы көрсеткіш болды.

Андерсон өз зерттеулерінде Египеттің 2011 жылдың қарсаңына дейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасайды. Олардың айтуынша әлеуметтік-экономикалық сала жеткілікті деңгейде дамып отырды. ЖІӨ қарқынды жылдамдықпен өсті, демографиялық өсім төмендеген, коррупция көрсеткіші басқа елдермен салыстырғанда төмен болды (мысалы, Ресей, Италия, Греция), жұмыссыздық төмендеді, теңсіздік басқа «үшінші деңгейдегі әлем елдерімен» салыстырғанда онша төмен болмады. ЖІӨ бір жылда 7 пайызды құрады. Ең маңыздысы Х. Мубарак шектен шығып кеткен кедейшілікті жеңді деп айтса болады. Режимнің құлауын Андерсон «тығырықтан шығудың тығырығы» деген атаумен бейнелейді. Ескі режимнің құлау себебін талдамас бұрын Египет пен Ливиядағы саяси-әлеуметтік жағдайына тоқталайық (Anderson, 2006:189).

Х. Мубарак басқару кезінде (1981-2011) Египеттің халық шаруашылығы тез қарқынмен дамыды. 30 жыл ел басқару кезінде ЖІӨ 4,5 есеге өсті, бұл Шығыс елдерінің жетістігі болып табылады. 2004-2010 жылдар аралығындағы модернизацияның экономикалық реформалары ЖІӨ-ні ең жоғары көрсеткіштікке алып келді.

Сонымен қатар әлемдегі экономикалық қаржы дағдарысы Солтүстік Африка елдерінде әрқалай әсер өтті, көптеген жерлерде басқарушы элитаға әлеуметтік-саяси қысым көрсетіле бастады. Негативті көріністер экономикасы мұнай экспортына бағытталмаған мемлекет-

терде болды. Египеттің экономикасы сыртқы сұраныстың күрт төмендегенін сезді (туризмнің тоқтауы, шетел инвестициясының төмендеуі).

Ал экономикалары мұнай ресурстарының сатылуынан түскен пайдаға негізделген мемлекеттер, соның ішінде Ливия мұнайға деген бағаның өсуінен пайда түсірді. Дегенмен, бағаның өсуі өндіріс қарқынының күрт төмендеу салдарынан болды. Нарық уақытша тоқтатылды, мұнай экспортерлары қатты экономикалық шығынға ұшырады. Египетте әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарға тап болды, бұл бірақ революциялық төңкерістің негізгі себебі емес еді.

Бірақ кірістің дифференциалды деңгейі өте жоғары деңгейде сақталды. 2011 жылдың басында Египет халқы өте кедейшілікке тап болды, ал шенеуініктердің табысы қарқынды өсіп отырды. Жұмыссыздықтың деңгейі сол баяғы деңгейде өзгеріссіз қалды, әлеуметтік жүргізіп отырған саясат тиімсіз болды, паракорлық деңгейі одан әрі үдей түсті. БҰҰ-ның Адам Дамуы Бағдарламасының 2010 жылғы Есебі бойынша 145 елдер арасындағы рейтингіде Египет теңсіздік тұрғысынан 120-шы орында болды. Кедейшілік деңгейде 40 % егде жастағы египетшілер, олардың табысы күніне 2 АҚШ долларын құрады.

Ресми түрде мойындалған жұмыссыздық деңгейі 1991-2010 жылдар арасында тұрақты жоғары болды. Экономикалық реформалар кезінде жұмыссыздық деңгейі елдегі бала туу өсімі күрт төмендеу салдарынан төменгі көрсеткішті көрсетті. Египеттегі жұмыссыздықтың 50 пайызы 20 және 24 жас аралығындағы жастарды құрады, ал елдегі жұмыссыздықтың жалпы саны 2,5 млн адамға жетті. Толқудың негізгі демографиялық алғышарты 2011 жылдағы жұмыссыздық 1 млн-ға жетуі, соның ішінде жастардың болуы себеп болды. Олар режимді құлату керек деп шешіп, жаңа жақсы өмірді күтті.

Келесі маңызды алғышарты ол батыстық рухта тәрбиеленген білім алған жастардың көп болуы, олардың көбі дерлік үлкен қалаларда шоғырланды. Толқуды ұйымдастырушылар – студенттер, жеке ұсақ кәсіпкерлер мен кейбір шенеуініктер. Толқулардың экономикалық, әлеуметтік және демографиялық мазмұнын ескі қоғамдық саяси жүйеге қарсы көтеріліске шыққан білімді қала тұрғындары құрады (Totten, 2012:23).

Египет пен Ливиядағы дағдарысты құбылысқа әсер етуші факторларға: капитал құю құрылымының төмен деңгейі, аймақтағы экономикалық және саяси тұрақсыздық, шамадан

тыс мемлекеттің экономикаға араласуы реформаларды консервативті және авторитарлы режимдердің тежеуі жатады.

Ал Ливияға келетін болсақ, ондағы саяси тұрақсыздық жағдайы қарама-қайшы болды. Ел экономикалық тұрғыда жақсы дамыды, Африкадағы мұнай мен газ қорына мол, бұл М. Каддафидің осы континентте өзінің әсер ету билігін іске асыруына мүмкіндік беріп отырды. 20 жыл тұрғысында бұл елде экономика мықты қарқынмен дамып отырды. Сондықтан да Ливия басқа да Африка мемлекеттерін қаржыландырып, Африка Одағының 15 пайыз бюджетін қамтамасыз етті, басқа мемлекеттердің қарызын жауып, оларға мұнай мен газ алуына кредитпен қамтамасыз етіп отырды.

Ауыл шаруашылығы мен өндірістерде жұмыс орындары болды, бірақ ол бос орындарға жастар қызықпады. Ол орындар Египеттен келген иммигранттармен толды, бір қызығы олардың ішінде христиандар көп еді. Мемлекеттің елеулі әлеуметтік көмегіне қарамай (арзан үйлер тұрғызылды, қол жетімді білім мен денсаулық қорғау қамтамасыз етілген) жас ливиялықтардың наразылығы одан бетер өрши түсті. Египеттегі сияқты паракорлық мәселесі, полицияның өз бетімен кетуі ақпараттың жабықтығы жастардың наразылығын одан әрі үдете түсірді.

Египет пен Ливия қоғамының тарихи-мәдени өзара байланысы маңызды болды. Этноконфессионалды, әлеуметтік-мәдени параметрлері, геосаяси дамуындағы детерминанттары ұқсас бола тұрса да, Египет пен Ливияның саяси процестерінің айырмашылықтары болды, кейбір жағдайда тіпті бір-біріне қайшы келіп отырды.

Египетті билеген А. Садат пен Х. Мубарактың саяси стратегиялары М. Каддафимен салыстырғанда қарама-қайшы болды. 1970 жылдардың басында Египет геосаяси және идеологиялық тұрғыда Батысқа бағытталды. 1969-2010 жылдар аралығында Ливия «ислам социализмі» моделін құрды, КСРО және социалистік жүйемен қарым-қатынасы дәйексіз болса да олармен одақтас болды. Басқа аспектілеріне келер болсақ, Египет пен Ливия ішінара ерекшеліктерімен көрінді: екі мемлекет те әртүрлі экономикалық стратегия қолданды (этатизм және Ливия Джамахириясында шетел меншігін национализациялады және Г. Насер өлімінен кейін Египет шетел инвестициясына «ашық есік» моделін ұстады). Египет халқының әлеуметтік деңгейі өте төмен болды, ал Ливияда М. Каддафиді құлатқанға дейін табыс деңгейі жоғары болған.

Египеттің саяси процесінің құрылымды ерекшелігіне XX ғасырдағы тәуелсіздік кезең мен модернизацияның салдарын жатқызуға болады.

Осындай модель жеке бизнестің мемлекеттік бюрократияға тәуелділігімен, экономикалық ресурстардың тайпалардың арасында өзара бөлінуімен, репрессивті органдар мен әскери күштердің билікке қарағанда басым болуынан болды. Зайырлы режим діни риторикаға ішінара рұқсат берді, бірақ заң тұрғысынан мықты оппозициялық «Мұсылман бауырлары» ассоциациясына (Ихван плъ-Муслимин) тыйым салды, мемлекеттік билік кәсіподақ ұйымдарына, БАҚ, Батыс бағытын ұстанған либералды партия мен бірлестіктердің жұмысын қудалап отырды.

1982 жылы Г.А. Насердің басқаруымен монархиялық режим төңкерілді. Жаңа басқарушы патриоттық сезімге негізделген Ұлыбританияға қарсы шықты. Ол бірінші кезекте Египет экономикасын жаңғырту керек деп шешті. Жаңғыртуды Насер 5 тармаққа негіздеді: 1) Елдегі экономиканы дамыту барысында қоғамдық экономика секторын құру және халық шаруашылығына мемлекеттік қадағалау орнату; 2) араб национализмі; 3) демократия; 4) тап күресін терістеу; 5) дін бостандық. Насер режимінің идеологиясын «араб социализмі» деп атады (Мельянцеv, 2011:176).

А. Садат 1971-1981 жылдар арасында ел басқарды. Ол Г. Насер стратегиясынан бас тартты, билікті бір орталықтандыру, демократияны құру, Батыс елдерімен қарым-қатынасты күшейту керек деп шешті. А. Садат елдегі экономиканы жаңғырта алмады, тек қызмет көрсету мен сауданы ғана дамытты. Сыртқы сауданы либерализациялау салдарынан елде арзан импорт көбейді, кедейшілік өсті және әлеуметтік теңсіздік күшейді. Садат кезінде ел терең экономикалық қаржылай дағдарыста болды.

А. Садаттың өлімінен кейін Х. Мубарак елдегі қиын жағдайды құрылымдық реформалау бағдарламасын ұсына отырып дағдарыстан шығу жолын бастады. Бұл реформа ішінара либерализациялау саясатына негізделді. Х. Мубарак инфрақұрылымды дамытты, кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетті, шетел инвестицияларын құптады. Экономикаға мемлекет тарапынан қысымды азайтты, есесіне өзінің саяси әсер ету күшін күшейтті. Сайлауды өз бақылауына алып, оппозиция қызметіне шектеу қойды.

1953 жылдан бері Египеттегі мемлекеттік басқару президенттік республика болып саналып келді. Бұл басқару формасы 1970 жылдардағы

«араб социализмінде де», Садаттың либералды бағытында да, 1971 жылы билік басына келген технократ Х. Мубарактың тұсында да өзгерген жоқ. 2007 жылы Конституцияға өзгерістер енуіне байланысты, діни белгілері бойынша саяси партия құруға тыйым салынды, бұл «Мұсылман бауырлары» оппозициялық партиясын заң тұрғысынан шығарып тастады. Президенттік кандидатурасына тек заңды түрде тіркелген саяси партияның өкілі ғана сайлана алды. Бұл билік партиясының жеңісіне алып келді. Биліктің легитимділігі өзінің айналасындағылардың саяси мәдениетіне негізделген патрон-клиент қарым-қатынасы әдістерін қамтамасыз етіп отырды. 2005 жылы Египеттегі саяси сайлауға қатысушылардың саны 24-28 пайыз ғана болды.

2007 жылға Египет Конституцияға енгізілген өзгерістер бойынша президенттің кандидатурасына саяси партияның тізімі бойынша парламентте 3 пайыздан төмен болмауы тиіс болды, ал діни саяси ұйымдардың кандидаттарын сайлауға жібермеді. Сонымен қатар Египетте діни белгілері бойынша партия құруға қатаң тыйым салынды. Елдің саяси өмірінде ислам секторы өзінің ықпалын жоғалтты. Оған қарамастан «Мұсылман бауырлары» оппозициясы өзінің ықпалын кәсіподақ ұйымдары мен Университеттерде күшейтті. Діни ұйымдар қоғамда кездесетін күрделі проблемаларды шешуге атсалысты. Билік өкілдері ол проблемаларға жауапты болмаса да, халық арасында көптеп тараған «биліктің қолынан келмейді не болмаса әдейі жасамай отыр» деген пікірлер қалыптасты (Lynch, 2013:65).

Х. Мубарактың патримониалды авторитарлы режимі 1981 жыл мен 2010 жылдар аралығында тиімді жұмыс жасады, Батысқа оның билік басында отырғаны ыңғайлы болды. Әлемдік экономикалық дағдарыс, элита ішіндегі өзара келіспеушілік Батыс мемлекеттерінің «Үлкен Таяу Шығысты» демократияландыру керек деген ықпалы Х. Мубарактың режимін әлсіретті. Өзінің көшбасшылығының легитимділігін нығайту үшін Египет Президенті діни символдарға мән бере бастады. Діни топтармен қарым-қатынас әртүрлі бағытта болды. Г. Насер «Аль Азхар» университеті мен діни істері жөніндегі Жоғары Кеңестің үстінен бақылау орнатты. А. Садат діни риториканы ұтымды қолданды «Мұсылман бауырлары» оппозициямен тығыз қатынаста болды, атеизм мен коммунизмге қарсы күресте жалпы мақсаттары бір болғанмен ешқандай жетістіктерге жетпеді, тіпті сол исламистердің қолынан қаза болды. Ал Х. Мубарак діни инс-

титуттардың үстінен қатаң бақылау орнатып, оларды саяси алаңнан ығыстырды.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, мемлекеттік реформалар (ұлттандыру, индустриаландыру, діни институттардың үстінен орнатылған бақылау) Египеттің патрон-клиенталды қоғамдық жүйесін шайқалтты, оның орнына олар тиімді ешқандай демократиялық жүйе ұсына алмады (Momani, 2013:16).

2008-2009 жылдар аралығындағы әлемдік экономикалық дағдарыс қоғам мен өкіметтің арасында қарама-қайшылықты одан әрі күшейтті. Египетте төтенше жағдайды енгізді. Билік басында отырғандар армия мен құқық қорғау органдарын қолдана отырып кез келген наразылықтарды басып тастап отырды. Наразылардың көбі білімді жұмыс таба алмай жүрген жастар болды. Интернет пен БАҚ наразылықты одан әрі өрбітіп отырды: жайлы керемет өмірді теледидар беттерінен көрсетіп отырды, қоғамның проблемасы айналасындағы дискуссияны өрбітті, соның ішінде Египеттегі адам құқығы туралы ақпараттар көптеп көрсетті. Өкімет ішіндегі өзара келіспеушілік наразылықтар көбейді, соның ішінде шенеуніктер мен мүдделері тоғысқан топтар арасында экономикалық менеджмент пен саяси бюрократияның арасында келіспеушілік күшейді. 2011 жылғы Египеттегі саяси «жарылыстың» себебі саяси, ақпараттық және әлеуметтік-демографиялық факторлардың өзара бірігіп күшеюінен болды.

Ливиядағы «араб көктемінің» саяси алғышарттарына тоқталайық. Бұл елде ұлттық бірлік қамтамасыз етілмеген. 1951 жылға дейін қазіргі елдің шекарасында көптеген колониялар болды: олар тәуелсіздік алғанда күштеп қоныс алған Трипоитания, Феццан және Киренаика болды. 2000 жылға БҰҰ бағасы бойынша Ливия арабтарының этникалық құрамы (57,2), бедуиндер (13,8), египет арабтары (7,7), берберлер (6,8), судан арабтары (3,5), тунис арабтары (2,5) және т.б. құрады. Олардың ішінде өзара рулық бөлінулер болды. Исламның толығымен үстемдік құрып отырғанның өзінде елде суфий бауырлары мен оларға қарсы күресетін салафий қауымдастығы жүрді. Олардың арасындағы дағдарыс тек М. Каддафи кезінде ғана реттеліп отырды (Goldstone, 2001:141).

1969-2011 жылдар арасындағы Ливиядағы республикалық кезең М. Каддафидің монополюды басқару кезеңімен байланысты болды. Оның саяси курсы «ислам социализмі» және батысқа қарсы бағытталған национализміне сәйкес келді. Ливиядағы саяси режим мен идеоло-

гиясының өзіндік ұлттық формасы болды, жеке экономикалық мүддені қамтамасыз етуден коллективті қамтамасыз етуге бағытталды, барлық араб мемлекеттерін өзінің айналасына шоғырландыруға тырысты. Ливияның саяси жүйесі харизматикалық көшбасшының айналасына шоғырланды. Көптеген уақыт бойы Ливия Мағриб елдерінің арасында көшбасшы болып келді, оның мақсаты араб әлемін біріктіру болды, сырттан күштеп ұсынылған модель емес өзінің саяси дамуы мен режимінің моделін ұсынды.

1964 жылы Ливиядағы революциялық қозғалыс «бас бостандығы бар юнионист-социалист офицерлерді біріктіруден» басталды. Оның ұраны 1952 жылы египет революциясының «Бостандық, социализм, бірлік» деп аталды. Негізгі мақсаттарының бірі монархияны құлату, елдің артта қалушылығын жою, батыс империализмінің құрсауынан құтылу, мемлекеттік тәуелсіздікті қамтамасыз ету, халық үшін әділеттілік орнату, араб бірлігі үшін күресу, Палестина халқының тәуелсіздігі үшін құқығын қорғау болды. 1969 жылы 1 қыркүйекте халықтың көтермелеуімен төменгі рангтағы офицерлердің қарулы көтерілісі болды. Ливияда ұлт азаттық революцияның нышанын білдіретін саяси даму басталды.

Араб мұсылман моделіне негізделген социалистік мемлекеттің құрылысы басталды, ол Құран құндылықтарын сақтап араб әлемін біріктіруге негізделді. М. Каддафи өзінің позициясын былай деп түсіндірді: «Біз бостандықты жеке және ұлттық тәуелсіздікке негізделген, қайыршылық пен колониализм мен өзіміздің жерімізде шетел әскери базасын құрту керек деп түсінем; бірлік дегеніміз барлық араб әлемін бір басшының астына топтастыру немесе федерация негізінде ұсақ өкіметтерді біріктіру; социализм дегеніміз – бұл ислам социализмі Құран құндылықтарына негізделген жеке меншік пен мұра» – деп көрсетті (Bakr, 2012:57). М. Каддафи мұнай саясатының алты өсиетін іске асыра бастады, ол ресурстарды халық иелену керек деген идеяның арнасында өрбіді. Ливия азаматтары өзінің мұнай байлығын қолданудың ең жақсы жолын таңдауға құқығы болды.

М. Каддафидің саяси курсының доминанттары «ислам социализмі» мен тікелей демократия болды. «Ислам социализмі» араб мемлекеттерін біріктіру және оларды Батыстың идеологиялық экспансиясынан азат ету болды. Тікелей демократия парламентаризмді терістеп, халық комитеттері мен конгресі арқылы халық билігін ұсынды. 1977 жылы Ливия Араб Республикасы

Социалистiк Халықтық Ливия Республикасы Джамихирия ауысты. Джамихирия араб тiлiне аударғанда халық билiгi деген мағынаны бiлдiредi. Бiрақ М. Каддафи демократияның барлық дерлiк түрлерiн терiстей отырып «халық комитеттерiне» не iстеу керек жөнiнде айтып отырды. Жалпы Халықтық Конгрес Револуциялық басқару Кеңесiнен заң функцияларын ала отырып, М. Каддафи заң билiгiн өзiнiң қолына шоғырландырды. Министрлердi секретариаттарға министр кеңесiнiң төрағасы аппаратын Жоғары халық комитетiне, ал атқарушы билiктi толығымен өз қолына ауыстырды.

М. Каддафи өзiнiң алдына қойған көптеген мақсаттарына қол жеткiздi. Ол әлеуметтiк бiртектi қоғамды құра бiлдi, ол оған адам басына шаққандағы кiрiс деңгейiн көтеру арқылы қол жеткiздi. Ливия басшысы М. Каддафи «Байлық халыққа» ұранын iс жүзiнде iске асырды. Қоғамда бай мен кедейлер арасындағы алшақтық азайды. Шаруашылықтық құралы өзгердi, әрбiр қоғам мүшесiнiң қызығушылығы артты. Өндiрiс пен еңбекке деген қарым-қатынас өзгердi. Көптеген халық бұқарасы мемлекеттiк басқаруға атсалысты.

1950 жылдары ең кедей араб мемлекетiн М. Каддафи үлкен экономикалық прогреске жеткiздi, мемлекеттiк секторды нығайтты, халықтың өмiр сүру деңгейiн жақсартты. Сыртқы саясатқа келгенде М. Каддафи ешкiмге бағынбады, Батыс пен Израильге қарсы сөйледi, ливиялық национализмдi нығайта отырып, Араб әлемiн Ливияның айналасына жинағы келдi. Антиимпериалистiк саясаты батыс мемлекеттерiмен қақтығысуға, изоляцияға алып келдi.

Ливиядағы М. Каддафидiң режимi жаңғыртуды жүргiзе отырып, дәстүрлi институттарды қолданды, исламға сүйендi. Ливиядағы Жоғарғы заң тек қана исламға ғана емес халықтық дәстүрлерге де негiзделдi. Тiкелей халықтың билiкке араласуын да мәлiмдедi. Бұл жағдайда М. Каддафидiң институционалды көшбасшылығы тежелдi: М. Каддафи легимдi жалғыз көсем болды. Негiзгi саяси акторлар ретiнде дәстүрлi күштер, соның iшiнде тайпалар және әртүрлi исламдық топтар болды. Елдегi жүргiзiлген әлеуметтiк-саяси трансформацияға қарамастан халықтың басқару процесiнен алшақтауы, билiктiң шексiз бақылауы халықтың наразылығын туғызды.

Идеологиялық салада көп уақыт араб бiрлiгi доктринасы билiк құрды, ол секулярлы этникалық тұрғыдан Солтүстiк Африка және Таяу Шығыс елдерiн бiрiктiрдi, антиимпериалистiк

және халық азаттық қозғалыстарының дүмпуiне алып келдi. 1970 жылдары бұл доктрина iшкi қарсыластың күшеюi және батыстың араласуымен дағдарысқа ұшырады. Египет пен Ливияда екi негiзгi идеялық бағыт – батыстық рухты бойына сiңiрген зайырлы национализм және батыс идеологиясына қару ретiнде ұстанған «мұсылмандық национализм» болды. Батыстың ұзақ уақыт бойы Солтүстiк Африкадағы отары елдегi ислам дiнiнiң көлемiн шектеп отырды. Тәуелсiздiк алғаннан кейiн ислам мемлекеттiк бiрегейлену, идеология және құндылықтардың негiзi болды. Ислам билеушi элита тобының бiртұтас бөлiнбес идеялық саяси трактовкасына айналды.

Араб елiнiң саяси процесiндегi ислам факторы көптеген мамандардың зерттеу объектiсiне айналып отыр. Ислам – араб елдерiндегi саяси дамудың әлеуметтiк мәдени бөлшегi болып табылады. Олардың қатарына Египет және Ливия елдерiн де жатқызады (Bhadwaj, 2012:79).

Египет пен Ливияның саяси процесерiне халықаралық бағдарламалар және ұйымдар арқылы Батыс мемлекеттерiнiң әсерiн де ескеру қажет. XIX-XX ғасырлар бойы Египет пен Ливия ұлы державалардың бәсекелес алаңы болып келдi. Екiншi дүниежүзiлiк соғыстан кейiн араб елдерi биполярлы жүйеге ықшамдалуына мәжбүр болды. АҚШ пен КСРО-ның, НАТО мен Варшава келiсiм ұйымының қарсыластығынан этноконфессионалды және әлеуметтiк-экономикалық қарсылықтар, аймақтық дағдарыстар одан сайын өрши түстi. Қоғамдағы саяси қолайсыз жағдайлар араб дәстүрiне де әсер еттi, исламды орнату үшiн дiни мiндеттеме алды, батыстың секулярлы өмiр сүрудiң бейнесiн қолдамады.

Дамушы мемлекеттердiң демократиялану саясатына тоқталатын болсақ, Батыстың пiкiрiнше, 1995 жылғы Евро Жерорта теңiзiнiң серiктестiгi бойынша бұл елдерге демократиялық құндылықтар енгiзу Жерорта теңiзi жағалауындағы аймақтық қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету керек болатын. 2004 жылдан бастап Еуропалық көршiлес саясаты iске аса бастады. Халықаралық санкцияны алып тастағаннан кейiн Еуропалық көршiлес саясатына Ливия кiрдi. Сонымен қатар азаматтық қоғамды дамыту бағытында АҚШ Мемлекеттiк Департаментiнiң арнайы Бағдарламасы мен Таяу Шығыс елдерiнiң серiктестiк бастамасы бағдарламасы жұмыс жасады. Оларға өкiметтiк емес ұйымдар: халықаралық дамудың АҚШ Агенттiлiгi (USAID) және демократияны қолдаудың Ұлттық Қоры жатады (NEO). Халықаралық ұйымдар осылай белсендi жұмыс жасаса да олардың жұмыстары Египет

пен Ливияда шектеулі болды. Шилдзтың пікірінше, «демократия мен азаматтық қоғамды дамыту бастамалары (жұмсақ әсер ету саясаты) араб режимінің авторитарлы табиғатымен объективті тұрғыда шектелді, азаматтық құндылықтар негізінде либералды демократия принциптерін терістейтін ислам ұйымдары жатты» (Shields, 2012:13).

Наразылық қозғалыстары қомақты қолдау көрсеткен шетел және халықаралық ұйымдар болды (мысалы, АҚШ, ЕО, Израиль, Сауд Арабия, Катар). Л.Л. Фитуни АҚШ Мемлекеттік Департаментінің қолдауымен демократияны дамытудың Ұлттық Қорының мәліметтері бойынша мынадай статистикалық есеп ұсынды: 2009 жылы 1396,6 мың АҚШ долларын құрайтын 23 мемлекеттік емес египет ұйымдары қаржыландырылды.

Бұқаралық шоғырлануға, үгіт насихатқа, сайт жұмысына, БАҚ, оппозиция интернет ресурстарда ақпараттарды қорғауға тікелей мақсатты гранттар бөлінді. Одан басқа, USAID 2006-2009 жылдары Египетте демократияны қолдау мақсатында 71 млн АҚШ долларын, ал тек 2011 жылы 25 млн АҚШ долларын берді. Сонымен қатар, біздің ойлауымызша режимді құлатуға себеп болған мемлекеттің ішіндегі себептер мен факторлар.

Басқа мемлекеттер сияқты Египет пен Ливия жаңа ақпараттық жағдайда өмір сүрді. Әлемдік интеграциялық процестер күшейіп, жаңа ақпараттық технология ғасыры қалыптасып жатыр. Жаңа коммуникативті және ақпаратты технологиялар ресми емес желілерді таратуға алып келді. 2008 жылы Египет шамамен 180 блогер санаққа ілінді, оның 40 пайызы арабтілді желілер.

Толыққанды ақпараттық қоғамның потенциалы тек бостандыққа негізделген ақпарат айырбасы бар либералды демократия жүйесінде ғана іске асуы мүмкін еді. Ливия мен Египет әлемдік дамудағы ақпараттық жүйеге көңіл бөлуіне мәжбүр болды: бейімделу, процеске араласу, изоляциялық модельді таңдау.

2011 жылы Египет революциясының жеңіске жетуіне интернет ресурстар мен технологиялар ауадай қажет болды. Facebook-тегі Ваэль Гоним өзінің жеке парақшасында авторитарлы режиммен қанағаттанбайтын 50 мың адамнан қолдау тапты. В. Гоним Каирдегі Аль-Тахрир алаңына наразылыққа шыққан жас египетшілдердің жол көрсеткіш серігіне айналды. Ливияда да Интернет оппозиционерлерді ұйымдастырушы, жинақтаушы рөлін ойнады. Бірақ интернет негізгі себеп емес тек қозғаушы әсер етуші болды.

Елде бұқаралық наразылыққа шығатын жағдай туған уақытта ғана интернет өз күшін көрсете алады.

Ливиядағы жағдайда ақпараттық және коммуникативті технологиялар әрекетінің маңызды аспектісі бар. Египетке қарағанда өтірік ақпаратты қолдана отырып, БАҚ беттерінде Ливия басшылығының негативті бейнесін трансляция жасады. Көптеген ғалымдармен келісе отырып, БАҚ беттеріндегі М. Каддафиді дискредитациялау АҚШ пен халықаралық ұйымдардың Ливияда әскери кемелерінің блокада құруының легитимділігін қамтамасыз етті.

Жүйелі дағдарыстың күрделілігі мен тереңдігі араб қоғамының саяси модернизация жеңісіне қол жеткізе алмауы болды. Араб әлеміндегі елдер өткір қиыншылыққа өзінің таңдаған саяси стратегиясынан тап болды. Жаһандану ұлттық суверенитет пен мемлекеттің маңызды секторы болып табылатын экономиканың рөлін құнсыздандырды. Бұл мемлекеттерде ұлттық мемлекет әлі де болса топтасып құрылмаған, ал жаһандық әлемде бұл жүйе ескіргенін дәлелдеді. Сонымен қатар Батыс елдерінің демократиялық моделі исламның әлеуметтік жағдайы мен саяси дәстүрдегі авторитаризмге бейімделе алмады.

Дағдарыстың бірнеше себептеріне тоқталсақ: дәстүрлі институттардың трансформациялануы мен экономикалық өсудің тездетуі; көптеген мемлекеттерде ұлттық бірігудің болмауы; Ливияда діни-тайпалық өзін-өзі басқаруға негізделген рулық-тайпалық құрылымның үстемдігі; тұрғылықты халықтың этникалық бытыраңқылығы; отаршылдардың жасауымен болған мемлекеттік және административті кеңістігінің жасандылығы. Жоғарыда көрсетілген себептер биліктің жеке адамның басына шоғырлануының әлеуметтік дәстүрін одан әрі күшейте түсті. Билік басындағы авторитарлық режимнің бекуінің алғышартына алып келді, бұл қазіргі және архаикалық, дәстүрлі институттар мен тәжірибенің симбиозы болды. Бұл режимді кейбір ғалымдар неопатримоналды деп атады.

Сонымен Египет пен Ливиядағы революциялық жағдай бір жағынан күтпеген және екінші жағынан осындай нәтижеге алып келетіндігін алдын ала күткен жағдай еді. Күткен жағдайға жаһандық дамудың қисынына сүйенетін болсақ, Батыс барлық әлемде демократия орнатамыз деген ымырасыз экспансиялық саясаты болды. «Араб елінің оянуы» деген атпен Египет пен Ливиядағы болған саяси режимнің құлдырауының себепті-салдарының байланысы өте күрделі.

Ю.А. Мюзиркиннің Солтүстік Африкадағы революциялық наразы көтерілістердің алғышарттарын талдауға байланысты жұмыстарын да ескереміз. Бірінші алғышартқа ол әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторын алады (елдегі халықтың орта жасын, адам басына шаққандағы ЖІӨ, жұмыссыздық деңгейі және бағаның шарықтауы). Екінші алғышартқа қоғамның коммуникациялық жүйесіне мінездеме береді, соның ішінде адам басына шаққандағы сим-карта мен интернет қолданушыларды да зерттейді. Үшінші топқа – 2010 жылы мемлекеттік емес трансұлттық кампанияның «Дом свободы» берген баяндамасы бойынша азаматтық бостандығын іске асыру дәрежесі де талданады. Төртінші алғышартқа – 2010 жылдың басы мен 2011 жылы наразылыққа шыққандардың қаза тапқан саны да ескеріледі. Спирменнің рангалық корреляция коэффициенті бойынша көрсетілген параметрлер мен оппозициялық наразылықтардың арасында 0,11 балл, бұл олардың бір-біріне өзара тәуелді емес екендігін көрсетеді. Ю.А. Мизюркин революциялық дағдарысқа айтарлықтай әсер еткен ол наразылық көтерілістерде қаза тапқан адамдардың саны болды. Ю.А. Мизюркиннің есептеуі бойынша қазаға сан жағынан көп шығынға ұшыраған мемлекеттер өздерінің мақсаттарына жетті деп көрсетеді. Египет пен Ливиядағы революциялық жағдайларға құрылымдық талдау жасау арқылы ескеру керек. Ең шешуші фактор елдегі ішкі әлеуметтік-саяси алғышарттар емес, наразылық кезінде басқарушы саяси лидер мен элитаның дағдарысты реттей алмауында болып отыр (Мизюркин, 2013:119).

Египет пен Ливиядағы ұзақ уақыт бойы өмір сүріп келген режим репрессивті мәжбүрлеу мен легитимділікті байланыстырып ұштастыра білді. Әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, зомбылықты қолдану мүмкіндігі қазіргі саясаттың институционалды нормасына қайшы келмеді. Ұзақ уақыт репрессияға ұшырағандардың деңгейі өзгермеді, ал биліктің легитимділігі өзгеріп отырды.

Египеттегі легитимділікке жаңа не болмаса бұрын тарап кеткен саяси институттар әсер

етті, бірақ лидерліктің харизматикалық түрі сақталып отырды. Бірте-бірте сайлаудың саяси маңыздылығы арта бастады, саяси басшылықты анықтайтын болды, азаматтардың саясатқа араласуының механизміне айнала бастады. Элитаның құрамы кеңейе бастады, бюрократия ротацияға ұшырады. Мемлекеттік емес ұйымдар және діни топтардың саяси салмағы күшейе бастады.

Египеттің ұзақ мерзімді саяси дамуының параметрлері осындай. Саясат субъектілерінің орналасу күші билік органдарының үстінен қарайтын армия монополиясына жақын. Конституция, заң шығарушы билік, сот, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, партия демократиялық режимді емес, патримониалды режимді нығайтады. Бұл оппозицияны маргиналды рөлге ығыстырып шығаруы президенттік билік пен авторитарлық режимнің салдарынан болып отыр. Х. Мубарактың режимі барлық мемлекеттен тәуелсіз топтарды әлсіретті: ихванист діни экстремистерді, «Жаңы Вафд», «Аль Гад» солшылдарды наразылық көрсеткен барлық қоғамдық қозғалыстарды ығыстырып шығарып тастап отырды. Х. Мубарактың экономикалық-қаржы жетістігі билік өкілдерінің басылымдарды қатты қадағалауы мен Батыстың қолдауы арқасында іске асты.

Қорытынды

Аталмыш елдерде мықты оппозициялық әлеуеті жинақталды, олар көптеген ірі қалаларда білімді жастар мен ұсақ буржуазия топтарының топтасуымен шоғырланды, сонымен қатар оларға радикалды исламистер мен салафиттерден тұратын конфессиялық топтар қосылды. Режимді құлатушы катализатор белгісіз идеологиялық мақсаттары мен принциптері жоқ наразы топтар болды. Олардың негізгі міндеті ескі режимді тез құлату, ол үшін олар сол қоғамдағы проблемаларға сынды күшейтті: жұмыссыздық, тайпалық рулық басқару, әлеуметтік көмектің жоқтығы. Ал ескі режимді құлатудың жаңа формасы Батыстың тарапынан ақшалай көмек берген әлеуметтік желілер болды.

Әдебиеттер

- Anderson, L. (2006). Searching Where the Light Shines: Studying Democratization in the Middle East. *Annual Review of Political Science*, 9, 189.
- Bakr, N. (2012). *The Egyptian Revolution. Change and Opportunities in the Emerging Mediterranean*. Malta: Gutenberg Press.
- Bhadwaj, M. (2012). Development of Conflict in Arab Spring Libya and Syria: From Revolution to Civil War. *Washington University International Review*, 1, 79.

- Goldstone, J.(2001) Towards a Fourth Generation of Revolutionary Theory. *Annual Review of Political Science*, 4, 141.
- Lynch, M. (2013). *The Arab Uprising: The Unfinished Revolutions of the New Middle East*. New York: University of California Press.
- Momani, B. (2013). *The Arab Spring is Genuine Revolution, but a Bumpy and Arduous road ahead*. Institute for New Economic Thinking,16.
- Shields, N.E. (2012). Unrest in the Middle East: Potential Implications for International Terrorism and Counterterrorism Policy. *Global Security Studies*, 3(2),13.
- Totten, M. J.(2012). Arab Spring or Islamist Winter? *World Affairs Journal*, 174(5),23.
- Зеленев Е.И. Протестные политические движения в арабских странах: Fitnah // Азия и Африка сегодня. – 2015. – № 5. – С.28.
- Зинин Ю.Н. «Арабская весна» в повестке дня экспертного сообщества России // Вестник МГИМО-Университета– 2012.– Т.5. №26.– С. 293.
- Кудряшова И.В. Режимные трансформации на современном Арабском Востоке // Политическая наука. – 2012. – № 3. – С. 152.
- Мельянцева В.А. Причины кризиса в арабском мире // Восточная аналитика. – 2011. – № 2. – С. 176.
- Мизюркин Ю.А. Роль интернет-коммуникаций в движениях протеста Магриба и Ближнего Востока // Пути к миру и безопасности. – 2013. – Т.1. – № 44. – С. 119.
- Пономарева Е., Рудов Г. «Цветные революции»: природа, символы, технологии // Обозреватель-Observer. – 2012. – № 3. – С. 37
- Степанова Е. Арабские революции. К диалектике причин и следствий // Пути к миру и безопасности. – 2011. – № 1. – С. 41.

References

- Anderson, L.(2006). Searching Where the Light Shines: Studying Democratization in the Middle East. *Annual Review of Political Science*, 9,189.
- Bakr, N.(2012). *The Egyptian Revolution. Change and Opportunities in the Emerging Mediterranean*. Malta: Gutenberg Press.
- Bhadwaj, M. (2012). *Development of Conflict in Arab Spring Libya and Syria: From Revolution to Civil War*. Washington University International Review, 1, 79.
- Goldstone, J.(2001) Towards a Fourth Generation of Revolutionary Theory. *Annual Review of Political Science*, 4, 141.
- Kudryashova I.V.(2012) Rezhimnyye transformatsii na sovremennom Arabskom Vostoke [Regime Transformations in the Modern Arab East]. *Politicheskaya nauka*, no 3, p.152.
- Lynch, M. (2013). *The Arab Uprising: The Unfinished Revolutions of the New Middle East*. New York: University of California Press.
- Mel'yantsev V.A.(2011) Prichiny krizisa v arabskom mire [Causes of the crisis in the Arab world]. *Vostochnaya analitika*, no 2, p.176.
- Mizyurkin Y.A.(2013) Rol' internet-kommunikatsiy v dvizheniyakh protesta Magriba i Blizhnego Vostoka [The role of Internet communications in the protest movements of the Maghreb and the Middle East]. *Puti k miru i bezopasnosti*, vol.1, no 44, p.119.
- Momani, B. (2013). *The Arab Spring is Genuine Revolution, but a Bumpy and Arduous road ahead*. Institute for New Economic Thinking,16.
- Ponomareva E., Rudov G.(2012) «Tsvetnyye revolyutsii»: priroda, simvol, tekhnologii ["Color revolutions": nature, symbols, technologies]. *Observer*, no 3, p.37
- Shields, N.E. (2012). Unrest in the Middle East: Potential Implications for International Terrorism and Counterterrorism Policy. *Global Security Studies*, 3(2),13.
- Stepanova E.(2011) Arabskiye revolyutsii. K dialektike prichin i sledstviy [Arab revolutions. Towards a dialectic of causes and effects]. *Puti k miru i bezopasnosti*, no 1, p.41.
- Totten, M. J.(2012). Arab Spring or Islamist Winter? *World Affairs Journal*, 174(5),23.
- Zelenev E.I.(2015) Protestnyye politicheskiye dvizheniya v arabskikh stranakh: Fitnah [Protest political movements in Arab countries: Fitnah]. *Aziya i Afrika segodnya*, no 5, p.28.
- Zinin Y.N.(2012) «Arabskaya vesna» v povestke dnya ekspertnogo soobshchestva Rossii ["Arab Spring" on the agenda of the expert community of Russia]. *Vestnik MGIMO Universiteta*, vol.5, no 26, p.293.

FTAMP 82.09 (574)

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o7>**Кокеева Д.М.¹, Өзкул Чобаноглы²**

¹филос.ғ.к. доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

²профессор, Хаджетеппе университеті, Түркия, Анкара қ., e-mail: ozkul@hacettepe.edu.gov.tr

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ІЗДЕРІ

Зерттеуімізде ежелгі үнді әдебиетінің қалыптасуы барысында түркі мәдениетінің іздері көрініс табуымен қатар үнді мәдениеті мен өркениетінің дамуына үнді-еуропалық, үнді-ирандық емес, түркілік тайпалардың үлкен үлес қосқандығы жан-жақты талдауға түсіп, қарастырылады.

Көп ғасырлық тарихы бар түркі және үнді әдеби байланыстарының сабақтастығы – рухани мәдениетіміздің өркендеу тарихында, әдебиеттің көркемдік дамуында өзіндік маңызға ие. Сондықтан елдер арасындағы әдеби байланыстар мен оның қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстың ғылыми-теориялық тұрғыдан кеңеюіне жол ашатын дерек көз болмақ. Сонымен қатар мақалада ежелгі үнді мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуы түрлі тайпалар мен халықтық мұралардың синтезі нәтижесінде пайда болған деген тұжырымдамалар талдауға түседі. Сол тайпалардың біріне III ғ. Инда алқабын мекен еткен дравид, арий тайпалар екендігі сөз етіледі. Сондықтан зерттеуімізде дравидтер, арийлер дегеніміз кімдер деген сұрақтың мәнін ашу үшін әдеби жанрлардың дамып, өркендеуіне негіз болған тайпаларға да жеке тоқталып, тарихи шолу жасалады.

Түйін сөздер: Үндістан, мұра, әдебиет, мәдениет, өркениет, дравид, арий тайпалары.

Kokeyeva D.M.¹, Ozkul Chobanogly²

¹Assoc. Prof. Dr., Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

²Professor, University of Hacettepe, Turkey, Ankara, e-mail: ozkul@hacettepe.edu.gov.tr

Traces of Turkish Culture in Ancient Indian Literature

In this study, in a certain degree we came to a contradicting or rather complementing the conclusions of earlier studies, or to be exact, we found “traces” of Turkic tribes in the ancient Indian literature and their participation in formation of the ancient Indian civilization and culture.

Continuity of relations between the Turkic and Indian literature with a long history is important in history of development of our spiritual culture and artistic development of literature. Therefore, the study of literary relations between nations and history of their formation will serve as a source for expanding the scientific and theoretical aspect of the research. The article attempts to consider conclusions, which suggest that the ancient Indian culture and literature formed in result of the synthesis of various tribes and national heritage. Among the tribes as an example, we dwell on the Dravidians and Aryans, who inhabited the Indus Valley in the III century. Therefore, in our study to determine the Dravidian and Aryan tribes, we will focus on historical review of each tribe that played a role in development of literary genres.

Key words: India, heritage, literature, culture, civilization, Dravid and Aryan tribes.

Кокеева Д.М.¹, Өзкул Чобаноглы²

¹к.филос.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

²профессор, Университет Хаджетеппе, Түркия, г. Анкара, e-mail: ozkul@hacettepe.edu.gov.tr

Следы тюркской культуры в древнеиндийской литературе

В результате данного исследования мы в некой степени пришли к выводу, противоречащему или скорее дополняющему выводы ранних исследований, а точнее, мы нашли «следы» тюркских племен в древнеиндийской литературе и их значимость в формировании древнеиндийской цивилизации и культуры.

Преимственность отношений между тюркской и индийской литературами с многовековой историей важна в истории развития нашей духовной культуры и художественном развитии литературы. Поэтому изучение литературных отношений между народами и истории их формирования послужит источником для расширения научно-теоретического аспекта работы. В статье предпринимается попытка рассмотреть выводы о том, что древнеиндийская культура и литература сформировались в результате синтеза различных племен и народного наследия. Среди племен в качестве примера мы останавливаемся на дравидах и ариях, населявших долину Инда в III веке. Поэтому в нашем исследовании для определения племен дравид и арий автором сделан акцент и исторический обзор каждого племени, сыгравшего роль в развитии литературных жанров.

Ключевые слова: Индия, наследие, литература, культура, цивилизация, дравиды, арийские племена.

Кіріспе

Әдебиет тарихы – ата-бабалардан жеткен көркем сөз өнерінің асыл арнасы, сарқылмас қазынасы. Әрбір ұлт өзінің ата тарихы мен көне мәдениет үлгілерін мақтан ететіні сөзсіз. Көнеден жеткен бай мұрасы мен озық мәдениеті бар халықтың бірі – түркі жұрты. Тамыры тереңде жатқан халқымыздың рухани мәдениетін бүгінгі жас ұрпаққа танытып, отаншылдық рухта тәрбиелеу біздің борышымыз болмақ.

Әрбір халықтың рухани байлығы – ғасырлар бойы даму үстінде болған тарихы мен ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын мәдени мирасы. Себебі кез келген халықтың, ұлттың өзіне тән басынан кешкен тарихи кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Мәселен, ертедегі Египет, Вавилон, Рим, Грек, Үнді, парсы мәдениеті қазіргі Еуропа мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізгендігі баршаға мәлім.

Кез келген елдің мәдениеті әр халықтың әр кезеңдегі талап-тілегі, мұң-мұқтажына сай туып, белгілі жағдайға байланысты дамиды. Мәдениеті ерте дамыған ұлы халықтардың адамзат мәдениетіне қосқан үлесі зор, оның ілгері дамуында атқарған тарихи рөлі де ерекше. Бірақ бүкіл әлем мәдениетінің қазынасы тек бірен-саран ұлы халықтар туындысынан ғана тұрмайды. Поэзиядағы үлкен-кішілі формалар, оны жасаушы талант иелері әрбір халықтан шығады. Сондықтан да, В.Г. Белинскийдің қанша кеш дамыған халық болғанымен де өзіне тән поэзиясы болады, ол поэзияда сол халықтың салт-санасы бейнеленеді деген сөзі орынды айтылған (Плеханов: 74).

Әлем әдебиеттерімен қатар, тәуелсіз дамып отырған ежелгі үнді әдебиетінің тарихи даму жолдары драма, лирикалық поэзия, прозаның гүлдену кезеңдерінің басқа ежелгі әдеби мұралармен байланысы шамамен б.з.д. I мың-

жылдыққа сәйкес келеді. Алайда ежелгі үнді әдебиетінің шығу тарихына қатысты нақты деректер жоқ. Ежелгі үнді мәдениеті мен әдебиеті түрлі тайпалар мен халықтық мұралардың синтезі нәтижесінде пайда болған деген тұжырымдамалар көптеп кездеседі. Сол тайпалардың біріне III ғ. Инда алқабын мекен еткен дравид, арий тайпаларын жатқызуға болады. Осы арада, дравидтер, арийлер дегеніміз кімдер деген орынды сұрақ туындайды. Осы сұрақтың мәнін ашу үшін әдеби жанрлардың дамып, өркендеуіне негіз болған тайпаларға да жеке тоқталып, тарихи шолу жасап кетуді жөн көріп отырмыз.

Негізгі бөлім

Әлемдік әдеби үдерісте ежелгі үнді әдебиеті үлкен рөл атқарды. Үнді эпосы, лирикасы, драматургиясы мен прозасының көпшілігі ежелгі дәуірде кең танымал болғандығын зерттеушілеріміз алға тартады. Зерттеушілердің пікірінше, үнді мәдениеті көршілес Орталық Азиядан Қиыр Шығысқа, Индонезияға жетіп, кейін XII-XIII ғ. Еуропаға дейін барып, олардың әдеби дәстүрлерін байыта түсті. Осының негізінде, Еуропа ертедегі үнді әдебиетімен танысқаннан кейін XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. бас кезеңінде У. Джонс пен Ф. Бопп сынды ғалымдар санскрит тілінің Еуропаның грек, латын, герман, славян тілдерімен туыстығын анықтап, «үнді-еуропа тілдері» терминін қалыптастырды.

Ө. Чобаноглдың айтуынша, Гриммен бастап, Аддалберт Кун, Швард, Макс Мюллер және Теодор Бенифей де бұл топтың ішінде. Атап айтқанда, халықтық повестер туралы әдебиеттерді ескере отырып, бұл топ Үндістан Батыс әлемінде әңгіме өнерінің негізі болғанын атап өтті. Осы қабылдаудың негізі ежелгі үнді әдебиетінде Батыстың (Еуропа) дәстүрлі әңгімелерінің нұсқалары табылғандығынан байқалады. Осы топқа жататын кейбір хиндологтар деп те

аталатын бұл топтың мүшелері жоғарыда айтылғандай, аталған қашықтықтарға қарамастан, ауызша таратудың орнына қазіргі таратуды жазбаша таратудың өнімі деп санайды. Сондықтан олар адамдар орындаған ауызша әңгімелердің кейбір нұсқаларынан ауытқып, элиталық ұстанымға бет бұрды. Осылайша, жазбаша әдебиеттерге сілтеме жасаған үндітанушылар (олардың негізгі қайнаркөзі Үндістан болып табылады) өрнек жанрында тапқан элементтерге негіздеген. Үндістан мен «үнді-европалық тіл отбасылардың» негізгі көзі мен оны қолдайтын өтпелі тарихи мәдениетті орнатты (Çobanoglu, Özkul: 129).

Үнді-еуропа тіліндегі әдебиетпен қатар б.з. I мыңжылдықтың бас кезінде оңтүстік аймақта дравидтік (тамилдік) әдебиет қатар дамыды. Ежелгі үнді әдеби ескерткіштерінің басым бөлігі классикалық, эпикалық және гибридік түрлерге ие санскрит тілінде жазылған.

Ғалымдар Үндістанның солтүстік-батысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қарап, ежелгі үнді әдебиетінің бастауы б.з.д. II жылдықтан да бұрын болуы мүмкін деген тұжырымдарын ортаға салады. 1921 жылы қазба жұмыстардың нәтижесі Хараппада, одан кейін де қазіргі Синд, Пенджаб пен Белуджистан аймақтарында б.з.д. III ғ. басы мен II ғ. Инд бассейні мен Үндістанның басқа жерлерінде 800 000 шаршы км аумақта жоғары дамыған өркениеттің болғанын көрсетеді. Инд жеріндегі бұл өркениет Мохенджо-Дара мен Хараппа деп аталды. Археологтар Инд жерін мекендеушілердің ежелгі мәдениетті қалыптастырушылар болғанына көз жеткізгендігін айта кету керек. Төрт мың жылдар бұрын салынған екі қабатты кірпіш үйлер жақсы жоспарлы түрде тұрғызылғандығы, сонымен қатар, қоршалған, жақсы жабдықталған моншалары, құдықтары және базарлары болғандығы қазба жұмыстары кезіндегі ізденістерден көруге болады. Табылған қазба жұмыстардан жергілікті халық мал, жер шаруашылықтарымен айналысқандығы, сонымен қатар, өркениеті дамыған Элам, Шумер, Египет, Крит, Троя және Кавказ секілді көптеген мәдени ошақтармен сауда-саттық байланыста болғандығын көруге болады. Табылған заттардың арасында құндылығы жоғары саздан жасалған геометриялық оюлары бар ыдыстар, адам бейнесі, жануарлар мен өсімдіктердің суреті салынған көптеген тұмарлар және мыстан жасалған мүсіндер де кездеседі. Қазба жұмыстарымен айналысушы ғалымдар Хараппадан табылған ер адам денесінің мүсіні,

Мохенджо-Дародан табылған биші қыздың мүсіндері өте жоғары шеберлікпен жасалғандығын да тілге тиек етеді. Инд алқабынан табылған мөр-тұмарлар ежелгі Месопотамиядан табылған мөрлер бетіндегі рельефтер мен көріністерге ұқсастығы, оған қоса Криттегі Кнос қаласының Минос сарайындағы табылған мөрлердегі жазу ұқсастығы Инд халқында жазудың болғанын дәлелдейді. Бұл жерде табылған діни заттарда таңбаланған мәліметтер бойынша Хараппада табылған мөрлердің бірінде үш дидарлы тәңір бейнеленген. Зерттеушілер табылған мүсінді үнді дүниетанымындағы үштік құдай Тримурти деп болжайды. Сонымен қатар мүсіндердің ішінде құдай-ананың (Ұмай ана), табиғат пен егін шаруашылығы қорғаушысының да мүсіндері табылды. Осы деректерден б.з.д IV-III мыңжылдықта Инд алқабының мәдениеті Шумер қалаларының мәдениетінен кем түспейтіндей дәрежеде болған. Сондықтан үнді жерінде арийлік қоғамға дейін үнді халықтарында шумер әдебиеті сияқты ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті жеткілікті дамығандығын айтуға болады. Сонымен қатар, аталмыш жазулардың дравидтік тілдер классификациясына жатады деген пікірлер бар. Ал *дравидтер* кімдер деген сұраққа жауап тауып көрелік.

Зерттеушілердің пікірінше, Дравидтер – Үндістанда мекен еткен арийлік дәуірге дейінгі ең ежелгі тұрғындары болып табылады. Б.з.б. I мыңжылдықта көне Харапп өркениетін құрып, жоғары мәдениетке жеткен Дравидтер Үндістанның оңтүстігін мекендеген халықтар тобы. Олардың ішіндегі ең көп көбі – *андхралар* немесе *телугулер* (51 млн.), *тамилдер* (46 млн.), *каннаралар* (24 млн.), *малаялилар* (22 млн.), *гондтар* мен *кандхилар* (24 млн.), *ораондар* (1,7 млн.), *тулулар* (1,2 млн.). Ал *тода*, *кота*, *курумба*, *бадага*, *т.б.* аз санды *дравидтер* таулы және орманды аймақтарда қоныстанған. Антропология жағынан *дравидтер* зәңгі нәсілі мен еуропа нәсілінің араласуынан пайда болған оңтүстік үнділік өтпелі нәсілге жатады. *Дравидтер* дравид тілдері тобындағы әр алуан тілдерде сөйлейді. *Дравидтердің* басым көпшілігі будда дінін ұстанады. Аздаған бөлігі христиандар мен мұсылмандар.

Еуропалық ғалым Г. Джонсонның пайымдауынша, *дравидтер* б.з.б үш мың жылдарда Үнді аралында өмір сүрген байырғы халықтардың бірі және олар туралы мәліметтер бүгінгі таңда жоқтың қасы. Сондықтан дравид тілдері мен мәдениетіне тән ескерткіштер, Дравид өркениетінің ойлары мен философиясы туралы деректер жет-

кіліксіз болғандықтан, олардың әлеуметтік құрылымы мен діни сенімі туралы нақты қорытынды жасай алмаймыз (Johnson, Gordon: 38).

Курсат Демиршінің зерттеуі бойынша, сондай-ақ, Үндістанда жүргізілген археологиялық зерттеулерге қарағанда, Арийлерден бұрын инд аймағында өмір сүрген жергілікті тұрғындар *дравидтер* Филиппин аралдарынан қоныс аударған. Сонымен қатар дравидтер Үндістанда өмір сүрген прото аустроид халықтарының араласуы нәтижесінде пайда болған деген пікірлер кең таралған. Ол сондай-ақ дравидтердің пайда болуында Африкадан қоныс аударған қара нәсілділердің де әсері болды деседі. Тіпті, Веда мәтіндерінде дравид халықтарын «тік мұрынды, өздері қараторы және фаллосқа сиынатын алғашқы адамдар» деп танытқан (Kürşat, Demir-si: 32).

Қазақ ғалымы Әнес Сарайдың зерттеуіне жүгінетін болсақ, ол өз зерттеуінде *дравидтер* туралы мынадай пікір қалдырады: Топан тасқыны салдарынан Алдыңғы Азия мен Арабия топырағын жайлаған үнді-еуропалықтар және Үнді мұхиты жиегіндегі Қиыр оңтүстік пен Үнді өзені және Ауған Гималайды жайлаған орал-алтай тілділер Еуразия жотасына б.з.б. 5-ші мыңжылдықтан кейін байырғы отандарына қайта келді. Осы жерде Үнді өзенінің батыс жазығында дравид түркілері «Хараппа мәдениетін» қалыптастырды (Әнес, Сарай: <https://egemen.kz/article/qus-zholynynh-qiquly-tarikhy-3>)

Иосиф Флавий бойынша, Хараппа мәдениеті б.з.б. 3-ші мыңжылдықта Шумер өркениетімен дәрежелес деңгейде таласа дамыды. Алайда бұл мәдениетті кей зерттеушілер «Азиялық Эфиопия» деп атап жүр. Оған себеп Эфиопияның Омо аймағынан бұдан 2,1 млн жыл бұрын жасаған адам қаңқаларының табылуы себеп болуы мүмкін. Эфиоптар Нұх пайғамбардың үшінші баласы Хамның тұңғышы Хусадан тараған. Олар ұзақ жылдар Хуса елі атанып келген (Иосиф, Флавий: 29). Ал енді, Хуса қауымының аты хуну тәңірқұты Моденің Орта Азияға шабуылында да VI ғасырдың орта тұсында ірге көтерген Көк түркілері империясының 15 тайпалы қауымының қатарында кездеседі. Сол Хуса руының арғы тегі эфиоптар екені бүгінгі күні анықталып отыр. Ал эфиоп атауы – *итиоп* немесе *итъоп* деп, «ит» түбірімен анық таңбаланылады. Олар *ссаба*, *сабафа*, *сабакафа* руларына бөлінеді. *Саба* – бағзы замандарда Иерусалимге келіп, еврейдің әйгілі Сүлеймен патшасымен кездескен Савская ханымның төлжұрты екені тарихтан белгілі. Ал Савская ханымның эфиоптық есі-

мі – түркілік атау «Балқыз». Бұлардан біртұтас ностра тілі үнді-еуропалық және орал-алтайлық болып бөлінбегенін көруге болады.

Тарихшы Геродот та эфиоптар туралы «Эфиопия мен Египеттің шекара аймақтарында жер бетіндегі ең ежелгі адамдар «Үңгір эфиоптары» тұрған. Олар төрт ат жеккен күймелермен соғысқа аттанған» деген маңызды деректер қалдыра отырып, олардың бір бөлігін «Азия эфиоптары» деп атаған. Тарихшының мәлімдеуінше, эфиоптар әр кезеңдерде әр түрлі себептермен төрт рет Азия құрлығындағы Үнді өзені жазығын мекендеп, ол жерді «Азиялық Эфиопия» деп атаған. Шығыс эфиоптары үнді халықтары секілді қаруланған, тек бас киімдері өзгеше, жылқының жалынан кептірілген бас терісін бастарына киеді (Alan B. Lloyd: 95). Кейінгі зерттеушілер де Геродоттың шығыс эфиоптарды ежелгі дравид түркілері екендігін мақұлдайды.

«Азия эфиоптары» атанған Үнді өзенінің жазығында өсіп-өнген Дравид түркілері өздерінің ежелгі мифтерінде «топан тасқыны» туралы аңыздарды естерінде сақтаған. Сонымен қатар, олар жерді өнім беруге, адамдарды ұрпақ жалғастыруға итермелейтін «өмір қуатын» қасиеттеп, оларды қамқорлайтын киелерді әз тұтқандығын, олардың тотемистік сенімді ұстанғандығын көруге болады. Оларда өлген адамдардың басына тас қою дәстүрі кең тараған. Бұл үрдіс қазіргі түркі халықтарында кеңінен қолданылады. Әр үйдің шарбағында да отбасы тәу ететін тас болған (Сергей, Токаров: 394).

Фелижен Чаллаенің айтуынша, арийлер келмей тұрғанда, бұл аймақта өмір сүрген байырғы халықтардың ағыны анимист пен тотемистік элементтерді қамтиды. Табиғаттағы барлық тіршілік иелерінде жанды, жансыз барлығында тылсым күштің болғанына сенген. Бұл анимистік ойы сол уақыттан бері олардың көңіл-күйіне әсер етті. Осылайша, осы нанымдардың арқасында олар кейбір рухтарды құдай деп қабылдады. Олар табиғи құбылыстарды бақылай алмағандықтан, жеңе алмайтын табиғи құбылыстың күші жасырын деп түсінді (Felicien Challaye: 49).

«Шығыс эфиоптар» немесе дравид түркілері б.з.б. 3-ші мыңжылдықтың басында Үнді өзені бойында қалалық мәдениеттің озық үлгілерін қалыптастырды. Мохенджо-Доро, Хараппа, Чанху-Доро орындарынан табылған көне заман жәдігерліктерін археологтар «Хараппа мәдениеті» деп атады (Л.С. Васильев: 393). Екі шаршы шақырым болатын қала құрылысы бар

Мохенджоро-Дарода шаруашылықта қолданған малдары – бұқа болса, үй шаруашылығында тауық ұстаған. Сонымен қатар қола дәуірінде егіншілікпен айналысқан жұртқа тән дақылдар мен егін шаруашылығы құрал-саймандары мол табылды. Табылған мөрлерде Еуразия топырағында қалыптасқан «Оғызнама» шежірелік аңыздарын еске түсіретін бұқалар мен жалғыз мүйіз дәудің бейнесі жиі кездеседі. Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратау бөктерін мекендеген ертедегі түркі тайпаларының бірі оғыздар ұзақ жылдар бойы көршілес тайпалармен соғысып, Арал теңізінің батысы мен Каспий теңізінің солтүстік жағалауын өздеріне қаратып алады.

Жалпы, «Оғыз қаған» дастаны әуелде ауызша тарап, бергін келе IX-X ғасырларда қағазға түсірілгендігін білеміз. Бұл көне заман мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеген түрік ғалымы Сами Нихад Банарли оны батырлар жыры қатарына қосып, «Оғыз қаған» дастаны деп атайды. «Оғыз қаған» дастанында негізінен Оғыз батырдың әскери жорықтары, түркі елін сыртқы жаудан қорғаудағы ерлік істері, ел басқарудағы даналығы мадақталады (Sami Banarali Nihad: 397).

Әбілғазы Баһадүрдің айтуынша Оғыз қаған Еділ-Жайық, Парсы, Алдыңғы Азияға жасаған жорықтарынан кейін б.з.б. 3 мыңыншы жылдарда Сарыарқа төріндегі Ортағ, Кертағты жайлап, 24 таңбалы жұртын жинап ұлан-асыр той жасап, ұлдарына енші бөліп беріп жатқанда, мәдени жәдігерліктері жөнінен соларға ұқсас тағы бір түркі нәсілді халық Үнді өзені бойында өмір сүрді. Оғыз қаған Ортағ, Кертағтағы ұлдарына енші бөлер тойында оң жақтағы ағаш бұтақтарына алтын әтеш, сол жақтағы ағаш бұтақтарына күміс әтеш ілдірген деседі. Ол Оғыз қаған жұртында байрақ міндетін атқарған. Әлбетте, дравид түркілері «Оғызнама» шежіресіндегі бұқа, тур, жалғыз көзді дәуді білгенімен, Оғыз қағанның атын білмеген, білетіндері – дравид түркі жұртына жетекшілік еткен «әтеш байрақты» Скандә баһадүр дейтін (Абылғазы, Баһадүр: 14).

Дравид түркілері Сканданың ежелгі есімі Құмара еді дегенді де айтады. Сонымен қатар, Алдыңғы Азиядағы Хет жұртының басты құдайы Құмарбиді еске алып, өздерін ежелгі хеттермен де байланыстырады. Қазіргі археологиялық зерттеулер дравид түркілерінің құмға көмілген 100 қаласының орнын тауып отыр. Хараппа мәдениетін жасаушылардың тілдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан сараптауға ерекше мән берілді. Бх.Кришнамурти, П.С. Субраманьям, М.С. Андронов, Ф. Саутворт, К. Звелеебил және М.Б. Эмено, Т. Барроудың классикалық зерттеу-

лері тақырыптың көкжиегін кеңейткен үнді, түркі, батыс, орыс ғалымдары белсене атсалысты. Бұл орайда, Ю.В. Кнорозов бастаған ғылыми топ Үнді өзені жазығына қатысты көне мәтіндерді түгелге жуық аударғандығын да айта кету керек. Осы істің нәтижесінде «дравид тілдерінің басқа тілдермен (элам, орал-алтай) қарым-қатынасы және дравид тілінің Үндістанның басқа тілдері – индо-арий, аустро-азия тілдерімен байланысын анықтау үшін салыстырмалы мәліметтер қоры молайды» (Ю.В. Кнорозов: 13)

Оңтүстік Үндістанның, Цейлон аралының бір бөлігін мекендеушілер Дравид тілдерінің негізін құрайтын *тамил*, *малайя*, *каннада*, *телегу* тілдерінде сөйлейді. Ол тілдерде бай әдеби мұралар жасалған. Әйгілі шетел ғалымдары Т. Борроу, М.Б. Эмено «Дравид тілінің этимологиялық сөздігін» жасап, терең зерттеулердің негізін қалады. Ол сөздік қазір дравитанудың бағдаршамы іспетті. Соның өзінде бізге жетіп отырған үнді-еуропалық үрдісті тұтынған ғалымдар дравид тіліндегі түркі әсерін көлегейлеп, ашып айтпай, айтса да шеңберін тарылтып, дравид тілінің үнді-арий, аустро-азия тілдерімен байланысын мақұлдап, дравид тілін үнді халқының ежелгі төл тілі етіп көрсетуге тырысты.

XVII-XVIII ғасырларда ағылшын отаршылары дравидтер қоныстанған аймақты басып алып, олардың территориясын бөлшектеп, жеке халықтардың этно бірлігіне нұқсан келтірді. Дравидтер өздерінің ұлт азаттық күресінде халықтардың этнологиялық территориясын жеке штаттарға біріктіруді талап етті. Дравидтердің бұл талабы тек 1956 жылы ғана орындалды. Сөйтіп, тамилдер мекендейтін аймақта – Тамилнад штаты, телугулардың Андхра-Прадеш штаты, каннадалардың – Карнатака штаты, малайялилердің – Керала штаты құрылды.

Зерттеуші тарихшылардың мәліметіне жүгінсек, арийлердің келуі дравидтерді тарих сахнасынан ығыстырды деген мәліметтер де кездеседі. Ол зерттеулер бойынша, б.з.б 2000-1500 жылдары нақты тегінің қайдан шыққаны беймәлім, бірақ Азиядан немесе Ираннан келіп солтүстік шығыс Үндістанға қоныстанған арийлер Үндістанның әрі саясатына әрі мәдениетіне терең әсер еткен. Дравидтерге қарағанда әлдеқайда ашық түсті арийлер жергілікті халықты, яғни дравидтерді оңтүстікке қарай ығыстырып, Пенжаб және Үндістанның солтүстігін жаулап алады.

Үндістанға арийлердің келуімен жергілікті халықтардың Мунда мен Дравидтер арасында бірқатар араласулар болды. Арийлер өз ара-

сындағы шиеленістермен қатар жергілікті халықтарға да шабуыл жасап, оларды құлдыққа айналдырып, оларды «құл» деген мағына беретін «*дасю*» немесе «*даса*» деп атады. Дравидтерді ығыстырған арийлер жайында «Бірақ Үндістанның ең көне тарихы белгісіз болса да, оны жасаған ұлы тайпа Арийлер» деп қалам тартқан Али Ихсан Итиктің (Ali, İhsan Yitik: 79) пікірін б.з.б. 3000-1200 жылдар арасында Каспий теңізінің солтүстік өңірлері, Еуропаның солтүстігі мен Түрікменстанның өңірлерін мекен етті деп түрік зерттеушісі жалғастыра түседі. Арийлердің шығу тарихы жайында бүгінгі тарих көптеген пікірлер Шенгул Демирел мен тұжырымдарды ортаға салады (Şengül, Demirel: 18). Көне заманда ирандық тайпалар болып, жайылым мал шаруашылығымен айналысқан арийлер туралы XX ғасырдың тарихшылары төмендегідей екі пікірді ұстанады: біріншісі, үндіеуропалық көзқарасты ұстанып, арийлердің көп қоныстанған жері алдыңғы Азия мен Еуропа құрлығы десе, екіншілері арийлердің Отаны Орталық Азия екендігін айтады.

Бұл мәселе бойынша, үнді-еуропалық бағыттағы еуропаорталықтық ғалымдар «Авеста» кітабының парсы тілінде жазылғанын тілге тиек ете отырып, арийлердің шығу тарихы бойынша көптеген еңбектерді жариялап басымдылық танытты. Үндіеуропалық ағылшын санскритологы У. Джонстың үндіеуропалық тіл тобына кіретін тілдердің жалпы тегі, түбірі бір екенін тұжырымдауы еуроорталықтықтар, әсіресе, неміс ұлтшылдары тарапынан қолдау тауып, үндіеуропалық тілде сөйлеушілердің, соның ішінде немістердің ата-бабалары арийлер болатыны туралы тұжырымдама жасап, оны Германияның идеологиясына айналдырды. Осы пікірді қолдаған А.В. Шлегель, Ф.Боппа, Лассен сияқты Германияның идеолог ғалымдары еуропа халқының «тегі арийлер» деген тұжырымды қалыптастыра отырып, «арийлердің ұрпақтары – немістер» деген пікірді ұстанды. У. Джонстың пікірі бойынша, үнді-еуропалық тіл семьясында сөйлейтін халықтардың тілдерінің түбірі бір болып, олардың Солтүстік Үндістаннан батысқа қарай орналасқаны тілге тиек етілген.

XX ғасырдың екінші жартысында австриялық ғалым К. Пенка, неміс филологы Г. Хорт, ағылшын ғалымдары Г. Джайлс пен Э. Рапсон арийлердің тараған географиялық аймағы Еуропа құрлығы, яғни Скандинавия, солтүстік Германия, Дунай өңірлері деген пікірді ортаға салады.

Сонымен қатар, еуропаорталық көзқарастағы

ғалымдар Орталық Азиядан шығып жатқан археологиялық жазба деректермен санаспай, бұл аймақтың этностарын жаппай көшпелілердің қатарына қосып, оларға «жабайылар» деген атау берді. Бертін келе, еуропалық ғалымдардың арасынан шыққан ғалымдар қатарынан неміс филологы Т. Бенфей, ағылшын археологы Г. Чайлд тарихи деректерді кешенді қарастыруының нәтижесінде Қара теңіздің солтүстік жағалауынан созылып жатқан кең даламен Солтүстік Кавказ аймақтарын арийлер жайлаған деген пікірлерін айтқан. Аталған географиялық аймақтар арийлердің ұрпақтары болған скифтердің, сарматтардың Отаны екенін алға тартқан. Өте бай дәлелдемелерге сүйенген ғалымдардың ізденіс барысындағы нәтижелі пікірлері арийлер мәселесін шешуде шындыққа біршама жақындағанын байқаймыз.

XX ғасырдың белгілі археологтарының бірі, ұлыбританиялық ғалым Чайлд Вир Гордан (1892-1957) Еуропадағы алғашқы қоғамға тиісті артефактілерді талдап, өзінің құнды еңбектерін жазған. Г. Чайлд «На заре европейской цивилизации» (1925 ж.), «Социальная эволюция» (1951 ж.), «Восстановление прошлого» (1956 ж.) еңбектерінде арийлердің тараған жері Қара теңіздің солтүстік бөлігі болуы керек деген тұжырым жасаған. Ғұламаның бұл пікірлері осы аймақта жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған артефактілерге негізделген. Бұл аймақ түркі тілдес скиф этностарының тараған жері екенін зерттеушілердің жазба деректері дәлелдей түседі (Childe, V. Gordon: 278).

Кейінірек Г. Чайлдтың пікірін шығысқа қарай жалғастырып, арийлердің отаны Орталық Азия деп қараған ғалымдар көбейе түсті. Олардың арасында Үндістанды зерттеуші неміс ғалымдары М. Мюллер, Э. Мейер, Б.Г. Тилак, Н.К. Шастри және т.б. болған. М.Мюллер мен Э. Мейер арийлер Орталық Азиядан шыққан десе, Б.Г. Тилак Солтүстік Сібірден өрбіген деген көзқараста болған. Ал Н.К. Шастри болса, олардың Тибет өлкесін жайлағанын айтқан. Орталық Азиядан шыққан деген пікірді білдіруші ғалымдар «Авеста» кітабындағы тілден басқа мағлұматтарды ескеріп, зерттеу барысындағы артефактілерге сүйене отырып, арийлердің мекенін анықтауда біраз шындыққа жақын теориялық тұжырымдарды жазып қалдырған.

Үнді ғалымы Н.К. Шастридің пікірі ертедегі Қытай жазба деректерімен де үндес келеді. Синолог Бахаддин Өгел «Ұлы Хун империясының тарихы» атты еңбегінде былай деп қалам тартады: «Тарихта алғаш көріне бастаған

дәуірден, яғни б.з.б. III мың жылдан кейінгі аралықта да бастапқы болмысын сақтап қалған тайпалар ежелден-ақ, аңшылар еді. Кейінірек мал шаруашылығы басым орынға шыға бастады. Бидай, тары қатарлы дақылдар да егілетін болды. Сиыр көптеп бағылатын. Алайда олардың күнкөрісі жылқы шаруашылығына тікелей байланысты болды. Ал олардың отырықшы бөліктері қалалар салып, қорғандар тұрғызды. Тарихта түріктенген тибеттер де, тибеттенген түріктер де аз болмаған», – делінген. Осы пікірден ғалым Н.К. Шастридің арийлердің арғы тегі Тибеттен шықты деуінің негізі бар екенін байқаймыз. Бұл жөнінде орыс тарихшысы К.А. Иностранцев те өзінің «Хунну және Гунну» атты зерттеуінде гундарды түркі тілдес халықтарға жатқызып, олардың батысын – гунндер, шығысын – хуннулер деп екіге бөлген. Олай болса, гуннулер мен хуннулар батыстан шығысқа қарай таралып, ұлан-байтақ жерлерді иеленіп, Қытай шекарасы мен тибеттермен араласып жатқаны тарихи шындыққа келеді. Осы келтірілген деректерге қарағанда, ертедегі скифтердің ұрпақтары осы хунну мен гуннулер болмақ. Бұл этностар Қара теңіздің солтүстік өңірінен Шығыс Түркістанды түгел иеленген түркітілдес халықтар болып, Қытай және Тибет елдерімен тығыз байланыс жасаған (К. Inostransev: 137).

Ал М. Нейл болса, «Арийлердің Үндістанға келуі және қоныс аудару туралы 1500 жылдары үнді қалаларын жойып жіберген жауынгерлер қараңғылық және варварлық кезеңнің басталуына себепкер болды. Арийлердің көшуі аяқталғанға дейін үш жүз жыл мерзім өткен еді. Осыған орай, бәсекелес қауымдар жолға шықпас бұрын ауылшаруашылық дақылдарын жинап, малдарымен бірге жүрді. Бұл көшпенділер бір-бірімен соғысты жүргізіп, байырғы жергілікті халықтарға үстемдік жүргізуге тырысты. Бұл жауынгерлік қоғам арий тілін таратып, Үндістанның түрлі аймақтарына қоныстанғандығын сөз етеді (McNeil, W.H.: 28).

Келесі дерекке тоқталар болсақ, б.з.б. IV-II мың жылдарда арийлер солтүстік-батыс Үндістанды жаулап алғаны туралы көптеген тарихи әдебиеттерде жазылған. Бірақ арийлердің Үндістанға күшпен басып кіргенін дәлелдейтін айтарлықтай нақты деректер келтірілмеген. Сондықтан арийлердің Үндістанға жүргізген басқыншылық саясатына күмән келтірушілердің басым көпшілігінің ғылыми пікірлері бойынша арийлер бейбітшілік жолмен оңтүстік көршісі болған Үндістанға біртіндеп тараған. Ғалымдардың осы пікірлері шындыққа жанасады. Себебі

Үндістанның солтүстігінде түріктердің ертедегі бабалары болған арийлердің ықпалы күшті болғанын тарих мойындайды. Арийлер отырған жерінде мемлекетті ұйымдастырып, әрі жаугершілік кезінде қолға түскен әскерлер өлтірмей, оларды құлға айналдырып, жұмысқа салып отырған. Нәтижесінде құлшылық мемлекеттің негізін салып, қоғамда құқықтық теңсіз адамдар тобы келіп шыққан. Осындай жолмен Үндістанда қастаға бөлінушілік пайда болғаны, құлшылық мемлекеттің болғанын хабарлайды. Үндістан халықтарының арасындағы осындай саяси, экономикалық және мәдени даму арийлердің ықпалында болды деген пікірлерді жазған. Арийлер руларға бөлінгенін талдап көрсеткен. Бұндай этникалық руларға бөліну – ежелден түріктерге тән қасиет. Арийлердің қолөнер кәсібінде алтыннан сәнді бұйымдарды және соғыс бұйымдарын мол шығаратыны айтылған.

Иалшын Калайы пікірінше, зерттеушілер Арийлердің Отаны деп алдымен Шығыс Еуропаның және Орталық Азияның далаларын көрсетеді дейді. Алайда, археологиялық қазба жұмыстар арийлердің ата-бабалары жайлы және олардың Батыс, Орталық және Оңтүстік Азиямен қарым-қатынаста деген деректерді өзгертіп, Үндістанға келгенге дейін еуразиялық далада өмір сүрген деген жорамалдарды күшейте түсті. Олар 4000 жылдары Солтүстік-Батыс Үндістанға келгенге дейін жылқы мен сиыр бағумен айналысқан және мыс және қола бұйымдар жасап кәсіп еткен (Yalçın, Kayalı: 112).

Үндістанның солтүстік-батысындағы ежелгі тұрғын тайпалар арийлердің Орталық Азияның оңтүстігінен келгені айтылған. Осы аймақтағы белгілі Ария өзенінің алқаптарын мекендеген этностарды ирандықтар мен үнділер арийлер деп атаған. Ежелден көршілес арийлер бейбітшілік жолмен өздерімен шекаралас Пенджабқа, кейін Ганга өзенінің жоғарғы алқабына таралып, Балх (Балық) қаласын, Ариана (Герат) қалаларын салған. Ертеде түріктер қаланы «Балық» деп атаған. Бұл аймақты арийлер иеленіп, суармалы диканшылықпен, мал шаруашылығымен, қолөнер кәсібімен және саудамен айналысқаны айтылған. Ұлы Жібек жолы Балх қаласына да келген. Корхан Каяның зерттеуі «Көшпелі шопан мәдениетімен жүрген арий тайпаларының негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болды» деуі де дәлелдей түседі (Корхан, Кая: 15).

XX ғасырда арийлер мәселесін шешуде Г. Чайлдтың пікірін қолдап, арийлердің орын тепкен мекені Қара теңіздің солтүстік далаларынан, Еділ өзенінің төменгі бойларында қола мәде-

ниетін қалыптастырған тайпалар деген пікірді қалдырған ғалымдар қатарына Топоров (1962), Стрижак (1965), Абаев (1972), Барроу (1976), М. Миллер (1987) жатқызуға болады. Аталмыш ғалымдардың айтуынша «Солтүстік Қара теңіз жағалауында ертеден-ақ, үнді-иран тайпалары өмір сүрді. Қара теңіздің солтүстік даласынан Еділ өзенінің алқаптарын қамтыған аймақтар үнді-ирандық тайпалардың алғашқы қоныстанған Отаны деген тұжырымның ғылыми негізі жоқ. Себебі Геродоттың айтуы бойынша, скифтер Алдыңғы Азияны 28 жыл билеп, өздерінің үстемдігін жүргізген. Бұл географиялық аймақ ежелден арийлердің туын тіккен Отанының бір бөлігі болып, олардың ұрпақтары скифтер, сарматтар, массагеттер Солтүстік Қара теңізден бастап, Солтүстік Кавказды және Еділ бойларын мекендеген түркітілдес этностар болғандығына бүгінгі тарих куә.

Л.Н. Гумилев, Г.А. Федоров-Давидов, А.П. Окладников, С.В. Киселев, С.П. Толстов, С.С. Черников сынды Орталық Азияны зерттеуші тарихшылар мен археолог ғалымдар б.з.б. II мыңыншы жылдардың екінші жартысында Қара теңіздің солтүстік даласын, Еділ өзенінің шығысындағы кең аймақты арийлер мекендеп, қола мәдениетін қалыптастырды. Олар ежелден Қара теңіздің солтүстігін, Солтүстік Кавказ және Еділ өзенінің алқаптарын түркі тілдес арийлердің, сондай-ақ, скиф пен сарматтардың жайлаған автохтондық Отанының бір бөлігі, – дейді. Үнді-еуропалық иран тілдес тайпалар бұл аймақта еш уақытта болмаған. Сонымен қатар ертедегі үнді-ирандық тайпалар Еділ өзенін Ранха деп атауы олардың қола дәуіріндегі мәдениетті қалыптастырды деген сөз емес. Қалыптастырушы – жергілікті түркітілдес этностардың арғы тегі арийлер болмақ. Сібір, Орал алқабын, Орталық Азияны – қола дәуірінде үлкен жерді мекен еткен түркі нәсілді этностар тамаша «Андронов мәдениетін» қалыптастырды. Ескерткіш 1914 жылы Батыс Сібірдегі Ачинсктың жанындағы Андронов ауылының маңындағы қорғаннан табылғандықтан, жәдігерлерді ауыл атына орай «Андронов мәдениеті» деп атап келеді. Алайда, қола дәуірінде өмір сүріп, алғашқы өркениеттің негізін салған арийлер екенін «Авеста» кітабындағы деректер дәлелдейтінін жоғарыда да атап өттік. Бүгінгі күнге дейін мәдениетті қалыптастырушы түркілік тайпа арийлер екендігі нақты көрсетілмеуінің де бір себебі еуропаорталықтық тұжырымдардың басым болуында жатыр. Сонымен, қола дәуірінде өмір сүріп, өз дәуірінің мәдениетін өмірге әкелген,

тарих сахнасында алғашқы өркениетке қол жеткізген этностар үнді-ирандық, үнді-еуропалық емес, түркілік «дравидтер мен арийлер» екендігін мойындау және мойындату күллі түркі жұртының міндеті болмақ.

Үнді жеріне келген арийлер өздерімен бірге б.д.д. 2000 жылы шыға бастаған көне мәдени мұралардың бірі Ведаларды ала келіп, оны жергілікті халықтың арасына кеңінен тарата бастады. Ведалар (санскрит тілінен аударғанда veda (веда) сөзі «білім» деген мағынаны білдіреді) үнді әдебиетінің б.з.д. I мыңжылдықтың 2 жартысының аяғында жазылған ең көне діни және философиялық мұралар жиынтығы болып табылады. Ол әнұрандар мен құрбандық шалу формулаларынан, теологиялық (діни) трактаттардан тұрады (Bal Gangadhar, Tilak: 319). Сондықтан Ведаларды оқу арқылы ежелгі Үндістанның мәдени-әлеуметтік өмірі туралы көптеген деректерге қол жеткізе аламыз.

Хараппа мәдениетіндегі қазба жұмыстарынан табылған мөрлердің бірінде йогалық кейіпте малдас құра отырған үш дидаклы тәңірдің жануарлармен қоршалғаны бейнеленген. Зерттеушілер бұл тәңір ведалық құдай үнді дүниетанымындағы үштіктің бірі әрі йога және жануарлар әміршісі деп есептелген Шиваның жол салушысы Рудра деп болжайды. Табылған мүсіндердің ішінде құдай-ананың, табиғат пен егін шаруашылығы қорғаушысының да мүсіндері табылды. Үнді дүниетанымындағы үштіктің құрметіне негізделген ведалар жинағының бірі Ригведа болып табылады.

Түрік үндітанушысы, ғалым Корхан Каяның пайымдауынша, Ригведа діннің және мифологияның бастауы болып табылады. Бұл бастаудың негізі шамамен 1500 де бүгінгі күнде Түркменістанның аты берілген аймақта өмір сүрген ақ түстілер өздерін арийлерміз деп атаған. Олар Пенжабтан Үндістанға қоныс аударған деседі. Олардың бір бөлігі Иранға, қалғандары Каспий теңізінен Еуропаға, тіпті Анадолыға қоныс аударғандығы жайлы деректер де бар. Осылайша уақыт өте келе үнді-еуропа деген ұғым пайда болды. Міне, сондықтан бір-бірінен алыстағы қауымдардың тілдерінде, өмір салттарында және мәдениеттерінде ұқсастықтардың болуы осында жатыр деп түсіндіреді (Корхан, Кая: 112).

Арий тайпасының үнді жеріне шоғырланып, кейін келе, тау-тастарға, аңдарға табынуларының негізінде діни сенім дәстүрі қалыптасып, үлкен мұраға айналған «Ведалар» жинағы пайда болғанын жоғарыда атап өттік. Ведалардың өзі

смирти және *шрути* болып екіге бөлініп, өзіндік мәтіннің ішкі мазмұнын құрайды (Д.М. Кокеева: 34). Алайда біз ведалар ілімі бойынша қалыптасқан әдебиетті келесі зерттеуімізде тереңірек қарастыратын боламыз.

Қорытынды

Зерттеу мақаламызды қорытындылайтын болсақ, Түркі, үнді халықтарының бәріне ортақ рухани қазына саналатын әдеби жәдігерлер тарих қойнауына енген сайын жаңа қырынан жарқырай түсіп, халықтың діни дүниетанымының аясын кеңейтуде басымдық берілетін негізгі аспектілердің біріне айналды. Дін – адамзат баласының ежелгі дүниетанымынан бастап, күні бүгінге дейінгі өмір сүруінің мәнін айқындайтын мәңгілік категория болса, әдебиет – халықпен бірге жасайтын, үнемі даму үстіндегі үде-

ріс бола отырып, сол тарихты жасаушы ұлттың ой-санасын, діни дүниетанымын айшықтайтын негізгі феномен ретінде қабылданды. Жалпы, жоғарыда атап өткеніміздей, ежелгі үнді әдебиетінің даму тарихы өте күрделі. Себебі үнді әдебиетінің дамуында екі бірдей *дравид* және *арий* тайпаларының қосқан өзіндік үлесі бар. Екі тайпаның да түбі түркілер екендігі туралы тарих зерттеушілері нақты деректермен көрсеткеніне де куә болдық. Түркілік ізі бар тайпалардың өмір сүрген уақыттарында мәдениетпен қатар, әдебиет те дамығандығын байқадық. Алайда бұл кезеңдегі әдебиет діни сенім негізінде қалыптасқандығын да баса айта кеткеніміз жөн. Түркі мәдениетімен үндесетін үнді әдебиетінің ежелгі ғасырларда туындаған діни, философиялық, дидактикалық шығармалары адамзат өркениетінің өшпес қазынасы, баға жетпес асыл мұрасы болып табылады.

Әдебиеттер

- Абылгазы, Баһадур (1987). Литература и культура древней и средневековой Индии. – Москва
- Ali, İhsan Yitik (2000). Dinler Tarihi Yazıları. D.E.Ü.İ.F., İzmir.
- Alan B. Lloyd, (1993). Herodotus. II Book, 2-impression. Leiden.
- Әнес Сарай (2017). Құс жолының қиқулы тарихы. – <https://egemen.kz/article/qus-zholynynh-qiquly-tarikhy-3> (басылым: 26.04.2017).
- Bal Gangadhar, Tilak (1903). The Arctic Home in the Vedas. India. – P. 319
- Васильев Л.С., (1998). История Востока. Том 1-2. М.: Высшая школа
- Иосиф, Флавий (1994). Иудейские древности. Т. – 1. Минск: Беларусь
- Inostransev K., (2014). Hunnu and Huns: Analysis of theories about the origin of the people of the Huns Chinese chronicles, about the origin of the European Huns and about the mutual relations of these two peoples – Moscow: Direct Media.
- Johnson, Gordon (1998). Hint dunyasi. İstanbul.
- Кокеева Д.М. (2016). Индуизм. – Алматы: Қазақ университеті.
- Korhan Kaya, (2018). Hinduizm. Dost kitabevi yayınları, Ankara.
- Korhan Kaya, (2016). Hint Felsefesinin Temelleri, Doğu Batı Yayınları, Ankara.
- Кнозоров Ю.В., (1990). Истоки формирования современного населения Южной Азии. – М.: Высшая школа.
- Kürşat, Demirci (1991). Hinduizm'in Kutsal Metinleri Vedalar, İşaret Yayınları, İstanbul.
- McNeil, W.H., (2015). Dünya tarihi. (çev. Alaeddin Şenel), İmge Kitabevi Ankara
- Плеханов Г.В., (1958). В.Г. Белинский и разумная деятельность – М.: Гослитиздат
- Токарев С.А. (1987). Мифы народов мира. Энциклопедия. Том 1. – М.: Советская Энциклопедия.
- Sami Banarali Nihad, (2007). Türkçenin Sırları. İstanbul: Kubbealtı Neşriyatı.
- Şengül, Demirel (2013). Hint İnanç Sisteminde Tanrı Anlayışı. Ankara Üniversitesi SBE, Ankara // Yayınlanmamış Doktora Tezi.
- Çobanoğlu, Özkul (2016). Halkbilimi kuramları ve Araştırma Yöntemleri Tarihine Giriş.
- Childe, V. Gordon (1925). Aryans. A study of Indo-European Origins. London.
- Yalçın, Kayalı (2018). Antik dönem Hindistan tarihi ve kültürü. Çizgi kitabevi, Ankara.
- Felicien Challaye, (2007). Dinler Tarihi (Çev. Samih Tiryakioğlu), Varlık Yayınları, İstanbul.

References

- Abylgazy, Bahadur (1987). Literatura i kultura drevnei i srednevekovoi Indii. Moskva
- Ali, İhsan Yitik (2000). Dinler Tarihi Yazıları. D.E.Ü.İ.F., İzmir.
- Alan B. Lloyd, (1993). Herodotus. II Book, 2-impression. Leiden.
- Anes, Sarai (2017). Qus jolynyn qiquly tarihı. – <https://egemen.kz/article/qus-zholynynh-qiquly-tarikhy-3> (basylym: 26.04.2017).

- Bal Gangadhar, Tilak (1903). The Arctic Home in the Vedas. India. – P. 319
- Vasilev L.S., (1998). Istoriya Vostoka. T. – 1/2. M.: B Vysshaya shkola
- Yosuf, Flavi (1994). Ideisky drevnosti. T. – 1. Minsk: B Belarus
- Inostransev K., (2014). Hunnu and Huns: Analysis of theories about the origin of the people of the Huns Chinese chronicles, about the origin of the European Huns and about the mutual relations of these two peoples – Moscow: Direct Media.
- Johnson, Gordon (1998). Hint dunyasi. İstanbul.
- Kokeyeva D.M. (2016). Hinduizm. Almaty: Qazaq universiteti.
- Korhan Kaya, (2018). Hinduizm. Dost kitabevi yayınları, Ankara.
- Korhan Kaya, (2016). Hint Felsefesinin Temelleri, Doğu Batı Yayınları, Ankara.
- Knozorov Y.V., (1990). Istoki formirovaniya sovremennogo naseleniya Yujnoi Azii. M.: Vysshaya shkola.
- Kürşat, Demirci (1991). Hinduizm'in Kutsal Metinleri Vedalar, İşaret Yayınları, İstanbul.
- McNeil, W.H., (2015). Dünya tarihi. (çev. Alaeddin Şenel), İmge Kitabevi Ankara
- Plekhanov G.V., (1958). V.G. Belinski i razumnaya deyatelnost – M.: Goslitizdat
- Tokarev S.A. (1987). Mifi narodov mira. Ensiklopediya. T. – 1. M.: Sovetskaya Ensiklopediya.
- Sami Banarali Nihad, (2007). Türkçenin Sırları. İstanbul: Kubbealtı Neşriyatı.
- Şengül, Demirel (2013). Hint İnanç Sisteminde Tanrı Anlayışı. Ankara Üniversitesi SBE, Ankara // Yayımlanmamış Doktora Tezi.
- Çobanoğlu, Özkul (2016). Halkbilimi kuramları ve Araştırma Yöntemleri Tarihine Giriş.
- Childe, V. Gordon (1925). Aryans. A study of Indo-European Origins. London.
- Yalçın, Kayalı (2018). Antik dönem Hindistan tarihi ve kültürü. Çizgi kitabevi, Ankara.
- Felicien Challaye, (2007). Dinler Tarihi (Çev. Samih Tiryakioğlu), Varlık Yayınları, İstanbul.

FTAMP 14.15.01

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o8>**Рүстемова А.¹, Ашинова Ж.Е.², Окада А.³**¹Phd докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aktolkynkz2015@gmail.com²Т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: janar72@mail.ru³PhD докторы, профессор, Токио шет тілдер университеті,
Жапония, Токио қ., e-mail: aokada@tufs.ac.jp

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАНУЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Жоғары білім беру жүйесіндегі интернационализациялану үдерісі салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, алайда аз уақыттың ішінде ол түсініктер мен тәсілдердің кең ауқымына айналды. Интернационализация – оқу орындарының қызмет көрсету саласында, зерттеуде, оқыту процесінде халықаралық және мәдениетаралық өлшемдердің интеграциялану процесі. Мақаланың басты мақсаты Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы интернационалдану үрдісінің бағыттары мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Қазақстанда жоғары оқу орындарының интернационалдану процесі мемлекеттің тәуелсіздік алуымен басталып, қазіргі таңда қарқынды түрде дамып отыр. Академиялық ғылыми-зерттеу деректері, халықаралық ұйымдардың ресми деректері мен веб-сайттар материалдарын сапалы талдау негізінде, Қазақстанда жоғары оқу орындарын интернационалдандырудың негізінен сыртқы түрі, оның ішінде кредиттік ұтқырлық жақсы дамуда, ал оқытушы-профессорлардың мобильділігі студенттермен салыстырғанда әлі де болса даму көрсеткіші төмен деген тұжырымы дәйектелді. Сонымен қатар, мобильділіктің өзінде де көбіне біржақты даму басым екені анықталды.

Түйін сөздер: Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі, интернационалдану үдерісі, академиялық мобильділік, трансшекаралық білім беру.

Rustemova A.¹, Ashinova Zh.E.², Okada A.³¹Phd doctoral student, al -Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aktolkynkz2015@gmail.com²Candidate of Historical Sciences, Associate Prof., al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: janar72@mail.ru @mail.ru³Prof., Phd Dr., Tokyo University of Foreign Studies, Japan, Tokyo, e-mail: aokada@tufs.ac.jp

Directions of Internationalization of Kazakhstani Higher Education System

The process of internationalization in higher education is relatively new, but in a short period of time it has acquired a wide range of concepts and approaches. Internationalization is the process of integrating international and intercultural criteria in the field of educational services, research and training. The main purpose of the article is to identify trends and features of the process of internationalization in higher education institutions of Kazakhstan. The process of internationalization of higher education in Kazakhstan began with the independence of the state and is currently developing dynamically. Based on the qualitative analysis of academic research data, official data of international organizations and web-site materials, it is argued that the main prospects for the internationalization of higher education institutions in Kazakhstan, including credit mobility, are well developed, however the mobility of teaching staff is still lower compared to students. The unilateral development of academic mobility is also observed.

Key words: higher education system of Kazakhstan, the process of internationalization, academic mobility, cross-border education.

Рүстемова А.¹, Ашинова Ж.Е.², Окада А.³

¹Phd докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aktolkynkz2015@gmail.com

²к.и.н., доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: janar72@mail.ru

³Phd доктор, профессор, Токийский университет иностранных языков, Япония, г. Токио, e-mail: aokada@tufs.ac.jp

Направления интернационализации системы высшего образования Казахстана

Процесс интернационализации в системе высшего образования является относительно новым, но за короткий период времени он приобрел широкий спектр концепций и подходов. Интернационализация – это процесс интеграции международных и межкультурных критериев в области образовательных услуг, исследований, обучения. Основной целью статьи является выявление тенденций и особенностей процесса интернационализации в высших учебных заведениях Казахстана. Процесс интернационализации высшего образования в Казахстане начался с обретения независимости государством и в настоящее время динамично развивается. На основе качественного анализа данных академических исследований, официальных данных международных организаций и материалов веб-сайтов аргументируется, что основные перспективы интернационализации высших учебных заведений в Казахстане, включая кредитную мобильность, хорошо развиты, а мобильность профессорско-преподавательского состава все еще ниже по сравнению со студентами. Также наблюдается одностороннее развитие академической мобильности.

Ключевые слова: система высшего образования Казахстана, процесс интернационализации, академическая мобильность, трансграничное образование.

Кіріспе

Жоғары білім беру жүйесіндегі интернационализациялану үдерісі салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, алайда аз уақыттың ішінде ол түсініктер мен тәсілдердің кең ауқымына айналды. Жоғары білімнің интернационализациялануы жайлы сөз қозғайтын көптеген зерттеулер, оның Еуропада алғашқы жоғары оқу орындары ашылған кезде пайда болғанын, атап айтқанда, Орта ғасырлар мен Еуропадағы қайта өрлеу кезеңінен бастау алатынын айтады. Мәселен, сол кездегі діни қажылықтан басқа, студенттер мен ұстаздар, профессорлар Еуропаның елдерінде немесе өзге құрлықтарда орналасқан университеттерге жаңа білім, ғылым, орта іздеп сапар шекті. Бұл қазіргі таңдағы біздің түсінігіміздегі ортақ тілді игеріп, тәжірибе алмасып, көзқарастарын бөлісуге бағытталған университет оқытушылары мен студенттерінің мобильділігін еске түсіреді. Интернационализация үдерісінің жүзеге асуына ұлттық мемлекеттер болуы шарт. Себебі, интернационализация – әртүрлі ұлттардың көзқарасы, мәдениеті тұрғысынан білім мен ғылымға деген қарым-қатынасы, білім мен дәстүрдегі пікір алмасулары болып табылады (Петрович О., 2009: 32).

Интернационализация ұғымы

1990-шы жылдардың ортасында Дж. Найт алғашқылардың бірі болып институционалды деңгейде интернационализациялану процесі

немесе ұйымдастыру әдісі деген ұғымды пайдаланды. Найт интернационализациялануды «оқу орындарының қызмет көрсету саласында, зерттеуде, оқыту процесінде халықаралық және мәдениетаралық өлшемдердің интеграциялану процесі» деген анықтама берді (Дж.Найт, 1994:7). Бұл анықтама біраз жылдар интернационализациялануды түсіндіру үшін пайдаланып келді. Алайда, институционалды негіздегі анықтаманың шектеулерін ескере отырып, Найт «ұлттық, салалық және институционалды деңгейдегі интернационализация дегеніміз – жоғары білім беруде, оның мақсаты мен функцияларына халықаралық, мәдениетаралық немесе жаһандық өлшемдерді интеграциялау процесі» деген жаңартылған анықтама берді (Дж.Найт, 2008:21). Дж.Найтқа қоса Кем және де Вит (2005), Тейхлер (2004), Альтбах, Рейсберг және Рамбли (2009) сынды көптеген ғалымдар интернационализация ұғымының күрделілігі мен оның жаһандану және аймақтандырумен байланысын, осы екі процестегі жоғары білім берудің ролін атап өтеді. Интернационализация көптеген өлшемдерді, компоненттерді, тәсілдерді және іс-әрекеттерді қамтитын кең ауқымды термин. Ол студенттерге арналған кредиттік және дипломдық ұтқырлық, академиялық алмасу және жаһандық таланттарды іздестіру, оқу жоспары мен нәтижелерін дамыту, ынтымақтастық пен бәсекелестікті дамытуға бағытталған франчайзинг пен салалық кампустарды дамыту және т.б. әрекет-

терді қамтиды. Бірінші кестеде Найт белгілеген төрт жалпы көзқарас: белсенділік, құзіреттілік, ұстаным және процеске (Knight, 1997: 6) сәйкес, өзге ғалымдардың интернационализация ұғымына қатысты берген анықтамаларының классификациясы көрсетілген.

Белсенділік аспектісінен қарастырғанда, жоғары білім берудегі интернационализация – халықаралық білім берудің оқу процесіне интеграциялану үрдісі. Бұл ұстанымды жақтаушылар ретінде Харари, Класек, т.б. ғалымдарды атауға болады. Ғалымдардың пікірінше іс-шараларға негізделген мұндай тәсіл халықаралық ынтымақтастықтың артып, ұлттық қауіпсіздіктің күшеюіне және экономикалық бәсекелестік қабілетінің өсуіне септігін тигізеді.

Құзіреттілік тарапынан қарастырғанда, Содеквиттің пайымдауынша интернационалдандыру «оқытудың сапасын арттыру және қажетті құзіреттілікке жету үшін, оның тұтас басқаруының барлық аспектілерінде халықаралық өл-

шемдерді енгізу арқылы ұлттық жоғары оқу орнынан халықаралық жоғары оқу орнына айналу процесі» (Soderqvist, 2002:29) болып табылады. Интернационализация институттың оқу және зерттеу жұмыстырына қатысты мүмкіндіктерін жақсартады және университетке өз курстарын халықаралық нормаларға сай бағалауға мүмкіндік береді. Әдетте университеттер шет елдік студенттерді қызықтыру үшін, сонымен қатар жоғары білікті отандық студенттер мен жоғары дәрежелі ғылыми қызметкерлерді тарту үшін интернационализацияланады.

Дүниетаным, ұстаным тұрғысынан алғанда интернационализация дегеніміз жетекші мекеменің қолдауымен халықаралық кампус сипатын күшейту процесі болып табылады.

Ғалымдардың соңғы тобы интернационализацияны тұрақты үдеріс ретінде қарастырып, оған оқу, зерттеу және институттың қызмет көрсету функцияларына халықаралық, мәдениетаралық өлшемдерді енгізу деп түсіндіреді.

1-кесте – Интернационализация ұғымына қатысты ғалымдардың берген анықтамаларының классификациясы (Blanca L. Delgado-Márquez et.al, 2011: 270)

Жоғары оқу орындары жағдайындағы интернационализация

1. Белсенділік

Интернационализация – әсіресе халықаралық студенттердің оқу процесіне қатысуы, студенттердің, оқытушылардың алмасуын қоса алғандағы оқу процесіндегі мәдениетаралық өлшемдерге баса назар аударатын жоғары білім берудегі белсенділік іс-шаралары.

Харари (1992)
Класек (1992)
Арум және Ване де Уотер (1992)
Местенхаузер (1998)
Грин және Олсон (2003) Джавалги (2003)
Пауэл (2004)
Грин және Шоенберг (2006)

2. Құзіреттілік

Интернационализация – жаһандық нарықта бәсекелесу үшін маңызды болып табылатын дағдыларды, білімді, көзқарастарды және құндылықтарды дамытуға баса назар аударатын үрдіс.

Содеквист (2002)
Ван дер Венде (2007)
Аюби, Масуд (2007)
МакГован және Поттер (2008)
Элькин және басқа (2008)
Липсетт (2009)

3. Дүниетаным, ұстаным тұрғысынан

Интернационализация – мәдениетаралық, халықаралық перспективалар мен бастамаларға қолдау көрсететін, бағалайтын қолайлы орта мен жағдай жасау.

Пискерт және Терлингтон (1992)
Хансон және Мейерсон (1995)

4. Тұрақты үдеріс

Түрлі іс-шаралар, саясат, рәсімдерді үйлестіру арқылы оқыту, зерттеу және қызмет көрсету салаларына халықаралық, мәдениетаралық өлшемдерді интеграциялауды көздейтін үрдіс.

Найт (1994)
Шурман (1999)
Де Вит (2002)
Олсон (2001)

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан түйетініміз, интернационализация – халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық мазмұн мен өлшемдердің жоғары білім беру институттарының функциялары мен мақсаттарына интеграциялануын сипаттайтын көп қырлы, көп өлшемді үрдіс (Ота, 2018: 93).

Жоғары оқу орындарының интернационалдану түрлері

Жоғары білім берудің интернационализациялануы дегеніміз не, немесе ол қалай жүзеге асады деген сауалдарға жауап беру барысында, интернационализацияның саясаты мен бағдарламасында, үздіксіз дамып, өзара байланыста болатын негізгі екі компонент бар (Knight, 2008, p. 22-24). Оның бірі – сыртқы интернационализациялану (internationalisation abroad), оның ішіне білім беру саласындағы шет елдерде жүзеге асып жатқан барлық іс-шаралар кіреді. Мәселен: студенттердің немесе оқытушылардың алмасуы, жобалар, бағдарламалар мен провайдерлер. Екіншісі ішкі интернационализация (internationalisation at home), ол өз кезегінде оқу жоспарына бағытталған және бір елдің ішіндегі оқу орындары арасында жүзеге асады. Интернационализацияның қай түрі болса да оқу бағдарламалары мен халықаралық, жаһандық, мәдениетаралық түсініктің дамуына бағытталған.

Сыртқы интернационалдану өз кезегінде төменгі компоненттерден тұрады:

- Кредиттік мобильділік
- Қызметкерлердің мобильділігі
- Толық академиялық деңгейді алу ұтқырлығы
- Траншекаралық жеткізу

Шет елдік студенттер мобильділік бағдарламаларымен Erasmus сияқты қысқа мерзімді алмасуға немесе толық дипломды бағдарламалармен шет елге оқуға баруы мүмкін. Жоғары оқу орындарында шет елдік студенттердің оқуы оларды қабылдаушы университеттермен қатар үкімет, қала әкімшілігі және «жоғары білім бе-

ру бизнесіне» қатысы бар өзге ұйымдар үшін маңызды. Осыған дейін оқытушылардың мобильділігі стратегиялық тұрғыдан азырақ дамыған болатын, алайда оқу бағдарламасының интернационалдануының арқасында, оның да маңызы артуы мүмкін.

Студенттер мобильділігі

Кредиттік мобильділік немесе ұтқырлық интернационалдану саясатында маңызды рөл атқарады. Әсіресе еуропалық саясатта оның орны ерекше, себебі ол жұмысқа тұру мүмкіндігіне, білікті мамандардың миграциясына және оқу орындары берген деңгейлердің мобильділігіне тікелей әсер етеді. 2012 жылы Еуропалық Одақ өзінің бетке тұтар Erasmus бағдарламасының 25 жылдығын атап өтті. 1987 жылы басталған бұл бағдарламаға осыған дейін үш миллионнан астам мобильді студенттер қатысып, қатысушы елдер саны 11-ден 33-ке дейін көбейген (Hans de Wit et all, 2015: 50).

Екінші кестеде аймақ бойынша соңғы алты жылда шет елге оқуға кеткен студенттердің саны көрсетілген. ЮНЭСКО-ның ақпараттарынан түйетініміз, жылдан жылға жоғары оқу орындарының интернационалдану көрсеткіші жоғарылауда. Қай аймақты алсаңыз да студенттер ағымы толастамауда. Бір қызығы, көп жағдайда Араб елдерінің студенттері академиялық мобильділік бойынша Франция мемлекетін (29%), Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің студенттері Германияны (16%), Орта Азиядан шыққан студенттер Ресей Федерациясын (46%), ал Шығыс Азия мен Тынық мұхиты (28%), Латын Америка мен Кариб теңізі елдерінің (33%) жастары Американы таңдайтын көрінеді. Батыс Еуропалық студенттер Ұлыбританияны жөн көрсе (23%), Оңтүстік және Батыс Азия мемлекеттерінен шыққан студенттер (38%) АҚШ-ты таңдайды екен (Varghese, 2013: 14).

2-кесте – Шет елге оқуға кететін студенттер саны (аймақ бойынша)

Көрсеткіш	Шет елде оқитын халықаралық жоғары оқу орындарының студенттері, барлық елдер (адам)					
	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Барлық әлем	4058385,2	4230286,1	4495944,3	4787696	5085893	5085159,4
Араб елдері	327216	355435	406524	441533	481314	468762
Орталық және Шығыс Еуропа	419840	419729	429912	442372	451169	450692

2-кестені жалғасы

Орталық Азия	150268	175199	221047	248841	274505	271434
Шығыс Азия және Тынық мұхиты елдері	1146533	1170156	1228372	1296950	1368347	1367025
Латын Америка және Кариб теңізі елдері	258146	265476	280854	299782	311368	312128
Солтүстік Америка және Батыс Еуропа	623571	642693	660722	681165	692625	692933
Оңтүстік және Батыс Азия	366475	385169	441963	501113	572279	568830
Оңтүстік Сахара және Африка	290917	296148	330676	355664	372273	367482
Шағын дамушы арал мемлекеттері	95326	96181	97285	98574	101430	101241

Ақпарат көзі: <http://data.uis.unesco.org>

Оқытушылар мобильділігі

Мобильділік жайлы сөз қозғалғанда, негізгі көңіл студенттерге бөлінеді. Алайда, сирек те болса оқытушылар мен университет қызметкерлерінің мобильділігі жүйелі түрде іске асып отырады. Университет аралық келісімшарттар ұстаздар мен зерттеушілерге арналған академиялық алмасу бағдарламаларын да қамтиды. Алайда, көп жағдайда шешім кафедралар мен жеке ғалымдардың қалауына байланысты болады. Постиглионе мен Альтбахтың пікірінше: «Университетте сабақ беретін оқытушылар кез келген академиялық ортаның интернационалдану стратегиясында негізгі рөл атқаратыны анық. Анығын айтқанда, профессорлар – филиалдарда сабақ беретін, франчайзинг бағдарламаларына арналған оқу жоспарларын құратын, шет елдік әріптестерімен бірлесіп зерттеулер жүргізетін, шет елдік студенттерге дәріс беретін, халықаралық басылымдарда мақала жариялайтын адамдар. Шынында ғалымдардың толық, белсенді және ынталы қатысуынсыз, интернационализациялау әрекеттері сәтсіздікке ұшырайды» (Постиглионе мен Альтбах, 2013: 11).

Толық академиялық деңгейді алу ұтқырлығы

2000 жылдан 2010 жылға дейін жаһандық деңгейдегі мобильділік 2,1 миллионнан 4,1 миллионға дейін артып, орташа жылдық көрсеткіші 7,1% құрап, 2020 жылы жеті миллионға жетеді деп күтілуде. Оның 41% Еуропаны, ал 21% АҚШ-ты таңдайды деп күтілуде. Ал, ең тез дамып келе жатқан өңірлер ретінде Латын Америкасын, Кариб теңізі мен Азия-Тынық мұхиты аймағын атауға болады. 2010 жылғы деректерге сүйенсек,

оқу ақысы жоғары болғанына қарамастан студенттердің басым бөлігі, нақтырақ айтқанда 37% ағылшын тілінде сөйлейтін елдерді таңдаған, оның ішінде Америка 17%, Ұлыбритания 13% және Австралия 7%. Одан кейінгі кезекте оқу ақысы салыстырмалы түрде төменірек болып табылатын Германия мен Франция орналасқан. Франция шет елдік студенттерді мықты тарихи, мәдени және лингвистикалық тұстарымен қызықтырса, Германия халықаралық оқу аймағы ретінде өзінің атағын шығару үшін біраз қаражат бөлді.

Трансшекаралық білім беру

Трансшекаралық немесе трансұлттық білім беру дегеніміз – студенттердің академиялық дәреже беретін оқу орны орналасқан мемлекеттен бөлек елде оқуы (O'Mahony, 2014). Бұл студенттердің трансшекаралық ағымынан басталып, орталықтар мен кампустардың дамуына ұласып, соңында бағдарламалардың виртуалды мобильділігін қалыптастыратын, жоғары оқудың жаһандану кезеңін білдіреді (Varghese, 2013). Оның ерекшелігі, осы үлгіні пайдаланатын елдер мен мекемелер санының шектеулігінде.

Шет елдік жоғары оқу орындарының филиалдары мен франчайзинг операцияларының санының өсуі маңызды болғаны соншалық, Британ Кеңесі мен DAAD (2014) баяндамаларында ол «бірқатар дамушы елдердегі жоғары білімнің маңызды құрамдас бөлігі» ретінде сипатталған. Шын мәнінде бұл кампустар мен операциялардың басым бөлігі дамушы елдерде орналасқандығын атап өту қажет, ал оның негізін қалаушылар ағылшын тілді мемлекеттер болып табылады. Мәселен, бакалавр деңге-

йіне қабылданған Ұлыбритандық студенттердің 20% оффшорлық кампустарда немесе аталмыш елдің жоғары оқу орындарының франшизалық бағдарламаларын иемденген шет елдік университеттерде оқиды (Альтбах, 2012:7). Дәл сол сияқты Австралияның халықаралық студенттерінің 25%-дан астамы шет елдерде оқиды.

Қазақстандағы ЖОО интернационалдануы

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бастап, басты басымдық, бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеулік қызметті жүргізу үшін қажетті адами ресурстарды дамыту мәселесі тұрды. Бұл мәселені шешуде Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1993 жылы шетел университеттерінде білім алып, дамыған елдердің озық тәжірибелерін ел экономикасын көтеруге қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» бағдарламасын қабылдап, бұл бағдарлама бүгінгі таңда да жүзеге асырылуда. Осы «Болашақ» бағдарламасы арқылы Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі алғашқы интернационализациялану үрдісі жүрді деп айта аламыз. «Болашақ» халықаралық стипендиясы іске асырылған жылдары әлемнің 35 еліндегі 170 үздік жоғары оқу орындарында оқу үшін 12 000-нан астам қазақстандыққа стипендия тағайындалған (<https://www.bolashak.gov.kz/kz/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html>).

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің интернационализациялануының негізгі қадамы Болон үрдісіне сай жоғары білім беру саласында жүргізілген реформалармен байланысты болғаны белгілі. Атап айтқанда, жоғары білім беру жүйесінің үш сатылы құрылымға көшуі, оқу жоспарларына, бағдарламаларына, оқыту әдістеріне өзгерістер енгізе отырып, шет елдерден білікті профессорлар мен ғылыми қызметкерлерді дәріс оқу үшін шақыру, шетелдік студенттерді оқуға тарту, профессор-оқытушылар мен студенттер арасында халықаралық академиялық ұтқырлықты, халықаралық біріккен зерттеу жобаларын жүзеге асыру жұмыстары жобаланған болса, бүгінгі таңда осы жоспарлар республикада орналасқан түрлі деңгейдегі жоғары оқу орындарының қатысуымен жүзеге асып жатқаны белгілі.

Негізінен білім беру саласының интернационализациялануы мәселесінің әрбір бағыты мемлекеттік деңгейдегі маңызды құжаттарда айқындалған. Атап айтқанда, білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезең көшу арқылы,

даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру; коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ды халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау мәселелері «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамда» белгіленген (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары – еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту; әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу; білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу. Осы мақсаттарға жету үшін 2020 жылға дейін орындалуы керек міндеттердің қатарында – жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің, оның ішінде коммерциялық негізде оқитындардың үлес салмағын – 3%-ға жеткізу мәселесіне баса назар аударылған. Жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің параметрлеріне сәйкестендіру арқылы жоғары білімнің еуропалық аймаққа енуін қамтамасыз ету мақсатында – білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнында тандау бойынша компоненттерді көбейту арқылы – академиялық еркіндікті дамыту, Болон декларациясының принциптерінің бірі ретінде академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында білім алушыларды оқудың барлық кезеңінде кемінде бір академиялық кезеңде шетелде, оның ішінде Президенттің «Болашақ» бағдарламасының гранты есебінен оқытылу, академиялық ұтқырлық орталығын құру, білім беру бағдарламаларын іске асыруға және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру көлеміне байланысты республиканың ЖОО-лары жіктеушінің жүйесін құруды жоспарланған (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>).

«Білім беруді дамыту – 2050 мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2010 жылдан «Болашақ бағдарламасы студенттерінің 100% магистратура және докторантура бағдарламасында оқиды немесе бір семестрден бір академиялық жылға дейінгі ұзақтығы бар ғылыми тағылымдамадан өтеді» (2014) (Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған білім беру жүйесін реформалаудағы стратегиялық бағыттарды әзірлеу. Диагностикалық есеп, 2014:147). Халықаралық жағдайда студенттердің ұтқырлық мәселесіне жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей 2020 жылға қарай студенттердің ұтқырлы-

ғы 5,8 млн, ал 2025 жылға қарай 8 млн адамға артады деп күтілуде. Бүгінгі таңда студенттердің мобильділігі негізінен алты елдің аумағында жүзеге асуда. Олар: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Австралия, Жапония. Еуропа негізінен шет елдік студенттерді қабылдайтын аймақ болса, ал Азия шетелге студенттерін жіберетін аймақтардың тізімін бастап, ЭЫДҰ (OECD) құрамындағы елдерде оқитын шетелдік студенттердің 43%-ын құрап отыр (Яновская О., 2012: 12). Ресей ғалымдарының пікірінше, ТМД аумағында білім беру ісінің интернационализациялануында Қазақстан мен Татарстан алдыңғы орында тұр. Оның айқын көрсеткіші ретінде 2000-2010 жылдар аралығында қазақстандық түлектердің басым бөлігі (27 833 адам) жоғары білімді Ресей университеттерінде алуымен айқындалса, келесі бір себебін 2012-2020 жж. арналған академиялық ұтқырлық Стратегиясының қабылдануымен байланыстырады (Егер М., 2015: 31). Стратегияны жүзеге асыруда академиялық ұтқырлықты дамытуда төмендегі мәселелерге баса назар аударылады:

- ішкі ұтқырлықты жандандыру;
- сыртқы ұтқырлықтың сапасын арттыру;

Қазақстанға келетін шетелдік оқытушылардың, зерттеушілердің, студенттердің сапасын арттыру (кіріс ұтқырлығы)

– көптілді білім беру қағидаттарын жүзеге асыру;

– жоғары оқу орындарының шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен және халықаралық ұйымдармен тікелей баланысын кеңейту. Стратегияны жүзеге асыру барысында 2020 жылға қарай студенттердің 20% академиялық ұтқырлықтан өтеді деп жоспарланған (Стратегия, 2012: 6-7, 11). Осы Стратегияны жүзеге асыру үшін әрбір жоғары білім беру жүйесі өздерінің жоспарларын жасады. Солардың бірі – М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті. Университет Эразмус Мундус халықаралық бағдарламасы бойынша Польша, Испания, Греция, Германия, Португалия, Швеция, Австрия, Қазақстан, Өзбекстан елдерінің 18 жоғары оқу орны мен 6 қауымдастырылған мүшесі қатысатын «Трансферт знаний, навыков и идей в Центральную Азию-TOSCA2» жобасын жүзеге асыруға қатысуда (<https://wksu.kz/kz/2016-01-28-14-24-14/dualdy-o-ytu-zh-jesi-men-leumettik-seriktestikter-arasynda-y-kelisimsharttytizimi/53-catuchpro/476-b-mu-2012-2020-zhyldar-a-arnal-an-internatsionaldandyru-strategiyasy>). Ұлыбритания мен Қазақстан үкіметінің бастамасымен 2014 жылы басталып бес жылға

жоспарланған «Ньютон – Әл-Фараби» серіктестік бағдарламасы: энергетика, денсаулық сақтау және әл-ауқат, ауылшаруашылығы технологиялары, төтенше жағдайлардан кейін қалпына келтіру қабілетін қалыптастыру, экология мен қоршаған орта, азық-түлік және су жүйесіне қатысты бірлескен ғылыми-зерттеулер мен мамандармен алмасуға бағытталған (Обзор, 2017: 29).

Негізінен Қазақстандағы университеттер академиялық ұтқырлықтың екі түрін жүзеге асырады: сыртқы (халықаралық) және ішкі (мемлекеттің аумағында). Сонымен қатар, Тараз декларациясы негізінде ішкі кредиттік академиялық ұтқырлық та жүзеге асуда. Оған 2014-2015 жылдары 1020 білім алушы қатысқан. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі интернационализация экспорт-импорт формуласында жүзеге асуда. Оның көрінісі, 2014-2015 жылдары Қазақстанға бір айдан бір семестрге дейінгі уақытқа Қытай, Ресей, Өзбекстан, Үндістан, Моңғолия елдерінен 9077 шетелдік білім алушылар келген болатын. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама өскенін көрсетеді (Обзор, 2017: 27-28).

Жоғары білім беру жүйесін интернационализациялаудың бір бағыты – профессор-оқытушылардың академиялық ұтқырлығы болып табылады. 2009 жылдан Білім және ғылым министрлігі «Шақырылған профессорлар» бағдарламасын қаржыландыра бастады. Бүгінгі таңда бағдарлама бастау алған уақыттан бастап 2017 жылға дейін Қазақстанға шамамен Еуропа, АҚШ, Азия және Ресейден 7000-ға жуық профессорлар дәріс оқуға келген. Осы уақыт аралығында 209 бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары да жүзеге асқан. Қазақстандық және Германия, Польша, Швейцария, Ұлыбритания, Түркия, АҚШ елдеріндегі университеттері арасындағы серіктестік аясында 600-ге жуық қазақстандық оқытушылар шетелге дәріс оқуға кеткен (Обзор, 2017: 28). Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен республикадағы ЖОО-ның педагогикалық мамандықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру Бағдарламасы негізінде, 2012-2015 жылдары 933 оқытушы «Өрлеу» БАҰҚ АҚ-ның серіктес шетелдік ЖОО-да (Ньюкасла университеті, Ұлыбритания; Цукуба университеті, Жапония; Валенский политехникалық университеті, Испания; Порта Жоғары техникалық университеті, Португалия; Менеджмент және технологиялар Халықаралық академиясы, Германия) аралас оқыту әдісі негізінде біліктіліктерін арттырған (Обзор, 2017: 23).

Ал «Қос дипломды білім» бағдарламасын жүзеге асырып отырған аймақтық университеттердің бірі – Yessenov University. Теңіз саласындағы мамандарды дайындайды. Бұл университет Өзірбайжан мемлекеттік теңіз академиясымен (ӨМТА) ынтымақтаса отырып, «Қос дипломды білім» бағдарламасына сәйкес Yessenov University студенттері бірінші курстың екінші семестрінен бастап оқуды ӨМТА жалғастырып, сонымен қатар Yessenov University оқу орнында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқуларын жалғастыру мүмкіндігіне ие. Ал университеттің профессор-оқытушылар құрамы Халықаралық конвенция талаптарына сай түрлі шетелдік оқу орындарында біліктіліктерін арттырып отырады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, интернационалдандыру кең мағынада объектінің бағдарының қызметін

халықаралық өлшеммен, мысалы, жоғары оқу орындарының халықаралық бағытта дамытуға деген ұмтылысын көрсетеді. Қазақстанда жоғары оқу орындарының интернационалдану процесі мемлекеттің тәуелсіздік алуымен басталып, қазіргі таңда қарқынды түрде дамып отыр. Қазақстанда интернационалданудың негізінен сыртқы түрі, оның ішінде кредиттік ұтқырлық жақсы дамуда. Ал, оқытушы-профессорлардың мобильділігі студенттермен салыстырғанда әлі де болса даму көрсеткіші төмен. Академиялық мобильділіктің өзінде де көбіне біржақты даму анық байқалады, мәселен шет елдерден Қазақстанға келуші студенттерден гөрі сырт елдерге кетуші студенттердің саны басым. Ал, оқытушы-профессорлардың ұтқырлық көрсеткіші кері бағытта басымдық көрсетеді. Дегенмен, түрлі халықаралық, отандық және университет аралық келісімшарттар мен бағдарламалардың арқасында, Қазақстандағы жоғары білім берудің интернационалдануы одан әрі дами деп сенеміз.

Әдебиеттер

- Петрович О.Г. (2009) Глобализация системы высшего образования России: основные направления деятельности //Известия Саратовского университета, – Т. 9. Серия Социология. Политология. – Вып. 2. – С. 31-34
- Knight, J. (1994). Internationalization: Elements and checkpoints (Research Monograph, No. 7). Ottawa, Canada: Canadian Bureau for International Education. Retrieved from <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED549823.pdf>
- Knight, J. (2008). Higher education in turmoil. The changing world of internationalisation. Rotterdam, the Netherlands: Sense Publishers.
- Knight, Jane (1997). Internationalization of Higher Education: A Conceptual Framework. In: Knight, J.; De Wit. H. (eds). Internationalization of Higher Education in the Asia Pacific Countries. Amsterdam: European Association of International Education (EAIE). Pages 5-19.
- Soderqvist, Minna (2002). Internationalization and Its Management at Higher-Education Institutions: Applying Conceptual, Content and Discourse Analysis. Helsinki: Helsinki School of Economics, 285 p.
- Blanca L. Delgado-Márquez, Nuria Esther Hurtado-Torres and Yaroslava Bondar. (2011) Internationalization of Higher Education: Theoretical and Empirical Investigation of Its Influence on University Institution Rankings. RUSC vol. 8 No 2 | Universitat Oberta de Catalunya | Barcelona, July 2011, pp. 265-284)
- Hiroshi Ota (2018) Internationalization of Higher Education: Global Trends and Japan's Challenges. Educational Studies in Japan: International Yearbook No. 12, March, pp. 91-105
В статье рассматриваются исследования зарубежных и казахстанских ученых религиозных воззрений Абу Насра ал-Фараби. Современные ученые как раньше, так и сейчас продолжают изучать творчество аль-Фараби. Ученые находили и до сих пор находят в его трудах поддержку основных доктрин исламской религии. В статье дается хронологический обзор истории изучения религиозных воззрений Абу Насра ал-Фараби в мировой науке и в Казахстане, опубликованных в советское время и годы независимости, определяются основные концепции, выдвинутые в их содержаниях. Также рассматриваются жизнь и творчество Второго Учителя после Аристотеля – Абу Насра аль-Фараби, ссылаясь на исторические сведения в арабских источниках, и раскрывается огромный вклад ученого в развитие науки в средневековой арабо-мусульманской цивилизации. Письменные памятники Абу Насра аль-Фараби и бесценные сведения о древнем Отыраре (Фараб), дошедшие до нас через библиографические и энциклопедические труды средневековых арабоязычных историков-летописцев, считаются важными источниками для современного фарабиеведения.

Определяются роль и важность государственных программ, которые осуществляются по инициативе Первого президента РК, – "Культурное наследие", "Народ – в потоке истории", "Семь граней Великой Степи", в возвращении богатейших письменных памятников Абу Насра аль-Фараби на свою Родину – Казахстан.

Ключевые слова: наследие аль-Фараби, религия и философия, религиозные воззрения, концепция, исследования.

Кіріспе

Әлемдік ойдың үздігі Әбу Наср әл-Фарабидің (870-950) өмірі мен шығармашылығы жайлы ең алғашқы дереккөздер қызметін ортағасырлық араб тілді классикалық еңбектер атқарса, ойшыл мұрасының ғылым тарихында зерттелуі XIX ғасырдың ортасынан бастап жазыла бастаған ғылыми еңбектерде жүйеленді. Сан қырлы ғылым саласын философия мен логикадан тарата зерттеген ғалымның Аристотель негіздеген Ғылымдар жіктемесінің (классификация) қатарын Мұсылман Шығысында өзгеше өрбітуі сол кездегі рухани мәдениеттің элементі болған діннің ғылым ретінде қалыптаса бастауымен тікелей байланысты еді.

Әйгілі ортағасыр кезеңінде өмір сүрген әл-Фарабидің дүниетанымдық көзқарасының берік қалыптасуының бір қыры антикалық ғылыми дәстүрде жатса, алтын дәуір өмірге әкелген әртүрлі құдайлық, діни-құқықтық мектептер мен Құран, сүннет, пайғамбар, мұсылман құқықтары сынды дін туралы ғылымның пайда болуы екінші жағынан зор әсер етті. Ақыл-ойға негізделген рационалдық ғылымдар мен діни ілімдер арасынан ортақтастық іздеп, оларды үнемі үйлесімділікке шақырып отыру Әбу Наср әл-Фарабидің бүкіл ғылыми ойының мәні мен шығармашылығының басты ұстанымы еді.

Әбу Наср артына бай мұра қалдырды. Оның көпсалалы теориялық ілімдерінің қатарында дін мен философия бірлігі идеясы өзіндік орынға ие.

Араб-Мұсылман ғылымының негізгі мазмұнын беретін ортағасырлық библиографиялық-энциклопедиялық сипаттағы жазба мұралар арқылы жеткен Отырар ойшылы мен оның еңбектері туралы деректер XIX ғасырдың соңына ала әлемдік ғылыми ойдың өзекті зерттеу тақырыбына айналса, ғалымның ғылыми мұрасының мазмұнын құраушы негізгі элементтердің бірі дінге қатысты тұжырымдары XX ғасырдың ортасында зерделене бастады.

Негізгі бөлім

Ғылым тарихындағы әл-Фараби мұрасының дінге қатысты қырлары туралы алғашқы ғылыми тұжырымдар ислам философиясы мен әл-Фараби мұрасына арналған іргелі зерттеу еңбектер жазған америкалық ғалым Лео Штраус (*Leo Strauss*) (1899-1973) зерттеулерінде көрініс тапты.

Ғалым Лео Штраус «Philosophie und Gesets» «Философия және шариғат кітабы» (كتاب الفلسفة و الشريعة) (1935 ж.) атты неміс тілінде жазылған еңбегінде әл-Фараби, ибн Сина, ибн Маймонид сынды ойшылдардың пайғамбарлық туралы көзқарастарын қарастырған. Лео Штраус мұнда

эл-Фарабидің дінді философиялық тұрғыдан түсіндіргеніне тоқталады. Сондай-ақ, зерттеуші дінге жаңаша сипаттама беруде эл-Фараби философиясына сүйене отырып дін туралы тың идеяларды дамытуға тырысқан. Ал «*Quelques remarques sur la science politique Maimonide et de Farabi*» «Ибн Маймонид және эл-Фарабидегі азаматтық саясат туралы кейбір ескертпелер» ("بعض الملاحظات حول العلم المدني لدى ابن ميمون و الفارابي") (1936 ж.) атты зерттеуінде Лео Штраус ортағасырлық философ ибн Маймонид Тәурат кітабының тәпсірін беруде эл-Фараби философиясынан көп әсерленгенін айта келе, Отырар ойшылының өз еңбектерінде натурализмді де ("المذهب الطبيعي"), діни экстремизмді ("التطرف الديني") де жоққа шығарғанын, бұл ғалымның дінге деген көзқарасына қатысты сыни пікірлер тудыратынын алға тартады (Leo Strauss, 1936: 67 б.).

Әлемдік фарабитану ғылымындағы ойшылдың діни көзқарастары тұжырымдалған келесі зерттеу еңбек неміс шығыстанушысы Ханс Дейбер (*Hans Daiber*) (т.ж.1942) қаламына тән. Ол «*The rule as philosopher: a new interpretation of Al-Farabi's view*» (1986 ж.) атты зерттеу еңбегінің «*Farabi's thesis of "religion" as imitation of philosophy*» тарауында эл-Фарабидің көзқарасы бойынша діннің философияға еліктейтінін ("محاكية للفلسفة"), философияның да, діннің де қарастыратын мәселелері ортақ, екеуі де болмыстардың түпкілікті мәнін ("المبادئ القصوى") беруге ұмтылатынын, екеуінің де болмыстардың алғашқы негізі ("المبدأ الأول") мен бірінші себебі ("السبب الأول") туралы білімге ие екенін, түптеп келгенде, философияның да, діннің де мақсатта ортақ, әдіс-тәсілде ғана өзгеше болатынын, философия философиялық дәлелдер мен білімге иек артса, дін заттардың мәніне еліктейтін концепцияларға сүйенетінін тұжырымдайды (Hans Daiber, 1986: 13 б.).

Фарабитану саласындағы батыстық зерттеушілердің бірі Дж.Дамиен (*Damien Triffon Janos*) эл-Фарабидің космология ілімі, жаңаплатондық ілімнің ислам дінімен астасуы, метафизика, пайғамбарлық идеясын зерттеген біршама зерттеу мақалалар ("Al-Farabi on the Method of Astronomy", "Intellect. Substance and Motion in Al-Farabi's cosmology" "Method, structure and development in al-Farabi's cosmology",) жариялады.

Эл-Фараби шығармашылығындағы діннің рөлі туралы зерттеулердің үлкен бір бөлігі ирандық ғалымдардың үлесіне тиесілі. Әбу

Насрдың дінге қатысты ой-пікірлері белгілі ирандық фарабитанушы Иран Ғылым академиясының президенті Ризо Довари Ардаканидің (Ризо Довари Ардакани, 2014: 132 б.) «Аль-Фараби – основоположник исламской философии», «Гражданская философия аль-Фараби» т.б. еңбектерінде зерделенді. Ғалым Ардакани эл-Фарабидің грек ойшылдары Аристотель мен Платон философиясын зерттей отырып, нәтижесінде, философия тарихында алғашқы болып дін, діни құқық ұғымдарымен астасқан жаңа философиялық принциптерді ашқанын, дәл осы себеп оны ислам философиясының негізін салушы мәртебесіне дейін көтергенін айтады. Ортағасырлық ислами ойдың басты тақырыптарының бірі болған дін мен философия бірлігі мәселесінде ойшылдың дінге қарағанда философия уақыт жағынан діннің алдында әрі діннен гөрі жоғары деген тұжырымы философ пайғамбардан үстем деген ойға жетелейтінін, дегенмен, эл-Фараби түсінігінде дін – философияның рәмізі екенін ескерсек, оның пайғамбар бейнесі арқылы философ тұлғасын қалыптастыру, яғни философия пайғамбар дәрежесіне дейін көтеру идеясы айқындала түсетінін ескерттеді.

Заманауи ирандық ғалым Тегеран университетінің профессоры Голам Хусейн Ибрахим Динани (Голам Хусейн Ибрахим Динани, 2013:10 б.) өзінің басты зерттеу еңбектерімен қатар, эл-Фараби іліміндегі *дін мен философия бірлігі, болмыс, әлем, Құдай, міндетті бар, мүмкін бар, эманация, аян беру, пайғамбарлық* тақырыптары туралы құнды ғылыми ой-пікірлерін үнемі жазып келе жатқан ғалым. Ол «Аль-Фараби и религия» атты зерттеу мақаласында сырттай бірін-бірі жоққа шығаратын құбылыстардың арасынан ортақтастық іздеу эл-Фараби шығармашылығының айшықты қыры екендігіне тоқталады.

Зерттеуші Ибрахим Динани дін мен философия бірлігі мәселесі эл-Фараби философиясының негізгі өзегі екенін ерекше атап өтеді. Болмыс мәселесінде Отырар ойшылының міндетті және мүмкін ұғымдарын алға шығарғанын, қажетті бар барлық мүмкін барлардың түпкі мәні ғана емес, сонымен қатар, олардың себебі де екенін, міндетті бардың мәңгілігін дәлелдеу арқылы діннің негізгі – басталу және аяқталу (ақыреттік өмір) екі принципін түсіндіргенін тұжырымдайды. Эл-Фарабидің *аян беру* және *пайғамбарлық концепциясы* дін мен философияны біріктіретін маңызды принциптердің бірі екенін айтқан ғалым Голам Хусейн ойшыл

ұсынған философиялық термин «*әрекетшіл ақыл*» (العقل الفعال) ұғымының универсалды шындық болып табылатын аян беру періштесі – *Жеб-рейілмен* барабар екенін түсіндіреді.

Ибрахим Динани «Второй учитель: мусульманин и философ» атты сұхбатында Аристотель негіздеген бүкіл болмыстардың бастауы саналатын «*алғашқы түрткі*» ("المحرك الأول") терминін әл-Фараби ислами түсінікке бейімдеп «*қажетті бар*» ("واجب الوجود") терминімен алмастырғанын, себебі ислам әлемінде алғашқы түрткінің ешқашан қажетті бар бола алмайтынын ғылыми дәлелдейді. Екінші ұстаздың философиялық мәселені шешудегі бұл таңдауы оның бір мезетте әрі философ әрі мұсылман екенін көрсететінін, өйткені болмыс принципін түсінуде «мұсылман емес философ» немесе «философ емес мұсылман» көзқарастарымен салыстырғанда әйгілі тұлға әл-Фараби сынды «философ-мұсылман» бұл мәселеге өзге қырынан келетінін жеткізеді.

Отырар ойшылының діни көзқарастары туралы келесі бір маңызды ой Иран Ислам республикасы (ИИР) Философия институтының директоры профессор Голамреза Ауанидің (Голамреза Ауани, 2005: 3 б.). «Намеркнуший свет наследия Аль-Фараби» сұхбатында тұжырымдалды. Зерттеуші ойшыл өмір кешкен ортағасырлық ислам өркениеті қалыптастырған *дін мен философия, таным мен аян* мәселесінің шын ақиқаты дәл осы әл-Фараби ілімінде ашыла түскенін ғылыми дәлелдейді. Ауани мырзаның пікірінше, Екінші ұстаз негіздеген философия да, дін де өз ілімдерін ортақ қайнаркөзден – *ақылды санадан* алады деген принципі *таным мен аян* арасында жетілген философиялық мән жатыр дегенге саяды.

Әлемдік фарабитану ғылымында ойшыл шығармаларының дінге қатысты қырлары зерделенген іргелі зерттеу еңбектер араб елдері ғалымдары арқылы жүзеге асты. Жалпы әл-Фараби мұраларының ғылымда зерттелуінің көшбасында араб ғалымдары мен араб тіліндегі зерттеулер тұр деуге болады. Мақалада біз тек араб фарабитану ғылымындағы белгілі ғалымдардың зерттеулеріне тоқталамыз.

Отырар ғұламасы трактаттарындағы дін мәселесін қарастырған көлемді зерттеулер араб философы, ірі ғалым Ибраһим Мадкурдың (ірі ғалым Ибраһим Мадкурдың (1902-1996) «Әбу Наср әл-Фараби өмірден өткеніне 1000 жыл» (ابو نصر الفارابي في الذكرى الالفية لوفاته) (Ibrahim Madkur, 1983: 5 б.) жинағында топтастырылды. Кітапқа енген араб ғалымдарының «әл-Фараби және философиялық

термин» (الفارابي و المصطلح الفلسفي) «әл-Фараби ортақтастырушы және комментатор» (الفارابي), «әл-Фараби Аристотель комментаторы» (الفارابي شارح أرسطو), «әл-Фараби және бірлік» (الفارابي و التوفيق), «әл-Фарабидегі дін мен философия бірлігі жайында» (التوفيق بين الدين و الفلسفة عند الفارابي) атты зерттеу мақалалар араб фарабитануындағы дінге қатысты зерттеулердің ортақ тенденциясын береді.

Ортағасырлық мұсылман ойшылдары қарастырған маңызды тақырыптардың бірі – «*рух*» мәселесінде әл-Фараби рухтың кезбелігін дәріптеп, олардың шынайы рухани әлемде ақылдық жағынан тоғысатынын, аспан әлемінен өтіп, ай асты әлемін ретке келтіретінін айтады. Сайып келгенде, рухани әлемдер дегеніміз ақылға жүгіну мен идеяға ұмтылу болып табылады деген ойшыл адам баласы идея мен жетілген ілім арқылы ғана рухани әлемге қауышып, бақытқа жете алады деп санайды дейді ғалым Ибраһим Мадкур.

Аталған жинақтағы мақалалардың бірінің авторы мысырлық ғалым, Каир университетінің профессоры Осман Амин (عثمان أمين) (1905-1978) мұсылман философы (әл-Фараби) екі артықшылықтың – «*философияға деген ықылас*» ("إخلاص") пен «*діни иманды*» ("الإيمان بالدين") ортақтастыра отырып, адамзат баласын кемелділікке ұластырушы қажетті әрі түсінікті екі тіл – ақыл мен жүректің тілін ("لغة العقل و لغة القلب") келісімге шақыра алды және ол «бұл өмірге адамзат қоғамын ізгілікке жетелейтін рухани өмірдегі саф қайнаркөздер – философия мен дін екенін жеткізуге арнайы келгендей көрінеді» деп түйіндейді.

Әл-Фараби мұрасының дінге қатысты қырларын саралаған ғылыми зерттеулердің қатарына сириялық ғалым Мұстафа Ғалибтің (مصطفى غالي) (Mustafa Galyb, 1923-1981) «Әл-Фараби» (الفارابي) атты еңбегін қосуға болады. Жинақтағы «Әл-Фарабидегі иләһиәт» (الإلهيات عند الفارابي), «Әл-Фарабидегі фәйд және жасампаз ақыл» (الفيز و العقول الإبداعية عند الفارابي), «Әл-Фарабидегі «жан» мәселесі» (النفس عند الفارابي), «Әл-Фарабидегі ақылдың мағыналары» (معاني العقل عند الفارابي), «Метафизика мәселелері» (المسائل الطبيعية) «Сауап пен жаза» (الثواب والعقاب) «Әлем мәңгілігі мен жаратылысы» (قدم العالم و حدوثه) «Әл-Фараби және фикһ ілімі» (الفارابي و علم الفقه) «Әл-Фараби және кәләм ілімі» (الفارابي و علم الكلام) «Әл-Фарабидегі түс көру мен уахи берілуінің себебі» (و وسبب المنامة و الوحي) т.б. зерттеу мақалалар ойшылдың діни

көзқарастарын жаңа қырынан аша түскен құнды зерттеулер. Ислам дінінің бір тармағы – исмаилия мазһәбінің белді өкілі саналатын және сол бағытта іргелі еңбектер жазған Мұстафа Ғалибтің әл-Фарабидің діни көзқарасына деген ғылыми тұжырымдары жан-жақты әрі мұқият зерттеуді қажет ететін еңбектер.

Қазақ ғалымдарының арасында әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасының ислам діні аясында зерттелуінің алғашқы бастамасы Ақжан әл-Машани (1906-1997) еңбектерінен байқалады. Ғалым өзінің «Әл-Фараби және ислам», «Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам тағылымы», «Әбу Наср әл-Фараби – мұсылман хакімі» (Машанов А. 1993: 8 б.) атты мақалаларында ойшылдың діни қағидалармен астасқан космогониялық ілімін қазіргі ғылыммен сабақтастыра отырып түсіндіреді. А. Машанидың сабақтастық принципі аясында жазылған бұл зерттеу мақалалары отандық ғылымдағы әл-Фарабидің нұрнамалық іліміне қатысты математикалық зерттеулердің көшбасшысы болып саналады. Кейінгі ізденушілер еңбегінде дамытылған ғалым тұжырымдары өз кезегінде тұғырнамалық міндет атқарды.

Әбу Наср әл-Фараби шығармашылығы жайлы зерттеулердің бірінің авторы – фарабитанушы ғалым А. Көбесов (Көбесов А. 2004: 25 б.) (1932-2008). Автор 1998 жылы жарияланған мақаласында әл-Фараби «Алла Тағаланың барлығына шүбә келтірмейді. Алайда ол Құдай дүниені (материяны) бар етуші, тіршілік-тыныс беруші бастапқы, түпкі себеп деп қарастырып, одан кейін табиғат болмыс өз бетімен, өз заңдылығымен даму жолына түскен деген көзқараста» болғандығын айтып, ойшыл ілімін таза аристотелизм принципінде ашып көрсетуге тырысса, келесі бір «Құраннан туындаған ғылым немесе әл-Фарабидің космогониясы» атты зерттеуінде ойшылдың «Жаратылыстанудың биік (діни) негіздері туралы трактатына» талдау жасай келе, оның есімін Құран ілімі тарихындағы тәпсірші ғалым Абдаллаһ ибн Аббаспен (686 ж. қайтыс болған) байланыстырады. Сөйтіп, әл-Фарабиді ұлық имам Әбу Ханифа және имам Шәфиимен қатар қояды. Ол: «...тәфсірді бірінші жазған автор Абдаллах ибн Аббас еді. Фараби жоғарыдағы трактатын жазуда осы ибн Аббасқа сілтеме жасап отырады... ұлы бабаны мұсылман қауымының имам ағзам – Әбу Ханифа және имам Шафии сияқты ірі имамы деп тануымыз керек» – дейді. Өз кезеңінің ақпараттық кеңістігінің мүмкіндігіне сай жазылған А. Көбесовтің бұл зерттеу мақалалары бірқатар мәлімет-

терді жинақтап, ой-пікірлерді тұжырымдап беруімен, фарабитану ғылымындағы әл-Фараби шығармашылығының тұғырын тиянақтай түсуімен құнды.

Әбу Наср шығармашылығын арнайы зерттеу нысанына айналдырушылардың бірі – К. Таджикова. Ол әл-Фараби еңбектерін аударуды ғылыми зерттеулерімен ұштастырып жүрген ғалым. Автор фарабитану саласындағы өзге де аудармаларының қатарын 2005 жылы «Книга букв» («*Китабул-хуруф*») трактатымен толықтырды. Оның аудармалары түпнұсқадан тікелей жоғары кәсіби деңгейде орындалуымен ерекшеленеді. К. Таджикова «Аль-Фараби о соотношении философии и религии» (Таджикова К.Х. 1997: 8 б.) атты зерттеу мақаласында ғалымның дінге қатысты көзқарастарын талдайды. Дәстүрлі діннің кейбір постулаттарына қарсы болғанымен, одан түбегейлі қол үзіп кетпейтін құдайылық мектеп өкілдері мен антикалық фәлсафалық ойды басшылыққа алған философтар арасындағы дара жолды ұстанушылардың қатарына әл-Фарабиді қосқан автор дін мәселесінде ғалымның бейтарап ұстанымда болғанын айтады. Ойшыл дүниетанымының қыр-сырын жетік игергендігімен ерекшеленетін автор талдаулары әл-Фараби еңбектерінде қолданылатын «дін» сөзінің Аллаға бағыну идеясын дәріптейтіндігін әрі ортақ түсінік ретінде ислам, христиан, иудаизмге тіркеліп қолданыла беретіндігін, ал «*миллә*» ("ملة") араб тілінен аударғанда «дін» немесе «үммет» сөзімен астарлас келетін «діни бірлестік» мағынасында келіп, әл-Фарабидің діни-философиялық концепциясының тұғырында «діннен» гөрі басымдық алғанын, себебі ойшыл үшін дін қоғамдағы моралдық-құқықтық қатынастарды реттеудегі «маңызды саяси өнер» екендігін айқындап береді.

Зерттеуші ғылым тарихында түпкілікті маңызға ие ортағасырлық қоғамда өмір сүрген әл-Фарабидің діннен тыс болмағанын, Құдайға сенгендігін жоққа шығармағанымен, оны таза діни ілімнің өкілі болды дегенге келіспейді. Себебі, ойшылдың діни көзқарастары белгілі бір дін жүйесіне емес, жалпы адамзаттық мүддеге арналған, сол себептен де, ол өзінің түсінігін ғалым ретінде объективті және тура баяндайды деген К. Таджикованың мақаласы әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философия арақатынасының тұтастай картинасын беретін іргелі еңбек.

Кеңестік кезеңнің өзінде-ақ, әл-Фараби шығармашылығының дінге қатысты қырларына

қызығушылық танытқан ғалымдардың бірі М. Бурабаев болатын. Ол кезінде әл-Фарабидің Б. Тайжанов аударған «Дін туралы трактатының» (1987 ж.) жарық көруіне басшылық еткені үшін кеңес цензурасына да ұшыраған. Кейін партиялық жүйенің әлсіреуімен аталған еңбектің халықпен қайта табысуына тікелей ықпал етті. 2006 жылы жарияланған «Фараби Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы» атты кітабында автор түркі жерінен шыққан ортағасырлық ғалымдар шығармашылығына шолу жасай келе, ойшылдың дін мен философия арақатынасын түсіндіретін еңбектеріне жеке мақала арнаған. Зерттеуші «Абу Наср о взаимосвязи философии и религии» деп аталатын мақаласында әл-Фарабидің философия мен діннің қоғамдағы орны мен рөлі туралы ойларының қазіргі қоғамда да өзекті екендігіне тоқталып, ғалымның «Книга букв» («*Китабул-хуруф*») еңбегіндегі діннің канондары мен жалпы арнайы діни лексиканы беретін сөздердің пайда болуы туралы көзқарастарына талдау жасайды: «Фараби дінсіз және дінге ие қоғамның болуын да, дін мен оның кейбір ойларының бір халықтан екінші бір халыққа ауысуының да мүмкін екендігін, сол себепті, «бұл дінді енгізетін» және осы діндегі өздеріне мүлдем таныс емес канондарды өз тілдерінде «анықтаушы» шынайы адам міндетті түрде өмір сүру керектігін айтады. Бұдан дін – пайғамбарлықтан алыс тұрған құбылыс, одан да зоры дін адамға және адам қоғамына Құдайдан қарағанда, анағұрлым жақын екені анық байқалады. Фарабиге сүйенсек, «дін бірінші басшы тарапынан барлығы үшін белгіленіп берілген көзқарастар мен іс-әрекеттер» (Бурабаев М.С. 2006: 8 б.) дей келе, әл-Фарабидің «Бірінші басшы» дегенде Мұхаммед пайғамбарды меңзегенін әрі діннің пайда болуын соңғы пайғамбармен байланыстырғанын даралап көрсетеді. Бұл жерде зерттеушінің әл-Фараби пайымдауларына талдау жасау барысында қарама-қайшылыққа тап болғанын байқауға болады. Автор «пайғамбарлықты діннен алыс» дей отырып, адамзат баласының соңғы пайғамбары әл-Фараби үшін «Бірінші Басшы» болды деген пікірі түсініксіз.

Әл-Фарабидің дін мен философия арақатынасы туралы пайымдаулары бұдан әрі Р. Садыков, Г. Бейсенова, С. Арифханова, Г. Раимбекова, Ә. Муминов (Муминов А.К. 1994: 223 б.) зерттеулерінде жалғасын тапты.

Р. Садыков «Әл-Фараби және ибн Сина философия мен дін арақатынасы туралы» атты мақаласында діннің философияға қатынасын барлық ортағасырлық зерттеушілердің қарастырғанын айта келе, батыс ортағасырында қалыптасқан «философия – діннің қызметшісі» қағидасының Шығыста дәл осы әл-Фараби арқылы басқа қалыпқа ене отырып, философиялық және діни ілімді толықтай түрде салғастыру бағытында өріс алғандығын атап көрсетеді: «оған дейінгі ойшылдар философия мен діннің өзара әсерінің қандай жолмен болса да шешімін беруге тырысса, тек әл-Фараби ғана бұл қарым-қатынасты мәселе дәрежесіне дейін көтерді». Зерттеушінің пікірінше, әл-Кинди ілімінде философия мен дін бірін-бірі толықтыра отырып, қатар өмір сүрсе, әл-Фарабиде философия діннен өзгешеленіп, басқаша сипатқа ие болады: дін «жалған», ал философия «шынайы» бақытқа жетелеуші қызметтерін атқарып, философия діннің жоғары дамыған үлгісін қалыптастырады. Автор әл-Фараби негізін салған философия мен дін арасындағы Құдай туралы түсініктің ибн Сина еңбектерінде жалғасын тауып, дами түскенін, егер әл-Фараби философиялық Құдай түсінігін қайырымды дін арқылы барлық қала тұрғындарына ортақ қарым-қатынас арасынан іздесе, ибн Сина білімді әрі күрделі философиялық пайымдауларды түсінуге қабілетті адамдар мен сауатсыз, бұл дүниелік игіліктерді ғана сезіне алатындар арасының алшақтағын көрсетуге тырысқандығын дәлелдейді. Бұл мәселеде автор соңғысының Мұхаммед пайғамбарды «зерек емес» әрі «істері сахара мен түйеге байланған» арабтар үшін Құдай алдындағы қорқыныш пен Оны құрмет тұтуға арналған ілім қалыптастырғанын ақтайтындығын, Қасиетті Кітапқа құдайлық жаратылыс емес, адами туынды ретінде қарауға бейім екендігін дәлелдеуге тырысады. Қос философтың дін мен философия арақатынасы туралы ойларын саралай келе, екеуі де дін – философиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда, жалған ілім деген қорытындыға келсе де, екінші жағынан, діннің қоғам мен мемлекетті ұйымдастырудағы рөлін жоққа шығара алмағанын айтады.

Әл-Фарабидегі дін мен философияның өзара байланысына ғалым Г. Бейсенова да тоқталды. Ол «Әл-Фарабидің «Дін туралы трактат» және «Әріптер кітабы» еңбектеріндегі философия мен діннің арақатынасы мәселесі» деген мақаласында исламдық монотеизм мен адамды табиғаттан бөлектену принципіне қарама-қарсы әл-Фараби

адамды табиғаттың бір бөлшегі әрі оның белсенді жасаушысы ретінде қарастырды, соқыр сенімнің орнына шешуші рөлді ғылыми танымға берді дегенді ғылыми дәйектеуге тырысады. Осы ойдың желісінде кеткен автор ойшылдың дінге көзқарасының қарама-қайшылыққа құрылғандығын алға тартады. Ол ғалым еңбектерінде діннің бірде бақытпен үйлесімділікте қайырымды дінге айналып, Алладан аян алатын ізгі басшы арқылы жүзеге асатынын айтса, келесі бір кезекте «қайырымды дінге кіретін билікпен айналысу ісі философияға бағынышты» дегенін байқағанын жеткізеді. «Қайырымды дінді философияға ұқсатуы» арқылы екі шындық ілімі арақатынасы мәселесінің шешімін берген әл-Фараби «өзгешеліктерін тек пайда болу уақытына» сүйеп, екеуінің мазмұндық бірлігіне екпін жасады дейді. Зерттеушінің әл-Фарабидің дінге тұрақсыз қатынасы оның діни көзқарастарын анықтауда қиындық туғызады, себебі «бұл ұстаным сол дәуірдегі діни танымның тоталдық үстемдік құруымен түсіндіріледі» деген қорытындыға келуі әлі де тиянақтауды қажет етеді.

Әбу Наср әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі дін мәселесінің зерттелуі С. Арифханова қаламына да тән. Зерттеушінің мақаласына сүйенсек, діннің адами моральдік кемелденуге әсер ететіндігін әрі бақытқа жетудің бір жолы екендігін әл-Фараби мойындағанымен, дін мен философия арасындағы принципті айырмашылықтардың жоқтығын теріске шығарады. Автор әл-Фараби дүниетанымында дін де, философия да ілім болғанымен, екеуі екі түрлі жолмен түсіндірілетінін талдайды: «егер философия осының бәрін ақыл немесе түсінік арқылы берсе, дін оны елестету арқылы көрсетеді. Нәтижесінде философия осы арқылы бәрін дәлелдейді, ал дін ол туралы нақтылайды». С. Арифханова «қайырымды дін» принциптері мутакаллимдер арқылы қорғалады, ал философтармен қалыптасқан практикалық ілім принциптерін факихтер өмірге енгізеді деген ойшыл пайымдауының негізінде неоплатонизм эманациясы мен перипатетизм принциптері қабат жатқанын айтады.

Ойшылдың діни-философиялық көзқарастарын зерделегендердің бірі – Г. Раимбекова. Ортағасырлық діни идеология ықпалының әл-Фараби дүниетанымын да айналып өте алмағанын кейбір позицияларда идеалист болғанымен, бірқатар мәселелердің шешімін беруде материалистік тенденциялардың кездесетіндігімен түсіндірген автор әл-Фараби ілімде сенім мен догматтан өзге материалдық тенден-

цияларға жол ашатын танымның бар екендігін айтады. Әл-Фарабидің «*алғы мән*» термині исламның Алла түсінігімен астасып келгенімен, ойшыл дүниетанымында одан өзге Аристотель негіздеген «*алғашқы түрткі*» концепциясы, Плотиннің «*барлық нәрсе құдайдың эманациясы*» теориясы да көрініс тапқаны да анық дейді. «*Жанның мәңгілігі*» мәселесінде әл-Фарабидің екідай ұстанымда болғанын «кейде жанның мәңгілігіне сенсе, кейде теріске шығарғандығын» автор ойшылдың барлық дінге тән мейірімсіз адамдар жанының жоқ болып кетуі концепциясы негізінде талдайды. Зерттеуші мақаласын «философ табиғат астындағы адам жанына лас элементтер билік жүргізеді, оның ауырлығынан адамдар бұзылады, адамгершіліктен айырылады. Сол себептен де, ойшыл бір өлеңінде Құдайдан өзін осындай зұлым күштерден тазартуын сұрайды, адамдарды достыққа, зұлымдықты жоюға шақырады» деп түйіндейді.

Отандық фарабитану ғылымында әл-Фарабидің діни көзқарастарын алғашқылардың бірі болып зерттеуіне арқау еткен белгілі тарихшы ғалым Ә. Муминов. Ол 1994 ж. жарық көрген «Религиозно-политические взгляды аль-Фараби» атты мақаласында ортағасырлық ойшылдың діни сеніміне қатысты бір тың деректің ұшын алға тартады. Ә. Муминов ғалым атына берілген «Екінші ұстаз» мәртебесінің тарихы туралы ғылымда қалыптасқан көзқарасқа өз қарсылығын білдіріп, «пұтқа табынушы (Аристотельді айтады – А.Х.) мұсылман үшін ұстаз бола алмайды», сондықтан әл-Фараби ілімінің ақиқатын ашу үшін ең алдымен VIII-X ғасырларда Фарабта қалыптасқан діни-саяси жағдайды егжей-тегжейлі зерттеу керек дейді. Мақалада зерттеуші сол кезде Фараб қаласында кең уағыздалған кайсаниттік ілім мен оның мұсылмандық әдебиетке «*мубаййидилер*» («ақ киінгендер» – «одетые в белое») атауымен енген *муслими́я*, *фатимийя*, *тайарийя* секталарының бәріне ортақ нәрсе – өздері «күнәдан пәк», «дана» имам деп санаған Әли ибн Әбу Тәлибтің (661 жылы қаза болған) ұлы Мухаммад ибн Ханайфийи (700 жылы қазақ болған) ұрпақтарының имаматтығына сенуі туралы баяндайды. Ғалымның пікірінше, әл-Фараби өзінің жан-жақты қалыптасқан, біртұрас пирамидалық ілімінің шыңына «имамды» шығаруына *мубаййидилер* арасынан шыққан *батиниттер* (карматтар) ілімі ықпал еткен. Ә. Муминов: «...олардың ілімі бойынша егер адам өзінің имамын танымай жан тапсырса, ол құдайсыз өлген болып саналды. ...имам жоқ

жерде онымен байланысты «баб» («врата») ұстап тұрған. ...Фараби үшін бақыт деген имамға, оның «даналығына», «ақиқатына» (*хикма, хақайиқ*) қол жеткізу... Ақиқат, әл-Фараби өзі жан-жақты қалыптастырып кеткен логика ережесімен құдайылық құпияны тану. Осының барлығы имамның жердегі делдалы (баб) – «қайырымды қала» билеушісінің, басшысының жетекшілігімен жүзеге асады», – дейді. Ғадым әш-Шахристани «Книги о религиях и сектах» атты еңбегінде «...шииттер Әлиді жақтаушылар. Ашық түрде де, құпия түрде де олар соның имаматын, соның халифатын мойындайды. Олардың ойынша имамат оның ұрпақтарының қолында болуы шарт... олар – бес секта: *кайсанииттер, зайидиттер, имамиттер, гулаттар және исмаилиттер*» (Аш-Шахристани, 1984: 24 б.), – деп жазады. Бұған қарағанда, тарихшы Ә. Муминов Отырар ойшылының сенім жолындағы таңдауының ислам дінінің бір тармағы – *шиаға* (شيعة) түскеніне шүбә келтірмейді. Автордың тағы бір жаңалығы – әл-Фарабидің *талимиттер* (карматтардың тағы бір атауы) ілімін қалыптастырудағы айырықша рөлін атап өтуі. Авторға жүгінсек, осы еңбегі үшін әл-Фараби *талимиттер* арасында «Бірінші ұстаз» – «күнәдан пәк» имамнан кейінгі «Екінші ұстаз» есіміне ие болған әрі өзінің ілімін өмірімен ұштастыру мақсатында шииттік билеуші Сайф ад-Даулаға қызмет еткен. Тұтастай алғанда, Ә. Муминов өз зерттеуінде әл-Фарабидің діни-саяси көзқарастарының қалыптасуындағы *мубаййидтердің* рөлін басым етуі арқылы ойшылдың діни ілімінің түпқазығын бекітуге тырысқан. Бұл әл-Фараби мұрасына деген қалыптасқан көзқарастардың қайта қаралуын міндеттейді.

Отандық зерттеуші Г. Құрманғалиева өзінің «Аль-Фараби и проблема обоснования исламского монотеизма» атты мақаласында ислам дініндегі идеялық әртараптылықтың YIII ғасырдың ортасында-ақ көрініс бере бастағанын, оған ислам дініндегі *сунна, шиға, мугтазила, харижия, мурижия* сынды бағыттардың сенім мәселесіне қатысты пікірталастарда жиі бас қосулары себеп болғанын айтады. Зерттеуші әл-Фарабидің исламды мойындағанын «Философия ал-Фараби также выражает исламскую монотеистическую религиозность. Как в философских так и в социально-политических и этических трактатах, он говорит о том, что Аллах – един» (Құрманғалиева Г. 1994: 223) деген пікірімен түйіндейді.

«Әбу Насыр әл-Фараби адам болмыстылығының тәсілі ретіндегі философия мен дін туралы» атты мақаланың авторы философ Н. Сейтахметова араб-мұсылман философтары қарастырған тақырыптарды саралай келе, Құдай болмысы, пайғамбарлар мен пайғамбарлық туралы мәселелерді жеке топтап көрсетеді. Ол грек даналығымен сусындаған әл-Фарабидің Алладан келген Құранды «шығу тегі түркі, білімі арабтық, жүрек қалауы бойынша философ» (Сейтахметова Н. 1994: 226 б.) синтезінде қабылдағанын айтады. Н. Сейтахметова ғалымның барлық исламтанушыларды толғандырып келген мұсылман экзегетикасы мәселесін көтерген алғашқы мұсылман философы екенімен келіседі. «...Құран мәтіндерінің экзегетикасы мәселесі әл-Фарабиде философияға айналады, ал осыған дейін экзегетикамен тек филологтар мен теологтар айналысқан еді. Әл-Фараби бұл мәселені философияның жеке аймағына енгізіп қана қоймай, Құранды дәл осы философтар дұрыс түсіндірулері керек деп санайды. Өйткені, әртүрлі деректерді зерттеуде зейіні мол, қорыту мен талдау қабілетіне ие философтар ғана Құранды дұрыс түсіндіре алады». Зерттеуші «Екінші ұстаз» философияның дінге қатысты мәселесін пайғамбарлыққа байланысты көтерді, ол аян беруді елестету мәселесімен байланыстырады, әл-Фараби дінді мойындады, бірақ, онсыз да өмір сүруге болатындығын дәлелдеді дейді.

Әл-Фараби мұрасындағы дін мәселесіне тоқталған авторлардың қатарында философ ғалым Ж. Алтаев пен жас зерттеуші А. Фролов та бар. 2009 жылы жарияланған «О взаимосвязи религии и философии в творчестве Аль-Фараби» атты зерттеу мақалада ойшыл дүниетанымындағы дін мен философия арақатынасы үш түрлі бағытта өрбитіні сөз болады. Зерттеушілер бірінші бағытқа әл-Фарабидің Жаратушымен қатынас мәселесін қояды. Олар бұл мәселеде ислам түсінігіндегі Құдай мен Аристотель іліміндегі «*алғы себеп*» түсінігінің аражігін ажыратып беруге тырысады: «... в исламе понятие Бога является абсолютно ключевым; для Аристотеля же Первопричины центральным не является». «*Уахи*» (الوحي) немесе «*құдайылық аян*» (божественное откровение) – грек философиясында кездеспейтін түсінік. Сол себептен де, әл-Фарабидің пайғамбарлық, пайғамбарлар арқылы жүзеге асатын *аян* мен *мужизаға* (معجزة) қатысты әртүрлі түсіндірмелер жасауына тура келді, бұл – екінші бағыт. Ғалымдар негіздеген әл-Фарабидің дін мен философия бірлігі мәнінің

үшінші бағыты «амма» (العامة) («жалпы», «ортақ») және «хасса» (الخاصة) («жеке», «таңдаулы») ұғымдарында ашылады. «Отношение между неспособными к философии простолюдными («амма») и философами, являющимся избранными «хасса» [15, 106]. Мақала авторлары бұл үшінші бағыттың сырттай қарағанда әл-Фараби арқылы педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарастырылған сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, ол философия мен діннің арасындағы келісім (примирение) мәселесімен тығыз байланысты екендігін түсіндіреді.

Зерттеушілердің қарастырған келесі бір мәселесі – әл-Фараби еңбектеріндегі «пайғамбарлық» тақырыбы. Олардың айтуынша, ойшыл үшін пайғамбарлық елестету және «*әрекетшіл сана*» (العقل الفعال) арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, мұнда пайғамбарды қазіргі және болашақта болатын нәрселерден хабардар ететін «*файд*» (الفیض) (құйылу) жолы да бар. Ал ислам дініндегі тек қана пайғамбарлар көрсете алатын *мужизаны* әл-Фараби рационалдық жолмен түсіндіруге тырысады дейді: «Аль-Фараби попытался объяснить рациональным путем даже такой феномен, как чудеса пророков. При этом можно явно увидеть, что аль-Фараби строит взаимосвязь между пророком и философом» (Алтаев Ж., Фролов А. 2009: 103 б.). Ғалымдар осындай философиялық әдіс тұрғысынан келгенде, әл-Фарабидің пайғамбарлық туралы теориясының мәні – философ та, пайғамбар да «*әрекетшіл санамен*» байланыса алатын таңдаулы, яғни «хасса» адамдар, ал ол екеуінің арасындағы бірден-бір айырмашылық – философ бұл байланысқа терең ойлану мен теориялық ойлау – пайым арқылы, ал пайғамбар – елестету күші арқылы қол жеткізеді дегенге саяды дейді. Дегенмен, әл-Фарабидің философиялық пайғамбармен теңесу мүмкіндігі идеясы ислам әлемінде қабылдана қоймады. Әл-Фарабидің ақыреттегі өмір туралы ұстанымын түсіндіруде, қос автор оның ешқашан адам баласы-

ның өз әрекеті үшін марапат пен жазадан құтылмайтынын жоққа шығармағанын айтады: «По аль-Фараби, после смерти человеческую душу ждет следующая жизнь, либо полная мучения либо блаженств». Ал келесі өмірдегі тәндік және материалдық марапат идеясын ойшыл адам санасының барлық материалдық шектеулер мен бөгеттерден арылып, абсолютті, кемел санаға айналуымен түсіндіреді деген зерттеушілер тұжырымы ерекше.

Отандық фарабитану ғылымында Отырардан шыққан ұлы ойшыл шығармашылығының дінге қатысты қырларына арналған бірден-бір кешенді зерттеу жас ғалым Ж. Момынкұловтың «Әл-Фараби дүниетанымындағы діннің алатын орны» (Момынкұлов Ж. 2009) атты еңбегі. Кандидаттық диссертация ретінде жазылған жұмыс алғаш рет әл-Фараби шығармашылығындағы діннің рөлін ғалымның өмір салты мен шығармашылық мұрасымен тығыз байланыста қарастырып, діннің негізін құраушы ұғымдарға (*Алла, пайғамбар, Алла мен адам арасындағы байланыс мәселесі, дүниенің мәңгілігі мен кейін жаратылғандығы туралы, тағдыр мен жаза, періштелер*) терең де, байыпты талдау жасауымен ерекшеленеді. Тұтастай алғанда Ж. Момынкұловтың бұл еңбегі әл-Фараби шығармашылығын дінмен бірлікте қарастырған, ғалымның философия тарихындағы орнын айқындап берген, Отырар ойшылының діни көзқарастарын саралай білген терең зерттеу.

Зерттеуші ғалым мұраларының дінге қатысты қырларына бұрын-соңды жете назар аударылмаған мәселелерді қамти отырып, әл-Фараби шығармашылығының біртұтас картинасын айқындаған.

Әбу Наср әл-Фарабидің мол мұрасынан орын алатын оның діни көзқарастары туралы шетелдік және қазақстандық ғалымдар тарапынан жүргізілген зерттеулер бүгінгі күн үшін үлкен маңызға ие, өзекті тақырыпқа айналып отырғанының айқын дәлелі.

Әдебиеттер

- Leo Strauss. Philosophie und Gesetze; Quelques remarques sur la science politique Maimonide et de Farabi. Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik. 1935/1936. Bd. 67. S. 732 ff.
- Hans Daiber. The rule as philosopher: a new interpretation of Al-Farabi's view. – Amsterdam. 1986.
- Ризо Довари Ардакани. Фараби – основоположник исламской философии. – М.: «Садра», 2014. – 132 с.
- Голам Хусейн Ибрахим Динани. Аль-Фараби и религия // «Адам әлемі». 2000. № 3-4. 13-15 стр./Второй учитель: мусульманин и философ// Әл-Фараби философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. 2003. № 4. 3-10 стр.
- Голамреза Ауани. Намеркнуший свет наследия Аль-Фараби //Әл-Фараби философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. 2005. № 42 3-13 стр.

- Ибраһим Мадкур. Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфия ли уафатиhi. – Каир, 1983. 5 б.
- Мұстафа Ғалиб. Әл-Фараби. – Бейрут. – 1998.
- Машанов А. Әл-Фараби және ислам // Зерде. – 1993. №11. – 5 б.
- Көбесов А. Абай мен әл-Фарабиді қатар оқығанда: діни-философиялық тамырластықтар /Алматы ақшамы. – 1998. 14-қазан. – 5 б.Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Ғылым, 2004. – 25 б.
- Таджикова К.Х. Аль-Фараби о соотношении философии и религии //Вестник КазГУ. Серия востоковед. 1997. №2.
- Бурабаев М.С. Абу Наср о взаимосвязи философии и религии //Әл-Фараби – Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. – Алматы: Мария. 2006. – 8 с.
- Садыков Р. Аль-Фараби и ибн Сина о соотношении философии и религии// Аль-Фараби и духовное наследие: материалы междунар.науч.-теорет. конф. «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы, 1994. – С.85-87.// Бейсенова Г. Проблема взаимоотношения философии и религии в работах аль-Фараби «Трактат о религии» и «Книга букв» // С.147-149.// Арифханова С. Религия в философской системе Абу Насра аль-Фараби. С.144-147.// Раимбекова Г. Религиозные взгляды аль-Фараби. С.223-226 // Муминов А.К. Религиозно-политические взгляды аль-Фараби. С.223-226.
- Аш-Шахристани. Книги о религиях и сектах. Т.1. – М.: Наука, 1984. – 24 с.
- Курманалиева Г. Религиозные взгляды аль-Фараби // Аль-Фараби и духовное наследие: материалы междунар.науч.-теорет. конф. «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы, 1994. – С. 223-226 //Сейтахметова Н. Религиозные взгляды аль-Фараби. – С. 227-230.
- Алтаев Ж., Фролов А. О взаимосвязи религии и философии в творчестве Аль-Фараби //Наследие аль-Фараби и проблемы современного межкультурного диалога. – Алматы: Казахская цивилизация, 2009. – С. 103-110.
- Момынқұлов Ж. Әл-Фарабидің дүниетанымындағы діннің алатын орны: филос.ғылымд.канд.дисс. – Алматы, 2009.

References

- Leo Strauss. Philosophie und Gesetze; Quelques remarques sur la science politique Maimonide et de Farabi. Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik. 1935/1936. Bd. 67. S. 732 ff.
- Hans Daiber. The rule as philosopher: a new interpretation of Al-Farabi's view. Amsterdam. 1986.
- Rizo Dobari Ardakani. Farabi osnovopolozhnik islamskoy filosofiy. [Farabi is the founder of Islamic philosophy] Moskva, «Sadr», 2014. – 132 s.
- Gulam Huseyn Ibrahim Dinani. Al Farabi I religiya. [Al-Farabi and religion]. «Adam alemi». 2000. № 3-4. 13-15 s.
- Golemrisa Auani. Namerknushi svet nasledya Al-Farabi. [The deliberate light of Al-Farabi's legacy]. Al-Farabi 2005. № 42 3-13 s.
- Ibrahim Madkur. Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi. Kayr, 1983. – 5 b.
- Mustafa Galyb. Al-Farabi. Beyrut. 1998.
- Mashany A. Al-Farabi jane Abay. [Al-Farabi and Abay]. Almaty, 2005. – 47 b.
- Kobesov A. Abai men al-Farabidi katar okiganda. [Al-Farabi and Abay: when read together]. Almati aqshamy. 1998.
- Tadzhikova K.H. Al-Farabi o sotnosheni filosofi I religii. [Al-Farabi on the relationship between philosophy and religion]. Vestnik KazNU. 1997. №2.
- Burebaev M.S. Abu Nasr o vzaimosvyazi filosofi I religii. [Abu Nasr on the relationship between philosophy and religion]. Almaty 2006. 8 s.
- Sadikov R. Al-Farabi I duhovnoe nasledie. [Al-Farabi and Ibn Sina on the relationship between philosophy and religion]. Almaty 1994.
- Ash-Shakristani. Knigi o religiyah I sehtah. [Books about religions and sects]. Moskva 1984. 24 s.
- Kurmangalyeva G. Religioznie vzglyadi al-Farabi. [Religious views of al-Farabi]. Almaty 1994. 223 s.
- Altaev Zh. Frolov A. O vzaimosvyazi religii I filosofii v tvorstvstve al-Farabi. [On the interrelationship of religion and philosophy in Al-Farabi 's work]. 2009. 103 s.
- Momynkulov Zh. Al-Farabidin dunyetanimindagi dinnin alatin orni. [The role of religion in Al-Farabi 's worldview]. Almaty 2009.

FTAMP 16.01.09

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o11>**Шадкам З.¹, Сүлейменова А.²**

¹филол.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zubaida.68@gmail.com

²магистр, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akbope.suleymenova@gmail.com

**ЖАЗБА ЖӘДІГЕР ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРА РЕТІНДЕ
"СЫҒНАҚИ ШЕЖІРЕСІ" ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДАРМАСЫ**

Қыр-сырлары нақты ашылмай білінбей жатқан материалдық және материалдық емес мәдени мұраларымыздың күн жарығына шығарылуы; дұрыс, нақты білініп танылуында қолжазба жәдігерлер, тарихи мәтіндер және сирек кітаптарды зерттеу өте маңызды. Көптеген қолжазба жәдігерлер, тарихи мәтіндер және сирек кітаптар әр түрлі себептерден зерттеушілердің, мамандардың қолына тимей, жетпей қалғанын немесе табылмай отырғанын білеміз. Осындай қолжазба жәдігерлердің бірі – «Сығнақи Шежіресі».

Орта Азияда қазіргі Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағында жазылған бұл шежіреге бір қарағанда кісілердің, тарихи, діни тұлғалардың есімдері, жер-су атауларын көреміз. Шежірені зерттеуде ондағы діни, тарихи тұлғалар мен мекенжайлар арасында қандай байланыстар бар екенін, ол байланыстардың дұрыстығын дәлелдеу – басты міндет болу керек. Әрине мәдени мұра зерттеулерінде тарихи деректердің аз немесе жоқтың қасында болуы шежіредегі мәліметтерді салыстыруда және растауда қиындық туғызуы мүмкін. Алайда, біз бұл жерде айтылып отырған зерттеулердің барлығын көрсете алмаймыз. Біздің басты мақсатымыз шежіренің қай тілде, қашан, қай жерде және кім жазғанын біліп, мәтін ішінде кездесетін парсы, араб және түркі сөздерін нақтылап көрсету; мәтінде тарихи, діни тұлғалардың есімдерін, шен, лақап атақтарын, бар болса жер-су атауларын да тауып көрсету. Қол жеткізген осы мақсатымыздың нәтижесі тарихшы, тілші, этнограф және дінтанушы ғалымдар мен зерттеушілерге зерттеу нысаны болады деген үміттеміз.

Түйін сөздер: Сығнақи шежіресі, қолжазба деректер, рухани мұра.

Shadkam Z.¹, Suleimenova A.²

¹al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zubaida.68@gmail.com

²al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: suleymenova.akbope@gmail.com

Signaki as a Spiritual Heritage and Its Translation

The research of ancient historical texts, rare books and written monuments is very important nowadays. It is known that many manuscripts, historical texts and rare books have not reached to the researchers for different reasons. One of the manuscript that has not been scientifically researched is the genealogy of Sygnaki.

The genealogical manuscript was written In Central Asia, in the South part of the modern Kazakhstan. In this manuscript we can see the names of people, historical and religious figures and names of geography places. Our purpose in researching this work is to find the person and geographical names and explain the relationship between them. However, we can not do all the research we have here. Our main goal is to find out the languages in which manuscript written, research when and where they were written, to specify of the Persian, Arabic and Turkic words in the text, to find the names of the historical and religious figures, the name of the place and the geographical names. We hope that this achievement will be a form of research for historians, journalists, ethnographers and researchers.

Key words: of Signaki, manuscript, spiritual heritage.

Шадкам З.¹, Сүлейменова А.²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zubaida.68@gmail.com


²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: suleymenova.akbope@gmail.com

“Шежире Сыгнаки” как духовное наследие и его перевод

Материальное и нематериальное культурное наследие, как рукописи, исторические редкие книги и надписи, имеет очень важное значение. На сегодняшний день вследствие разных обстоятельств большинство исторических культурных памятников, рукописей и редких книг не были целиком исследованы. Одним из таких не исследованных рукописей является “Шежире Сыгнаки”.

В “Шежире Сыгнаки”, написанном на территории Центральной Азии, Южного Казахстана, можно встретить имена исторических личностей и географические названия. Главной целью написания статьи является выяснить, на каком языке, где и когда было написано шежире; выявить тюркские, персидские и арабские заимствования; а также найти имена исторических личностей, названия титулов и географические названия. Надеемся, что полученный материал послужит объектом дальнейших исследований для этнографов, историков и других исследователей.

Ключевые слова: шежире Сыгнаки, рукописные данные, духовное наследие.



Кіріспе

Тектану немесе шежіретану (анатомия/ генеалогия) білімі әрқашанда маңызды болған. Себебі әлеуметтік-саяси қарым-қатынастар туыстық, қандастық негізінде құрылған. Мысалы: еврейлерді Европадан кетуге мәжбүрлеу, сиунизм, пантүркизм, панарабизм сияқты саяси-идеологиялық әрекеттер.

Ежелгі гректердің қоғамында билік текті ақсүйектердің қолында болғандықтан асыл қан, текті ұрпақ аса маңызды еді. Ежелгі Римде де, адамдардың тектерін сақтау, қорғау арқылы қоғамдағы таптар анықталып қалыптасатын; яғни ақсүйектер мен аристократтар төмен таптардан бөлінетін болған. Тіпті адамдардың шыққан тектерін зерттейтін, бақылап отыратын арнайы қызметкерлер болған. Егер бір кісінің жұмысы не дәрежесі оның тегіне сәйкес келмегендігі айқындалса, онда жұмысын немесе дәрежесін ауыстыруға мәжбүр болатын.

Араб тайпалары арасында да тегін білу өте маңызды болған. Кісі тегімен мақтанып өзін таныстыру салты болған. Осы тегін, шежіресін білу негізінде араб тайпаларының ауызбірлігі, тұтастығы сақталған екен.

Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан өзгерістер, әсіресе өндірістік, өнеркәсіптік революциядан кейін және геополитикалық себептерден бұл саланың мәні де маңыздылығы да арта түсті. Мысалы: Балқан, Палестина, Ирак, Сирия, Ауғаныстан сияқты мемлекеттердің өмір сүру шарттарымен жағдайларының өзгеруіне байланысты азаматтары босқын болып кетті. Бұл жағдайда әлемдік деңгейде тек және генеалогиялық зерттеулерге жаңа бағыт берді.

Қазіргі күнде шежіре немесе күтікті сақтау және зерттеу бұрынғы кезге қарағанда оңай және тез жасалады. Туу, үйлену, ажырасу, өлім процестерін тіркеп отыратын, жеке куәлік құжаттарды тіркеп шығарып беретін мекемелер қызмет етеді. Сондықтан тарихшылар,

дінтанушылар, социологтар өз зерттеулерінде шежірелерге өте қатты көңіл аударады.

Шежірелер: – тарихи оқиғаларды алдымызға жәйіп танытып көрсететін негіздеме; – есімдері бірдей болған адамдарды, тұлғаларды бір-бірінен ажырату үшін маңызды дерек. Бұл жүйе арабтар арасында әлі күнге дейін қолданыста. Олар өздерін танытатын кезде әкелерінің есімін қолданады. Мысалы: Абай ұлы Мақсат немесе қызы деп кісілердің дұрыс тегін мәлімдеу үшін, табу үшін қолданылады. Әйел кісі де үлкен баласының (қыз немесе ұл) анасымын деп өзін танытады. Мысалы: Зейнептің анасы. Қазақтар арасында да осыған ұқсас салт бар: Ат тергеу салты сияқты.

Тек немесе генеалогиялық мәліметтер әр түрлі формаларда болады: Тізім, диаграмма, шежіре түрлерінде кездеседі. Шежіреде бұрынғы ұрпақтар жоғарыда, кейінгі ұрпақтар төменде орналасады, яғни бір ағаш түрінде. Жоғарғы жағы төменгі жағынан жалпақтау, кеңірек болады. Кейбірде тегін анықтап отырған кісі сол жақта, аталары оң жақта көрсетіледі.

Шежірелердің әр түрлі қалыптары болуы мүмкін. Кейбіреулері тек бір кісіге қатысты болуы мүмкін: барлық тараған ұрпақтарын көрсету үшін балалары төмен жақта, өзі жоғарыда тұрады, яғни төмен жақ кең енді болады. Кейбірі бір тектен, рудан шыққан кісілерге арналады. Кейбірі де бір мансап, мамандыққа байланысты кісілерге арналады. Мысалы, Германияның патшаларының көрсететін шежіресі сияқты.

Әдістері

Осы мақаланы жазу барысында баспа және ғаламтордағы материалдарды жинақтап, сұрыптап талдай отырып, араб, парсы, түрік сөздіктерімен жұмыс жасап жинаған деректер негізінде Сығнақи шежіресін қазақ тіліне аударып, ерекшеліктерін анықтауға тырыстық.

Негізгі бөлім

Орта Азияда қазіргі Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағында жазылған бұл шежіреге бір қарағанда кісілердің, тарихи, діни тұлғалардың есімдерін, жер-су атауларын көруге болады. Шежірені зерттеуде ондағы діни, тарихи тұлғалар мен мекенжайлар арасында қандай байланыстар бар екенін, ол байланыстардың рас екенін дәлелдеу басты міндет болу керек. Әрине мәдени мұра зерттеулерінде тарихи деректердің аз немесе жоқтың қасында болуы шежіредегі мәліметтерді салыстыруда және рас-тауда қиындық туғызуы мүмкін.

Қазақ халқы шежіреге ерте заманнан бері қатты көңіл бөлген. Бұның дәлелі ретінде «жеті атаның» пайда болуын айта аламыз. Шежіренің маңыздылығы мақал-мәтелдерде де анық көрінеді: Жеті атасын білмеген жетесіз, Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер. Шежіре арқылы адамның тегі, қоғамдағы орны, мекен-жайы және қоғамға қосқан үлесі туралы ақпараттарды алуға болады. Шежіренің рөлі қоғамда үлкен және маңызды. Шежіре халықты бөлінуге емес, ағайын-жұртты бірлікке, тұтастыққа және де өз ата тарихын тануға, жеті атаға дейін қан араластырмай халықтың генетикасын таза ұстауға шақырады. Шежіре арқылы тек генеалогия туралы ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғалар, топонимдер, діни деректер, сондай-ақ сол кездегі елдің заңдары туралы ақпараттар алуға болады.

Шежіре сөзі арабтың шаджарат «бұтақ, тармақ» деген мағыналарды білдіретін атаудан шыққан. (Аяған ж.б. 2007: 489). 1) Тарихи жылнама, дерекнама, тарих; 2) туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; рулық, туыстық кесте; 3) ауыспалы мағынада: көнекөз, көп білетін білгір. (Жанұзақов 2008: 911). Генеалогия термині грек тілінде пайда болып ғылым саласы ретінде 17-18 ғасырларда қалыптасады. Шежірені ұрпақтан ұрпаққа халыққа таратқан адамдарды шежіреші деп атайды. Шежіре екі түрде жеткізілетін болған: жазбаша және ауызша. Қазақ халқы 200-ден астам рудан құралса, сол әр рудың өз шежірешісі болған. Шежіреші халықтың түп тарихынан бастап оның тайпа, жүз, руға дейінгі тарихын терең білген. (Прохоров 1971: 4, 87)

Шежіре барлық халықтарда кездеседі. Мысалы Ресей, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдерінде шежіреге байланысты көптомдық кітаптар басылымға шыққан. Совет өкіметі заманында идеологиялық саясат әсерінен қазақ шежіресі өкінішке орай көп зерттелмей қалған. Бұған қарамастан Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров секілді этнолог ғалымдардың зерттеулерінде шежіреге байланысты деректер табуға болады.

ҚР Алматы Ұлттық кітапханасындағы Сирек Қор бөліміндегі Сығнақи шежіресінің түп нұсқасы біз үшін құнды деректердің бірі. Шежіре парсы тілінде. Ұзындығы – 2,5 метр, ені – 27 см. 130 жолда Орта Азия қағазында жазылған. Жыртылған төрт жерінен жалғанып өңделген. Арасында жыртық тесік жерлерді жабыстырылып өңделгенін көре аламыз. Өңделген кезде шежіренің мәтініндегі сөздеріне зақым

келген. Сондықтан кейбір жолдар мен сөздердің орны ауысып кеткен. Оны төменде берілген суреттерде көруге болады. Шежіренің шеттері жыртылған тозған. Ең соңында 6 мөр және шежірені толықтыратын мәліметтер жазылған. Шежіре мәтінінде 1215 және 1250 жылдары хижри күнтізбемен кездеседі. Ал шежіренің соңында 1277 жылы жазылып тұр.

Шежіренің жыртылған жерлерін жабыстырылып жамалғанда жолдар араласып кеткен. Кейбір жерлерде сиясы өшкендіктен сөздер нақты оқылмайды. Мәтіннің басында “осы қасиетті шежіре түп нұсқасынан көшірілді” деп жазылған. Шежіренің бірінші, алғашқы нұсқасы ескі және көне болғандықтан тура дәл көшіріліп жазылғандығы айтылады. Оқушылардан осы нұсқаны оқығанда себепсіз, дерексіз тіл ұзартып, мазақ қылмауын және тіл тигізетіндерден қорғауларын сұрайды автор. Шежіре араб тілінде дұға және мадақ сөздермен басталады. Шежіренің қағазы бірнеше жерден жыртылған. Бас жағы да тозып жыртылған сол үшін басындағы жолдар толық емес және оқылмайды. Шежірені аудару барысында араб тіліндегі діни тіркестерді, терминдерді де аудардық. Кейбір кісі аттары мен мекен жер атаулары араб әріптерінің фонетикалық ережелері бойынша бірнеше вариантта оқылады. Сондықтан осындай жағдайларда нақтылық болмауы мүмкін. Шежіре мәтінінде хижри жылды әріптермен көрсетіп жазған және осы кезде қате жазылған. Бірақ біз аудармада оның дұрыс вариантын көрсеттік. Мәтін парсы тілінде болғанымен, парсы және түркі тілдерін араластырып жазылған сәттер де бар. Мысалы «иек, иеки» сөзі парсы тілінде бір, біреу деген санды білдіреді. Мәтінде иекуі, яғни түркі тілдеріндегі біреуі деген сөз жиі кездеседі. Бұл жерде түркі тілдеріндегі жалғау (-і,-ы) қолданылғанын байқаймыз. Аудармада мәтінде оқылмайтын сөздері бар жерлерді бос қойдық.

Аударма барысында Сұлтан Һисамиддин Сығнақи мен Хазрет Әбубәкір Седдиқ (р.а.а) арасында 14 ата (ұрпақ) болғанын көрдік. Ал, Ш. Қарақожаев «Суғнак-Ата (Хисамиддин) Позновательно-биографические размышления» атты еңбектің 106, 107-ші беттерінде шежіредегі 33-ші жолдағы Хазрет-і Ақсұлтан Мұхаммедті екі кісі ретінде: Абдилла Сұлтан Мұхаммед және Азрет-Ақсұлтан 15 ата (ұрпақ) деп көрсеткен.

Шежіренің парсы тілінен жолма-жол аудармасы:

1. Жыртық, көрінбей тұрғандықтан оқылмайды.

2. Әлһәмдүлилләһ..... вәл-яқин

3. Вә қала инналлах вә бада хазиһи

4. Вә ... құрметті, қасиетті, нұрлы осы нұсқа

5. Вә биль жасалды артық

6. (Көне нұсқадан) артық та, кем де еш нәрсе көшіріліп жазылмады. Ұсынылып отырған мына қасиетті нұсқаға

7. Ешкім күмәнданбасын. Бұрынғы шежіренің көне болғандықтан

8. Жаңадан көшіруіне қажет болды

9. Осы көшірілген жазған нұсқаны көргендерге

10. Өтініш бар: осы шежірені көріп айта-тындар

11. Себепсіз, дәлелсіз оған (шежіреге) тіл тигізіп оны балағаттамасын

12. Тіпті осы қасиетті шежіреге тіл тигізетіндерге кедергі жасасын. Осы көшірме нұсқаны растығынан

13. бұрынғы сол кездегі патшалар мен

14. Әулиелер және ғұламалар хабардар болған.

15. Оның көшіріліп жазылуын қажет екендігін яғни

16. Хазрет Сұлтан Һисамиддин Сығнақидің шежіресін «Насабнамесін» жазуға мақсат етілді.

17. Сығнақи Құдайдың жақсы мінезді адамы, ол тақуалардың тақуасы

18. Ол адамдардың жол көрсетушісі, жүрегі таза, өз заманның имамы және сүйікті ұлы, тұлғасы болған

19. Ол Сұлтан-ул Арефинмен сұхбаттас болып материалдық және рухани ғылымдарды кемел білген, фәтуа ғылымдары және

20. Хадис ғылымында өз заманының алдыңғы қатардағы ғұлама болған және ғылыммен айналысқан

21. «Сахиб Нихайе» кітабын жазғанда Сұлтан-ул Арефин Қожа Ахмет Яссауидің жанында болған

22. Сұлтан Һисамиддин Сығнақи, оның лақабы Сығнақ ата

23. Хазрет Хаким ата шеше жағынан екеуі де Сұлтан Арефин Ходжа Ахмет Яссауимен

24. Туыс болып келеді. Сұлтан-ул арефин ол Ысқақ бабтың баласы

25. Болады. Арабистаннан Ысқақ бабтың жанындағы Түркістан аймағына

26. Үш әулие келді: Абдурахим баб, оның лақабы Әулие ата, Әбдужалил баб

27. Оның лақабы Хорасан ата және Абдуазиз баб, оның лақабы Ақтас ата. Олар

28. Сонша жолдан адасып қараңғы жолда жүргендерді иман, ислам жолына

29. Құдайдың мейірімі және қолдауымен қойды. Хазрет Сұлтан Һисамиддин

30. «Сахиб Ныхайе» лақабы Сығнақ ата ибн Абдулламәлік бин Қаюм мәлік

31. Бин Қайсар Мәлік бин Абдал Мәлік бин Бурхан Мәлік бин Мансұр Мәлік

32. Бин Сүлейман Мәлік бин Шабур Мәлік бин Маликшах бин Сұлтан Мәулүд

33. Бин Сұлтан Қағаб бин Сұлтан Қасым бин Хазрет Ақсұлтан Мұхаммед бин

34. Хазрет Әбубәкір Седдиқ (р.а.а) Сұлтан Хисамиддин Сығнақи

35. Хазрет Хаким ата ол әке жағынан туыс болып келеді. Ол Юнус хан заманында

36. Болған. Осы Юнус Хан өте ғұлама болған (Құдай біліп тұр)

37. Ол өзі жомарт кісі болған, оның елінде ешқандай қолы тар адам болмаған. Оның жомарттық

38. Теңізінің толқыны кедейлікті соғып итеріп жібереді. Юнус хан

39. Ол Жұрлақ арығы қазір оған Бұлдырақ арығы деп айтады екен. Миш арығынан

40. Көктас бұлағынан және қос жер суменен бірге Сұлтан Хисамиддиннің әулиеттеріңкі

41. Болған. Әуел бастан бері егін шаруашылықпен айналысып келген жол салғаннан кейін

42. Ешкім кіріп оған шыға алмайды (Алла біледі және растайды) Хазрет Сұлтан хисамиддин

43. «Сахиб Ныхайе» рахматуллах алайхда бір ұл, бір қыз болған. Ұлдың аты Әбу Сүлейман Ходжа Уәли

44. Және қызының аты Бибі Мүссәлеме-ай. Хазрет Султан-ул арефин Қожа Ахмет Яссауиден бір

45. Ұл, екі қыз болды. Ұлының аты Әбдүрәссіл Қожа, лақабы Наурыз Қожа. Бір қызының аты

46. Жүмле Хожтаж, екіншісінің аты Хожтаж Айым. Сүлейман Уәли (р.а.а.)

47. Және Хазрет Али Аббас, лақабы Али Қожа ата. Ол екеуі хазрет

48. Сұлтан-ул арефиннің күйеу баласы болған. Әбу Сулейман Қожа Уәлиден (р.а.а.)

49. Үш ұл болды. Біреуінің аты Әбдулазиз қожа Мәулауи Сығнақи, біреуі Мәулана Зиауддин

50. Қожа Сығнақи және біреуі Ахмет Қожа ата Қырхуқи (р.а.а.). Хазрете Әбдулазиз Қожадан

51. Сығнақиден (ол Құдай жолында дәруиш болып жүрген)

52. Хазрет Әбдуазиз Қожа Мәуләуиден екі ұл болған.

53. Біреуі Мәулид Шейх (р.а.а.) және біреуі Уриян Шейх (р.а.а.) Мәүлюд

54. Шейхтен бір ұл болды, оның аты Азизан шейх. Ол

55. оқылмайды

56. Өз заманының құтбы болған. Азизан шейх Сығнақи

57. Екі перзент болды. Біреуі Абдуллах шейх, біреуі Дәруиш Али шейх Сығнақи (р.а.а.)

58. Ол сопылықтың, тақуалықтың тәрбиесін алған. Ол хақиқаттың, шындықтың нұрын көрген. Ол

59. Шындықтың, хақиқаттың сырын білген. Ол шыныменен де пайғамбардың мұрагері болған. Қасиетті кесенені

60. Салдырған яғни Әмір Темір Куракан (Халадуллах).

61. Қасиетті, үлкен, ғажап ғимарат салынып біткеннен кейін оны мүбәрак

62. Тариқат сұлтаны және шындықтың дәлелі Зүбдәтүл арефин

63. Қожа Ахмет Яссауидің (р.а.а.) кесенесіне арнады. Ешкім

64. Бұл кесенеге жамандық, дұшпандық, зұлым жасамайды. Егер қиямет күнінде ұятты болғысы келмесе

65. Содан кейін хазрет Дәруиш Али шейх Сығнақиді Қожа Ахмет Яссауи мешітінде

66. Хұтба жасауға лайық көріп хұтба оқуға тағайындайды. Кейін

67. Оның салиқалы ұрпақтарынан оқылмайды Осы сөзден кейін

68. Қаратас Борамедигі Қара бұлақ, Синрад бұлақ, Ақтас бұлақ

69..... Миш арығы, Қызылқия, Борамедигі, Көктас бұлағы және осылардан да басқа Бұлдырық арығы сияқты

70. Асыржүк және Жайылма сияқты арықтардан Сығнақи жамағатының ішуіне, суғаруына болатыны белгілі. Осы су ішетін жерлерді

71. Ауыстыруға, өзгертуге болмайды. Егер де су ішетін жер өзгертілсе Құдайдың және періштелердің

72. Және бүкіл жамағаттың лағнатына ұшырайды, яғни қандай да бір әкім ауыстырса су ішетін жер де Құдайдың,

73. Періштелердің қарғыстарына ұшырасын және ана дүниеде, осы дүниенің соңына дейін Құдайдың қаһарына

74. Ұшырайды (Құдай бәрін біледі). Хазрет Дәруиш Али Сығнақи ((р.а.а.))

75. Ол Женаб Дәруиш Али Сығнақи ((р.а.а.)) ден екі бала болған, біреуі Бұзорғ

76. Шейх, біреуі Сүйіндік Шейх ата Сығнақи, лақабы Мүйізді ата болған. Ол

77. Сол кездегі тұлғалардың ең атақтысы. Ол сол кездегі ең дәулетті және бірегей жоғарғы дәрежелі және ол

78. Кектен арынған. Сүйіндік атадан ((р.а.а.)) дан

79. Бір ұл болды, оның аты Хиджум Мәлік Сығнақи, лақабы Чурнақ Шейх. Хазрет Хиджум

80. Мәліктен екі ұл болды, біреуі Шейда Шейх Сығнақи, біреуі Абдуллах Шейх және

81. Шейда Шейхтің ұлы Сейед Ахмед Кушек/ Көшк және оның ұлы Мәуланайе Бұрхан Шейх Сығнақи, оның лақабы Күйіндік ата

82. Және оның ұлы Мәулана Мұхаммед Шейх Сығнақи. Мәулана Мұхаммед шейхтен бес бала болды.

83. Біреуі Мәулана Азизан шейх, біреуі Абдусаттар шейх, біреуі Абдуғаффар шейх, біреуі Абду-

84. Мусамме шейх Сығнақи, біреуі Үмме Мүсәлемме Ай. Мәулана Азизан шейхтен

85. Бір ұл болды, оның аты Маликшах, лақабы Сығнақи Азизлар. Осы Маликшах Қожадан

86. Екі ұл болды, біреуі Абдураззақ Қожа, біреуі Әбдулахад Қожа, лақабы Баба Сәлік ата.

87. Жақсы мінезді, өте қарапайым, тәкаппарлығы жоқ, шайтанның азғырғанына

88. Ермаген, қарапайым болып адамгершіліктің ең жоғарғы деңгейіне жеткен Әбдулахад Қожадан

89. (Баба Салик) атадан 4 ұл болды. Біреуі Әбдулкадір шейх, біреуі Әбдүлсаммад шейх, біреуі

90. Әбдулғани шейх, біреуі де Баян-Құл Хан Азизлар. Баян-Құл Хан Азизлардан екі ұл

91. Болды. Біреуі Қадырберді Қожа, біреуі Әбдужаппар Шейх. Қадырберді Қожадан үш ұл болды. Біреуі

92. Нұруллах шейх, біреуі Нұралихан Азизлар, біреуі Абдулазиз шейх. Нұруллах

93. Шейхтен екі ұл болды, Атеш Хан Азизлар, біреуі Темірхан Азизлар

94. Атеш Хан Азизлар, Амир Шах Мурат (ол нұр жүзді және дәруиш жүзді болған

95. Ол Хазрет ... Уәлидің шәкірті болған. Шейх оған айтыпты: «Сен залымсың және залымның баласысың. Не үшін сен Шейхтердің жолында

96. Қызмет етіп, шыдап жүрсін», дейді. Осы шейх Әміршах Мұрадқа мейірімділік көрсетеді. Әміршах Мұрад өте

97. Сопы, тақуа еді. Өзінің маңдай терімен тапқан еңбегінің нанын жейтін, қазынадан жемейтін еді. Кейбіреулердің айтуы бойынша

98. Ол пышақтың қынын жасап сатып, сөйтіп күн көреді екен. Жасы 63 жаста еді.

99. 1215 жыл жұманың түнінде Режеп айының он үшінде

100. Фани өмірден бақилық болды. Әмірхайдар жаназасын оқиды

101. Одан кейін төбеге шығып таққа отырғанын жариялады

102. Әмірхайдар өзі өте батыл, қылышқа шебер, мерген және ғалым болған. Ол

103. 1250 жылы фани өмірден бақилық болды. Одан кейін ұлы Насруллах Хан өз інілері

104. Әмір Хусейн Хан және Әмір Омар Ханға соғыс ашады. Бұқараны

105. Жаулап алып патша болады (Құдай бәрін біледі). Енді Атеш Ханнан

106. 6 ұл, 2 қыз болған. Біреуі Али Хан Азизлер, біреуі Қожа Хан

107. Азизлер, біреуі Найман Хан Азизлер, біреуі Диуана Хан Азизлар

108. Біреуі де Баба Хан Азизлар, біреуі Ата Хан Азизлар, қыздардың біреуі Меруерт

109. Ай, біреуі Фатма Ай. Али Хан Әмірхайдар патшаменен замандас болды. Али Хан

110. Өте ақ ниетті болған, Пайғамбарымыз айтқан: Момынның ниеті үйінде жасаған жұмысынан хайырлы, игі.

111. Я Құдай, сен ниетімді білесің, жақсы ниетімнің жақсылығын бер. Ал Алихан шейхтен 5

112. Ұл, 2 қыз болған. Біреуі Дарұламан Шейх, біреуі Бақан Шейх, біреуі

113. Халхан Шейх, біреуі ҚұлМұхаммед Азизлар, біреуі Құдай Құл Азизлар. Екі қыздың

114. Біреуі (оқылмайды), біреуі Тілла-Ай. Құдай Құл Азизлер өте өтірік айтпайтын,

115. Құдайға шүкіршілік етіп жүретін кісі болған. Ол Әмір Насруллахпен замандас болған

116. Парсыша сөздер мен мадақтау сөздер бар

117. Парсы сөздер мен мадақтау сөздер бар..... Құдай Құл

118. Азизлардан 6 ұл, 2 қыз болыпты, біреуі Никахан Азизлар, біреуі

119. Мұхаммед !!!! Азизлар, біреуі Мұхаммед Али Хан Азизлар, біреуі Суфи Мұхаммедхан

120. Азизлер, біреуі Ер-Мұхаммед Мұқим Азиз, біреуі Құлжан Қожа, үш қыздың біреуі

121. Бибі Айше оқылмайды

122. Парсы тілінде өлең сөздер: таңертең қол жайып дұға жасаған

123. Түн ортасында дұғасының жауабын алар. Түн ортасында мұнажаттары қабыл болады,

124. Түн ортасында Құдай тағаладан сұраған тілек қабыл болады.

125. Түн ортасында кешірім сұрағандарды құдай кешіреді.

126. Никахан Азизлардан 11 ұл, 9 қыз болған. Біреуі Омар Хан, біреуі Осман Хан, біреуі Әбубәкір Азизлар, біреуі Назархан, біреуі Есім Хан.

127. оқылмайды. Омар Ханнан 4 ұл, 6 қыз болыпты.

128. Біреуі Тоғай Хан, біреуі Бек Қожа, біреуі Мұхаммед Али Хан, біреуі

129. Әбдумүзәнип, яғни мен Құдайдың күнәһар, қарип Дамла Күл-Мұхаммед

130. Малик Хан болған. Құдайға дұғамен бітеді:

Мәтіннің соңында қатарынан тұрған 3 мөрден кейін 1-ші анықтама берілген:

Анықтама 1:

1. Али Хан шейхтен 5 ұл болған, біреуі Дәруламан, біреуі Құл шейх,

2. Біреуі Құлан шейх, біреуі Құдай Құл шейх,

3. Біреуі Офа/Опа Хан шейх, оның лақабы Бүкөй Сопы, Құдай Құл шейхтен 6 ұл,

4. Біреуі Никахан Сопы, біреуі Әбдүлсамад шейх,

5. Біреуі Ай Мұхаммед, біреуі Мұхаммед Оли, біреуі Ер-Мұхаммед Хан,

6. Біреуі Құлжан Хан. (Арабша дұға бар)

Осы анықтамадан кейін де 3 мөр қатар тұр. Жанында 1277 һ.ж. көрсетілген.

Анықтама 2:

1. Никаханнан 10 ұл болған, біреуі Омар Хан

2. Біреуі Осман Хан, біреуі Бекір Хан, біреуі Назар Хан

3. Біреуі Есім Хан, біреуі Дұрым Хан

4. Біреуі Құлым Хан, біреуі Челтан Хан

5. Біреуі , біреуі Имбин Хан. Омарханнан.

Қорытынды

Қазақ халқы шежіреге ерте заманнан бері қатты көңіл бөлген. Бұның дәлелі ретінде жеті атаның пайда болуын айта аламыз. Шежіренің маңыздылығы мақал-мәтелдерде де анық көрінеді: Жеті атасын білмеген жетесіз, Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер.

Шежіре арқылы адамның тегі, қоғамдағы орны, мекен-жайы және қоғамға деген қосқан үлесі туралы ақпараттар алуға болады. Сондықтан шежіренің рөлі қоғамда үлкен. Шежіре халықты бөлінуге емес ағайын-жұртты бірлікке, тұтастыққа және де өз ата тарихын тануға, жеті атаға дейін қан араластырмай халықтың генетикасын таза ұстауға шақырады. Адамның шыққан тегі қоғамда оның әлеуметтік мәртебесін анық-

тауда маңызды рөл атқарады, белгілі бір тапқа қатысын көрсетеді. Шежіре тек генеалогия туралы ғана емес, сонымен қатар тарихи топонимика, діни деректер, сондай-ақ сол кездегі елдің, қоғамның заңдары ережелері туралы ақпараттар бере алады.

Ұлттық тарихымыз бен мәдени мұраларымызды зерттейтін ғалымдар алдында уақыттың өтуіне байланысты немесе басқа да себептер негізінде білінбей, анықталмай қалған көп мәселелердің жауабы, құпиясы қолымыздағы шежіре сияқты қолжазбаларда, сирек кездесетін тарихи мәтіндерде жатқаны анық. Осындай деректердің танылмауы немесе жойылып кетуі тарихымыздың маңызды кезеңдерін мәңгілік танылмай кетуіне себеп болып, тіпті қате, жалған тұжырымдарға тіреп тастауы да әбден мүмкін. Сондықтан осы салада жауапты, білікті мамандарды дайындап жетілдіру ұлттық мүддеге айналу керек.

Шежіреде кездесетін тарихи-діни тұлғалар:

Ысқақ баб

Әулие ата

Хорасан ата

Ақтас ата

Сығнақ ата

Әмір Өмар Хан

Әмір Сейед Музаффар Хан

Әмір Сүлейман\Салман Қожа

Әмір Темір

Әмір Һайдар

Әмір Һусейін Хан

Әмір Шах Мурад

Сұлтан Һисамиддин Сығнақи

Сұлтан-ул Арефин Қожа Ахмед Яссауи

Хаз. Абубәкр (р.а.а)

Юнес хан

Шежіреде кездесетін жер-су атаулары:

Арабистан

Асырчук (арық)

Бұхара

Жәйылма (арық)

Көктас (бұлақ)

Қараташ Борамедги Қара бұлақ (Барамедеки болуы да мүмкін)

Миш (арық)

Синрад бұлақ (Сизад болуы да мүмкін)

Түркістан

Шежіре мәтнінде кездесетін лақап-атақтар:

Азиз (әзиз, әзиз) – عزیز араб тілінен енген сөз.

Құрметті, қадірлі, сыйлы және аса зор, қуатты, онымен ешкім теңесе алмайды деген мағынада қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі (Мамырбекова 2017:19). Мәтінде бұл термин

орфографиялық тұрғыдан үш түрде берілген: азиз, азизлар, азизлер. Азиз сөзі 3, азизлар 7, ал азизлер 16 рет мәтінде кездеседі.

Баб – باب араб тілінен енген сөз. Қазақ тілінде келесі мағыналарда қолданылады:

1) есік, қақпа; 2) тарихи термин: бабилар, бабидтар мазһабының негізін салған Әли-Мұхаммед Ширазидың лақап аты. (Оңдасынов 2011:33). Мәтінде баб сөзі 4 рет кездеседі.

Бибі (биби, бүбі) – بیبی парсы тілінен енген сөз. Парсыша «биби» болып оқылып қазақ тілінде келесі мағыналарда қолданылады:

1) жоғарғы мәртебелі адамның, бай, мырзалардың әйелі, ханым; 2) Діни құрметтеу ретінде әйелдің есіміне жалғаса айтылады. (Оңдасынов 2011:118). Мәтінде бибі сөзі 2 рет кездеседі.

Дәруіш – درویش парсы тілінен енген сөз болып қазақ тілінде диуана, сопы, мистик сияқты мағыналары бар. Кейде дүние қызығынан безінген, бар ғұмырын діни білімге арнаған адам ұғымында да жұмсалады. Дәруіш парсының «дәр» есік және «уиш» жатқан, яғни есік алдында жатушы сөздерінен жасалған деген тұжырым бар. (Оңдасынов 2003:106). Мәтінде дәруіш сөзі 4 рет кездеседі.

Қожа – қазақ тіліне арабшадан еніп جاج араб тілінде «хужа» болып оқылады. Қазақ тілінде бірнеше мағыналары бар: 1) ұстаз, данагөй, ақылшы; 2) басшы, төре, құрметті адам; 3) ие, еге. (Смағұлов 2006:347) Мәтінде қожа сөзі 21 рет кездеседі.

Хан – түркі-моңғол сөзі. Билік иесі, ел басқарушы. (Кеңесбаев, Қайдаров 1986: 56). Мәтінде хан сөзі 47 рет кездеседі.

Хазірет (хазрет, ғазірет, қазірет, хұзрәт, хұзрат) – қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Араб тілінде خاضع «хадрат» ретінде оқылып қазақ тілінде келесі мағынада қолданылады: Пайғамбардың, пірлердің, патшалардың, хандардың, сұлтандардың, әмірлердің атына қосылып айтылатын атақ. (Мамырбекова 2017:582). Мәтінде хазірет сөзі 6 рет кездеседі.

Шайх (шейх/шайх) – қазақ тіліне арабшадан енген сөз. Араб тілінде شیخ «шейх/шайх» ретінде оқылып қазақ тілінде бірнеше мағыналары бар. Олар: 1) мұсылман дін өкілінің құрметті титулы; 2) діни басшы, рухани жетекші, данагөй, кеменгер; 3) қарт адам, ақсақал; 4) мұғалім, ұстаз, тәрбиеші; 5) ауыспалы мағынасы – қасиетті, шарапаты тиетін әулие. (Оңдасынов 1984:235). Мәтінде шайх сөзі 34 рет кездеседі.

Әдебиеттер

- Алпысбес Махсат, (2013). Шежіре Казахов: Источники и Традиции. – Астана: BG-Print баспасы.
- Аяған Б., (2007). Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы.
- Жанұзақов Т., (2008). Қазақ Тілінің Түсіндірме Сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы.
- Кеңесбаев І. К., Қайдаров Ә. Т. (1986). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. X том. – Алматы: Ғылым.
- Қарақожаев Ш., (2007). Суғнак-Ата (Хисамиддин). Познавательльно-биографические размышления. – Алматы.
- Мамырбекова Гүлфар, (2017). Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты.
- Оңдасынов Н. Д., (2011). Араб текті қазақ есімдері. – Алматы: Білім баспасы.
- Оңдасынов Н. Д., (1984). Арабша-Қазақша түсіндірме сөздік 1 том. – Алматы: Мектеп баспасы.
- Оңдасынов Н., (2003). Парсыша-Қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім баспасы.
- Прохоров Александр Михайлович, (1971). Большая Советская Энциклопедия. – М.: Советская Энциклопедия баспасы.
- Сопыбеков Адырбек, Саркулов Асан, (2012). Хисамиддин Сығнақи, Тұғырлы Тұлға. – Алматы: Мұсылман баспасы.
- Смағұлов Аскар, (2006). Қазақ Есімдері. Энциклопедиялық Анықтамалық. – Алматы: Атамұра.

References

- Alpysbes Mahsat, (2013). Şejire Kazahov: İstochniki i Traditsiyi. [Genealogy of Kazakhs: Sources and Traditions.]- Astana: BG-Print baspası.
- Ayağan B., (2007). Qazaqstan. Ultıq Entsiklopediya. [Kazakhstan. National Encyclopedia.]- Almatı: Qazaq Entsiklopediya baspası.
- Januzaqov T., (2008). Qazaq Tiliniń Túsindirme Sözdigi. [Explanatory Dictionary of Kazakh Language.]- Almatı: Dayk-Press baspası.
- Keñesbayev I. K., Qaydarov A. T., (1986). Qazaq Tiliniń Túsindirme Sözdigi. [Explanatory Dictionary of Kazakh Language.]- Almatı: Ǵılım.
- Qaraqojayev Sh., (2007). Suǵnaq-Ata (Hisamiddin). Poznovatelno-biograficheskie razmishleniya. [Signaki (Hisamiddin). Cognitive Biographical Reflections.]- Almatı. Mamırbekova Gúlfar, (2017). Qazaq Tilindegi Arab, Parsı Sözderiniń Túsindirme Sözdigi.

- [Explanatory Dictionary of Arap, Persian Words in Kazakh Language.]- Almatı: Memlekettik Tildi Damıtu Institutı. Oñdasınov N., (2003). Parsısha-Qazaqsha Tüsındirme Sözdik. [Explanatory Dictionary of Kazakh-Persian Languages.]- Almatı: Bilim baspası.
- Oñdasınov N. D., (1984). Arabsha-Qazaqsha Tüsındirme Sözdik. [Explanatory Dictionary of Arap-Kazakh Languages.]- 1 tom.- Almatı: Mektep Baspası.
- Oñdasınov N. D., (2011). Arab Tekti Qazaq Esimderi. [The Kazakh Names with Arap Radix.]- Almatı: Bilim baspası.
- Prohorov Aleksandr Mikhaylovich, (1971). Bolshaya Sovetskaya Entsiklopediya. [The Big Soviet Encyclopedia.]- Moskva: Sovetskaya Entsiklopediya baspası.
- Smağulov Asqar, (2006). Qazaq Esimderi. Entsiklopediyalıq Anıqtamalıq. [The Kazakh Names. Encyclopedic Directory.]- Almatı: Atamura.
- Sopıbekov Adırbek, Sarkulov Asan, (2012). Hisamiddin Sıǵnaqi. Tuǵırlı Tulǵa. [Signaki Hisamiddin. Fundamental Person.]- Almatı: Musılman baspası.

FTAMP 16.41.53

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o12>**Қалиолла А.¹, Шарыпқазы Н.²**¹оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nurken.ardak@mail.ru²оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

ҚЫТАЙ «СҮЙЕК ЖАЗУЫНЫҢ» ТАБЫЛУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНУІ

Мақалада Қытай иероглифінің ең ертедегі үлгілерінің бірі болған сауыт-сүйек жазуының (жя-гу-уын) табылуы, зерттелу барысы, зерттеу жетістіктері баяндалған. Сонымен бірге, жазу мәдениетінің кез келген мемлекет пен ұлттың өмір сүруі мен дамуындағы рөлін тарихи фактілермен ашуды қарастырған. Қытайдың өте көне өркениеті саналатын Шаң патшалығының қоғамдық құрылысы мен мемлекеттік жүйесіне сауыт сүйек жазулары арқылы зерттеу жүргізіліп, көптеген құнды мәліметтерге қол жеткізген. Сондай-ақ шарап ішу Шаң патшалығы дәуіріндегі жалпылама халықтық сипат алған ерекше мәдениет түрі болғанын, ақыры соңында шарап ішу мәдениеті Шаң патшалығының құлап қирандылар астындағы тарихи ескерткішке айналуының басты себебі болғаны баяндалады.

Түйін сөздер: Қытай, сүйек жазуы, Шаң патшалығы, Қытай иероглифі, Қытай өркениеті, жазу тарихы, Шарап елі, Жоу патшалығы.

Kaliolla A.¹, Sharypkazy N.²¹lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurken.ardak@mail.ru²lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

Finding of Chinese “letters on the bones” and joining the scientific community

The article explains the discovery and research of one of The oldest types of Chinese writing - the shell and bone inscription (JiaGu Wen). At the same time, based on historical facts, the article is devoted to the definition of the role of written culture in the life and development of any state and nation. Many valuable materials about the social construction and the state system of one of the oldest civilizations in China - the Kingdom of Shan, with the help of shell - bone inscriptions were revealed. It is also reported that drinking wine was a unique kind of culture that received a comprehensive national character in the Shan era, in the end, the culture of winemaking became the main reason to become a historical monument under the destruction of the Shan Kingdom.

Key words: China, bone inscription, Shan Kingdom, Chinese character, Chinese civilization, history of writing, Wine country, Zhou Pathology.

Қалиолла А.¹, Шарыпқазы Н.²¹преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurken.ardak@mail.ru²преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

Находка китайских «писем на костях» и вступление в научный круг

В статье говорится о находке и исследовании одного из самых древнейших видов китайской письменности – панцирно-костной надписи (цзягувэнь). Вместе с тем, опираясь на исторические факты, в статье определяется роль письменной культуры в жизни и развитии любого

государства и нации. Были выявлены многие ценные материалы об общественном строительстве и государственной системе одной из древнейших цивилизаций Китая – о царстве Шань, с помощью панцирьно-костных надписей. Также сообщается, что питье вина было уникальным видом культуры, получившим всеобъемлющий народный характер в эпоху Шань, в конце концов, культура виноделия стала главной причиной того, чтобы стать историческим памятником под разрушением Шаньского царства.

Ключевые слова: Китай, костная надпись, Шаньское царство, китайский иероглиф, китайская цивилизация, история написания, Странавина, Патология Джоу.

Кіріспе

Қытай жазуы (жаңа қытайша: 汉字; дәстүрлі қытайша: 漢字; пинйін: Hànzì) – тарихи деректер бойынша, қытай жазуының алғашқы таңбалары б.з.б. 14 ғ. Шаң патшалығы заманында пайда болған.

Қытай жазуы – әлемдегі тарихы аса ұзақ жазулардың бірі. Ол қытай қоғамының дамуынан бастап, қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келгені тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында рухани құндылықтардың аса мол түрлерін өмірге әкелгені ақиқат. Олар осы бай құндылықтарды өз жазуларының көмегімен бүгінге жеткізіп отыр. Демек қытай жазуы бүгінде қытай халқының ғана емес әлем халықтарының да баға жетпес қазынасына айналып отыр. Қытай жазуын бұрын-соңды тек қытайлар ғана емес, маңайындағы туыстар мен көршілер Корея, Вьетнам, Жапония секілді елдер де қолданылған. Бұл тұрғыдан келгенде қытай жазуы ел мен елдің арасындағы мәдени алмастыруды тереңдетті. Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамығаны болып есептеледі. Бір иероглиф белгілі мағынаны білдіріп, бір фонетикалық заңдылықтар бойынша бір фонема болып есептеледі. Сондай-ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмайтындықтан тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба жасап шығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тілі сөздерінің мағынасын бейнелейтін таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылады. Мысалы, қазіргі кейбір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғаны айтпасақ та түсінікті (Niè Guilán., 2007,50).

Қытай көп ұлтты мемлекет hanzu ұлтынан басқа 55 аз санды ұлттар бар. Әр бір ұлттың, яғни көпшілігінің өз тілдері бар. Тұрғындардың басым көпшілігі қытай тілін қолданғандықтан қытай тілі мемлекеттегі, әр бір ұлттың арасындағы қарым-қатынас тіліне айналды.

Материалдар мен әдістер. Дерек ретінде Шаң патшалығы дәуірі атты мемлекеттің болғанын жазып қалдырған Қытайдың көне

тарихи жәдігерлері, сондай-ақ Шаң династиясының 500 жылдық тарихы туралы бұрын «Тарихи жазбалар» атты кітаптың «Ин шежіресі» деп аталатын тарауы басты дерек көзі ретінде пайдаланылды. Чиң патшалығының соңғы дәуірінде жасаған император академиясының көне жазбаларды зерттеуші ғалымы «Сауыт-сүйек жазуының атасы» Уан Иронның зерттеу еңбектері мен оның досы Лю Э «Те юн саң гүй» атты сүбелі еңбегі сауыт-сүйек жазбаларын ашуда негізгі жәрдемші құрал болса, Еуропа мен америкалық миссионерлердің жинап өткізген АҚШ-тағы Принстон университетіндегі, Питтсбург қаласының Карнеги мұражайындағы, Лондондағы Ұлы Британ мұражайындағы сауыт-сүйек жазбалары мен олар туралы деректер, Қытай орталық ғылыми зерттеу академиясының тіл білімі институты тарапынан келген сүйек жазбаларын зерттеуші ғалым Доң Зобин бастаған экспедициялық топтың Хынан өлкесі Анян қаласындағы жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары мен нәтижесі негізгі дерек ретінде қолданылды.

Әдістері

Археологиялық зерттеу, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстырмалы жазба деректерді зерттеу, эмприкалық әдіс (әңгіме, сұхбат), статистикалық деректерді талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Талқылау нәтижесі

Қытай жазуы – адамдардың заттар мен құбылыстарға ұқсата еліктеуі нәтижесінде, дүниелік құбылыстарды сызбамен бейнелеп, түсіну мақсатына жетті. Олар алғашқы жазуды сүйектерге ойып жазды, сондықтан зерттеушілер осы әдепкі жазуларды сауыт-сүйек жазуы деп атады. Қытайдың негізгі ресми тілі – қытай тілі. Қытай тілі Қытай-Тибет тобына жатады. Қытай тілінің басты ерекшеліктері: 1. Қытай тілінде 4 үн бар, мағына үн (тон) арқылы анықталады; 2. Әр бір иероглиф бір буын болып есептеледі. 3. Жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфологиялық түрлену болмайды. 4. Сөздердің орын тәртібі мен

шылаулар қолданысы негізіне грамматикалық мағына айқындалады. Қытай тілінің диалектілері мұнан 2500 жыл бұрын байқалса, қазір ұсақ диалектілер көп болғанымен, негізінен, үлкен жеті топқа бөлінеді. Олар, Солтүстік, У, Шияң, Гань, Кыжия, Юэ және Минь. Қытайдың әдеби тілі Солтүстік диалектика негізінде қалыптасқан (Wáng Guówéi., 170).

Нәтижесі

Қытайдың көне тарихи жәдігерлері Шаң патшалығы дәуірі атты мемлекеттің болғанын жазып қалдырған. Айтулы дәуірдің аты тарихи деректерден кездескені болмаса, оның нақты тарихы соншалықты анық емес, көмескі тіпті күмәнді тұстары жеткілікті болатын. Сол себепті ғалымдардың көңіліне күдік ұялап келді, тіпті мұндай дәуір мүлде болмаған деген пікір орын алды. Тек таяу заманға жеткенде «сүйек-сауыт жазуы» және археологиялық олжалардың көптеп табылуы Қытай тарихында осындай патшалықтың шынымен болғанын, сонымен бірге онда аса жоғары өрелі өркениет болғанын толыққанды дәлелдеп берді. Сөйтіп, ол әлемдегі санаулы көне өркениеттер қатарынан орын алды. Айтулы өркениеттің табыстары әлем өркениеті тарихының айшықты парақтарын толықтырып қана қоймай, Қытай мәдениетінің дамуына ерекше әсер еткен. Міне бұл тарихи тамыры б.з.д. XVI ғасырдан бастау алатын Шаң патшалығы еді (б.з.д. 1571 – б.з.д. 1046 жж.).

Негізгі бөлім

Сауыт-сүйек жазуы аса бір кездейсоқ жағдайда табылған олжа болды. 1899 жылы Чиң патшалығының соңғы дәуірінде жасаған император академиясының көне жазбаларды зерттеуші ғалымы Уаң Ироң дизентерияға шалдығып дәрігерге көрінеді. Дәрігердің берген рецепіндегі «айдаһар сүйегі» деген дәрі оның назарына ерекше ілігеді. Ол дәуірде «айдаһар сүйегі» деп аталатын бұл дәрі өте арзан дәрі түріне жататын, көне дәуірден қалған тасбақа сауыттары мен малдың жауырын сүйектерінің бұлайша дәрі-дәрмектер қатарында дәріханадан орын алғанын ешкім де елеспейтін. Уаң Ироң рецептегі дәрілерді дәріханадан сатып алып үйіне келгеннен кейін ондағы «айдаһар сүйегі» деп аталатын дәрінің сыртына беймәлім көне жазу жазылғанын байқап, бұл тосын жағдай оның қызығушылығын оятады. Ол дәріханаға барып жазуы бар сүйектердің барлығын сатып алады.

Көп өтпей ол 1500 тал сүйек жинайды. Уаң Ироң зерттей келе «айдаһар сүйектерінің» бетіне жазылған жазудың Шаң дәуіріндегі жазу екенін алғашқы қадамда анықтайды (Niè Guilán., 2007,54). Шаң династиясы дәуіріндегі «сауыт-сүйек» мәдениетінің табылуы мен зерттелу тарихы осылай басталады. Міне осы уақиғаға байланысты Уаң Ироң кейін келе «Сауыт-сүйек жазуының атасы» аталып кетеді. «Сауыт-сүйек жазуының» табылуына байланысты Шаң мәдениеті атты жоғалған көне мәдениет өзінің нағыз келбетін қайта көрсете бастады.

Бұған дейін Шаң династиясының 500 жылдық тарихы туралы бұрын «Тарихи жазбалар» атты кітаптың «Ин шежіресі» деп аталатын тарауы басты дерек көзі ретінде пайдаланатын (Sīmǎ Qiān). «Ин шежіресі» атты бұл дәптердің жалпы көлемі 2800 иероглиф шамасында ғана болатын. Сондықтан, тарих ғылымы саласының өзінде оған дұдамал көзқараспен қарайтын болған. Кейбір адамдар ол кітапты тек қана Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі тарихы ретінде қарастыратын. Сондықтан, бұл өзі өте бір қызық тақырып болатын. Тарих дегеніміз ойдан ойлап шығаратын нәрсе емес, ол нақтылы құжаттарды негіз етеді. «Сауыт-сүйек жазбалары» табылғаннан кейін ғалымдар Шаң дәуірі сірә қандай қоғам болғанына зерттеу жасай бастады (Wáng Guówéi., 178).

Сүйек жазуының табылуы қытай мәдениеті тарихындағы аса үлкен олжа болды, бірақ, барлық іс бірден сәтті болған жоқ. 1900 жылы «Сегіз мемлекеттің бірлескен армиясы» Бейжіңді басып алды, бұл қорлыққа шыдай алмаған Уаң Ироң өзіне қол жұмсап, өз жанын отанының құрбаны етіп шалды. Сөйтіп, оның сауыт-сүйек жазуына қатысты зерттеулері тоқтап қалды. Мың жылдықтар қойнауында қалған таңғажайып патшалық қайтадан сырбаздық таныта бастады. Бақытқа қарай Уаң Ироңның жан досы Лю Э деген адам да сауыт-сүйек жазбаларының маңызын жете танитын еді. Сол кісі Уаң Ироңнан қалған сауыт-сүйек жазбаларын өз қамқорлығына алады әрі жазбаларды жалғасты жинастырады. Ол үш жылдан кейін «Те юн саң гүй» атты еңбегін баспадан шығарады (Liú È., 1903,266).

Лю Э еңбегінде 1058 тасбақа сауыты мен малдың жауырын сүйегіне жазылған жазу туралы арнаулы мәлімет берген, сөйтіп, ол сүйек жазбалары туралы алғашқы еңбек болды. Шығарманың жарық көруі сүйек жазбалары мен Шаң патшалығы өркениетін зерттеуге түрткі болып, әлем ғалымдарының қызығушылығын

ғын тудырып, енді сүйек жазбаларын жинауды шетелдік ғалымдар да қолға ала бастайды. Алғашқылардың қатарында болып Еуропа мен Америкалық миссионерлер атсалысты. Олар өздері жинаған сауыт-сүйек жазбаларын АҚШ-тағы Принстон университетіне, Питтсбург қаласының Карнеги мұражайына, Лондондағы Ұлы Британ мұражайына сатып отырды. Артынша Жапония, АҚШ, Ұлы Британиялықтар арасында сүйек жазбаларды жинау мен зерттеу науқаны басталады. Айтулы науқан кезінде жазу жазылған «айдаһар сүйектері» базарлардағы ең керемет затқа айналып, бағасы аспандап тұрды. Саудагерлер қауымы өз пайдалары үшін сауыт-сүйек жазбаларын алатын «кенішті» барынша құпия сақтап отырды. Нәтижеде көпшілік адамдар сүйек жазбаларын қайдан алатынын біле алмады.

1908 жылы әйгілі сауыт-сүйек жазбаларын зерттеуші Ло Жынюй зерттеу жүргізу арқылы «айдаһар сүйегінің» кенішінің орны – Ин күйрендісінде екенін тұрақтандырған. Бұл жер Шаң патшалығының ең соңғы астанасы болған. Орны қазіргі Хынан өлкесі Аняң қаласынан батыс солтүстікке қарай бес шақырым жердегі Шяудун-сун қыстағында болатын. Сол кездегі базарларда сатылатын «айдаһар сүйектерінің» барлығы дерлік осы ауылдан алынып отырған. Ин қирандысын анықтаудың өзі өте маңызды информация болды. Бастапқыда Ло Жынюй өз адамдарын жіберіп сатып алып отырады. Арада бірнеше жыл өткенде оның сауыт-сүйек жазбаларының саны неше он мыңға жетеді. Ло Жынюй бұл кезде Ин қирандысындағы сауыт-сүйек жазбалары таусылған болар деп жүрген-ді. Бірақ, ол өзі Аняңға келген кезде ауыл тұрғындарының бәрі жазуы бар сүйектерді сақтап отырғанын өз көзімен көреді әрі сүйек жазбалары «кеншіне» барады. Шаң дәуірі туралы нағыз археология міне сол күннен басталады (Luō Zhènyù., 2006, 321).

1928 жылдың қазан айында Орталық ғылыми зерттеу академиясының тіл білімі институты тарапынан келген сүйек жазбаларын зерттеуші ғалым Доң Зобин бастаған экспедициялық топ Хынан өлкесі Аняң қаласындағы шағын ауылға келіп, археологиялық зерттеу жұмысын қолға алады (Dǒng Zuóbīn., 1996, 154).

Доң Зобин археологиялық экспедицияға басшылық етіп бірінші реткі қазба жұмыстарын атқару кезінде 854 тал сүйек және басқа да көптеген заттарды табады. Бұл олжа бүкіл әлемдік тарих ғылымын дүр сілкіндірген уақиға болады. Осыдан кейін онда аса ауқымды археологиялық зерттеулер жасала бастайды. 1928-1937 жылдары

аралығында Ин күйрендісінде 15 үлкен экспедициялық зерттеу жұмысы атқарылған. Аталған зерттеулер нәтижесінде жалпы жиыны 24918 тал жазу жазылған сауыт-сүйек және қола, керамика, қас тасы, тас бұйымдар табылады әрі Шаң патшалығының соңғы дәуіріне жататын патша сарайы мен патшалық қабырстан табылды. Аталған жұмысқа аса көп ғалымдар атсалысады, олардың қатарында Сун Июан, Ло Жыңюй, Уаң Гоуей, Е Юйсың, Уаң Шяң, Го Моро, Шаң Чыңзо, Роң Гың қатарлы беделді ғалымдар болады. Жоңғоның сауыт-сүйек жазбалары мен Шаң патшалығы өркениетін зерттеуші алғашқы ғалымдар зерттеуі нәтижесінде таңғажайыптарға толы Шаң өркениеті адамдарға мәлім бола бастайды.

Ин күйрендісінің табылуы жазбалардың тасбақа сауыты мен сүйектерге ғана емес экспонаттердің барлығына, соның ішінде қола бұйымдар, керамикалар, құрлыс заттары сияқтыларға да жазылғанын көрсетіп берді. Бұл дүниелердің көбі көне молалардан табылды.

XIX ғасырдың соңында алғашқы сүйек жазбалары табылғаннан қазірге дейін жалпы саны 150 мың тал жазу жазылған сүйектер мен сауыттар табылды. Олардың қатарындағы әріптердің саны 4500 иероглиф, сол иероглифтердің қазірге дейін оқылғандары 1200 иероглиф. Одан басқа тағы бірнеше жүз иероглифті формасына қарап мәнісін түсінуге болады.

Белгілі болғанындай аталған сүйек жазбаларының барлығына ортақ ерекшелігі олардың мазмұны дерлікттей «тәңірге» қатысты діни наным-сенімдерден туған діни ғұрыптармен қатысты болған. Себебі ол кезде мемлекеттің келелі істерінің барлығы бақсы-балгерлікпен қатысты іске асатын болған. Шаң патшасы діни ғұрыптарды мемлекеттің ең келелі ісі ретінде қараған, сонымен бірге патшаның өзі елдегі нөмірі бірінші «бақсы» немесе «абыз» болған. Шаң дәуірі тұтастай алғанда діни дүниелер үстемдік еткен қоғам болған әрі онда барлық іске бақсылық-балгерлік жолмен болжам жасалып отырған.

Сауыт-сүйек жазбалары дегеніміз дәл осы мақсатта тасбақа сауыттары мен мал жауырындарына жазылған жазбалар болды. Онда Шаң бақсы-балгерлері мен абыздары немесе патшаның өзі болжаған түрлі балгерлік болжамдардың мазмұндары жазылған. Соған байланысты жазбалар «сауыт-сүйек жазба болжамдары» деп те аталады. Мұндай бақсылық болжамдар жасауға негізінен сиырдың жауырын сүйегі мен тасбақа сауыттары пайдаланылған. Балгерлікті

бастаудан бұрын балгер жауырын мен тасбақа сауыттарын мәнерлеп, онан кейін арнаулы саймандарды пайдалана отырып, оның бір жерінен тесік тесетін болған, бал ашқан кезде әлгі тесіктің тұсын отқа қақтап күйдірген. Осы тұста жауырынның немесе тасбақа сауытының екінші беті шытынап, алуан түрлі сызаттар түскен. Бақсы немесе патша әне сол сызықтарға қарай отырып алдағы жерде қандай бір жақсылық немесе жамандық болатынын болжаған. Осының барлығы аяқталғаннан кейін аталған балгерлік шараның уақытын, қандай іске қатысты бал ашылғанын, балгерліктің қорытынды жауабын, тағы басқа мазмұндарды жауырынның немесе сауыттың сыртқы бетіне жазып қойған (Chén Mèngjiā., 1988,146).

Ғалымдардың сүйек жазуларын оқу жолындағы ізденістері мен жетістіктері сауыт-сүйек жазуларындағы бал ашуға қатысты жазбалар мазмұны Шаң патшалығының қоғамы мен өркениет тарихын зерттеуге жол ашып отыр. Себебі, ол жазбаларының қатысты мазмұндары діни мазмұндарға толы болғанмен, бірақ оған ішкерілей зерттеу кезінде ондағы мазмұндар құдайға арнап ас беру, аң аулау, егін егу, астрономия, жорыққа аттану, патшалықтың саяси істері сияқты Шаң елі тарихының көптеген мазмұны жазылғанына куә болған. Бұдан тыс онда кісі есімдері, туыстық атаулар, жер аты, көрші елдердің атын білдіретін иероглифтер болған. Осы тұрғыдан айтқанда ол Шаң патшалығы энциклопедиясы іспетті болған. Сүйек жазбаларының табылуы Шаң өркениетін анықтаумен бірге көне жазудың қайнар көзін ашып, көптеген ақтаңдақтардың орнын толтыра алды.

Жазу – өркениеттің бірден бір символы болып табылады. Жазудың жарыққа шығуы адамзатты надандықтан құтқарды. Шаң патшалығының бізге жеткен «сүйек жазуы» қазірге дейін белгілі болған ең байырғы жазудың бірі болып отыр. Сонымен бірге ол әлемдегі төрт байырғы жазудың ішінде тасбақа сауыты мен сүйекке жазылған бірден бір жазу жүйесі саналады. Сауыт-сүйек жазуы қазіргі қытай иероглифінің арғы тегі саналады. Ғалымдар қытай иероглифі қазірге дейінгі даму тарихын: сауыт-сүйек жазуы, жинуын, жуануын, лишу, кайшу қатарлы даму басқыштарын басып өткен деп қарайды. Соған қарамастан қытайдың төрт бұрышты иероглифтері өзінің бастапқы грамматикалық ерекшеліктерін күні бүгінге дейін толық сақтап келген жазу екені дәлелденуде.

Сауыт-сүйек жазуы табылғаннан қазірге дейін осы жазудың сырын ашу ғалымдар үшін

басты міндетке айналып келеді. Аталған жазудың пайда болуы үлкен бір барысты бастан кешкені байқалады. Қазіргі кезде белгілі болған сауыт-сүйек жазуы Шаң патшалығының соңғы дәуірінің туындысы ретінде қаралады. Себебі аталған жазу жүйелі жазу ретінде айтылған сөздің мән-мағынасын толық жазып қалдыра алған. Міне, бұл дамып белгілі бір жүйеге түскен жазудың қасиеті болып саналады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Қытай иероглифі пайда болғаннан күні бүгінге дейін дамып, жетіліп, кемелденіп келеді. Ол әлемдегі басқа да көне жазулардан болмысы бөлек, себебі, қытай иероглифі жүйесінің өз ерекшелігі бар, бұл ерекшелік оның тұрақтылығында еді. Сондықтан, Қытай жері қанша кең, халқы мол, диалектері көп болса да, бірақ, бүкіл елдің бір ғана ортақ жазуы болды. Егер осынау ортақ жазу болмаған болса, онда қытайдың біртұтас ел болуы да, біртұтас ұлт болып ұюы да қиынға соғар еді.

Жалпы Шаң патшалығы өркениетінің елеулі мазмұндарының бірі арақ мәдениеті болған. Қытай елі арақ-шарап дайындаудың отандарының бірі. Ең алғашында арақ діни ғұрыптық шараларда пайдаланылды. Нақтап айтар болсақ тәңірге арақ беріп қошамет көрсету арақтың сол кездегі ең бір маңызды міндеті саналған. Ғұрыптық шараны басқарушы бақсы (әулие) араққа қызып алып аруақтармен, жындармен, тіпті тәңірмен тікелей байланысқа шыққан. Кейін келе тек ғана ғұрыптық салттарда ғана емес, түрлі құттықтау шараларының барлығы да арақсыз өтпейтін деңгейге жеткен. Шаң елінде арақ ішу етек алып, арақпен қатысты мәдениеттер өркен жая бастайды. Сөйтіп, оның бір мазмұны «Сүйек жазбаларымен» тығыз байланысып жатты. Соңғы кезде Ин қирандысымен және басқа да жерлерден табылған Шаң дәуіріне қатысты археологиялық олжалардың қатарында арақ ішуге арналған ыдыстар көптен кездескен.

Бірақ, арақ деген сусын екі жүзді алмас семсер сияқты, ол адамзаттың ең жақсы сусыны бола тұра, оны артық тұтыну орны толмас қайғы әкеледі. Өкінішке орай Шаң дәуірінде маскүнемдік кең етек жайып, ақыры ол бүкіл патшалықтың шаңырағын шайқалтады. Кейін келе маскүнемдер басқарған мемлекетте қоғамдық қайшылықтары асқынып, ұлықтары жемқорлыққа бой ұрып, халық рухани жақтан азып-тозып кетеді. Ғалымдарға қатысты деректерге негізделіп, Шаң патшалығының түбіне маскүнемдік жет-

кен деп санайды. Б.з.д. 1046 жылы Жоу мемлекетінің қосыны Шаң патшалығының астанасына басып кірген күні Шаң патшалығының ең соңғы патшасы Шаң Уаңжоу көк тәңір мен жұлдыздарға сыйынатын храмға барып арақтың желігімен өртеніп өлді. Сол күні Шаң патшалығы да ресми түрде құлады.

Жоу патшалығы билік басына шыққаннан кейін қарғыс атқан Шаң патшалығын жер бетінен

мүлде жою мақсатында олардың астанасы Ин қаласын жермен жексен етіп қиратып, орнына егін егіп тастайды. Нәтижеде қаншама мол балгерлік жазбалар жазылған сауыт-сүйек жазбалары қаланың бір бұрышында қиранды астында қала берді. Арада 3000 жыл өткен кезде қиранды астында неше мың жыл бойы жатқан көне өркениет тосын жағдайда адамзатпен қайта қауышады.

Әдебиеттер

Chen Mengjia: Yinxu buci zongshu [In the Yin dynasty]. Beijing: Zhonghua shuju, 1988 (陈梦家:《殷墟卜辞综述》. 北京: 中华书局, 1988).

Dong Zuobin: Buci zhong suo jian zhi yin li [Lunar calendar seen in the inscription]. Liu Mengxi zhubian: Zhongguo xiandai xueshu jingdian (Zhongguo xiandai xueshu jingdian). Dong zuobin juan (Action bin volume). Shijiazhuang: Hebei jiaoyu chubanshe, 1996 (董作宾:《卜辞中所见之殷历》. 刘梦溪主编:《中国现代学术经典》.《董作宾卷》. 石家庄:河北教育出版社, 1996).

Liu E: Tiejun cang gui (Ironcloudturtle) Liu E ji, 1903 Nian («铁云藏龟»刘鹗辑, 1903年 (清光绪二十九年)).

Luo Zhenyu: Yinxu shu qi kaoshi san zhong (Three kinds of interpretations of the Yinxu book). Beijing: Zhonghua shuju, 2006 (罗振玉:《殷墟书契考释三种》. 北京:中华书局, 2006).

Nie Guilan: Di yi ge faxian bing yanjiu jiaguwen de ren (The first person to discover and study Oracle) — Wang Yirong. Lan tai shijie (Lantai World), 2007 (聂桂兰:《第一个发现并研究甲骨文的人——王懿荣》.《兰台世界》, 2007).

Sima Qian: Shiji (century) yin benji (Yin Benji) (司马迁:《史记》《殷本纪》).

Wang Guowei: Yin zhou zhidu lun (Yin Zhou System Theory) (王国维:《殷周制度论》).



«Те юн саң гүй» кітабы

	天	雨	水	四	北
	篆文	金文	两个甲骨文		
现代字	日	雨	水	四	北
甲骨文	囧	雨	水	三	北

Қытай иероглифтерінің өзгеру тарихы

IRSTI 371: 35.851

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o13>**Suleimenov P.M.¹, Turar A.²**¹Candidate of Political Science, Associate Professor,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: spirimbek@mail.ru²Teacher, doctoral student,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aidanaturar1995@gmail.com

AL-FARABI'S THOUGHTS OF IMPORTANCE OF TEACHING AND KNOWLEDGE

On this article, Al-Farabi is widely considered the problem of education and pedagogy in the philosophical system as the social phenomenon. This phenomenon is closely related to the human body, as well as confirms that each individual can be the member of society, can achieve the level of his own personality, on the result to achieve their main goals prepares from the earliest age. Whole activities directed to education on Al-Farabi's view, formulated on certain stage and values in society, teaching and practical possibilities as the personal development. The main goal of education to achieve the level of personality, but the main goals of people living in this world absolute goodness- defined as achieving the highest level of happiness. On these explanations edited the importance of scientific works of ancient authors, repaired and explained, formed to the methodical type as most pupil will be able to read and understand.

Al-Farabi united the learning and experience as the importance of education: every theoretical knowledge must be practiced in practice.

Key words: Education, theory, experience, political leader, moral, an individual, pedagogical, intellectual knowledge, didactics.

Сүлейменов П.М.¹, Турар А.²¹саяси ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: spirimbek@mail.ru²докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aidanaturar1995@gmail.com

Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің оқу мен білім берудің маңыздылығы туралы ойлары

Бұл мақалада әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі білім мен педагогика мәселесі әлеуметтік феномен ретінде жан-жақты қарастырылады. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ерте жастан бастап дайындалатынын растайды. Білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы әл-Фарабидің ойынша, белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады. Бұл түсініктемелерде ежелгі авторлардың ғылыми еңбектерінің маңызын өңдеп, жөндеп ықшамдап түсіндіріп, көпшілік оқушы қауымға оқып түсінуге ыңғайлы методикалық түрге келтіреді.

Әл-Фараби, білім алу мақсаттарының барлығы үйрену мен тәжірибені бірдей деңгейде біріктерді: кез келген алынған теориялық білім тәжірибе жүзінде іске асырылуы тиіс деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: білім беру, теория, тәжірибе, саяси көшбасшы, моральдық, жеке тұлға, педагогикалық, интеллектуалды білім, дидактика.

Сулейменов П.М.¹, Турар А.²

¹кандидат политических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: spirimbek@mail.ru

²докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aidanaturar1995@gmail.com

Значимость образования и обучения по взглядам аль-Фараби

В этой статье в качестве социального феномена разносторонне рассматриваются проблемы образования и педагогики в философской системе Аль-Фараби. Этот феномен тесно связан с душой человека, а также подтверждает, что каждый человек с ранних лет готовится стать членом общества, хочет достичь совершенства, а в результате добиться поставленной перед собой цели. По мнению Аль-Фараби, вся деятельность, направленная на образование, является осваиванием человеком ценностей, знаний и практических возможностей в обществе, в каком-то периоде времени. Если главной целью получения образования является достижение личностью совершенства, то цель жизни человека в мире – добиться высшего уровня счастья, абсолютного добра.

Аль-Фараби объединяет все уровни познания и практики с целью получения знания: любое полученное теоретическое знание должно применяться на практике.

Ключевые слова: образование, теория, практика, политический лидер, моральный, личность, педагогический, интеллектуальное знание, дидактика.

Introduction

All the centuries thinkers have questioned what must be learned in order to be in harmony with the age at which they live, to find their places in society and eventually to become a citizen of the community. After that it is clear that there is a need for knowledge.

However, there is a wide variety of ideas about education and scientific knowledge, even contradictory to each other. Among the thinkers, thoughts and teaching one of the philosopher Abu Nasr Al-Farabi are great of importance, who contributed to the formation and development of science. Several scientists think that this philosopher focuses on logic, metaphysics and political science, although we cannot deny his eagerness to knowledge on the basis of Plato's impressive works.

Орыс тіліндегі аударма:

«На скатерть были поставлены чашки с баурсаками из кислого теста.» (Ауэзов, 1977а: 108)

Парсы тіліндегі аударма:

روی سفره در یک سینی باغرساک های قرار داده شده بود.

Түпнұсқа:

«Осы кезде шай жасалып, кең дастарқан үстіне Құмаштың үйінің ашыған бауырсағы салынды.» (Әуезов, 2007г: 303)

Орыс тіліндегі аударма:

«А тем временем домашние Кумаша уже накрыли стол, и на широкую скатерть посыпались сдобные баурсаки.» (Ауэзов, 1977б: 526)

Парсы тіліндегі аударма:

روی سفره بزرگ آن، کوچه ای از بانورساق های روغنی و خوشمزه، نان روغنی های خوش رنگ و معطر و سماور نیکی شفاف و پاکیزه ای گذاشته شد.

«Бауырсақ» сөзі орыс тіліне «баурсак» деп транскрипция әдісі арқылы аударылған. Сонымен қатар, сілтеме беріліп, кітап бетінің төменгі жағына осы сөзге түсіндірме берілген. Орыс тіліндегі аудармада былай деп түсіндірме берілген: «Баурсаки – шарики из теста, жаренные в масле». Ал парсы тіліндегі аудармада бірде баграсак деп, ал басқа жерде банорсак деп әртүрлі нұсқаларда берілген. Бірінші нұсқасын баграсак мүлдем дұрыс емес деп айтуға болады. Себебі, түпнұсқа сөздің дыбысталуын аударма тіліндегі жазбада дұрыс бермеген (baghersak). Екіншіден, осы сөзге сілтеме берілген, бірақ кітаптың төменгі жағында берілген осы сөзге қатысты мәлімет мүлдем дұрыс емес. Онда былай деп жазылған: روده – баграсак яғни, «baghersak – ішек». Бұл жерде аударманың берілуі де, сол сөзге берілген түсіндірме де қате. Бұл жағдайда транскрипция әдісі бойынша банорсак деген нұсқасын қолдану орынды болар еді.

«Құрт» сөзінің аударылуы

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. (<http://massaget.kz/blogs/22595/>)

«Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін құрт сөзінің орыс және парсы тілдеріне қалай аударылғанын көрейік:

Түпнұсқа:

«Құрт қайнатып жатқан үйдің қазаны бос болмайды.» (Әуезов, 2007а: 156)

Орыс тіліндегі аударма:

«Когда в доме варят сыр, котел занят.» (Ауэзов, 1977а: 148)

Парсы тіліндегі аударма:

به وقت تهیه پنیر، معمولاً دیگ اشغال است

Түпнұсқа:

«Келіні жаңа ысытып әкелген, құрт қосқан қонақ көжені анда-санда бір ұрттап отырып...» (Әуезов, 2007а: 27)

Орыс тіліндегі аударма:

«Кодар медленными глотками потягивал просяной навар с разведенным куртотом, разогретый ему снохой.» (Ауэзов, 1977а: 42)

Парсы тіліндегі аударма:

قدر جرع جرع جوشانده ارزان قیمت را می نوشید و گاهی از نان و پنیر شور کوبیده را که عروشش برایش مهیا کرده بود.

«Құрт» сөзін орыс тіліне бірде «сыр» деп, бірде транслитерация әдісімен «курт» деп ау-

дарып, сілтеме беріп, кітап соңында түсіндірмесін жазған. Орыс тіліндегі түсіндірме былай берілген: «Курт – соленый сыр». Осы жағдайда романның тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінен жанама аударма жасалғанының кемшілігі байқалады. Себебі, «құрт» сөзі парсы тіліне **پنیر** (ірімшік) және **پنیر شور** (тұзды ірімшік) деп орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған.

Ал «құрт» сөзінің парсы тіліндегі тура баламасы – **کاشک**[kashk] сөзі. Аудармашы осы **کاشک**[kashk] сөзін қолданғаны жөн болар еді.

«Қуырдақ» сөзінің аударылуы

Қуырдақ – жаңа сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын төстік етінен, жүрек бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарнынан ұсақтан турап әзірленетін тағам.

Түпнұсқа:

«Мынаның жас қуырдағын жеп аттанайық, тым құрыса! – деп еді.» (Әуезов, 2007б: 244)

Орыс тіліндегі аударма:

«Да подожди ты немного, не суетись! Дай хоть полакомиться свежим *куырдаком*.» (Ауэзов, 1977а: 484)

Парсы тіліндегі аударма:

چه عجله ای داری، کمی صبر کن. بگذار یک کمی از مزه گوشت تازه این شکار بجشیم.

Түпнұсқа:

«Қыстыгүні қостың асын «төбеқызар» қып жакқан отын және бақырға қуырған *қуырдағын* Ақылбай жақсы көреді екен.» (Әуезов, 2007б: 112)

Орыс тіліндегі аударма:

«Ақылбай отказался не столько из-за лени, сколько из-за своего пристрастия к горячему *кавардаку* – обычному кушанью табунщиков на полевом стане.» (Ауэзов, 1977а: 90)

Парсы тіліндегі аударма:

عافل بای نه به خاطر کاهلی و سستی بلکه علاقه غریبش قویرداق – غذای معمولی گله بانان در صحرا – و مشاهده این که آشپز مشغول سرخ کردن گوشت است دعوت او را رد می کند.

«Қуырдақ» сөзін орыс тіліне транслитерация әдісімен «куырдак» деп беріп, сілтеме жасап, кітап соңына түсіндірмесін берген. Түсіндірмесін келесідей берген: «Куырдак – жареное крошеное мясо». Сонымен қатар, басқа бір жерде транскрипциямен «кавардак» деп аударылған. Ал парсы тіліне бірде **گوشت** – «ет» деп, сәйкестік баламасын қолданып аударған, сонымен қатар, басқа жерде **قویرداق** деп, транслитерация әдісін қолданған. Аудармада екінші нұсқаны, яғни транслитерация арқылы берілген **قویرداق** сөзін барлық жерде бірдей қолданып және сілтеме жасап, ұғымның түсіндірмесін жазу дұрыс болар еді.

«Жент» сөзінің аударылуы

Жент – шай дастарқанына қойылатын ұлттық тағам. Жент жасалатын негізгі өнім – сөк. Диірменге тартылған немесе келіге салып түйіліп жармаланған сөкке тортасынан айырған сары май, қант, ірімшік ұнтағы, мейіз салынып араластырылады. Содан соң ыдысқа салынып, беті тегістеледі де, салқын жерде сақталады. (Қазақ энциклопедиясы, 2001: 401)

Түпнұсқа:

«Жеп іш, Абай! – деп, енді қонағының алдына *жент* пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды.» (Әуезов, 2007а: 142)

Орыс тіліндегі аударма:

«Выпей, закуси, Абай! – сказал он, придвигая к гостю *жент*, масло и баурсаки.» (Ауэзов, 1977а: 138)

Парсы тіліндегі аударма:

ژنت، کره و باغرساک را مقابل ابای گذاشت.

«Жент» сөзі орыс тіліне де (жент), парсы тіліне де (**ژنت**) транслитерация әдісімен аударылған. Сонымен қатар, «жент» сөзіне сілтеме беріліп, кітап бетінің төменгі жағына осы сөзге түсіндірме берілген. Орыс тіліндегі аудармада былай деп түсіндірме берілген: «Жент – творог, растертый со сливочным маслом и медом.». Ал парсы тіліндегі аудармада келесідегідей жазылған: **ژنت – مخلوطی از ماست چکیده، کره و عسل**, яғни, «жент – қышқыл сүт сығындысы, сары май мен балдың қоспасы» деп берілген. Бұл жерде, орыс тіліндегі және парсы тіліндегі түсіндірмелерді толықтай дұрыс деп айтуға болмайды. Себебі, женттің жасалатын негізгі өнімі – ірімшік емес, сөк деп аталатын тарыдан жасалатын тағам түрі.

«Қазы» сөзінің аударылуы

Қазақтардың ет даярлаудағы ең әйгілі ұлттық ерекшелікке ие тәсілдерінің бірі – қазы аудару. Жылқының ішегін жуып-тазартып, оған бір-бірлеп тілінген, әрі тұздалып, бұрыш сияқты дәмдендіргіштер қосылған жылқы қабырғасын майымен тығып, содан соң ішектің екі ұшын мықтап байлап арысқа асып кептіреді. (Сегізбайұлы, 2011: 30)

Түпнұсқа:

«Ылғи бір түрілген *қазы*, төңкерілген жас құйрық, сары алтындай балқыған жал, желін майлар...» (Әуезов, 2007а: 120)

Орыс тіліндегі аударма:

«Толстое *казы*, слоящиеся курдюки, желтое сало заливка и вымени, напоминающее расплавленное золото, дымились на морозе.» (Ауэзов, 1977а: 121)

Парсы тіліндегі аударма:

کازی، دنبه و چربی زرد پشت گردن که به طلای آب شده می ماند در هوای سرد زمستانی بخار می کرد.

«Қазы» сөзі орыс тіліне «казы» деп транскрипция әдісі арқылы аударылған. Сонымен қатар, сілтеме беріліп, кітап соңында осы сөзге түсіндірме берілген. Орыс тіліндегі аудармада былай деп түсіндірме берілген: «Қазы – конская колбаса». Ал парсы тіліндегі нұсқада орыс тіліндегі аудармасына сәйкес транскрипция әдісімен کازی деп аударылған. Сонымен қатар, парсы тіліндегі нұсқасында да осы сөзге сілтеме беріліп, түсіндірмесі жазылған: کالباس از گوشت اسب – яғни, «жылқы етінен жасалатын шұжық». Осы мысал арқылы романның тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінен жанама аударма жасалғанының кемшілігін байқауға болады. Бұл жағдайда, түпнұсқа сөзді (казы) транслитерация әдісі арқылы парсы тіліне قازی деп беруге болатын еді. Себебі, қазақ тіліндегі «қ» дыбысы парсы тілінің фонетикалық жүйесінде «ق» әрпіне сәйкес келеді.

«Қымыз» сөзінің аударылуы

Қымыз – жылқы сүтінен алынатын қышқыл сүт өнімі, қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастархан дәмінің бірі. Төмендегі «қымыз» сөзінің орыс және парсы тілдеріндегі аудармаларына назар аударайық:

Түпнұсқа:

«Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоназыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады.» (Әуезов, 2007а: 11)

Орыс тіліндегі аударма:

«Матери потчевали его то кумысом, то холодным мясом, то чаем, но Абаю было не до еды, – он не чувствовал голода, хотя не ел с самого утра.» (Ауэзов, 1977а: 28)

Парсы тіліндегі аударма:

از آبی گاهی با شیر مادیان، گاهی گوشت پخته سرد قرمه و گاهی چای پنیرایی می شد.

Түпнұсқа:

«Бірақ шай, қымыз үстінде де, ет үстінде де бата оқушылар мен ауыл иелерінің арасында шүйіркелескен сөздер болған жоқ.» (Әуезов, 2007а: 195)

Орыс тіліндегі аударма:

«Но ни чай, ни кумыс, ни мясное угощение не содействовали простоте и искренности разговоров между близкими Божей и гостями.» (Ауэзов, 1977а: 176)

Парсы тіліндегі аударма:

اما نه تعارف چای، نه شیر اسب و نه ناهار مفصل نتوانست گفت و گوی نزدیکان بوژی و میهمانان را با صداقت و صمیمیت توأم نماید.

Түпнұсқа:

«Күздің ақшыл тартқан қою қымызы бүгін ерекше жақсы ашыған екен. Салқын түндерде шала ашып, саумалдау боп тұратын бір қымыздар болушы еді.» (Әуезов, 2007в: 23)

Орыс тіліндегі аударма:

«Сегодня кумыс оказался особенно хорош. Иногда, не перебродив достаточно в такие холодные ночи, кумыс отдает прокисшим молоком.» (Ауэзов, 1977б: 20)

Парсы тіліндегі аударма:

آن روز طعم شیر گواراتر از همیشه می نمود. گاهی اوقات در چنین شب های سردی شیر به حد لازم به غلیان نمی رسد.

«Қымыз» сөзі орыс тіліне транскрипция әдісімен «кумыс» деп аударылған. Ал парсы тіліне бірде شیر, бірде اسب, бірде شیر مادیان, «биенің сүті», «жылқының сүті» деп түсіндірмелі әдіс арқылы, ал кей жерлерде тек «сүт» деп аударылған. Жай ғана «сүт» деп аударылған жерлері орынсыз. Өйткені, ол сөз «қымыз» ұғымын бере алмайды.

«Шұбат» сөзінің аударылуы

Түпнұсқа:

«Тыстан, үнсіз ымменен жас келіншек Зылиқаны шақырып келтіріп, шұбат сапыртып, еркектерге ұсынды.» (Әуезов, 2007б: 119)

Орыс тіліндегі аударма:

«Айгерим кивком подозвала молоденькую Злиху, переменила на столе перед Абаем скатерть и приказала подавать кумыс.» (Ауэзов, 1977а: 394)

Парсы тіліндегі аударма:

آیگریم زلیخای جوان را با اشاره ای خواند تا سفره روی میز مقابل آبی را تعویض کند و شیر خنکی بیاورد.

Түпнұсқа:

«Салқын, қою ақ шұбатты сырлы аяқтан сабырмен жұта отырып, өз алдында жаюлы жатқан орысша кітаптың беттерін аударып түсті.» (Әуезов, 2007б: 119)

Орыс тіліндегі аударма:

«Прихлебывая редкими глотками густой холодной кумыс, он стал перелистывать лежавшую перед ним книгу» (Ауэзов, 1977а: 394)

Парсы тіліндегі аударма:

در حالی که شیر غلیظ و خنک را جرعه جرعه می نوشید و کتاب را ورق می زد.

Түпнұсқа:

«...шұбат құйып отырған нұрлы жүзді, сұлу келіншек Зылиқа да қостаған.» (Әуезов, 2007б: 122)

Орыс тіліндегі аударма:

«...миловидная Злиха, разливавшая кумыс, – и та улыбнулась.» (Ауэзов, 1977а: 396)

Парсы тіліндегі аударма:

زلیخا را که سرگرم به هم زدن شیر بود به خنده واداشت.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан «шұбат» сөзінің орыс тіліне «кумыс» деп, ал парсы тіліне شیر «сүт» деп аударылғанын көреміз. Шұбат ұғымы орыс тіліне дұрыс берілмегендіктен, парсы тіліне де дұрыс аударылмаған. Екі аудармада да «шұбат» сөзінің мағынасы жоғалып кеткен. Шұбат – түйе сүтінен дайындалатын сусын екенін білу керек және аудармада соны ескеру керек еді.

«Тұздық» сөзінің аударылуы

Түпнұсқа:

Өй, тұздықтарың... қайда? Жеке қоятындарың қайда?... – деп келеді екен. (Әуезов, 2007а: 120)

Орыс тіліндегі аударма:

Эй, где туздык? Вы же говорили, что подадите его отдельно? (Ауэзов, 1977а: 121)

Парсы тіліндегі аударма:

ای توزدیک بیاورید، مگر قرار نشده آن را جداگانه بیاورید؟
توزدیک – آب گوشت

«Тұздық» сөзі орыс тіліне де, парсы тіліне транскрипция тәсілімен аударылған. Сонымен қатар, түсіндірмесі де берілген. Орыс тіліндегі түсіндірмесі «Туздык – мясной навар, подливка» деп берілген. Ал парсы тілінде آب گوشت, «абгушт» деп беріліпті. Абгушт – иран асханасының дәстүрлі тағамдарының бірі. Оны бұрынғы ирандықтардың көшпелі халықтары ойлап тапқан. Абгушт – құрамында қой еті мен майы, қызанақ, картоп, пияз және бұршақ түрлерінен әзірленетін сорпаға ұқсас тағам түрі. Бұл жерде аудармашы тұздық сөзіне түсіндірмені мәдени эквивалент арқылы бергісі келген. Алайда «абгушт» сөзі «тұздық» сөзінің дәл баламасы бола алмайды. Иран аудармашысы «тұздық» сөзін транскрипция әдісімен орынды аударған. Алайда сол сөздің түсіндірмесін дұрыс бермеген.

Қорытынды

«Абай жолы» роман-эпопеясының басқа тілдерге аударылуын зерттеу де маңызды жайт, себебі онда бір ұлттың тұтас өмірі бейнеленген. Мұндай шығарманы басқа тілге аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілікті, көп ізденісті талап етеді. Аудармашының түпнұсқа тілін білуі немесе жетік білмеуі аударма сапасына әсер етеді. Әсіресе көркем әдебиетті аударғанда аудармашы түпнұсқа тілінің ерекшеліктерін, ұлттың тарихи, мәдени ерекшеліктерін, ұлттық нақыштағы сөздердің ұғымын дұрыс түсінуі керек.

Мақалада қарастырылған «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін қазақ ұлттық тағам атауларының парсы тіліне аударылуын зерттеу

нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалынды:

– Ұлттық тағам атауларын парсы тіліне аударған кезде баламасыз лексиканы аудару тәсілдерінің ішінен транслитерация мен транскрипция әдістері қолайлы болған;

– Роман-эпопея парсы тіліне тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінен жанама аударма жасалғанының кемшіліктері байқалады;

– Иран аудармашысы аударма жасауға қажет «фондық білімді» жете меңгермеген;

– Аудармашы жекелеген сөздерге сілтеме беріп, кітап бетінің төменгі жағына сол сөздердің түсіндірмесін жазған. Алайда кейбір жағдайларда берілген түсіндірмелерде дәлсіздіктер орын алған.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін ұлттық тағам атауларының парсы тіліне аударылу ерекшеліктерін зерттеген кезде, бұл үлкен шығарманы тәржімалау жұмысымен қазақ ұлтының мәдениетімен етене таныс, шеберлігі шыңдалған, қазақ тілін жетік білетін аудармашылар айналысу қажеттігі байқалады.

Translation of culture-specific items in fiction has always been

a problematic issue because it involves transporting and translating culturally marked words from one language/culture into another.

However, the translators as well as readerships' cultural backgrounds

always play a major role in the overall process. Therefore, cultural and

social context of the text to be transposed is as much important as the readership that the translator has in mind.

Translation of culture-specific items in fiction has always been

a problematic issue because it involves transporting and translating culturally marked words from one language/culture into another.

However, the translators as well as readerships' cultural backgrounds

always play a major role in the overall process. Therefore, cultural and

social context of the text to be transposed is as much important as the readership that the translator has in mind.

Translation of culture-specific items in fiction has always been

a problematic issue because it involves transporting and translating

culturally marked words from one language/culture into another.

However, the translators as well as readerships' cultural backgrounds

always play a major role in the overall process. Therefore, cultural and

social context of the text to be transposed is as much important as the readership that the translator has in mind.

Translation of culture-specific items in fiction has always been

a problematic issue because it involves transporting and translating

culturally marked words from one language/culture into another.

However, the translators as well as readerships' cultural backgrounds

always play a major role in the overall process. Therefore, cultural and

social context of the text to be transposed is as much important as the readership that the translator has in mind.

Әдебиеттер

- Ауэзов М. Путь Абая. Роман-эпопея. Т.1. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 662 с.
 Ауэзов М. Путь Абая. Роман-эпопея. Т.2. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 644 с.
 Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.
 Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 432 б.
 Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея. Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 384 б.
 Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 400 б.
 Бреус Е. В. Основы теории и практики перевода с русского на английский язык. – М.: УРАО, 2000. – 208 с.
 Казакова Т. А. Практические основы перевода, – СПб.: – Союз, 2001. – 320 с.
 Қазақ энциклопедиясы, Т.3. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001
 Құрт жеп, аурулардан құтылыңыз! Accessed 01 February 2019. <http://massaget.kz/blogs/22595/>
 Сегізбайұлы К. Қазақы дастархан. – Алматы: Атамұра, 2011. – 192 б.
 Baker, M. (1992). In Other Words: A Coursebook on Translation. London & NY: Routledge.
 Chesterman, A. (1997). Memes of Translation: the Spread of Ideas in Translation Theory. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company.
 Davies, E. E. (2003). Goblin or a Dirty Nose? The Treatment of Culture-Specific References in Translations of the Harry Potter Books. The Translator, Vol. 9: 1 pp. 65 – 99.
 Newmark, P. (1988). A Textbook of Translation. NY: Prentice Hall.
 Nida, E. and Charles R. (1982) The Theory and Practice of Translation. Leiden: Brill.
 Venuti, L. (2001). Strategies of Translation. Routledge Encyclopedia of Translation Studies. London & New York: Routledge, pp. 240 – 244.
 راه آباي، جلد اول، ترجمه نازلی اصغرزاده. تهران: واژه آرا، ۱۳۷۶. – ۸۸۷ ص
 راه آباي، جلد دوم، ترجمه نازلی اصغرزاده. تهران: واژه آرا، ۱۳۷۶. – ۷۹۰ ص

References

- Auezov M. O. Abai zholy: Roman-epopeya. Birins'i kitap [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 368 b.
 Auezov M. O. Abai zholy: Roman-epopeya. Yekinshi kitap [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 432b.
 Auezov M. O. Abai zholy: Roman-epopeya. Ushinshii kitap [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 384b.
 Auezov M. O. Abai zholy: Roman-epopeya. Tortinshi kitap [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 400b.
 Auezov M. O. Put' Abaya: Roman-epopeya. T.1. [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 1977. – 662 s.
 Auezov M. O. Put' Abaya: Roman-epopeya. T.2. [Abay'Way]. – Almaty: Zhazushy, 1977. – 644 s.
 Auezov M. O. Rah-e Abai, jeld-e avval, tarjome Nazli Asgarzade,. – Tehran: Vajeara, 1376. – 887 s.
 Auezov M. O. Rah-e Abai, jeld-e dovum, tarjome Nazli Asgarzade,. – Tehran: Vajeara, 1376. – 790s.
 Baker, M. (1992). In Other Words: A Coursebook on Translation. London & NY: Routledge.
 Breus E. V. Osnovy teorii i praktiki perevoda s russkogo na angliiskiy yazyk, M., – URAO, 2000. – 208s.
 Chesterman, A. (1997). Memes of Translation: the Spread of Ideas in Translation Theory. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company.
 Davies, E. E. (2003). Goblin or a Dirty Nose? The Treatment of Culture-Specific References in Translations of the Harry Potter Books. The Translator, Vol. 9: 1 pp. 65 – 99.
 Kazakova T. A. Prakticheskie osnovy perevoda, SPb., – Soyuz, – 2001. – 320s.
 Kurt zhep, auralardan kutylyniz! Accessed 01 February 2019 <http://massaget.kz/blogs/22595/>
 Newmark, P. (1988). A Textbook of Translation. NY: Prentice Hall.
 Nida, E. and Charles R. (1982) The Theory and Practice of Translation. Leiden: Brill.
 Qazaq enciklopediyasy, T.3., Almaty: Qazaq enciklopediyasy, 2001
 Segizbayuly K. Qazaqy дастархан. – Almaty: Atamura, 2011. – 192b.
 Baker, M. (1992). In Other Words: A Coursebook on Translation. London & NY: Routledge.
 Baker, M. (1992). In Other Words: A Coursebook on Translation. London & NY: Routledge.
 Venuti, L. (2001). Strategies of Translation. Routledge Encyclopedia of Translation Studies. London & New York: Routledge, pp. 240 – 244.

FTAMP 81.34/.35

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o17>**Қыдырбаев Қ.А.**

PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kaldibay75@gmail.com

ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР

2018 жылғы 6 желтоқсанда Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия мақұлдаған Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері тағы бір қайтара сараланып, олқылықтары болса жөндеу мақсатында республикалық басты басылым Егемен Қазақстан газетінің 2019 жылғы 11-санында жарияланды. Ұсынылған емле ережелерінің жобасын А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесе отырып дайындаған және мақұлданғанға дейін Емле ережелерінің негізгі қағидалары бойынша республикадағы жоғары оқу орындарының студенттері, орта мектептің оқушылары, сондай-ақ оқытушы-филологтар мен еліміздің кейбір өңіріндегі ересектер арасында сынама-сауалнама жүргізілді. Емле ережелерінің жобасы тәуелсіз сарапшылар мен ЖОО-ның тілтанушы мамандарының сараптамасынан өтті. Алайда түзілген емле ережелермен танысқанымызда, кейбір кемшіліктер байқаған болатынбыз. Бұл мақаламызда кей параграфтардағы кемшіліктерге салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасай отырып өз пікірімізді білдіріп, ескертпелерімізді көрсететін боламыз.

Түйін сөздер: қазақ тілі, латын графикасы, емле ережелері, кірме сөздер.

Kydyrbayev K.A.

PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kaldibay75@gmail.com

The Flaws in the New Spelling Rules

On December 6, 2018, the new spelling rules of the Kazakh language alphabet based on the Latin alphabet, which was repeatedly reviewed, was published in the 11th issue of the newspaper "Egemen Qazaqstan" in the republican edition. The proposed spelling rules were developed and approved by the A. Baitursynov Institute of Linguistics and National Scientific and Practical Center Sh. Shayakhmetov in conjunction with the National Commission for the Transfer of the Kazakh Alphabet to Latin Graphics and it was carefully surveyed by conducting questionnaires among students of Higher Education Institutions of the Republic, pupils of secondary schools, as well as teachers-philologists and adults from some regions of the country before it was approved. The Spelling Rules project has been reviewed by independent experts and linguists from the University. However, when we examined the correct spelling rules, some of the disadvantages were observed. In this article, we will make our comments and suggestions to compile some of the shortcomings in some paragraphs by making comparisons, comparative analysis.

Key words: Kazakh language, the Latin alphabet, spelling rules, loan words.

Қыдырбаев Қ.А.

PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kaldibay75@gmail.com

Недостатки в новых правилах правописания

6 декабря 2018 года национальной комиссией было решено перевести алфавит казахского языка на латинскую графику с повторным анализом правил правописания казахского языка. В 2019 году в 11 номере газеты "Егемен Казахстан" был опубликован Новый алфавит с целью

коррекции в них допущенных ошибок. До подготовки и одобрения проекта по правилам правописания Институтом языкознания им. А.Байтұрсынова и Национальным научно-практическим центром «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова совместно с Национальной комиссией по переводу алфавита казахского языка на латинскую графику был проведен опрос среди студентов высших учебных заведений республики, учащихся средних школ, преподавателей-филологов и в некоторых регионах взрослого населения. Проект правила правописания прошел экспертизу независимых экспертов и специалистов лингвистов ВУЗов. Но во время изучения исправленных правил были замечены некоторые недочеты. В этой статье будут представлены сравнение и анализ недочетов в некоторых параграфах, и с целью дополнения недочетов предложены наши замечания и предложения.

Ключевые слова: казахский язык, латинская графика, правила правописания, заимствованные слова.

Кіріспе

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры профессор Е. Қажыбек: «Жаңа әліпби негіздегі емле ережелеріне қоғам мүшелері бей-жай қарамайды деген сенімдемін және жұртшылықтан ұсыныстар болады деп ойлаймын және ғылыми негізді ой-пікірлер міндетті түрде ескерілуге тиіс» (Қажыбек Е., 2019) десе, белгілі ғалым, профессор Ш.Құрманбайұлы Хабар арнасының «Ұлы дала өркениеті» бағдарламасына берген сұқбатында: «Емле мәселесі қазақстандықтар арасында бір үтір, бір нүкте, бір таңба болса да ашық талқылану керек» (Құрманбайұлы Ш., 2019) деген болатын. Еліміз үшін маңызды іске аз да болса үлесімізді қосу мақсатында, біз де жаңа емле ережелерімен танысып, ескеріліп қалар деген ниетпен өз пікіріміз бен кейбір ескертпелерімізді ортаға салуды жөн санадық.

Осыған дейінгі мақалаларымызда әліпбидегі кемшіліктер туралы және сол кемшіліктерді жөндемей, емле ережелері де дұрыс шықпайтыны жөнінде мәселе қозғаған болатынбыз (Қыдырбаев Қ., 2018а: 119-125). Емле жасаушылар әліпбидің кемшін екеніне қарамастан оны мүмкіндігінше жазуымызға икемдеп, емле ережелеріне жаратуға барынша тырысқан. Ол үшін емле авторларына алғысымызды білдіреміз. Дей тұрғанмен кемшіліксіз іс болмайтыны, кез келген іс сын-ескертпелерді түзей отырып дамитыны баршаға мәлім.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті

Зерттеу жұмысының мақсаты мақұлданған Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріне ғылыми талдау жасай отырып, ой-пікірімізді ортаға салу және ескертпелер беру. Жөнделуі тиіс кемшіліктерін көрсету және өз нұсқаларымызды ұсыну.

Зерттеу жұмысының методологиясы

Зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қолданылады. Мақаланы жазу барысында сипаттама, талдау, аудару, салыстыру, салғастыру әдістері қолданылады.

Негізгі бөлім

Республикалық басты басылымда жарияланған Емле ережелерінің алғы сөзі «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленді» (Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері, 2019: 1) деп басталған. Алайда №569 жарлықпен бекітілген нұсқа апостроф нұсқасы болатын. Бұл нұсқаны көпшілік қолдамағандықтан, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №637 Жарлығына сәйкес алдыңғы нұсқаға өзгерістер енгізіліп, соңғы ақут нұсқасы бекітілген болатын. Газетте ұсынылған емле ережелері соңғы ақут нұсқасы бойынша әзірленген. Сонда газет мәтінінде (техникалық) қате кеткен бе, әлде солай алғашқы жарлық көрсетілуі керек пе, оны мамандар айта жатар.

Әріптер емлесі

2-параграфта «*á, o, ó, u, ú* әріптері төл сөздің басында жазылады» деп, мысал ретінде «*ádis, álem, sán, dán, mádeniet, báterek; ozyq, oñtaly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheñ, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júie, túbegeili*» сөздерін береді. Дұрысы «сөздің басында» емес, «сөздің алғашқы буынында» болса керек;

6-параграфта «*и, у* әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады» дейді де, мысал арасында

iaġni, aikido сөздерін келтіреді. Дауыссыз дыбыстар жеке бір өзі буын құрамайтыны белгілі. Ал мысалда келтірілген *iaġni, aikido* сөздерінің екінші буынындағы *ı* әрпінің дыбысы буын құрап, бұл ережеге бағынбай тұр. Олай болса аталған екі мысалды бұл параграфтан алып тастаған жөн;

7-параграфта «*ı, ii* әріп тіркестеріне аяқталған етістіктерге көсемшенің *ı (-ı)* жұрнағы жалғанғанда, екі *ı* әрпі қатар жазылады: *bauı – baudı, keii – keudi*» деген. Бұл ереже бекітілген әліпбиде дауыссыз *[ı]* дыбысы мен *[ıı]*, *[iı]* дыбыс тіркестеріне бір ғана */ı/* таңбасы берілу салдарынан болған ерсі ереже. Бұл төте жазуға, яғни араб графикасына ғана тән ереже. Ол туралы «Араб графикасына тән ережені жаңа әліпбиге енгізбеген жөн» (Қыдырбаев Қ., 2018б) атты мақаламызда кеңінен талқылаған болатынбыз;

Түбір сөздердің емлесі

11-параграфта «Төл сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, untymaq, bosaq, turmys; ásem, memleket, izet, úmit, sóilem*. Ал кейбір **кірме сөздерде** тіл үндестігі сақталмай жазылады: *quziret, qudiret, muġalim, qyzmet, qoshemet, aqiret, qasiet, qadir, kitap, taúqimet, qaziret*» деген. Ал ережелердің «Тірек ұғымдары» атты бөлімінде кірме сөзге «қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары бойынша игеріліп жазылатын өзге тілден енген сөз» деген анықтама берілген. Олай болса осы параграфта төл сөздердің қатарында тұрған ***memleket*** сөзі, 2-параграфта төл сөздердің қатарында көрсетілген ***álem, mádeniet, qujat, úkimet, ustaz*** сөздері де кірме сөздердің қатарында болуы тиіс. Өйткені тілімізге *memleket, álem, mádeniet, qujat, úkimet* сөздері араб тілінен, *ustaz* сөзі парсы тілінен игеріліп енген.

Ескере кететін және бір жағдай *[k]* дыбысы тілімізде тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалып (Жүнісбек Ә., 2009: 76), тек қана жуан дыбысталатын дыбыс екені, ал *[i]* дыбысы тек қана жіңішке дыбысталатын тіл алды дауыстысы (Мырзабеков С., 1993: 21) екені белгілі. Тілімізде бұл екі дыбыс таңбасының қатар тұруы, үндестік заңына қайшы келіп дыбыстауды қиындатады. Сондықтан *aqiret, taúqimet* сөздеріндегі *i* әрпін тіл арты, жуан *[ı]* дыбысының таңбасына ауыстырып, *aqyret, taúqymet* деп жазған жөн;

Қосымшалардың жалғануы

15-параграфта «Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған *ı, i* әріп-

тері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *ayıl – ayly, dayıs – dayısy, erin – erni, halyq – halqy, oryn – orny, ġuryr – ġurpy, quryq – qyrqy (қырқын беру), kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi, naryq – narqy (бағасы), parıq – parqy, qulyq – qulqy, oıyn – oıynı*» делінген. Алайда келтірілген мысалдардағы соңғы «*oıyn – oıynı*» сөзі бұл ережеге бағынбай тұр. Сонымен қатар «Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған *ı, i* әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады» деген мәтінді «Түбірдің соңғы буынында екі үнді дауыссыздың немесе үнді дауыссыз бен қатаң дауыссыздың ортасында келген *ı, i* әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады» деп нақтылаған жөн. Өйткені *сары, тары, шәлі* т.б. түбірлердің соңғы буынында да үнді дауыссыз дыбыстан кейін *ı, i* әріптері бар, алайда оларға бұл ереженің қатысы жоқ;

Қосымшалардың жалғануы

16-параграфта «Соңғы буынында *á* әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: *kúnásina, kúnásinan, kýásina, kýásinan, kúnága, kúnádan, kúnálaı, shúbálanı, kýága, kýádan, kúmánga, kúmándanı*» делінген. Мысалдардағы *kúnásina, kúnásinan, kýásina, kýásinan* сөздерінен байқағанымыздай, аталған ереже бойынша *kúná, kýá* сөздеріне қысқа дауыстымен келген үшінші жақтағы тәуелдік *-si* жалғауы жіңішке жалғанған. Алайда осы жіңішке жалғауға барыс және шығыс септік жалғауларын *-na, -nan* деп қайта жуандату, тілге күш түсіргендей болады. Дұрысы, жіңішке *-si* жалғауынан соң, үндестік заңын пайдалана отырып жіңішке әуезді *-ne, -nen* жалғауы арқылы *kúnásine, kúnásinen, kýásine, kýásinen* деп айтқанды жөн санаймыз. Бұл ұсынысымыз 53-параграфтың ескертпесіне де қатысты;

21-параграфта «Түбір сөзге *-hana, -nama, -gói, -qoi, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor* тәрізді **араб, парсы** тілінен енген ... қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке-келігіне қарамай жалғанады» делінген. Аталған қосымшалар араб тілінен емес, парсы тілінен енген қосымшалар. Сондықтан мәтіндегі «*араб*» сөзін алып тастаған жөн;

32-параграфта «*Ásire, bir, kóp, jalpy, беі* және *avan, avia, avto, agro, anti, aero, gidro, giper, eýro, izo, infra, kino, mega, mini, radio, tele, trans, últra, foto, elektr* сияқты сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ *bei* қосымшасымен келген атаулар

бірге жазылады» дегендегі бірінші қатарда келген *бей* сөзі артық;

Дефиспен жазылатын сөздер емлесі

44-параграфтағы «Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады» деген ережеден соң «**Осы ереже диссертациялық жұмыстарда пайдаланылған әдебиеттердің беттеріне сілтеме берілгенде де қолданылады**» деген сөйлемді арнайы қосу керек. Өйткені диссертациялық жұмыстарда қазақ тілінің емле ережесі бойынша [17, 12-б.] деп жазылған сілтемелерді Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы орыс тіліндегідей [17, б. 12] деп мәжбүрлі түрде өзгерткеніне талай куә болғанбыз. Бұл үрдіс әлі де жалғасын табуда. Оны 2019 жылы қорғалған диссертациялардан да көруге болады (Ермагамбетова К., 2019), (Жумабекова Г., 2019), (Кошымова А., 2019) (Тасилова А., 2019), (Мукушева Қ., 2019);

46-параграфта «Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: *ap-anuq, qur-quzyl, sap-sary, jar-jaqsy, súp-súkimdi, quba-qur*. Бірақ *appaq, kókpeńbek* болып жазылады» деп берілген. Мұнда не нәрсе аппақ, көкпеңбек болып жазылатыны түсініксіз. Сондықтан «Бірақ *appaq, kókpeńbek* болып жазылады» деген сөйлемді «**Бірақ *appaq, kókpeńbek* сөздері дефиссіз бірге жазылады**» деп өзгерткен жөн;

47-параграфтағы ағылшын тіліндегі *MP4-pleer* сөзін қазақ тіліне осы қалпында енгізу дұрыс емес. Тіліміздегі орыс орфографиясы бойынша жазылып жүрген сөздерден құтылу үшін латын графикасына көштік емес пе? Енді олардың орнын ағылшын орфографиясымен жазылатын сөздермен толықтырмақпыз ба? Олай болса *MP4-pleer* сөзін *MP4-ойнатқыш* немесе *MP4-бейне ойнатқыш* деп аударып алған жөн. Сол секілді *MP3-pleer* сөзін де *MP3-ойнатқыш* немесе *MP3-музыка ойнатқыш* деп аударып алсақ латын графикасына көшудегі мақсатымызға сай болмақ. Ал оқылуы тілімізге бейімделіп, *МыПы4-ойнатқыш* немесе *МыПы4-бейне ойнатқыш* және *МыПы3-ойнатқыш* немесе *МыПы3-музыка ойнатқыш* болғаны жөн;

Жалқы есімдер емлесі

53-параграфта «Кісі есімдеріне және *-ov, -ev* жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: *Álihanıyń, Álihanğa; Kúnsulýdyń, Kúnsulýğa; Nábievanıyń, Nábievke;*

Baıǵaraevanıyń, Baıǵaraevqa» делінген. Алайда *Nábievanıyń* деген кісі тегінің түбірі жіңішке болғанына қарамастан жуан *-nyń* қосымшасы жалғанып, ережеге бағынбай тұр және не үшін жуан қосымша жалғанғаны туралы түсініктеме берілмеген. Сонымен қатар, *-ov, -ev* жұрнағы дауысты дыбыстан кейін келсе, қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейтіндіктен *-ov, -ev* жұрнағының алдынан *ı* әрпін жазып, *Baıǵaraıev, Túrkeıev* деп жазған жөн. Қазақша мәтіндердегі орыс есімдері де осы қағида бойынша *Sergeev – Sergeıev, Alekseev – Alekseıev, Беляева – Beláıeva* деп жазылуы тиіс. Ең дұрысы, ұлты қазақ азаматтар *-ov, -ev, -ıch, ın* жұрнақтарынан құтылғаны жөн;

54-параграфта «Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады: *Tóremurat, Aısáýle, Saqypjamal, Abılqasym, Qasymjomart, Batyrhan, Tursynzada, Nurgalı, Aıǵúl, Aqbala, Aqylbek, Jaqsybai, Shárbany, Toqqoja, Nurbike, Nuratym, Nurdıldá, Bibihanym, Asyljan, Ahmetqazy*» делінген. Олай болса осы ережеге орай ҚР қазіргі президентінің аты қазақ тіліндегі мәтіндерде **Qasymjomart** (Қасымжомарт) деп дефиссіз бірге жазылуы тиіс. Сонымен қатар кісі есімімен аталатын астанамызды **Nur-Sultan** (Нұр-Сұлтан) деп дефис арқылы жазу да дұрыс емес. Бұлай жазу кеңес кезіндегі *Алма-Ата, Қзыл-Орда, Ак-Мечеть, Сыр-Дарья, Аму-Дарья* секілді орыс тілінің жазу емлесіне қайта оралғанымызды білдірмек. Ал бұл дефис қала аты мен адам атын ажырату үшін қойылды деу жай ғана өзімізді өзіміз алдарқату болмақ;

56-параграфта «Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: *Ysqaq, Yrysjan, Yrysaldy, Ysmaıyl* немесе *Symaıyl, Muhambet, Ybyratym, Bátıma, Qasen, Qusaıyn, Qadisha, Pazyl, Ábdıqadir, Álbeıbarys*» делінген. Алайда келтірілген мысалдарда *Yrysjan* есіміндегі *jan* компонентінен өзге парсы сөзі жоқ (Оңдасынов Н., 2003: 70). *Ysqaq, Ysmaıyl, Symaıyl, Ybyratym* есімдері араб тіліне еврей тілінен енген есімдер. Ал соңғы *Álbeıbarys* есімінің бірінші компоненті *Ál* араб сөзі болса (Al-Mugjam al-Wasit, 1989: 33), екінші, үшінші компоненттері, яғни *бей/бай* және *барыс* түркі сөздері (Қыдырбаев Қ., 2016: 113-117). Сонымен қатар араб, парсы тілдері бір тіл емес екенін ескере кету керек. Екеуі қазақ және орыс тілдері секілді бір-біріне туыстығы жоқ бөлек-бөлек тілдер. Сондықтан «Араб, парсы тілінен» дегенді «**Араб, парсы тілдерінен**» деп көпше түрге өзгертіп, мысалдардың арасына *Меруерт, Мейіркүл, Мейіржан, Пакизат, Гүлзада,*

Гүлжан секілді т.б. парсы тілінен енген кісі есімдерін араластырған жөн;

Қысқарған сөздер емлесі

74-параграфта «Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: *UNESCO, USAID, NATO, EXPO*. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: *UNESCO-ның, -ға; USAID-тың, -қа; NATO-ның, -ға; EXPO-ның, -ға*» делінген. Латын графикасына көшудегі негізгі максаттардың бірі тілімізге күштеп енгізілген орыс тілінің дыбыстарынан құтылу болатын. Бұлай ереже жасау орыс тілінен енген басы артық әріптердің орнына ағылшын тілінің әріптерін тықпалаумен парапар. 47-параграфқа айтылған ескертпеміздей, енді құтылғалы отырған орыс орфографиясының орнына ағылшын орфографиясын енгізумен бірдей. Сондықтан мұндай сөздерді жазғанда әліпбиіміздегі бар әріптермен *IYNECKO, IYSAID, NATO, EKSPD* деп жазғанымыз жөн;

Шеттілдік сөздер емлесі

76-параграфта «Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады, оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: *moderator* (-дың, -y, -ға, -lar), *marker* (-дің, -i, -ge, -ler), *stepler* (-дің, -i, -ge, -ler), *vaycher* (-дің, -i, -ge, -ler), *sypervaizer* (-дің, -i, -ge, -ler), *aifon* (-ның, -y, -ға, -dar), *banknot* (-тың, -y, -қа, -tar), *bankomat* (-тың, -y, -қа, -tar), *planshet* (-тің, -i, -ke, -ter), *onlain* (-ның, -y, -ға, -dar), *oflain* (-ның, -y, -ға, -dar), *dizain* (-ның, -y, -ға, -dar), *barmen* (-нің, -i, -ge, -der), *resepsn* (-нің, -i, -ge, -der), *skrinshot* (-тың, -y, -қа, -tar), *blokbaster* (-дің, -i, -ge, -ler)» делінген.

Орыс тіліндегі термин сөздер, тіпті Ресейге көршілес, орыс тіліне туыстас әрі әліпбилері де бір (кирил) белорусь тілінде де орыс тіліндегідей жазылмайды. Мысалы *фонетика – фанетика, орфография – арфаграфия, морфология – марфалогия, банкомат – банкамат, модератор – мадэратар, степлер – стэплер, планиет – планиэт, офлайн – афлайн, орфография – арфаграфия* деп көптеген терминдер белорусь тіліне бейімделіп алынған.

Осы орайда белорусь тілінің тәжірибесіне жүгінген жөн тәрізді, яғни бұл параграфтағы «Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады» дегенді «Дыбысталуы қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келетін шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас

жазылады» деп толықтырып, мысал ретінде дыбысталуы қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келетіндерін ғана келтіру керек.

Орыс сөздеріндегі *o* әрпі, белорусь тіліндегідей қазақ тілінде де ешқашан да [a] болып айтылмайды. Яғни *o* әрпін [a] деп оқу санамызға сіңіп қалған орыс тілінің әсері. Сондықтан *moderator* сөзін қазақ тіліндегі айтылуына қарай бірінші буындағы *o* әрпін *a-ға*, соңғы буынындағы *o* әрпін [ы] дыбысының таңбасына өзгертіп *maderatyr*; ал *bankomat* сөзіндегі *o* әрпін айтылуы бойынша [a] дыбысының таңбасына өзгертіп, *bankamat* деп, ал *resepsn* сөзін *i* әрпін қосу арқылы *resepsn* деп жазып, мұндай сөздерді **77-параграфтағы** «Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады» деген ережеге жатқызған дұрыс болмақ. Осылай етсек белорусь, араб, т.б. тілдер секілді бүкіл шеттілдік сөздерді тілімізге оңай игеріп алатын боламыз;

81-параграфта «э әрпі *e* әрпімен жазылады: *element, elevator, poetika, koefisent*» делінген. Мысалда келтірілген *elevator, poetika, koefisent* сөздері *e* әрпін *e*-ге ауыстырғаннан тілімізге бейімделіп кеткен жоқ. Сондықтан *poetika, koefisent* сөздеріндегі *o* әрпін *a*-ға ауыстырып және қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейтінін ескеріп, осы *a* мен *e* әріптерінің арасына *i* әрпін қосып, *paietika, kaiefisent* деп өзгерткен жөн. Тіпті алғашқы буынынан кейінгі буындары жіңішке дыбысталатындықтан бұл сөздердегі *a* әрпін *á-ге* ауыстырып *páietika, káiefisent* десек тіл үндестігін сақтаған боламыз. Ал *elevator* сөзіндегі *o* әрпін қазақ тіліндегі айтылуы бойынша *y*-ға ауыстырып, *elevatyr* деп жазу керек. Бұдан кейінгі параграфтардың мысалдарында келетін қазақ тілінің айтылымына үйлеспейтін шеттілдік сөздердегі дыбыстарға қатысты ұстанымымыз да осындай болмақ. Осы орайда Ж. Аймауытұлының төте жазумен жазылған «Жаман тымақ» атты өлеңінде «шкаф» сөзін қазақ тіліне бейімдеп «ышқап» деп жазғанын ескере кету керек (Аймауытұлы Ж., 1929: 5). (Ақынның «ышқап» деп жазғанына қарап, кейде осы «шкаф» сөзі қыпшақтардың «ішқабынан» шықпады ма екен деген ойға қаламыз);

82-параграфта «ю әрпі *ú* әрпімен жазылады: *parashút, absolút, glúkoza, debút, prodúser, líks, valúta, búdjét, búro, sújet, búleten, fúchers, kompúter; tútor, konúktýra, konúktivít*. Қосымшалар соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады» делінген. Қолдаймыз, алайда бұл ереже *юань, каюта*, т.б. сөздерге жүрмейді. Сондықтан «Сөз басындағы және буын басындағы *ю* әрпі *ú*

әріп тіркестерімен, ал дауыссыздан кейінгі *ю* әрпі *й* әрпімен жазылады» деп толықтырып, мысал арасына *йуан*, *кайұта*, т.б. сөздерді қосқан жөн;

83-параграфта «я әрпі *а* әрпімен жазылады: *zarád, knáz, narád, razrád, griláj*. Қосымша §16 бойынша жалғанады» делінген. Құптарлық ереже, алайда бұл ережеге *ядро, яхта, маяк*, т.б. сөздер тура келмейді. Сондықтан бұл ережені «Сөз басындағы және буын басындағы *я* әрпі *а* әріп тіркестерімен, ал дауыссыздан кейінгі *я* әрпі *а* әрпімен жазылады» деп толықтырып, мысал арасына *iahta, iadro, maiak*, т.б. сөздерді араластырған жөн;

Осы тараудың ескертуінде «*и* (*й*) әрпінен кейін тұрған *я*-ның орнына *а* жазылады: *aksia, alergia, himia, gimnazia*» делінген. Алайда 6-параграфта *й* әрпі дауыссыз дыбыстың таңбасы екені, ал 7-параграфта *у* (*ый*), *и* (*ий*) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында *й* әрпімен жазылатыны айтылған. Сонда *aksia* сөзіндегі *й* әрпін қай ережеге салып оқимыз. Бірінші ереже бойынша [аксйа] деп оқимыз ба, әлде екінші ереже бойынша [аксийа] деп оқимыз ба? Екінші ережеге салып [аксий-а] деп оқысақ, соңғы [а] дыбысы жеке буын құрағаны ма, ал [аксий-йа] деп дұрыс буынға бөліп оқысақ «*у* (*ый*), *и* (*ий*) дыбыс тіркестері бір буынға түспей қалмақ. Яғни «*у* (*ый*), *и* (*ий*) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында *й* әрпімен жазылады» деген ереже қайда қалды? Қысқасы *aksia* сөзі буынға қалай бөлінбек? Сұрақ көп. Бұл сұрақ *Türkia, Fransia, Italia, Japonia*, т.б. ел атауларына да қатысты;

84-параграфта «Жіңішкелік белгісі (*ь*) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады» делінген. Біздің ойымызша орыс сөздерін орысша жазылуында жіңішкерту белгісі бар екен деп, орыс тіліндегі дыбысталуына жақындатып айтудың қажеті жоқ. Мысалы *альбатрос* сөзін *álbátros* [əlbátros] дегеннен гөрі, тіл үндестігін сақтап *albatros* [əlbátros] деген тиімді. Ал *альбом* сөзін тілімізді алға, артқа күштеп қозғалтып *álbom* [əlbom] дегеннен гөрі, бірыңғай жуандатып *albom* [əlbom] немесе бірыңғай жіңішкелетіп *álbóm* [əlbóm] десек бұл сөздің мағынасы өзгеріп кетпес;

93-параграфта «*р, һ* әріптеріне аяқталған шеттілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, *р, һ* әріптері ұяңданбайды және қосымшалар жуан жалғанады: *arhetip* – *arhetipi*, *stereotip* – *stereotipi*, *sheih* – *sheihy*, *shtrih* – *shtrihy*; *seh* (-*tyń*, -*y*, -*qa*, -*tar*), *sheih* (-*tyń*, -*y*, -*qa*, -*tar*), *shtrih* (-*tyń*, -*y*, -*qa*, -*tar*)» делінген. Алайда

келтірілген мысалдардағы *arhetip*, *stereotip* сөздері *arhetipi*, *stereotipi* болып қосымшалар ережеге қайшы жіңішке жалғанып тұр. Сонымен қатар, 81-параграфқа қатысты айтқанымыздай, мұндағы *stereotip* сөзін, екі дауыстының арасына дауыстының арасына дауыссыз [y] дыбысының таңбасын қойып, *stereyotip* деп жазған жөн;

96-параграфта «-*км, -ск, -nm, -фm* әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша *у, і* дәнекері арқылы, ал -*км, -нкм, -ск* сияқты құрамында *к* әрпі бар сөздерге тек жіңішке, басқаларына соңғы буын үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *fakt, faktige, faktisi; pýnkt, pýnktisi, pýnktige; instunkt, instunktisi, instunktige; disk, diskige, diskisi; aksept, akseptige, akseptisi; soft, softyga, softysy*)» делінген. Біздің ойымызша мұндай дыбыс тіркестерін осы қалпында қолдану тілімізге жат. Сондықтан қазақ тіліндегі айтылымына қарай кейбірінің соңғы жағына *ы* немесе *і* әріптерін жалғаған жөн. Мысалы *fakti* [факми] (*faktige, faktisi*); *diski* [дискі] (*diskige, diskisi*); *aksepti* [акценми] (*akseptige, akseptisi*); *softy* [софты] (*softyga, softysy*), ал *пункт* сөзін *pýnkit* [пунқим] (*pýnkiti, pýnkitke*), *инстинкт* сөзін *instúkit* [инстунқим] (*instúkiti*) деп жазсақ, тілімізге ыңғайланар еді (тіпті, *pónkit* [ноңқим], *ensteńkit* [енстеңқим] деп жазсақ тілімізге толық икемдеген болар едік). Алайда келтірілген мысалдардағы кейбір сөздердің баламасы тілімізде бар. Олай болса өзге тілдердегі бөтен сөздерді тілімізге жөн-жосықсыз ендіріп, сөзімізді былғай беру жарамас. Біздің ойымызша Абай Құнанбаев бұл мәселеге деген көзқарасын XIX ғасырда «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы» деп екі-ақ жолға сыйдырып, нүктесін қойған;

98-параграфтағы «Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында *w* әрпімен басталатын кейбір сөздер *у* әрпімен жазылады: *yatsap, yikipedia, yeb-sait*» деген мәтінді «*W* әрпімен басталатын ағылшын тіліндегі кейбір аударылмайтын сөздер қазақ тіліне енгенде сөз басындағы *w* әрпі *у* әрпіне ауысады: *yatsap, yikipedia, yeb-sait*» деп өзгерткен жөн;

Емлешілер ықшамдалу қағидасын алға тартып, «*у* (*ый*), *и* (*ий*) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында *й* әрпімен жазылады» және «*иу* (*ху*), *иу* (*ху*) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында *у* әрпімен жазылады» деген ереже енгізді. Әріптерді ықшамдау тілдің әлеуетін көтерер болса, ағылшындар *eight, night, right, nation, tongue* секілді дыбыс санынан әріп саны артық көптеген сөздерін құрамындағы дыбыс санына қарай [ейт], [найт], [райт], [ней-

шн], [таң] деп ықшамдалып жазылатындай етіп, реформа жасар еді ғой. Сөздердің соңында жазылып, оқылмайтын /e/ әрпін *give, live, eye* секілді т.б. көптеген сөздерден алып тастар еді ғой. Әрине ағылшын тілі осындай шұбалаңқы әріптерімен ағылшын тілі болып тұр. Мұндай әріптері ықшамдалмаса да аталған сөздер кітаптарға сыймай қалып жатқан жоқ және жазылған кітаптары біздің кітаптардан қалыңдап кеткен жоқ. Керісінше, тіл әлеуетін көтереміз деп жоғарыдағы әріптерден бір әрпін ықшамдаса, сол әріппен бірге бүкіл ағылшын тілі ықшамдалып кетер еді. Бұл жағдай қазақ тіліне де қатысты. Қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал жігін, сөйлеу ырғағын сақтайтын дыбыс тіркестерін жазуда ықшамдаймыз деп, болашақта тіліміздің өзі «ықшамдалып» кетпесін. Айта кету керек, мұндай ықшамдау ескі қыпшақ тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де кездеспейді. Мысалы **СИЫР** сөзін ескі қыпшақ тілінде *сийыр*, қарақалпақ тілінде *siyir*, қырым татарлары *siyir*, *siğir* құмық, ноғай тілдерінде *сийыр*, башқұрт тілінде *һыйыр*, түрік тілінде *siğir*, *inek*, өзбек тілінде *sigir*, түркімен тілінде *sugur*, ұрым тілінде *сыгыр* деп жазады. Ал **СУ** сөзі ескі қыпшақ тілінде *суу*, башқұрт тілінде *һуу*, қырғыз, қарашай-балқар тілдерінде *суу*, қарайым, қырым татар, құмық, ноғай тілдерінде *суб*, өзбек тілінде *суv*, түркімен тілінде *suw*, қарақалпақ тілінде *суў*, тофа, шор, хакас тілдерінде *суг*, шуваш, якут тілдерінде *уу* (ху) деп, **ИНЕ** сөзі ескі қыпшақ тілінде *ігне*, қырғыз, ноғай, қарашай-балқар тілдерінде *ийне*, қарақалпақ, қырым-татар тілінде *іуне*, әзірбайжан тілінде *iynə*, өзбек тілінде *igna*, түрік тілінде *iğne*, түркімен тілінде *ійһе*, ұйғыр тілінде *يىڭنه* [йиңһе], шор тілінде *инге*, **ИТ** сөзі ескі қыпшақ тілінде *ийт*, қарақалпақ тілінде *iyt*, ноғай тілінде *ийт*, ұйғыр тілінде *ئيت* [iйт], ұрым тілінде *ийт*, тофа тілінде *ыът* деп жазылады. Байқап отырғанымыздай қазақ тіліндегі *сиыр*, *су*, *ине*, *ит* сөздеріндегі *ый*, *уу*, *ий* дыбыс тіркестерінің баламалары өзге түркі тілдерінің ешқайсысында ықшамдалмай тарқатылып жазылады. Әліпбиіміз бір дыбыс бір таңба қағидасына негізделген дейміз. Бізге дәл қазір ықшамдау қатты қажет болса, алдымен әліпби құрамындағы /sh/, /ch/ диграфтары ықшамдалсын. Бір-екі әріпке көз алартқанша, алтын уақытымызды бекерге алып жатқан үш-тілділік, яғни ғылыми жобаларды, құжаттарды, есептерді, т.б. үш тілде талап ету ықшамдалсын.

«Сөздердің тасымалдануы» атты IX тараудың **99-параграфында** «Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: *oqy'-shylar, oqy'shy-lar; bel-sendi, belsen-di; beibitshilik, beibit-shilik, beibitshi-lik*», ал **100-параграфында** «Буын *й* мен *у* дауыссыздарынан басталғанда *da-ýys (daý-ys емес), sa-ýat (saý-at емес), da-ıyndyq (dai-ıyndyq емес), qu-ıyn (qui-ıyn емес)* түрінде тасымалданады» делінген. Алайда шешімін таппай келе жатқан *қиын, жиын, суыр, сиыр, қиыр, суы, туы* т.б. сөздердің қалай буынға бөлінетіні, қалай тасымалданатыны туралы емле ережелерінің еш жерінде айтылмайды, яғни емлешілер ықшамдаймыз деп кирилдегі ең басты тілбұзар емле ережені сол қалпында қалдырған. (*И* мен *у* әріптерін, олардың араб графикалы ескі қыпшақ тілінде, қадим, жәдид, төте жазуларында, 1929-40 жылдар аралығында қолданыста болған латын графикасында және қазіргі латын графикалы түркі тілдеріндегі жазылу үлгілерін келесі мақаламызда толыққанды қарастыратын боламыз).

Қорытынды

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудегі негізгі мақсаттардың бірі орыс тілінен күштеп енгізілген басы артық әріптер мен тілбұзар емле ережелерден құтылу болатын. «Шеттілдік сөздердің емлесі» атты тарау орыс орфографиясымен жазылып келген сөздердегі *ѐ, ѓ, џ, э, ю, я, ъ* әріптерін жаңа әліпбиде қалай жазу керектігін көрсетуге арналған. Бұл әріптер жаңа әліпбиге еңбей қалғандықтан ғана қарастырылған. Осы әріптерге жаңа әліпбиден балама табу арқылы шеттілдік (орыс) сөздерді тілімізге бейімдедік деп жүрміз, нәтижелі тұстары да жетерлік. Ал әліпбиден түсірілмеген *в, ч* әріптерінің дыбысын тілімізге қалай бейімдеу туралы емле ережелерінде ештеме айтылмайды. Сонымен қатар мысалдардан байқағанымыздай *о* әрпін [a] деп оқытатын орыс тіліне тән ереже жаңа емледе көп жағдайда өзгеріссіз қалған. Тілімізде орыс сөздеріндегі *о*-ның орнына *ы* айтылатын тұстар да ескерусіз қалған. Баламасы бар бөтен сөздер де жөнсіз енгізіле берген. Сондықтан «Шеттілдік сөздердің емлесі» атты тарауды қайта қарастыру керек. Тілімізге аударылмайтын шеттілдік сөздер мен терминдерді осы кезден бастап игермесек, баламасы бар сөздердің баламасын бермесек кейін кеш болмақ және уақыт өте келе, көз үйреніп кеткен соң оқылуы тілімізге томпақ келетін сөздердің орфографиясын қайта ауыстыру қиынға соқпақ.

Әдебиеттер

- Қажыбек Е. Жалпыхалықтық талқылау қажет (20.01.2019) // <https://egemen.kz/article/180814-erden-qadgybek-zhalpykh-alyqytq-talqylau-qadget>
- Құрманбайұлы Ш. (2019). Латын әліпбиі. «Ұлы дала өркениеті», Хабар NEWS // <https://www.youtube.com/watch?v=HX9oUgHo-R4&fbclid=IwAR2M4pt5SQcxI84OSaOoJauIH7aUwf3HGMG3vHpJk-FpQ-YFWLmQQEgqNOM>
- Qurmanbayuli S. (2019). Latin alipbii. «Uly dala orkenieti», Xabar
- Қыдырбаев Қ.А. (2018а). Бекітілген әліпбидегі түзетілуі тиіс он кемшілік. // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. Том 87, № 4
- Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. // Egemen Qazaqstan. (2019) №11 (29490)
- Қыдырбаев Қ.А. (2018б). Араб графикасына тән ережені жаңа әліпбиге енгізбеген жөн. 12.11.2018 ж. // <http://tilalemi.kz/article/1796>
- Жүнісбек Ә. (2009). Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс. – 312 б.
- Мырзабеков С. (1993). Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті. – 136 б.
- Ермагамбетова К. (2019). Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер: PhD дис. – Алматы. – 151 б.
- Жумабекова Г. (2019). Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі: PhD дис. – Алматы, 2019. – 208 б.
- Кошымова А. (2019). VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны: PhD дис. – Алматы. – 168 б.
- Тасилова А. Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия: PhD дис. – Алматы, 2019. – 141 б.
- Мукушева Қ. (2019). XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: Ұлттық дүниетаным және «Дала» концептісі: PhD дис. – Алматы. – 172 б.
- Ондасынов Н. (2003). Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім. – 320 б.
- Al-Mugjam al-Wasit, (2016). – Istanbul: «Cevik Matbaacilik». – 1067 s.
- Қыдырбаев Қ.А. (2016). Бейбарыс, Байбарыс, Бибарыс нұсқаларының дұрысы қайсы және этимологиясы қандай? (1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы негізінде). – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. №1 (110).
- Аймауытұлы Ж. (1929). Жаман тымақ. Қазиздат. – 15 б.

References

- Kazhybek Y. Zhalpykhalyktyq talqylau qazhet (need public discussion). (01.20.2019) // <https://egemen.kz/article/180814-erden-qadgybek-zhalpykhalyktyq-talqylau-qadget>
- Qurmanbayuli Sh. (2019). Latin alipbii. «Uly dala orkenieti», Xabar NEWS // <https://www.youtube.com/watch?v=HX9oUgHo-R4&fbclid=IwAR2M4pt5SQcxI84OSaOoJauIH7aUwf3HGMG3vHpJk-FpQ-YFWLmQQEgqNOM>
- Kydyrbaev K.A. (2018a). Bekitilgen alipbidegi tuzetilui tiyis on kemshilik. – KazUU Xhabarshysy. Shygystanu seriasy. Volume 87, Number 4
- Zhana alipbi negizindegi qazaq tili emlesinin erezheleri. Egemen Qazaqstan. (2019) // №11 (29490)
- Kydyrbaev K.A. (2018b). Arab graphikasyna tan erezheni zhana alipbige engizbegen zhon. 12.11.2018 // <http://tilalemi.kz/article/1796>
- Zhunisbek A. (2009). Qazaq phoneticasy. – Almaty: Arys. – 312 b.
- Myrzabekov S. (1993). Qazaq tilinin phoneticasy. – Almaty: Qazaq Universiteti. – 136 b.
- Yermagambetova K. (2019). Qazaqstandagy madeni brending: teoriyalar zhane tazhiribeler: PhD dis. – Almaty. – 151 b.
- Zhumabekova G. (2019). Qazaq, aqyn-zhazushylarynyn tauyelsizdik zhyldaryndagy kosemsozi: PhD dis. – Almaty, 2019. – 208 b.
- Koshymova A. (2019). VIII-XIII gasyrlardagy ogyzdardyn turki khalyqtarynyn etnogenezinin qalyptasuynyndagy orny: PhD dis. – Almaty. – 168 b.
- Tasilova A., Alemdik kommunikatsiya zhelisindegi qjgamdyq, diplomatiya: PhD dis. – Almaty, 2019. – 141 b.
- Mukusheva Q. (2019). XX gasyr basyndagy qazaq, kosemsozi: Ulttyq duniyetanym zhane «Dala» kontseptisi: PhD dis. – Almaty. – 172 b.
- Ondasynov N. (2003). Parsyssha-Qazaqsha tusindirme sozdik. Almaty: Bilim. – 320 b.
- Al-Mugjam al-Wasit, (2016). – Istanbul: Cevik Matbaacilik. – 1067 s.
- Kydyrbaev K.A. (2016). Beybarys, Baibaris, Bibarys nusqalarynyn durysy qaysy jane etymologiasy qanday? (1245 zhyly zharyq korgen qypshaq-arab sozdiginin qolzhazbasy negizinde). – Astana: L.N. Gumilyov atyndagy EUU Xhabarshysy. No. 1 (110).
- Aimauityuly Zh. (1929). Zhaman tynmaq. Kazizdat. – 15 b.

FTAMP 16.41.25

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o18>**Қыдырбаева Ү.Т.,¹ Монтанай Э.А.²**

¹PhD, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kudyrbayevaumit@gmail.com

² оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСМИ ХАТТАРЫНДАҒЫ СӨЗ ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАР

Мақалада XVIII ғасырда қазақ даласында билік жүргізген Әбілқайыр ханның орыс патшайымдары мен елшілеріне жазған ресми хаттары тілдік құрылымы жағынан зерттелінген. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған ресми хаттардағы сөз түрлендіруші жұрнақтарды, сипаты және қолданысы жағынан анықтау, тарихи түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу және олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын көрсету зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Қазақ даласында шағатай тілінде жазылған әртүрлі мазмұндағы қолжазба материалдары әлі күнге дейін жан-жақты зерттеуді қажет ететін тың әрі өзекті мәселелердің бірі. Осылардың ішінде хандық дәуірдегі қолжазба деректерінің тарих, филология және әлеуметтану сияқты ғылымдарға қосар үлесі мол. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданыла отырып, көне түркі, көне ұйғыр, қархан және қыпшақ тілдеріндегі сөз жасаушы жұрнақтар қарастырылды. Сонымен қатар, жұрнақтардың қолданылуы мысалдар арқылы көрсетіле отырып, атқаратын қызметіне қысқаша сипаттама берілді. Тарихи түркі тілдеріндегі сөз жасаушы жұрнақтардың хандық кезеңдегі және қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуын, сонымен қатар, хаттардағы шағатай және қыпшақ тілдік элементтердің қаншалықты басымдылығын анықтау зерттеу жұмысынан күтілетін нәтиже болып табылады.

Түйін сөздер: сөз жасаушы жұрнақтар, қазақ тілі, түркі тілдері, ресми хаттар.

Kydyrbayeva U.T.¹, Montanay E.A.²

¹Senior teacher of Oriental Studies Faculty, Phd, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

² Teacher of Oriental Studies Faculty, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Word-Forming Affixes in official Letters of Khan Abulhair

The article studied the linguistic structure of the written official letters to Russian empresses and ambassadors from Abulhair Khan, who in the 18th century headed the power in the Kazakh steppe. The main goal of the research work is the definition of word-forming suffixes in official letters, received as a form of research work, by character and usage, research in comparison with historical Turkic languages and reflection of their continuity with modern Kazakh language. In the Kazakh steppe, handwritten materials of various content, written in the Chagatay language, are still relevant and important issues that require comprehensive study. Among them, the manuscripts of the Khanate era have a great influence on such sciences as history, philology and sociology. In the course of the study, the comparative-historical method was used and word-formation suffixes in the Old Turkic, Old Uigur, Karhan and Kipchak languages are considered. In addition, brief characteristics of the functionality were given with examples of the use of suffixes. The expected result of the research work is the definition of the use of word-forming suffixes in the historical Turkic language.

at the Khan stage and in the modern Kazakh language, as well as the prioritization of Chagatai and Kipchak language elements in letters.

Key words: word-forming suffixes, Kazakh language, Turkic language, official letters.

Қыдырбаева Ү.Т.¹, Монтанай Э.А.²

¹старший преподаватель, PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kudyrbayevaumit@gmail.com

²преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Словообразовательные аффиксы в официальных письмах хана Абулхаира

В статье изучена языковая структура написанных русским императрицам и послам официальных писем Абулхаир хана, который возглавлял власть в казахской степи в XVIII веке. Основной целью исследовательской работы является определение словообразующих аффиксов в официальных письмах по их характеру и употреблению, проведение сравнения с историческими тюркскими языками и отражение их преемственности с современным казахским языком. В казахской степи рукописные материалы различного содержания, написанные на чагатайском языке, до сих пор являются актуальными и важными вопросами, требующими всестороннего изучения. Среди них рукописи эпохи ханства имеют большое значение в таких науках, как история, филология и социология. В ходе исследования был использован сравнительно-исторический метод для рассмотрения словообразовательных аффиксов на древнетюркском, древнеуйгурском, карханском и кипчакском языках. Кроме того, были даны краткие характеристики функциональности с приведением примеров применения аффиксов. Ожидаемым результатом исследовательской работы является определение применения словообразующих аффиксов в историческом тюркском языке на ханском этапе и в современном казахском языке, а также определение приоритетности чагатайских и кипчакских языковых элементов в письмах.

Ключевые слова: словообразовательные аффиксы, казахский язык, тюркские языки, официальные письма.

Кіріспе

Түркі халықтарына ортақ, көне түркі жазба ескерткіштері мен орта ғасырдағы Қашқарлы Махмұттың еңбегінен бастап, ортақ тарихымыздан сыр шертетін құнды мәдени мұраларды зерттеу және төл тілімізге ортақ тілдік ұқсастықтарды анықтау көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Сонымен қатар, қазақ тілінің тарихи дамуында айрықша орын алатын және әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі – қазақ хандары мен сұлтандары тарапынан жазылған ресми хаттардың зерттелуі. Өткен жылғы елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысаналар жаңартылып, халқымыздың өткен тарихына байланысты көрші мемлекеттердің архивтерінде сақталған құжаттар отандық ғалымдар тарапынан зерттелініп, басым көпшілігі Қазақстанға әкелінген болатын. Солардың ішінде қазақ хандарының ресми хаттары ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліне бастады. Осы уақытқа дейін ресми хаттардың тілдік ерекшеліктері отандық

ғалымдар Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, Г. Мамырбекова, Д. Әбділәшімұлы, Е. Өмірбаев және Т. Әбікенова т.б. зерттеп келді. И.В. Ерофеева тарапынан жарияланған «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты» атты екі томдық еңбекте Ресей және көрші мемлекеттердің мұрағат қорынан жинақталған қазақ хандарының ресми хаттарының түпнұсқа мәтіні мен орыс тіліне жасалынған аударма мәтіндері және хандардың билік құрған дәуірлері мен адресаттар туралы қысқаша мәліметтер берілген (Kudyrbayeva; Uğurlu, 2018).

Бұл мақалада кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның көршілес орыс елшілері мен патшайымдарына жазған ресми хаттарында қолданылған сөз тудырушы жұрнақтар қарастырылады. Сонымен қатар, қарастырылған түпнұсқа мәтіндері негізінде қазақ тілінің тарихи түркі тілдерімен сабақтастығын көрсету зерттеу мақаласының негізгі мақсаты болып табылады. Мақаланың зерттеу нысанына айналған XVIII ғасырдағы қазақ жазба ескерткіштерінің тілдік құрылымының бір көрінісі болып табылатын ресми хаттардың зерттелуінде салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылған.

Сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанатын сөзден лексикалық мағынасы басқа жаңа сөз ту-

дырады. Сол үшін де әрбір сөз тудырушы жұрнақ, өзіне тән грамматикалық мағынаға ие бола отырып, сипаты мен атқаратын қызметі жағынан сан алуан болып келеді. Кейбір жұрнақтар көне дәуірден қазіргі уақытқа дейін әртүрлі дыбыстық немесе семантикалық өзгерістерге ұшырап келген. Қазіргі түркітануда сөз тудырушы жұрнақтардың пайда болуына қатысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Бұлардың бірі, жеке сөздердің агглютинация (жалғану) заңдылықтары негізінде уақыт өте лексикалық мағынасын жоғалтқан дербес сөздерден жасалғандығын алға тартады. Бұл көзқарасты қолдайтын ғалымдар қатарына И.А. Батманов, Н.А. Баскаков және Ф. Бопп сияқты ғалымдар жатады. Ал екінші көзқарас бойынша, жұрнақтардың жеке сөздерден қалыптасқанын жоққа шығармайтын, алайда жұрнақтардың түбір сөзбен қатар, бірінші тілдік материал екендігін көрсете отырып, кейбір күрделі аффикстердің бір фонемадан тұратын алғашқы қосымшалардың фузия құбылысы нәтижесінде жымдасып кетуін қолдайды. Мұндай көзқараста В.В. Радлов, Г.И. Рамстедт, А.Н. Кононов, О. Бетлинг және Н.З. Гаджиев сияқты ғалымдарды атап көрсетуге болады (Тектигул, 2013).

Әбілқайыр ханның хаттарында кездесетін сөз тудырушы жұрнақтарды қолдану жиілігіне қарай төмендегі ретпен бөліп қарастырамыз.

Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар

Зат есімдерді түбір және туынды зат есім ретінде қарастыруға болады. Алайда осылардың ішінде түбір сөздердің жалғамалы тілдерде алар орны ерекше. Себебі түбір бір буынды болғандықтан ол еш уақытта өзгермейді. Өзгеріске ұшыраған жағдайда басқа түбірге айналады. Зерттеу материалында анықталған жұрнақтарды жасалу жолдарына қарай бөліп қарастыру кезінде, олардың тарихи шығу негізіне де мән беруіміз қажет. Туынды есімдер жұрнақ арқылы жасалынады. Дегенімен кейбір түбір сөздер жеке қолданудан шығып қалып, өлі түбірге айналады. Мұсабаев өз тұжырымдамасында өлі түбір ұғымның жоқ екендігін айта келе, олардың тек бұрынғы мәнін жоғалтып, жаңа мағына ала алмағандығын алға тартады (Мұсабаев, 1988). Яғни, жұрнақтар көне түбір сөздердің мағына жағынан әлсіреуі нәтижесінде сөздердің грамматикалық байланысуынан шыққан.

-лық, -лік: Зерттелген хаттарда қолданыс жиілігі жағынан ең көп қолданылған зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақ. Грамматикалық сипаты жағынан өнімді жұрнақтар қатарына жататын бұл жұрнақтар есім сөздерге жалғану

арқылы заттың, құбылыстың бар екендігін білдіретін сын есім жасаумен қатар, құралдың атын білдіретін зат есімдер мен адамның мекен-жайын, тұрағын, шыққан жерін білдіретін нақтылы мағыналы зат есімнен бастап, жинақтық молшылық бір нәрсеге тәнділік, мөлшерлік тәрізді абстракциялы ұғымдарды білдіретін зат есімдер жасау үшін қолданылған (Тіл білімі институты, 1967). Мысалы: *barluq* < *bar-luq* (барлық); *başlıq* < *baş-lıq* (тақырып); *isenligüni* < *isen-lig* (есендік немесе амандық); *atalıg* < *ata-lıg* (аталық) (Kydyrbayeva, 2018).

Бұл жұрнақ Көне түркі тілінде үнемі еріндік-езулік заңдылығына бағынған. Алайда Ескі Анадолы түрік тілінде бұл жұрнақтардың үндестік заңы тысында қалып, түрік тілінің бастапқы кезеңінде жұрнақтың тек еріндік формасы ғана қолданылған. Мысалы: *ben-lik*, *var-lıq*, *yoq-lıq*, *gün-lik* (Ergin, 2013).

-лы, -лі: Жиі қолданылатын бұл жұрнақтар көбіне сын есім сипатындағы сөздер жасауда қолданылған. Кірме сөздерден кейін де қолданылғандығын көруге болады. Мысалы: *açulı* < *aç-u-lı* (ашулы); *iwli* < *iw-lı* (үйлі); *atlı* < *at-lı* (атты); *faydalı* < *fayda-lı* (пайдалы); *hurmetlü* < *hurmet-lü* (құрметті); *bahālı* < *bahā-lı* (бағалы); *‘izzetlü* < *‘izzet-lü* (ізетті). Көне түркі тілінде бұл жұрнақтардың *-lig*, *-lig*, *-luğ*, *-lüg* формасы кездеседі.

Ғ.Мұсабаев, көптеген қазіргі және көне түркі тілдерінде кездесетін *-лы/-лі*, *-лыг/-ліг* жұрнақтары келген жерде қазақ тілінде дауыссыз дыбыстан кейін *-ды/-ді*, *-ты/-ті*, *-дык/-дік*, *-тық/-тік* жұрнақтарының қолданылатындығын қазақ тілінің *л* дыбысын жатырқауынан деп түсіндіреді (Мұсабаев, 1988).

-чы; -чи: Қазіргі қазақ тілінде *-шы, -ші*, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *älçi*, *ämçi*, *hundaçı* (Saferoglu, 2015) сияқты сөздерде қолданылған бұл жұрнақ, есім түбірлі сөздерге жалғану арқылы адамның кәсібін, мамандығын, қабілетін, әлеуметтік күйін білдіретін сөздер жасауда қолданылады (Тіл білімі институты, 1967). Мысалы: *çarqınçı* < *çar-qın-çı* (шапқыншы); *ilçi* < *il-çi* (елші); *yılqıçı* < *yılqı-çı* (жылқышы). Сонымен қатар, араб және парсы негізді сөздерден кейін де қолданылған. Мысалы: *behbūdçılıq* < *behbūd-çı-lıq* (бейбітшілік); *bendeçilik* < *bende-çi-lık* (пендешілік).

-нчы, -нчи: Реттік сан есім жасайтын бұл жұрнақтар қазақ тілінде *-ыншы, -інші* түрінде жұмсалады. Мысалы: *altınçı* < *altı-nçı* (алтыншы); *ikinçi* < *iki-nçı* (екінші); *sekizinçi* < *sekiz – inçi* (сегізінші); *toқuzınçı* < *toқuz-inçı* (тоғызын-

шы). Көне түркі тілінде бұл жұрнақ *-нч* түрінде қолданылған. XII ғасырға дейін жалғасын тапқан реттік сан есімнің бұл формасы кейінгі кезеңдерде сөйлеу әсерінен жазуда *-нчі* бола бастаған. Бұл жұрнақ, Талас ескерткіштерінде *-нч* түрінде бірге көрсетілсе, М.Қашқаридің еңбегінде *-н* және *-ч* деп екі бөлек көрсетілген. Бұл туралы Ғ. Мұсабаевтың еңбегінде салыстырмалы түрде жан-жақты талдау жасалған (Мұсабаев, 1988).

-ау, -еу: Көне түркі тіліндегі *-агу, -егу* жұрнағының өзгерген түрі. Көбіне сан есімдерден кейін келіп, жинақтық сан есім тудырады. Мысалы: *bişew < biş-ew* (бесеу); *ikew < ik-ew* (екеу); *törtew < tört-ew* (төртеу). Қазіргі қазақ тілінде жеті санынан ары қарай *-ау, -еу* жұрнақтары қосылмайды. Татар, башқұрт және түрік тілдерінде *он-ау, он-ар* түріндегі қолданыстарды көруге болады.

-дай, -дей: Ұқсату, салыстырмалы мағынада сын есім тудыратын бұл жұрнақ, хаттарда тек бірнеше жерде кездеседі. Мысалы: *bilturğu-day* (былтырғыдай); *çek-gen-dey* (шеккендей). Сын есім шырайлары көне түркі ескерткіштерінде аналитикалық жолмен берілгендіктен Күлтегін және Тоныкөк жазбаларында *тег* (тегі) түрінде қолданылған. Бұл жұрнаққа қатысты Қ. Жұбанов, *-дай, -дей* және оның түрлерінің XV ғасырдан бері дамығандығын, арғы түбірінің *тег* екендігін көрсете кетіп, оның *тегін* атты лақаптан қысқармағандығы туралы күмән келтіреді (Жұбанов, 1966).

-сыз, -сіз, -сүз: Болымсыздық мағынасында жұмсалатын сөздерде қолданылады. Сонымен қатар, араб тілінен енген сөздерден кейін орын алған. Мысалы: *bizsiz < biz-siz* (бізсіз); *niḥāyet – süz* (шексіз), *ruhśāt-sız* (рұқсатсыз). Көне түркі ескерткіштерінде *-сыз* жұрнағы қолданылғанымен аналитикалық тәсіл басымдау болған. Бұл жұрнақ орта ғасыр әдеби шығармаларында кеңінен қолданыла бастаған. Көне түркі дәуірінен бері қарай мағыналық жағынан дами отырып, қазіргі түркі тілдерінің басым бөлігінде өнімді жұрнақ ретінде жұмсалып келеді.

-рақ: Көптік және шамадан тыс мөлшерді білдіретін жұрнақ ретінде жұмсалған. Мысалы: *artuḡıraḡ < artuḡ- ıraḡ* (артығырақ); *asıḡraḡ < asıḡ-raḡ* (пайдалы).

-чик: Хаттарда сирек қолданылған кішірейтпелі мағыналы зат есім жасайтын жұрнақ. Мысалы: *iwçikde < iw-çik* (үйшік).

-ан: Қалыптасқан көне жұрнақтардан бірі болып қолданылатын бұл жұрнақ, хаттарда тек бір сөзде жұмсалған. Мысалы: *oḡlan < oḡl-an* (ұл). Көне түркі тілінде күшейтпелі, көптік мағынада,

ärän ~ oḡlan ~ örtän (Gabain, 2003) сияқты сөздерде қолданылған.

-ге: Өнімсіз болып табылатын бұл жұрнақ тек бір сөзде кездеседі. Мысалы: *özge < öz-ge* (өзге).

Етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар

Зат есімдер мен етістіктерді бір-бірінен бөліп қарастыру тілдің тарихи даму үдерісінен туындап қалыптасқан. Тілдегі тұрақтылықтың өзі біртіндеп өзгеріске ұшарайды. Әрине зат пен іс-қимыл өзара тығыз байланысты болғандықтан екеуін екі бөлек қарастыруға болмайды. Қазіргі қазақ тілінде етістіктің кейбір түбірлері зат есіммен түбірлес және мағыналас болып келеді. Осыған қарамастан кейбір сөз тудырушы жұрнақтар етістік пен зат есімнің, керісінше зат есім мен етістіктің арасындағы ерекшеліктерді сипаты және сөйлемдегі қызметі жағынан ажыратып, қолдану аясын арттыра түседі.

-к, -к: Ескі өнімді жұрнақ. Түрлі абстракт заттық мағынаны білдіретін және іс-әрекеттен туындаған әртүрлі сөздер тудырады. Мысалы: *açuḡ < aç- u-ḡ* (ашық); *tilek < til-e-k* (тілек); *bozuḡ < boz-u- ḡ* (бұзық); *salıḡ < sal-i-ḡ* (салық). Салыстырыңыз: Көне түркі тілінде *açuḡ* (Кая, 1994), *kılıḡ* (Gabain, 2003), *salıḡ, bozuḡ* (Топарлы, 2003), *tiläk* (Caferoğlu, 1968).

-ғы, -қы, -гү, -кү: Түрлі абстракты заттық ұғымның және іс-әрекеттің атауын білдіретін бұл жұрнақ хаттарда жиі қолданылған. Мысалы: *bilgü < bil-gü* (белгі); *bilgüçi < bil-gü-çi* (білуші); *külkü < kül-kü* (күлкі). Бұл жұрнақтың Көне Түркі тілінде тек *-ḡu, -gü* түрі болған.

Жоғарыдағы көрсетілген *-қ* және *-г* жұрнақтары, М. Қашқаридің еңбегінде аралас қолданылып келген. Оның *-г* ретінде көрсеткен жұрнақтан бұрын немесе кейін айтылатын дауысты дыбыстар анық көрініс тапқан. Солардың ішінде *-гу/-ку, -қ* түрлерін *-г* жұрнағының өзгерісі ретінде көрсеткен.

-ғын, -гун; -қун: Көбіне тек буынды етістіктің түбіріне жалғанып, асырмалы және етістіктің мазмұнына тікелей байланысты іс-әрекеттің атауын жасайды. Мысалы: *azḡun < az-ḡun* (азғын); *çapḡunçı < çap-ḡun-çi* (шапқын); *tutḡun < tut-ḡun* (тұтқын). Ғ. Мұсабаевтың «Ескі қазақ тілі» атты зерттеуінде осы жұрнақтың «қон» көне түбірден түрегенін айтады. Ол М. Қашқаридің еңбегін негізге ала отырып, мысал ретінде *tūrḡын < тұр-қон, тұтḡын < тұт-қон, көшкін < көш-қон* сөздерін бере отырып, бұл сөздердің екі түбірден жасалғандығын және екіншісінің

қон сөзі екендігін айтады. Осылайша, қосарлана қолданылған екінші түбір *қон* сөзі шылауға айналып, уақыт өте келе, мағынасынан ажырап, үндестік заңына бағынуы салдарынан тұлғасын өзгертіп, жұрнаққа айналғандығын көрсеткен (Мұсабаев, 1988).

-ыс; -іш, -уш: Заттық ұғымдардың, мекен және іс қимыл атауын білдіретін жұрнақ ретінде бірнеше жерде кездеседі. Мысалы: *alıś < al-i-ś* (алыс); *bitiŝe- < bit-i-ŝ-e* (беріс); *uruŝ < ur-u-ŝ* (ұрыс). Түркі тілдерінде *-u/-c* дыбыстары ауыса береді және бұл жұрнақтар зат есімге қарағанда көбіне етіс формасына бейім екендігін естен шығармау керек. Бұл жұрнақтың негізгі қасиеті етістікте де, зат есімде де аралас қатыстықты білдіреді.

-у: Өнімді жұрнақ ретінде зат есім, сын есім және қимыл атауларының түрлерін жасайды. Мысалы: *ataw < ata-w* (атау); *itüvge < it-ü-v-ge* (жасау, ету).

Бастапқы кезде *-қу/-ғу, -құ/-ғұ* түрінде қосарланып келген бұл жұрнақ, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне қарай кірігіп, *-у* түріне айналған.

-ғуч: Өнімді жұрнақ ретінде тек бір сөзде кездеседі. Мысалы: *aŝğıuŝ < aŝ-ğıuŝ* (ашқыш). Қазақ тілінде сабақты етістікке жалғанып, құрал-жабдық атауларын білдіреді.

-ч: Көбіне өздік етіс формаларына жалғанып, абстракт ұғымды білдіретін сөздерді жасауда қолданылады. Мысалы: *qorqunıcsız < qorq-u-n-i-ŝ-sız* (қорқынышсыз)

-ға: Бұрыннан бері қолданылып келген, алайда, кейіннен өнімсіз жұрнаққа айналған жұрнақтардың бірі. Мысалы: *tamğalarumız < tam-ğa-lar-u-mız* (таңбаларымыз)

-ім (-ым): Өнімді жұрнақ. Іс-әрекеттің нәтижесін, қимылдың, істің атын, өлшемді білдіретін зат есім тудырады. Мысалы: *ötünim < öt-ü-n-i-m*. Қимыл етістіктерінен есім жасайтын әрі онай, әрі икемді жұрнақ болғандықтан күні бүгінге дейін қолданыстан шыққан емес.

-ы (-і, -у): Етістіктің білдіретін іс-әрекетінің өнімі немесе нәтижесі болып табылатын деректі және дерексіз зат есімдер мен сын есімдер тудыратын жұрнақ. Көне Түркі тіліндегі *-г* жұрнағынан түреген. Мысалы: *yazı < yaz-t; aŝulı < aŝ-u-l*.

-шы (-ші, -чы, -чі): Көбіне іс-әрекетті орындаушыны білдіретін зат есімдер жасау үшін қолданылады. Мысалы: *qılıuŝı < qıl-uŝı, kiñeŝüŝi < kiñeŝ-üŝi*. Көне Түркі тілінде *ölürgüŝi, qınağıuŝı, qolğıuŝı* (Gabain, 2003). Шағатай тілінде *alğıŝı,*

asrağıuŝı, oynağıuŝı (Argunŝah, 2013).

-мақ (-мек): Тұйық етістік жалғауы. Мысалы: *körmek < kör-mek; almaqlıq < al-maq-lıq; aymaq < ay-maq; bolmak < bol-maq*.

Хаттардағы етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды Көне Түркі тіліндегі және орта ғасырдағы жазба ескерткіштердің тілімен салыстыра отырып, зерттеу нәтижесінде, кейбір жұрнақтардың өлі түбірден жасалғандығын, уақыт өте келе тілдің даму үдерісіне сай дыбыстық өзгерістерге ұшыраған жұрнақтардың қолдану аясының тарылып, не болмаса кеңеюін көруге болады.

Зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ

Бұл жұрнақтар көбіне зат есімнің негізгі түбіріне жалғану арқылы етістік жасайтын жұрнақтар. Зат есімнен зат есім жасаушы жұрнақтар арқылы жасалған негіз сөздерден кейін өте сирек кездеседі. Алайда етістік түбірінен зат есім жасалған негіз сөздерден кейін жиі ұшырасады. Дегенімен де негіз сөздер арқылы жасалған етістіктер көбіне өнімсіз жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерді құрайды. Атқаратын қызметіне қарай, түбір сөздің негізгі мағынасына сәйкес, іс-әрекеттің орындалуын, жасалуын білдіретін етістіктер жасайды. Бұл жұрнақтар Әбілқайыр ханның хаттарында да тек төрт-бес жерде ғана ұшырасады.

-а (-у): Зат есімдерден сабақты және салт етістік тудыратын өнімді жұрнақтардан бірі болып табылады. Бұл жұрнақ арқылы жасалатын етістіктер іс-әрекетті және іс-әрекеттің орындалуын білдіреді. Көне Түркі тілінде жиі қолданылатын бұл жұрнақ, кейіннен қолдануы жағынан азайған. Әбілқайырдың хаттарында бір ғана сөзге жалғану арқылы үш жерде кездеседі. Мысалы: *berkütdük < berk+ü-t-dük*. Салыстырыңыз: *KT. öli-, boşu-, münä-* (Gabain, 2003). *Шағ. bayı-, tük-e-, taŝı-* (Arguŝhan, 2013). *Қаз. jelpi-, bayı-, mine-, ota-* (Öner, 2013).

-дА (-тА): Бұрыннан бері қолданылып келе жатқан, еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ ретінде қолданылады. Хаттарда тек бір жерде кездеседі. Мысалы: *quruqtamaysız < qur-uŝ+ta-ma-y-sız*. Көне Түркі тілінде бұл жұрнақтың /d/ және /t/ варианттары да болған. Қазіргі қазақ тілінде де екі вариантын көруге болады. Түрік ғалымы М. Ергин, батыс түркі тілінде тек, *iste-* етістігінде сақталғандығын және қазіргі түрік тілінде тек /d/ вариантының қолданылуын көбіне /l/, /r/ және /y/ сияқты ұяң дауыссыздардан аяқталатын еліктеуіш сөз-

дерден кейін жалғанатындығымен түсіндіреді (Ergin, 2013).

-к: Өнімсіз жұрнақ. Тек қимылдың іске асу мағынасын білдіретін етістіктер жасайды. Мысалы: *birükip* < *bir+ü-k-i-p*; *kiçikse* < *kiç+i-k-se*.

-ла (-ле): Әртүрлі зат есімдерден кейін жалғанып, іс-әрекетті орындау немесе іс-әрекетті білдіретін етістіктер жасайтын өнімді жұрнақтар. Мысалы: *arķala-* < *arķa+la-*; *awla* < *aw+la-*; *izlete-* < *iz+le-t-e*; *ķadurlap-* < *ķadur+lap*. Араб тілі негізді бірнеше сөздерден кейін қолданылғандығы байқалады. Мысалы: *ķurmetlen* – < *ķurmetle-n-*; *vā* ‘*deleķip* < *A. vā* ‘*de+le-ķ-ip*; *ķaberleķip-* < *ķaber+le-ķ-ip*.

Етістіктен етістік жасаушы жұрнақтар

-а: Іс-әрекеттің үнемі жасалуын білдіретін өнімсіз жұрнақ. Мысалы: *tiyer* < *tiye-p*. Салыстырыңыз: *KY. qazı* -, *tıķa* – (Eraslan, 2012). *Шағ. tarķa-*, *tarta-*, *ūrke* (Argunķah, 2013). *Қаз. ōrte-*, *sına-*, *mine-* (Тіл білімі институты, 1976).

-ар (-ер): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *ķaytarar* < *ķayt-ar-ar*; *tapķurayım* < *tap-ķ-ur-a-y-ım*; *ķiķarsun* < *ķiķ-ar-sun*. М. Ергин, бұл жұрнақтың *-ğar*, *-ger* жұрнағымен байланыстырады. Алайда Көне Түркі тілінде де бұл жұрнақтың *-ar*, *-er* түріндегі қолданысы орын алған (Ergin, 2013).

-дыр (-дур, -тур): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *bildürip* < *bil-dür-ip*; *kiltürüp* < *kil-tür-üp*; *inanduramın* < *inan-dur-a-mın*; *tuttursam* < *tuttur-sa-m*. Көне Түркі тілінде *-tur-*, *-tür-*, *-dur-*, *-dür-* түрінде тек еріндік дауыстылармен қатар қолданылған. Бұлардың арасында *-tur-*, *-tür-* бастапқы түрі болып, *-dur-*, *-dür-* формасы кейіннен дауыссыздың ұяндауы әсерінен пайда болған. Көне Анадолы тілінде тек *-dur-*, *-dür-* түрі қолданылған (Ergin, 2013).

-гүр (-күр): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *ceķkürdüñiz* < *ceķ-kür-dü-ñiz*. Салыстырыңыз: *KT. tirgür-*, *azğur-* (Gabain, 2003); *Шағ. yèķkür-*, *yatğur-*, *azğur-*. (Argunķah, 2013). *Қаз. -қыз/-ғыз* формасы қолданылады. Мысалы: *algız-*, *aşķız-*, *bölğiz-* (Öner, 2013). Көне Түркі тілінде жиі қолданылған жұрнақтардың бірі. Батыс түркі тілдерінде жұрнақтың басындағы */-ğ/*, */-g/* дыбыстарының түсіп қалуы өзгелік етіс жасайтын *-ar*, *-er* жұрнағымен үнемі шатастырылады. Алайда Көне Анадолы тілінде бастапқы формасының сақталғанын *ir-gür-* (жеткізу), *tur-gür-* (тоқтату), *dir-gür-* (тірілту) сияқты мысалдардан көруге болады (Ergin, 2013).

-л: Етістіктердің соңына келіп ырықсыз және іс-әрекеттің орындаушысы белгісіз етістіктер жасайтын өнімді жұрнақ. Мысалы: *açıladur* < *aç-i-l-a-dur* (122a/), *yazuldi* < *yaz-u-l-du*, *birildi* < *bir-i-l-di*. Бұл жұрнаққа қатысты М. Ергин былай дейді: «Көне Түркі тілінде жұрнақтың тек *-l* формасының қолданылғандығы анық байқалады.... Алайда Көне Анадолы тілінде бұл жұрнақтың алдындағы дауысты дыбысты да өзіне қосып алғандығын көреміз. Көне Анадолы дәуірінен кейінгі кезеңдерде дауыстылармен аяқталған етістіктерден соң қолданылмайтындығы және қазірге дейін дауыссыздардан аяқталған етістіктерге жалғанып келгендіктен өзінен бұрын келген дауысты дыбыстың жұрнақтың құрамында болғандығын немесе көмекші дыбыс екендігін ажырату қиын. Алайда бұл дауысты дыбыстардың жұрнақтың құрамында емес, тек көмекші дыбыс ретінде ғана жұмсалғандығын дұрыс деп қарау керек...» дейді (Ergin, 2013).

-ме: Етістікке болымсыздық мағынасын беретін өнімді жұрнақ. Хаттарда жиі кездесетін жұрнақтардың бірі. Мысалы: *ōpkelemesünler* < *ōpke-le-me-sün-ler*. Сөз жасаушы жұрнақ ретінде етістіктің түбіріне және туынды етістіктерге тікелей жалғанып, арасына ешқандай қосымша немесе көмекші дыбыстар жалғана алмайды. Сонымен қатар, *-ma*, *-me* жұрнақтарынан кейін, етістіктен етістік жасаушы жұрнақтар жалғанбайды. Тек етістіктен зат есім жасаушы жұрнақтары, септік және жіктік жалғаулары жалғанады.

-н: Өздік етіс жасайтын өнімді жұрнақ. Мысалы: *ötünemiz* < *öt-ü-n-e-miz*, *sivindim* < *siv-i-n-dim*, *ķatınaķıp* < *ķat-i-n-a-ķ-ip*, *atlan-* < *atla-n-*. Салыстырыңыз: *KT. alın-*, *bilin-*, *ķılın-* (Gabain, 2003). *Шағ. bulğan-*, *oķın-*, *sesgen-* (Argunķah, 2013). *Қаз. attan-*, *oılan-*, *kiyin-* (Öner, 2013).

-са, -се: Бір нәрсені қалау және етістіктің мағынасын күшейтетін өнімсіз жұрнақ. Мысалы: *ķörsettım* < *ķör-se-t-ti-m*; *ķörsetmekligi* < *ķör-se-t-mek-lig-i*. Осы жұрнақтың тарихи түркі тілдеріндегі қолдану түрін төмендегідей көрсетуге болады. Мысалы: *KT. < -g+sa- bargısa-*, *öpügsä-*, *ķörgsä-* (Gabain, 2003). *Шағ. ķörse-*, *umsa*, *yapsa-* (Argunķah, 2013). *Қаз. ķöķse-*, *ökse-*, *ķawsa-* (Тіл білімі институты, 1976).

-ш: Ортақ етіс жасайтын жұрнақ. Мысалы: *erişken* < *er-i-ş-ken*, *oılaşıpdur* < *oy-la-ş-ip-dur*, *ķörüşe* < *ķör-üş-ē*, *alıрмаққа* < *al-ı-ş-maķ-ķa*.

т: Өзгелік етіс жасайтын жұрнақ. Мысалы: *izlete* < *iz-le-t-e*, *uķşatıp* < *uķş-a-t-ip*, *berkütdük* < *berk-ü-t-dük*, *ķörsetmekligi* < *ķör-se-t-mek-lig-i*.

Жоғарыдағы хаттарда кездескен жұрнақтардың қазіргі қазақ тілінде фонетикалық ерек-

шеліктеріне қарай бірнеше варианттары бар. Алайда тарихи дамуы, өзгеруі және қайта қалыптасуы барлық түркі тілдеріне ортақ заңдылыққа бағынады. Кейбір өзінен кейін жұрнақ алған түбір сөздер жеке тұрып, белгілі мағынаға ие бола алады. Ал осылардың арасында кейбіреулері керісінше жеке қолданыстан шығып, бұрынғы мәнін жоғалтып жаңа мәнге ие бола алмаған өлі түбірге айналған. М. Қашқаридің туынды түбірлерді етістік түбірден жасалатын зат есімдерге /a/, /t/, /s/, /ğ/, /k/, /g/, /l/, /m/, /n/, /y/ дыбыстарынан біреуінің қосылуы арқылы анықтағандығын айтады. Дәл түбір сөздер сияқты өлі жұрнактарды да түбір сөздерден ажырату қиын. Сөз тудырушы жұрнактар: басқа сөздердің шылауына ере жүре мағынасын жоғалтқан түбір сөздер және қос сөздердің бір сыңары мағынасын жоғалтып түрленген сөздер арқылы жасалған (Мұсабаев, 1988). Кейде түбір сөздің өзі де жалғауға айналған.

Қорытынды

Қорытындылай келе, хандық дәуірде мемлекет аралық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында жазылған ресми хаттардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы тарихи қазақ тілінің дамуы мен қазіргі қазақ тілі арасындағы сабақтастықты көрсете аламыз. Осы тұрғы-

дан алып қарағанда тақырыпқа арқау болған Әбілқайыр ханның хаттарында қолданылған сөз жасаушы жұрнактарды қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде алынған ресми хаттардағы сөз жасаушы жұрнактарды тарихи түркі тілдерімен салыстыра зерттеу барысында төмендегідей тілдік ерекшеліктерді байқауға болады:

– кейбір кезде үндестік заңына бағынбайтын жұрнактар орын алған;

– кейбір жұрнактардың қазіргі қазақ тіліндегі тек бір вариантының қолданылғандығы байқалады;

– қыпшақ тіліне тән емес, кейбір фонетикалық заңдылықтарға бағынбайтын жұрнактар да кездеседі.

Аталған зерттеу жұмысы нәтижесінде Әбілқайыр ханның ресми хаттары, тілдік сипаты бойынша қыпшақ тіліне қарағанда шағатай тілінің құрылымдық ерекшеліктерінің басымдау екендігі байқалады. Алайда кейбір жұрнактардың қазіргі қазақ тілінде өзгеріссіз сол күйінде қолданыста болғандығы да жиі кездеседі. Дегенімен ресми хаттарды зерттеу барысында үнемі хаттың жазылу тарихы мен автордың тұлғалық ерекшеліктеріне мән бере отырып, әр-түрлі салалық зерттеу жұмыстарында оларға аса назар аудару қажеттігін ұмытпауымыз тиіс.

Әдебиеттер

- Argunshah, M., (2013). Çağatay Türkçesi. – Eskişehir: «Yeni Türkiye Yayınları». 107-114 б.
- Ергин, М. (2013). Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: «Bayrak Yayınları». – 157-214 б.
- Мұсабаев, Ғ. (1988). Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: «Мектеп» баспасы. – 89-108 б.
- Жұбанов, Х. (1966). Исследования по казахскому языку. – Алма-Ата: «Ғылым» баспасы. – 65 б.
- Кауа, С. (1994). Uygurca Altın Yaruk, Ankara: «Türk Dil Kurumu Yayınları 607». – 358 б.
- Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл білімі институты. (1967). Қазақ тілінің грамматикасы, 1-том. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. – 46, 146-149 б.
- Kydyrbayeva, U.; Uğurlu, M. (2018). Kazak Hanlarının Resmî Yazışmaları Üzerine Yapılan Çalışmalar // Sosyal Bilimler Dergisi – The Journal of Social Science. – No: 25 – 609-619 б.
- Kydyrbayeva, U. (2018). Kazak Hanı Ebü'l-Hayr Han'ın (1680 – 1748) Resmi Mektupları Üzerine Bir Dil İncelemesi // Doktora Tezi: Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi
- Toparlı, R. (2007). Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: «Türk Dil Kurumu Yayınları». – 35, 225 б.
- Тектигул Ж.О., (2013), Эволюция общетюркских аффиксов в казахском языке (монография). Научная электронная библиотека <https://www.monographies.ru/ru/book/view?id=213> [қаралған күні: 05.07.2019]. – 3 б.
- Caferoğlu, A. (1968). Eski Uygur Türkçe Sözlüğü. İstanbul: «Edebiyat Fakültesi Basımevi». – 70-83; 239 б.
- Von Gabain, A. (1988). Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: «Tarih Kurumu Basım Evi». – 44-59; 280 б.
- Öner, M. (2013). Bugünkü Kıpçak Türkçesi. – Ankara: «TDK». – 59-102 б.
- Eraslan, K. (2012). Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara: «TDK» – 108 б.

References

- Argunshah, M., (2013). Chagatay Turkish. – Eskişehir: “New Turkish Publications”. 107-114
- Ergin, M. (2013). Turkish Language Information. – İstanbul: “Flag Publications”. – p. 157-214

- Musabayev, G. (1988). From the history of the Kazakh language. Almaty: Publishing House "School". – p. 89-108
- Zhubanov, X. (1966). Kazakh language studies. Almaty: "Science" publishing house. – p. 65
- Kaya, C. (1994). Uyurca Altın Yaruk, Ankara: "Turkish Language Association Publications 607". – p. 358
- Institute of Linguistics of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. (1967). Kazakh Grammar, Volume 1, Almaty: Publishing House "Science" of Kazakh SSR. – p. 46, 146-149
- Kydyrbayeva, U.; Ugurlu, M. (2018). Studies on Official Correspondence of Kazakh Rugs // Journal of Social Sciences – The Journal of Social Science. – No: 25 – p. 609-619
- Kydyrbayeva, U. (2018). A Language Study on the Official Letters of Kazak Khan Ebü'l-Ḥayr Khan (1680 – 1748) // PhD Thesis: Muğla Sıtkı Koçman University
- Toparly, R. (2007). Kipchak Turkish Dictionary, Ankara: "Turkish Language Association Publications". – p. 35, 225
- Tektigul J.O., (2013), Evolution of Commonwealth Laws in Kazakh Language (Monograph), Electronic Science Library <https://www.monographies.com/ru/book/view?id=213> [Date: 05.07.2019] . – p. 3
- Caferoglu, A. (1968). Old Uyghur Turkish Dictionary. Istanbul: "Faculty of Literature Printing House". – p. 70-83; 239
- Von Gabain, A. (1988). Old Turkish Grammar. Ankara: "Publishing House Publishing House" – p. 44-59; 280
- Öner, M. (2013). Today's Kipchak Turkish. Ankara: "TDK" – p. 59-102
- Eraslan, K. (2012). Old Uighur Turkish Grameri. Ankara: "TDK" – p. 108

FTAMP 16.41.39

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o19>**Ниномия Т.¹, Боранкулова С.²**¹профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com²аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: borankulovasamal@gmail.com**АРАБ ТІЛІНДЕГІ ПРЕДЛОГ ПЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК
КАТЕГОРИЯЛАРЫ: КОНТРАСТИВТІ ТАЛДАУ**

Қазақ және араб тілдерін салыстырмалы зерттеуде фонетика, фонология, синтаксис, семантика және прагматика жағынан қарастырады. Бұл мақалада араб тілінің предлогтері мен қазақ тілінің септіктеріне салғастырмалы талдау жасалды. Нәтижесінде тұрақты сәйкестіктер (мысалы, Arb. 'ilaa / Kaz. О3; Arb. fii / Kaz. О5; Arb. min / Kaz. О6) мен тұрақсыз сәйкестіктер анықталды ((1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. О4; (2) Arb. accusative case / Kaz. О3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. О3, О4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. О4, атау септік + үшін; (5) Arb. fii / Kaz. О3, О4, О6, атау септік + үшін, атау септік + туралы). Араб тіліндегі fii – қазақ тіліндегі сәйкестігі ең күрделі предлог ретінде танылды (мысалы, šakka fii A: A(О3) күмәндану; istamarra fii A : A (О4) жалғастыру; 'axṭa'a fii A: A (О6) қате жіберу; jaahada fii A : A (1) үшін күресу; jaadala fii A : A (1) туралы өзара айтысу). Мақала авторлары ұсынып отырған күрделі шаблондар қазақ тілділерге арабша үйренуде көмектеседі.

Түйін сөздер: араб тілі, қазақ тілі, септіктер, предлог.

Ninomiya T.¹, Borankulova S.²¹Invited professor, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com²Senior lecturer, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: borankulovasamal@gmail.com**The categories of Arabic preposition and Kazakh case: A Contrastive analysis**

This study is based on preliminary contrastive analysis of the Arabic prepositions and cases of the Kazakh language. The purpose is to find out the similarities and differences between two languages. We found not only the regular correspondents (e.g., Arb. 'ilaa / Kaz. О3; Arb. fii / Kaz. О5; Arb. min / Kaz. О6), but also the following irregular correspondents: (1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. О4; (2) Arb. accusative case / Kaz. О3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. О3, О4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. О4, for + the name of the case; (5) Arb. fii / Kaz. О3, О4, О6, for + the name of the case, about + the name of the case. The preposition fii of Arabic showed the most complicated correspondent in the Kazakh language (e.g., šakka fii A: A(О3) doubt; istamarra fii A : A (О4) continue; 'axṭa'a fii A: A (О6) make mistakes; jaahada fii A : A (1) fight for; jaadala fii A : A (1) argue about). These complex patterns are a useful list for the Kazakh learners of Arabic. The previous studies have not shown many and detailed correspondences in this field.

Key words: Arabic, Kazakh, case markers, preposition.

Ниномия Т.¹, Боранкулова С.²

¹профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com

²старший преподаватель, Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: borankulovasamal@gmail.com

Категории предлога в арабском языке и падежа в казахском языке: контрастивный анализ

В качестве сравнительного изучения казахского и арабского языков существуют различные области науки, такие как фонетика, фонология, синтаксис, семантика, прагматика. Данная статья основана на предварительном контрастивном анализе арабских предлогов и падежей казахского языка. В результате исследования были выявлены регулярные соответствия (например, Arb. 'ilaa / Kaz. O3; Arb. fii / Kaz. O5; Arb. min / Kaz. O6) и нерегулярные соответствия ((1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. O4; (2) Arb. accusative case / Kaz. O3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. O3, O4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. O4, именительный падеж + для; (5) Arb. fii / Kaz. O3, O4, O6, именительный падеж + для, именительный падеж + о). Предлог fii арабского языка имеет самый сложный вид соответствия в казахском языке (например, šakka fii A: A(O3) сомневаться о; istamarra fii A : A (O4) продолжать; 'aḥṭ'a fii A: A (O6) делать ошибки; jaahada fii A : A (1) бороться за что-то; jaadala fii A : A (1) спорить между собой). Сложные шаблоны, предложенные авторами, будут полезны для носителей казахского языка в изучении арабского.

Ключевые слова: арабский язык, казахский язык, падежи, предлог.

Кіріспе

Ұсынылып отырған мақалада тілді оқыту тәжірибемізге сүйене отырып, араб тіліндегі предлогтер мен қазақ тіліндегі септік жалғаулары салғастырмалы түрде қарастырылады. Араб тілінде үш септік бар: атау септік *-in*, ілік септік *-in*, табыс септік *-an*. Араб тілінде етістік және зат есімді грамматикалық тұрғыдан байланыстыруда предлогтер (мысалы, 'ilaa, 'alaa, 'an) маңызды рөл атқарады. Ал, қазақ тілінде дәл осындай функцияны септік жалғаулары атқарады: 1 (атау септік), O2 (ілік септік), O3 (барыс септік), O4 (табыс септік), O5 (жатыс септік), O6 (шығыс септік), O7 (көмектес септік) және септеулік (мысалы, O2 арқасында, O3 қарағанда) орны маңызды. Мақаланың мақсаты – араб тілінің предлогтері мен қазақ тілінің септік жалғауларының семантикасын салыстыру арқылы, олардың арасындағы ерекшеліктерді, яғни сәйкессіздіктерді анықтау. Осы арқылы араб тіліндегі «предлог+етістік» комбинациясының қазақ тілділердің меңгеруіне қиын соғатын тұстарын нақты белгілеп көрсету болмақ. Осы арқылы тілді оқытуда ерекше назар аудару қажет тұстар ұсынылады.

Қолданбалы лингвистикада шетел тілін үйретуге қатысты зерттеулердің бастамасы ретінде Ладонь (Lado) «Contrastive analysis» деген еңбегін атауға болады [8]. Осы зерттеудегі көзқарасқа негізделіп, келесі зерттеу шығады: Stockwell and Bowen (1965); Stockwell, Bowen and Martin (1965); Lee (1968) ([9], [13], [14]). Lado-ның пікі-

рінше, тілді үйренуші шет тілін меңгеруде оның жеңіл жақтарын да, қиындықтарын да аңғарады: шет тілінің ана тіліне ұқсайтын элементтері оған жеңіл тисе, оның ана тілінен өзгеше элементтері оған қиын соғады [8: p.2]. «Contrastive analysis» еңбегінің маңыздылығы сонда, ол екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тіл үйренушіге көрсету маңызды деп санайды. Себебі шет тілін үйренуші тілдік ерекшеліктерді түсінсе, қиын элементке алдын ала назар аудара алады. Тілді оқыту тәжірибеміз көрсеткендей, қазақтарға жапон тілінің морфологиясын, көмекші етістіктерін игеру қиындық туғызбайды, өйткені екі тілдің грамматикалық жүйесінде де олар бар және ұқсас. Алайда қазақтарға жапон тілінің екпінін (акцент) меңгеру қиын. Себебі қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі, ал жапон тілінде екпін өзгермелі, сөздердің мағынасы екпін ауысуына сай өзгеріп отырады (мысалы, жапонша *ámé* «жаңбыр», ал *amé* «қатты кәмпит» дегенді білдіреді). Жапон тілінде екпін тұрақсыз, сондықтан қазақтарға бұл құбылысты меңгеру оңай емес.
